

«ХІЛБІ ГҮЛГЕ АДІАР»



**СӨЗ
ӨНЕРІНДІЦ
ЗЕРГЕРІ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛДІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА**

“Ұлы тұлғалар” ғылыми-ғұмырнамалық серия

СӨЗ ӨНЕРІНІҢ ЗЕРГЕРІ

(Дін танушы, библиограф, сөз өнерінің зергері, ақын,
публицист, этнограф, фольклорист,
ағартушы – Мәшүүр Жұсіп Көпеевке арналады)

**АЛМАТЫ
2008**

ББК 91.9 : 83

С – 73

С 73 Сөз өнерінің зергері, ақын, публицист, этнограф, фольклорист, ағартушы Мәшүүр Жұсіп Көпеевке арналады. /Құраст.: Қосаева Н.Қ., Құзембаева В. Ред. алқасы: Әбуғалиева К.К. (жауапты ред.), ред.: Нұрғожина Ж.М., Ақашева С.С., Әбенова Л.Д., Бравач О.П.(техн. ред.). – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2008. – 314 б. [“Ұлы тұлғалар” атты ғылыми-ғұмырнамалық серия].

ISBN 978-601-203-006-8

ББК 91 .9 : 83

Оқырман қауымға жол тартқан бұл еңбек сөз өнерінің зергері, этнограф, фольклорист библиограф өз заманында (XIX-XX ғғ.) ел арасында кең тараған ауыз әдебиетінің інжу-маржандарын жинап, қағазға түсіріп отырған М.Көпеевке арналады. Кітапта М.Көпеевтің өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері, шығармашылығы туралы зерттеулер мен естеліктер, еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші, еңбектері берілген.

Бұл еңбек ғалымдарға, ғылыми қызметкерлер мен аспирантарға және студенттер мен оқушыларға арналған .

ББК 91.9 : 83.3.

ISBN 978-601-203- 006-8

© Орталық ғылыми кітапхана, 2008

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН !

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасы “Ұлы тұлғалар” деген арнайы ғылыми-ғұмырнамалық серия ашқаны белгілі. Осы серия негізінде “Ұлттың ұлы ұстазы” атты жинақ Ахмет Байтұрсыновқа, “Дәуірдің жарық жүлдізы” тарихшы-инженер Мұхамеджан Тынышбаевқа, “Ұлттық поэзия падишасы” ақын Мағжан Жұмабаевқа, “Елім деп соққан ұлы жүрек” Міржақып Дулатовқа, т.б. ғасыр басындағы қазақ зиялы қауымына арналған жинақтар шығара бастады. Ондағы мақсат – халқымыздың ұлт зиялышарын, елеусіз қалған есіл ерлерімізді қалың көпшілікке таныстыру.

Қазақ халқының рухани бастау көзі оның бай фольклоры екені белгілі. Қазақ фольклорын жинауда, зерттеуде де кенжелег қолға алынғандықтан, бұл салада әлі де істелетін, атқарылатын жұмыстар аз емес. Соның бір көрінісі – көлемі 15-20 томдай Мәжүр Жұсіп Көпейұлы жинаған қазақ фольклорының бай мұрасы деп айта аламыз. Кезінде әдеби мұраларды зерттеуге арналған ғылыми теориялық конференция шешімінде де Мәжүр Жұсіптің халық ауыз әдебиеті үлгілерін көп жинаған ірі фольклорист ретінде бағаланғаны белгілі. Мәжүр Жұсіп Көпеевтен қалған мұра ішінде әлеумет мәселесіне арналған неше алуан шығармалар, ұзак оқиғалы хикаялар, айтыстар, шежірлер, тарихи материалдар, фольклор үлгілері бар. Бұларға қоса ақынның араб, парсы, шағатай тіліндегі көшірмелерін есепке алсак, одан қалған мұра – 30 томдай болады екен.

Данышпан халқымыз аса талантты ақындарды мол берген. Қазан төңкерісіне дейін қаншама ұлы адамдарымыздың өлең-жырлары, дастандары, әзіл-сықақ, күлдіргі әңгімелері хатқа түспеді, бізге жетпеді. Ал (арабша) оқыған ақындарға әртүрлі айыпп тағылып, олардың шығармаларын жүрттап аулак ұсташа, тіпті оқытпауға тырысты. Кезінде сондай тыйым салынған

тұлғалардың бірі – Мәшүүр Жұсіп Көпееев. Келесі жинақ Мәшүүр Жұсіп Көпеевтің өмірі мен шығармашылығына арналады. Қайталанбас тұлғаның бұған дейін айтылмай келген өмір белестерінің белгісіз беттері енді ашылып, талай жылдар бойы тыйым салынып келген сүбелі шығармаларын қайта тануға бет бұрылды.

Қазақтың белгілі ақыны, фольклоршысы, тарихшысы М.Ж. Көпеевтің өзінің артына мол мұра қалдырып кетті. Сол себептен оқырман қауымға ақынның шығармаларын топтастырып, таныстыру, жеткізу мақсат етілді.

Жинақтың бірінші бөлімі М.Ж.Көпеевтің шығармаларына арналады. Онда “Қазақтың шежіресі”, “Түркістан, Ташкент сапары хикаясы”, “Жер мен көк”, “Қыз бен жігіт”, “Нақыл өлеңдері” сияқты шығармалары енді.

Екінші бөлімде М.Ж. Көпееев туралы ғалымдарымыздың, зерттеушілеріміздің мақалалары енгізілді. Ә. Коңыратбаев, С. Дәуітұлы, С.Сұтжанов, Т. Коңыратбай, С.С. Ақашева, А. Тұрышев сияқты ғалымдарымыз Мәшүүр Көпеевтің өмірі мен қызметіне, шығармашылығына, қазақ әдебиетіне қосқан үлесіне жан-жақты талдау жасаған. Сонымен қатар Мәшүүр Жұсіп Көпеевтің өз ұрпақтарының да зерттеулері енгізілді.

Үшінші бөлім “Мәшүүр Жұсіп тағылымы” деп аталады. Бұл бөлімде Мәшүүрді зерттеушілердің жасалып жатқан жұмыстары жан-жақты баяндалады. Атап айтқанда: Мәшүүр Жұсіп Көпеевтің көп томдығын шығаруда жасалып жатқан іс-шаралар, ақынның мұрасына арналып өткізілген дөңгелек үстел пікір сайысы туралы, Мәшүүр Жұсіп оқулары туралы мәліметтер берілген.

Төртінші бөлім “Қосымшалар” деп аталады. Мұнда оқырман М.Ж.Көпеевтің өмірі мен еңбектері туралы мол библиографиялық деректерді пайдалана алады.

Қазан төңкерісіне дейінгі ақындардың ішінде шоқтығы биік жарқыраған жұлдыздардың бірегейі – Мәшүүр Жұсіп Көпееев.

“Дала уалаяты газетіне” мақала, хат-хабарлары жиі жариялана жүріп, Мәшүүр Жұсіп атанады. Ол 15 жасына

дейін Хамеретдин хазіреттің медресесінде білім алады, одан соң 1872 жылы Солтүстік және Орталық Қазақстанның ауыз әдебиетін жинақтаумен шұғылданады. Бүкіл Қазақстанға мәлім Қараөткел, Атбасар, Қызылжар сияқты өнірлерде болған ол жергілікті тұрғындардың өміртұрмысымен, фольклорымен етene танысады. Сол кездің өзінде-ақ ол өзін өмірден көрген-білгенін мықты бейнелей алатын ақын ретінде таныта бастайды.

Мәшүр Жұсіп 1917 жылы Қазан қаласында “Халахуал”, “Сарыарқаның кімдікі екендігі”, “Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз” атты кітаптарын шығарды. Қазақ ауыз әдебиеті мен Шығыс әдебиеті үлгісінде “Гұлшат – Шеризат”, “Шайтанның саудасы”, “Фибратнама”, “Баяннама” т.б. қисса-дастандар жазды.


“Ер Тарғын”, “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” сияқты халық жырлары мен Шығыстың қисса - дастандарын жатқа айтып, шығыстың классик әдебиетімен жете танысқан. “Көроғлы”, “Ер Көкше”, “Сайын батыр” жыр дастандары мен Бұқар жырау, Шортанбай, Орынбай, Шөже, Жанак, Сакау секілді ақын- жыраулардың әдеби асыл мұраларын хатқа түсірген. “Сарыарқаның кімдікі екендігі” атты шығармасында қазақ халқын өнер-білімге баулу, елде мектеп, медреселер ашу, жер тағдыры т.б. өзекті мәселелерді көтерді. Ақынның қай туындысы болсын, тақырыбы жағынан қоғамдық өмірдің көкейкесті мәселелерін қамтыды. Мәшүр Жұсіп өзінің ақындық қасиетін де Тәңір сыйлаған өнер деп түсінеді.

Қайталанбас тұлғаның бұған дейін айтылмай келген өмір белестерінің белгісіз беттері енді ашылып, талай жылдар бойы тыйым салынып келген сүбелі шығармаларын қайта тануға бет бұрылды. Екі ғасырдың жүгін бірдей көтерген ақыл-ой, өнер саласындағы альштардың қатарында Мәшүр Жұсіп Көпейұлы да бар. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысында ел аузынан халық ауыз әдебиетінің сөз маржанын теріп, оны насиҳаттап, елді сауаттандыру жұмысымен де айналысты. Енді қазір заман түзеліп, өз қолымыз аузымызға жетіп, егемен ел болып, арыстар

ақталып, елім деп еңіреген ерлерді еске алған, құрметтеп ас беріп, мұражайлар ашып жатырмыз. Мәшүүр Жүсіп Көпееев әлі өзінің лайықты бағасын алған жоқ, оның мол мұрасын жан-жакты зерттеп, көпшілік оқырман қауымға таныстыру – алда тұрған негізгі міндеп. Бұл еңбек ғалымдарға, ғылыми қызметкерлер мен аспиранттарға, студенттер мен окушыларға арналған.

Жинақ әдебиет тарихын зерттеушілерге, мұғалімдерге, аспиранттарға, студенттерге, мектептің жоғары сынып окушыларына арналған.

Орталық ғылыми кітапхана



**МӘШЬҮР-ЖҰСІП КӨПЕЕВТІН
ҒҰМЫРНАМАСЫНАН**

*Мен келдім музейіңе жолым түсін,
Егілдім рухыңды сүйіп-құшып.
Өмірдің жолдарында жар бола гөр,
Қазақтың пайғамбary Мәшіур Жусіп*

Faғу ҚАЙЫРБЕКОВ

МӘШҮР-ЖҰСІП КӨПЕЕВТІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

1858 ж. – М. Ж. Көпев Павлодар облысы Баянауыл ауданының Қызылтау елді мекенінде дүниеге келеді.

1870 ж. – Хамеретдин хазіреттің медресесінде, одан кейін Бұхара діни жоғары оку орнында оқыды.

1872 ж. – Мәшүр Жұсіп Бұхарадағы діни медреседе оқыды, сөйтіп сол кезде жоғары деп саналатын мұсылмандық білімі болды.

1875 жылдан бастап біраз уақыт оқытушы болды.

1880–1885 жж. – ел аузынан, қағаз жүзінен жинаған үлгілі сөздерінің біразын Омбы қаласынан шығатын “Дала уалаяты газетінде” бастырады.

1887– 1890 жж. – Орта Азияны аралап, Самарқан, Ташкент, Түркістан, Бұхара т.б. қалаларда болды.

1888 ж. бастап жас ақынның өлеңдері мен мақалалары қазақ тіліндегі тұңғыш баспасөз үні “Дала уалаяты газетінде” жиі жарияланады.

1905 ж. 9 қантарда болған оқиғаға арнап ақын “Қанды жексенбі ”деген өлең жазады. “Айқап” журналында жарияланғалы тұрған тұста жергілікті өкімет органдары бүл туралы біліп қойып, өлеңді басуға тыйым салады.

1907 ж. – Мәшүр-Жұсіптің үш кітабы: “Сарыарқаның кімдікі екендігі”, “Хал-ахуал”, “Тіршілікте көрген бір тамашамыз” атты туындылары Қазан қаласындағы Хұсайыновтар баспаханасынан жарық көреді.

1913 ж. – “Айқап” журналына М.Ж. Көпев бірнеше мақала жазады.

1917 ж. – Қазандағы Хұсайыновтар баспаханасынан өлең кітаптары, қара сөзбен жазылған еңбектері жарық көріп тұрды.

1931 ж. – 73 жасында қайтыс болады, сүйегі Баянауыл ауданынан 80 шақырым жерге қойылған.

ОСНОВНЫЕ ДАТЫ И ЖИЗНИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ М.Ж. КОПЕЕВА

1858 г. – М.Ж. Копеев родился в селе Кзылту, М.Ж. Копеев в Баянаульском районе Павлодарской области.

1870 г. – обучался в медресе хазрета Хамеретдина, после чего поступил в Бухарский медресе.

1872 – поступил в медресе Кокельдаш Бухаре и получил по его окончании высшее по тем временам мусульманское духовное образование

1875 г. – работает учителем в ауле.

1880-1885 гг. – Собранные путем личной записи некоторых образцов казахской устнолитературной творчества издает в газете “Дала уалаятының газеті” выпускающие в г. Омске.

1887-1890 гг. – был в Самарканде, Бухаре, Ташкенте, Туркестане с целью знакомства с жизнью, культурой, бытом народов Средней Азии.

1888 г. – стихи и статьи молодого поэта часто печатаются в “Киргизской степной газете” – “Дала уалаятының газеті”, первая газета на казахском языке которая выпускалась в г. Омске.

1905 г. – Он пишет стихотворение „Крововое воскресенье”, посвященное событию 9 января 1905 года в Петербурге. Стихотворение готовилась к печати в журнале “Айқап”.

Однако, узнав об этом, местные власти накладывают запрет на стихотворение.

1907 г. – в издательстве Хусаиновых в Казани вышли поэтические сборники “Опыт, накопленный жизнью”, “Положение”, и книга прозы “Кому принадлежит Сарыарка”

1913 г. – “Айқап” периодически печатались его статьи, очерки, информации.

1917 г. – в издательстве Хусаиновых в г. Казани издавались поэтические сборники и книги в прозах.

1931 г. – скончался в возрасте 73 лет, похоронен в 80-ти км от Баянаульского района.

МӘШҮР ЖҰСІП КӨПЕЕВ (1858 – 1931жж.)

Көрнекті қазақ ақыны, публицист, этнограф және ағартушы Мәшүр Жұсіп Көпеев қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданындағы Қызылтау елді мекенінде дүниеге келген.

“Дала уалаяты газетіне” мақала, хат-хабарлары жиі жариялана жүріп, Мәшүр Жұсіп атанады. Ол 15 жасына дейін Хамеретдин хазіреттің медресесінде білім алды, одан соң 1872 жылы Солтүстік және Орталық Қазақстанның ауыз әдебиетін жинаумен шүғылданады. Бүкіл Қазақстанға мәлім Қараөткел, Атбасар, Қызылжар сияқты өнірлерде болған ол жергілікті тұрғындардың өмір-тұрмысымен, фольклорымен етene танысады. Сол кездің өзінде-ақ ол өзін өмірден көрген-білгенін мықты бейнелей алатын ақын ретінде таныта бастайды.

1872 жылы Мәшүр Жұсіп Бұхарадағы Көгілташ жоғары діни медреседе оқыды, сөйтіп, сол кезде жоғары деп саналатын мұсылмандық білімі болды. Медресені тәмамдаған соң, бірнеше жыл туған өлкесінде мұғалімдік қызмет атқарады. 1887–1890 жылдары білімін тереңдете түспек мақсатпен, Мәшүр Жұсіп Орта Азияны аралап, Түркістан, Ташкент, Самарқан, Бұхара сияқты қалаларда болды. Осы жылдары ол белгілі оқымыстылармен, ақындармен кездеседі, түрколог-академик В.В. Радловпен танысады.

Мәшүр Жұсіп 1917 жылы Қазан қаласында “Хал-ахуал”, “Сарыарқаның кімдікі екендігі”, “Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз” атты кітаптарын шығарады. Қазақ ауыз әдебиеті мен Шығыс әдебиеті үлгісінде “Гүлшат – Шеризат”, “Шайтанның саудасы”, “Ғибратнама”, “Баяннама” т.б. қисса-дастандар жазды.

Мәшүр Жұсіп Көпеев тек Қазақстандаға емес, өзге елдерде де болып жатқан оқиғаларға сергек көнілмен қараған. Оған 1905 жылғы бірінші орыс революциясы орасан әсер етеді. 1905 жылғы 9 қаңтарда болған оқиғаға арналған ақын “Қанды жексенбі” деген өлең жазады. “Айқап” журналында жарияланғалы тұрған тұста жергілікті өкімет органдары бұл туралы біліп қойып, өлеңді басуға тыйым салады және авторды іздестіре бастайды. М. Көпеев бұл тұста білім алуды жалғастырамын деген желеумен Ташкентке кеткен болатын. Орта Азиядағы сапарынан оралған соң да ақын туған өлкесінде

ұзак тұрақтай алмайды. Тұтқындалу қаупі төнгенін сезген ол туып-өскен жерінен жырақтап, Еділ мен Жайық арасындағы қазақ ауылдары мен орыс тұрғындары арасында тұрақтайды.

Ақын туған өлкесіне тек 1915 жылы ғана оралады.

Ол өлең жазумен қатар, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастырумен де айналысты. Шежірелер мен айтыстарды, көптеген тарихи жырларды хатқа түсіріп, кейінгі ұрпаққа аманаттады. Сонымен бірге, ол саналы ғұмырын қазақ халқының сауатын ашуға жұмсады десек те болады.

МАШХУР ЖУСУП КОПЕЕВ (1858 – 1931 гг.)

Видный казахский поэт и публицист, этнограф и просветитель Машхур Жусуп Копеев родился в 1858 г. на территории волости Кызылтау, нынешнего Баянаульского района Павлодарской области. Подлинное его имя – Жусуп. Народ прозвал его Машхур (“знаменитый”) за публикации, которые были широко известны в его родных краях.

До 15 лет Жусуп обучался в медресе хазрета Камара, после чего в 1872 г. он едет в другие районы Северного и Центрального Казахстана, чтобы собирать произведения устного народного творчества. Он посетил известные всему Казахстану места: Караганда, Атбасар, Кызылжар, ознакомился с жизнью, бытом и фольклором родов и племен, населявших эти края. Уже тогда он показал себя вдумчивым и наблюдательным поэтом, умеющим точно охарактеризовать и передать увиденные события и явления жизни.

В 1872 г. Машхур Жусуп поступил в медресе Кокельдаш в Бухаре и получил по его окончании высшее по тем временам мусульманское духовное образование. После окончания медресе он несколько лет проработал учителем в родных краях. В 1887-1890 гг. с целью углубления образования и знания восточных языков Машхур совершил путешествие в Среднюю Азию, жил в Туркестане, Ташкенте, Самарканде, Бухаре, где встречался со многими учеными и поэтами, в том числе с академиком В.В. Радловым. Жусуп Копеев в это время писал статьи и стихи, которые печатались в Казани. Хорошо известными были его книги “Наша жизнь”, “Кому принадлежит Сарыарка”,

“Увиденное за долгую жизнь”. Машхур написал поэмы “Короглы”, “Ер Көкше”, “Ер Саин”, “Чертов отрог” и другие.

Машхур Жусуп Копеев чутко реагировал на события, происходившие не только в Казахстане, но и в других странах. Огромное впечатление на него произвела первая русская революция 1905 г. Он написал стихотворение “Кровавое воскресенье”, посвященное событиям 9 января 1905 г. Стихотворение готовилось к печати в журнале “Айқап”, однако, местные власти, узнав об этом, наложили запрет на стихотворение и организовали поиски его автора. М. Копеев в том же году перебрался в Ташкент и Коканд под предлогом того, что хотел продолжить образование. Но после возвращения из Средней Азии он лишился возможности жить в родных местах. Чувствуя, что его хотят арестовать, Копеев снова покидает родину. На этот раз он жил в казахских аулах и русских поселениях междууречья Волги и Урала. К этому периоду его жизни относится стихотворение “Мое тайное путешествие”.

Поэт возвратился домой только в 1915 г. Он был недоволен своей эпохой и обществом, в котором жил. Ему казалось, что он один борется за просвещение народных масс. Все эти чувства М. Копеев выразил в стихотворении “Мысли сердца”.

М. Копеев был не только поэтом, но и собирателем народного фольклора. Он оставил богатое наследие собраний генеалогии казахских родов и племен, которые отличаются подробностью сведений и событий, связанных с происхождением того или иного рода.

Копеев с радостью встретил Октябрьскую революцию 1917 г. Несмотря на свой возраст, он активно участвовал в деятельности культурно-просветительских обществ и организаций. В своих произведениях этого периода Копеев приветствовал новшества, которые вводила Советская власть в жизнь казахов.

Всю свою жизнь Машхур Жусуп Копеев посвятил делу просвещения казахского народа, улучшения его жизни. Просветительство Копеева ярко проявилось в его участии в распространении среди казахов новой методики обучения и нового алфавита (“усули жадит”), созданного на основе староарабской письменности. Он сам обучал детей и молодежь грамоте, используя для этой цели книги, изданные новым шрифтом.

Блестящее знание арабского и персидского языков, природный поэтический дар, великолепное знание культуры и

истории родного народа, способности аналитического характера помогали ему глубже и яснее, чем многим современникам, понимать суть происходящих событий и явлений, оценивать их, соразмеряя со своими просветительскими воззрениями.

Оригинальные произведения М.Ж. Копеева в разное время входили в литературные хрестоматии, учебники и сборники казахской поэзии.

До сих пор творческое наследие поэта не получило должной оценки и не стало предметом научного изучения.

Казахи: Девятитомный популярный справочник. – Алматы, 1998. – Т.2. Исторические личности. – С.397-399.

*Сәрсенбі ДӘУІТҰЛЫ
филология гылымдарының докторы,
профессор*

**МӘШҮР ЖҰСІП КӨПЕЕВТІҢ АТА
ТАРАПЫНАН ТЕГІ**
*(Ақынның жаңадан табылған,
өз қолымен жазған өмірбаяны)*

Мәшиүр Жусіп халқымыздың біртуар азаматы екенін көзінің тірісінде-ақ елі мойындаған. Мәшиүрдің өзі жазып кеткен “Мәшиүр Жусіп Көпеевтің ата тарапынан тегі” атты еңбегі Гылым академиясы Орталық гылыми кітапханасының сирек кездесетін қолжазбалар қорынан (1-том) табылып отыр.

Ақынның 1990 жылы “Гылым” баспасынан жарық көрғен екі томдық “Таңдамалы шыгармасының” бірінші томындағы берілген өмірбаяны оның өлеңдеріндегі, кейбір жазбаларындағы өзі айтқан мәліметтері бойынша жазылған болатын. Ал Мәшиүрдің өз қолымен жазылған шынайы өмірбаянының табылуы аса маңызды жаңалық.

Айдабол Күліктің бәйбішесінен – Тілеуімбет, Наурыз, Дәulet, тоқалдан – Ақыл, Сексен. Күліктің сексен жасында туған баласының атын Сексен қойған.

Тілеуімбеттің он бес ұлы ат арқасына мініп, сонына ерген.

Сол шакта қара қалмақ Сыбанмен қазақ жау күнінде көшіп келе жатқанда қалмақтың жасанған жауына кез болып, Тілеуімбет он бес баласымен соғысқа кіріп, өзге ел қашып құтылып, барлық баласымен Тілеуімбет сонда қырылған. Ең үлкені Оспантай екен, онан тұқым жоқ. Онан соңғысы Амантайдан өсіп - өнген бірлі-жарымды тұқым бар. Онан соңғының аттарын ешкім білмейді. Жау қолында тірі жатқанын көріп, үшеуін орманшы Тайлақ алып қашып құтқарған. Бұлардың үрім-бұтағынан тарағандарды Айтқожа, Жаңабай, Күнту дейді.

Бірі бесікте, бірі кебежеде екі немере жас баланы Күліктің тоқалының баласын Сексен құтқарған. Бұл екеуінің үрім-бұтағын Бесім, Қойтан дейді.

Сол Бесімнің бәйбішесі Бөлтек бәйбіше керей қыпшақтың ішіндегі қыпشاқ Олақ мергеннің қызы екен. Бұл Бөлтек бәйбіshedен туған Ақжігіт, Жанжігіт, Қармыс. Қазақ ішінде қожа-молда үйір-шүйір болмаған күнде Ақжігіт абыз Сыр бойынан Оспанқұл әздер деген әулие қожаға екі бауырының бойжеткен қызын қалынмалсыз беріп, үйінің сыртына ақ қос тігіп беріп, мектеп ашып, бала жиып оқыттырған. Қазақ, қазақ болғанда, әуелі қожаны сақтап, мектеп көтерген кісі осы Ақжігіт болған. Қатыны ұдайы қыз таба берген екен. Сонда қызының ең тұңғышы Зәруқажан онан соңғыларының аты – Дәме, Dana.

Бір күні Ақжігіт абыз намаз оқып тұрса, отбасында отырған үрпе-шүрпе қыздар оттың басына төрт ши шаншып, “Сенің атың Құлмұхамед, сенің атың Сермұхамед, бірінің атын Досмұхамед, бірінің атын Бермұхамед қойып, намаз оқыған төрт кісі қылыш” айтады. Соны Ақжігіт абыз анғарып, намаз оқып болған сон, өз қатының өзі “құдағи” деп шақырады екен.

“Құдағи, сен байқадың ба, Зәруқажан кейінгі сіңлілерін қалай ойнатып, алдандырып отырғанын. Сен төрт ұл табады екенсін, осы төрт атты қояды екенбіз. Ал енді ұл таптың,” – дейді. Айтқанындай бір ұл тапты, атын Құлмұхамед қойды және тапты Сермұхамед қойды және тапты Досмұхамед қойды. Сол шағында Ақжігіт абыз қырық тоғыз жаста болды. Ел жайлауда отырған кез екен. Ол уақытта жайлау жерлері Көкшетау айналасы, қыздың Қарасуы, Шортанқарағай деген екен. Ақжігіт абыз бір жақтан жолаушылап келе жатып тал түсте ат шалдыру үшін бір өзек сайға түсіп, кішкене қисайса, көзі ілініп кетіп, түс көріпті. Ояна түрегеліп:

“Балалар, менің жирен жорға атымды алып келіндерші, мен бір тұс көрдім, сол тұсімнің қабыл болуына атымды құдай жолына айтқандығыма күә болындар, ұятты жерімнің қақ басына бір көк кептер қонып отыр екен. Ол жұмақтың құсы, енді мен кідіріп қалмай өлсем керек,” – деп аттана түрегеліп, сол күн үйіне келе ауырыпты, өзі өсиет қылышты: “Мені осы тұс көрген жеріме қойындар” деп. Сонда “құдағы” екіқабат екен. “Мына ішіндегінің атын Ермұхамед қой, төрттің бірі болсын, менің ізімді бассын” – деп. Сол іште қалған баланың атын Әзден абыз қойыпты. Досмұхамед Досбай атанып, Әзден достың атын заманындағы жұрты біліпті. Керей Тұрлыбек заманында Досбайдың асын Ошақты көлдің басында берген.

Зәруқажан деген қызы Қозы керейге ұзатылып, онан Мұхамедсалық деген бала туып, ол да өз заманында Мұхамедсалық ахұн атанды. Бұл Мұхамедсалықтың зираты Қараөткелден Қызылжарға баратұғын керуен қара жолының үстінде. Ақжігіт абыздың өзін тұс көрген жеріне апарып қойыпты, келер жылы ел жазда барғанда моласына үйрек жұмыртқалаған екен. Заманындағы қариялар “бұл жақсы ырым, жақсы болады екен” десіпті.

Әзден дос заманында бір түрлі жақсы болыпты. Керей Имансыманың асында Әзден абызды Тұрлыбек жеке дара қылып күткен екен. Соғымын бөлек сойдырып, үйін аулаққа тігіпті. Осы күнде сол Әзден абыздың тұқым-жұрағатын таратсақ, Ақжігіт абыздан туған төрт Мұхамедтің біреуі Сермұхамед, сол Сермұхамедтен туған бес ұл. Сол бес ұлдың бірі біздің өз әкеміз Көпей марқұм.

Ең үлкені Шаншар, онан соңғы Мыңжасар, онан соңғы Жүзжасар, онан соңғы Көпжасар, ең кенжесі Мағырып, кішкене қорашиболып туған соң, Көпжасар аты қалып, Көпей атанған себебі солай болыпты.

Қазақта баланың үлкені қадірлі болады, кенжесі қадірлі болады, “ортаншиға оқ тимес, оқ тисе де бок тимес” деп қадірсіз, құнсыз ұстайды. Ата мұрасы жер ең үлкені мен кенжесіне тиеді, ортаншиға қаңғырып қайда кетсен, сонда кет дегендей қылады.

Мұны айтып жатқан себебім, өзі қорашиболып соң өзі баланың не үлкені, не кенжесі болмаған соң, әрі сыбағадан кемшілік көрген соң атамыз марқұм он сегіз жасында “оку оқимын” деп Қызылжарға жаяу қашады. Барып медресеге кірісімен ауырып қалыпты. Үш-

төрт ай ауырып жатқан соң, ауырғандағы қалған қаражатын төлеп құтылу үшін Ахметжаудыр деген ноғайға қарамалайлыққа тұрыпты. Фамилияларын Фатихалла Бикташов дейді екен. Сол қарамалайлыққа тұрғаннан ноғайлары рұқсат бермей, босатпай, Түркістан, Тәшкент, Бұқараға алып кетіпті. Сол жакта жүргенде көп малмен Арқаға шығарып, Қарсұн – Керней, Әлтеке – Сарым, Тама, Өр Куандығында “Көпей саудагер” атанып көп жүріпті.

Тоқаға Телқозы, Байқозы, Қарақозы үш қозы да жатады екен. Нұра бойында Еңлік аулы да, төре Қоңырқұлжа, Әлтеке – Сарым, Жанғұтты да, Тама да, Қаңды да жатады екен.

Өзіміз ат арқасына мінген соң, жүрген-тұрған жерінің бәрін аралап көрдік.

Қырық жастан асқан соң, рұқсат беріп, “өз қолындағы өтпей қалған тауар еншің”, – деп сонымен жолда Қоңырқұлжа төренің аулында жатып, Алтай, Мұрат, Танаш, Қапайдың қызын алып, өзі қырықтан асқан кезінде, Танаш қызы Ұлбала марқұм анамыздың он сегізінде қой жылы ережеп айында жұма күні жалған дүниенің жарық жүзіне келген екенбіз.

Қырық екі жасында біз туған қой жылы болған. Анамыз марқұмның жылы қоян еді, он жетіден он сегізге аяқ басқанда ең тұңғышы көрген перзенті біз болыптыз.

Бес жаста Баянауылда Бұқарадан оқып қайтқан Нәжімеден хазірет сол зат шәріптің ғұзырына келіп, алты жаста мағынасымен “Шар кітап” оқып, сегіз жаста және Баянауылда молда Хамыралдин ахұнның алдына отырып, тоғыз жаста Мұхтасарды білген. Жиырма тоғыз жаста Бұқараға барып медресе мырза Ұлықбекте, Хамзе қожадан, ноғай медресесі Сыражалдин муфтиден дәріс оқып, Миракәндегі Сахыпзәде немересі хазірет ишан менен Мәлік тәрбиесінде болып, отыз жеті жаста Тәшкент шаңарында Бесағаш макаласында Әбілхасым хан, ишан қасында тұрып, немерелері Әкірам хан төреден тағылым алып, жортуы көп болып, оқып - білуі аз болған.

Үйлі-баранды, қатынды - балалы болған соң атамыз марқұм “бай жігіт болдым” деп қаракесек, сүйіндіктердің аралығынан қоныс қылып, отырықшы жай қылмақшы болып, Желтау Шокпардың қасында Күйеушоқы деген жерден екі ағасы, бір інісі ағайынды төртеуі болып бір жаз жатып үй салдырып, арық ағызып, егін - жай, пішен - шабындық жер қылмақшы болған. Саудадан жиылған өгіз, ту сиыры аралас жүз сиыр, төрт жүз қойды күзгі

ақ сабан кезінде Қараөткелге айдал, арзан сатпаймын деп қайта айдал келіп, қарға салып, сол тауықтың жұты деген жұт соғып, барлық малды қырып алып, Күйеушоқының түбінде күйеу болып шоқып отырып қалыпты. Сонан соң “дүние – мал жолдас емес екен, ғылым – жолдас екен” деп жаз шыққан соң, мына үш жасар баламды оқуға беремін деп Баянауыл қаласына көшіпті. Қалалы жер мешітсіз болмас, мешіт болса, молдасыз болмас деп. Ол күнде Баянауылға мешіт салынған жоқ екен. Орнын белгілеп салуға жаңа даярланып жатқан кезі екен.

Қаланың күнбатысынан бір казак-орыстың шатырсыз үш бөлмелі үйін сатып алып, мешіт орны деген жердің көк желкесінен үй салдыра бастайды.

Ит жылы қалаға бес шақырым жер Ісмайыл Қызылағаш деген жерде Сатылған, Садыр, Асубай, Жұмабай деген жатақтармен бірге қыстап, ағаш үй салынып бітпеген. Бірнеше жыл сол Қызылағашта тұрып қалған. Біздің бес жасқа аяқ басқанымызда Павлодарда неше жыл тұрып марқұм болған Нәжімеден хазірет Арқаға алғаш келгенде, Мұсаның қожасы Сәт қожа марқұм қолында ұстап бала оқытқан молдасы екен. Өз үйлері күйіп кеткен себепті Баянауылда пәтерде тұрып, қолындағы молдасы Байжан хазірет салдырған ескі медреседе бала оқытып, бес жасар бізді бес шақырым жерден алып келіп, “ағузу, бисмілләні” сол кісі үйреткен екен. “Балаң Бұқара балаларындай зерек екен. Мұны Әптиек Құранмен алдандырмайын, оны өзі үйретейін деп “Шар кітапты” оқысаң, әр кітапты оқисың деген, ата - бабаңың мақалы бар еді гой. Соған салып жіберейін” депті. Құр қарасы емес, мағынасымен екі қыста “Шар кітапты” түгелімен жаттатыпты. Содан соң құлаққа естілгеннің бәрі жат бола бастап, естілген сөздің ұғылмай қалғаны жоқ болса керек?! Ол күнде ескі закон, Мұса дуанбасы, Секербай қазы Баянауылға Мұса мырза келіп:

“Сопы, балаңды алып кел, көремін, – деп алдына алдырып сөйлетіп, мынау жүртқа Мәшіүр болып, жүрт құлағын шулатайын деп түр екен. Болсын пақыр-ай, көп жасағыр екен, сопы, бұл балаңа үкі тағып қой, бұдан былай үкісіз жүргізбе”, – депті.

Сонан Мұса мырзаның алдына шыққан соң, үйге жеткение тоңып қалар деп жолда Хамар хазіреттің бибісі Бибімариям Ғабдолла Хәлле қызы өзінің жалғыз қызының басындағы үкісін жүлгип алып өз қолымен бөркіме қадады. Содан соңғысын

сендер сұрамандар, мен мылжында майын. Ауыздан шықкан лебіз бәрі менікі болды.

Қазақ ішінде айтылған өлеңнің құлақтан құлаққа естілгені жетпей қалғаны жоқ. Он бес жаста үйықтап жатқанымда өзімे танымал ақындардың бірі қыздарға жазатын сөзден үш ауыз өлең үйретті. Үйге келсем, есімде даяр тұр, қағазға жаздым, содан соң-ақ еркіме қоймады, өлең жазуға түсіп кеттім. Ал енді Мәшүүр болмасқа немене?!

Жабысты маған өлең он бес жаста,
Жұрт айтты не қыласын, – деді – таста.
Сөйткенмен қоя алмадым бір білген соң,
Мінім жоқ жұртқа қылған онан басқа.

Бір мектепте қанша бала оқыса, бәрінің алған сабағы біздікі болды. Үйге қақсап айтып келетүғын болдым. Пәлен баланың сабағы мынау, түген баланың сабағы анау деп. Сондай болған соң, атамыз марқұм үйге отырғызбады, қай жерде оқу бар десе, апарып тастайтын болды. Біздің сегіз жасқа анық толған кезімізде, қоян жылы Қамардин хазірет Омбыдан көшіп Баянауылға келді. Баяғы шатырсыз ағаш үй түгел баспана болуға жарап, атамыз марқұм да қалаңда қыстайды.

Біз алып барып ол кісіге берген соң: “Бұл баланды оқуға басы бүтін бересің бе, жоқ, бүгін оқытып, ертең қойдырасың ба”, – дейді. “Өзінің өмірі бойынша окудан айырмайын деген ниетім бар, тақсыр”, – дейді.

“Шар кітапты” танымал болған сөз одан іркіліп тұрып қалайын ба, ол кісінің аузынан шыққан сөзді екінші ойлануына келтірмей, сұраса қайта өзіне айтып бере берген соң, қызығып үйрете берді де жазған зар жақ тарсылдатып жатқа соға берді. Жалаң сабак оқумен тұрған жоқ, “Қозы Көрпеш – Баян сұлу”, “Ер Тарғын”, “Төрт жігіттің өлеңін” жазып алып жатқа соғып, көрінгеннің алдында самарадай қақсайтүғын болған соң, көзге түсіп, жұрт аузына іліне бастадым.

Бозбала, менің атым Мәшүүр Жұсіп,
Кетемін сөз сөйлесем желдей есіп.
Бәйгеден келіп жүрген келмей қалып,
Тұғырдан шабатүғын кеттім түсіп.

Әуел бастағанда қыздарға өлең жазып, қыздарды мактауды өнер көріп, сонымен желігіп кеттім. Сонан соң парсы

хикаяларын өлеңмен қисса қылуға құмарланып, онымен біраз алданым. Онан бері келген соң “Пайғамбар миғражын”, “Дүниеден өткенін”, заманындағы атағы шығып, ауызға ілінгендерді, бұрынғы-соңғысын түгел өлеңмен сөйлеп кеттім...

Қазақстан-Заман. – 2003. – 1 тамыз.

МӘШҮР ЖҰСІП КӨПЕЕВ ШЕЖІРЕСІНЕН ҚЫСҚАША КӨШІРМЕ

(Көшіріп алған Субханбердин Сәлкен)

Халқым ұл баланы ерекше мәпелеген ғой. Шәжемнің ортаншы қызы Тәтіштен қалған Роман нағашы атасының атында болатын (Сәлкен Субханбердиннің). Бір күні маған келіп “Наш родословный кто?” деді. Мен осы уақытқа дейін қайдан шықтық дегенге онша көніл бөлмеппін. Оның да түрлі себептері болса керек. Ең зоры – кешегі “халық жауының” қызымын ғой... Эбүйір болғанда ертеректе Шәжем Мәшүр Жұсіп Көпеевтің шежіресінен көшірген, машинкаға басылған нұсқасын маған арнап беріпті. Міне, сол көшірмені бүгін оқырман назарына ұсынып отырмын.

Ушқолтай Субханбердина.

Атамыз АНАСТАН басталады.

АНАСТАН Мағаз туады, МАҒАЗДАН – Жәбіл, Ақшолпан, Аңқарай, Аламан, Сейілхан, Жаңылхан туады.

Сейілханнан Сегіз арыс Түрікпен тарады (Тәжік, Қыргыз).

Жаңылханнан – Майқы би туады.

Майқы биден Әзбек, Сапан туады.

Әзбек Сарттан қыз алып Шаңарға (Ташкент) қашады.

Сапанның түйесі көп болып Сарыарқаға келеді.

Сапаннан – Айырқалпақ, Айырқалпақтан – Қазақ, Созақ туады.

Созақтан – Каракалпақ туады.

Қазақтан – Ақарыс, Бекарыс, Жанаарыс (Үш жүздің аталары) туады.

Ақарыстан – Ұлы жүз.

Жанаарыстан – Орта жүз.

Бекарыстан – Кіші жүз туады.

Жанаарыстың 6 баласы болады.

1. Қара қожа

2. Аққожа

3. Ақтанберді қожа

4. Дара қожа

5. Есімқұл қожа

6. Қасым қожа.

Қара қожадан – Арғын.

Ақ қожадан – Найман.

Ақтанберді қожадан – Қыпшақ.

Дара қожадан – Коңырат.

Есімқұл қожадан – Керей.

Қасым қожадан – Уақ туады.

Орта жүзден демек, Арғын, Найман, Коңырат, Қыпшақ, Керей, Уақ – алты атандың ұлы ел болды.

Арғын 4 әйел алған. Бәйбішесінің аты – Әркүл. Екінші әйелі – Момын, үшіншісі – Айнакөз, төртінші әйелдің аты белгісіз.

I. Әркүл бәйбішеден – Құтан туады.

Құтанның Мейрам сопы мен Қарашаш деген қыз туады. Құтан, Мейрамның екі жасында өледі. Содан Мейрамды үлкен шешесі асырайды. Құтанның ерте өлгенін білмеушілер, Мейрамды Арғынның бел баласы деушілер бар (Олай емес Мейрам Құтанның баласы, Арғынның немересі).

Екінші әйелі Арғынның Момыннан – 5 бала туады.

1. Ақ сопы, одан – Қанжығалы, Тобықты
2. Сары сопы, одан – Атығай
3. Арық сопыдан ұрпақ қалмаған
4. Нәдір сопы, одан ұрпақ болмаған
5. Қара сопы, одан – Қарауыл, Бәсентыйын.

Үшінші әйелі Айнакөзден – 2 бала туады.

1. Сары жетім.
2. Шақшақ.

Бұл екеуінің анасы жастай өліп, Момын асырайды.

Сондықтан болу керек Момыннан туған бес балаға қосып, Жеті Момын дейді. Ол дұрыс емес, екі баланың шешесі бөлек.

Төртінші әйелден: Ақташы, Байташы, Бұғышы, Тағышы туады. Бұл төрт баланың тұқымдары тегіс Жиделі болса да, мұндағы арғыннан көп болмаса аз емес. Асылы Арғын болдың әр кім болдың деген сөз. Арғыннан туған ұрпақтың көпшілігінен қалған екен.

ӨЗ АТАМЫЗ

Мейрам бабамыздың зираты Алатау маңында. Мейрам 3 (үш) әйел алады.

Бірінші әйелі Алшын Қодыс бидің қызы, аты – Нурфаида. Бұдан 2 (екі) бала туады.

1. Куандық.

2. Сүйіндік.

Екінші әйелден: Бегендік (Козған), Шегендік (Қақсал) туады. Бұл екі баланың шешесі ерте өліп Нурфаида бәйбіше асырап өсіреді. Халық содан бәйбішенің төрт баласы дейді.

Үшінші әйелден аты Қарқабай, Болат Қожа (немесе Қаракесек) туады. Сүйіндік 2 әйел алады. Бәйбішесі Ұлы жұз Үйсін Егізбидің қызы .Бұдан екі бала туады.

1. Оразгелді 2. Сүйінші.

Оразгелдіден: Шуманак одан : Күлболды, Жанболды, Жолболды, Орманицы, Қаржас (асыранды баласы ол жөнінде кейін қараңыз).

Жанболдыдан 6 бала: Жуана, Құлік, Айдабол, Ақбура, Майлитон, Шегір.

Айдаболдан 8 бала: Жанғозы, Малғозы, Қарақозы, Аққозы, Бозқозы, Жәйгелтір (Қожагелді көшетер).

Жанқозыдан 5 бала: Төлебай (Жеке, Батыр) Косқұлак, Мамыт, Кесте, Баян.

Төлебайдан 5 бала: Жолан, Еламан, Едіге, Мәлгелді, Елгелді.

Мәлгелдіден – Ақпан; тоқалынан – Серкебай.

Ақпаннан 4 бала: Әділше, Темірболат, Бектергі, Асарбай.

Темірболаттан Ибраһим (Боқшал).

Әбілда тоқалынан Мәдкей.

Ибраһимнан 9 бала: Шәукілдек, Хасен, Тәжи, Бәсіпке, Әрмия, Уайда, Шәкен Халимolla (Қали), Үкібас (екеуі тоқалынан).

Хасеннен 4 бала: Субханберді, Ағламберді, Әжмұхаммет, Мұхаммедкәрім. Субханбердіден: Сәлкен (Мұхаммедсәлім), Қалкен (Мұхаммедғалым), Нұркіш (Нұрмұхаммед), Алтай, Балкен. Қыздары: Үшкөлтай, Қалкетай. Тірілері Сәлкен, Алтай, Үшкөлтай. Ағламнан Баяш. Өзгелерінен тұқым жок.

Сәлкеннен – қыздары :Тамара, Тәтіш, Жаннат, Әлия. Ұлдары : Әмір, Елжан, Нұржан.

Ал енді Қаржасқа келсек (ол Әміржанға керек болар) Оразгелдіден Қаржас.

Дақ болып жеке туған Қаржас еді

Ақ сүйек алтын сандық алмас еді

Бақ қонып қыдыр дарып дұға тиген

Бабаңың Оразгелді баласы еді.

Қаржастың экесі жоқ дегенге байланысты Мәшүүр шығарған.
Қаржастан 3 бала туады.

Алтынторы, Сатылған, тоқалдан – Құлке.

Алтынторыдан 5 бала туады.

1. Мәмбет әлі 2. Жолымбет әлі 3. Бейімбет. 4. Келімбет.

5 .Артық.

Бейімбет пен Келімбеттің тұқымы Арқада емес ,ертеде коныс аударған. Жолымбеттен 4 бала туады: Балымбет, Назар, Колсары, Қалқаман.

Қалқаманнан екеу туған: Бұқар жырау, Төке.

Бұқардан – Ақдербес, Жарылғап.

Ақдербестен – Изан, Жақсылық.

Изаннан – Қапторы, Мыңбай, Бозбай туады.

Мыңбайдан – Өтеген, Өтеуілі.

Өтегеннен – Майлыйбай, одан – Аяпберген.

Өтеуліден – Атығай, Қараң туған.

Сатылған (үш әйел алған):

Бірінші әйелден – Қарақалпақ.

Екінші әйелден – Жансары, Тақат.

Үшінші әйелден – Коныс ,Мәмбет.

Құлкеден 4 бала туған.

1. Ойым 2. Телі 3. Тілеуімбет. 4. Әлімбет

Ойымнан – Өтел, Баян, Жаулыбай

Теліден – Анай.

Тілеумбеттен – Есенқұл, Елшібек.

Әлімбеттен – Дәulet, Қосаболат, Үмбет туған.

Анай 4 әйел алған.

Бірінші әйелден – Нияз.

Екінші әйелден – Мырзагұл, Құдайқұл.

Үшінші әйелі – қалмақ қызы одан – Жәдігер.

Төртінші әйелден – Құлтуған.

1. Нияздан – Құттабай, Бөгембай, Таттыбай.

2. Мырзагұлдан – Сатыпалды, Сәти, Баймұрза, Жаймұрза, Наурыз, Ақмұрза.

3. Құдайқұлдан – Ақжігіт, Қыстаубай, Жетібай, Көбекен, Ақкісі туған.

4. Жәдігерден – Жанқа, Қараша, Қанай, Сатай.

5. Қалдан – Құдайберген, Тәңірберген.

Тілеуімбет баласы – Есенқұлдан – Талас туады. Елшібектен – Тоқсан.

Қосаболаттан – Бабас.

Үмбеттен – Базар.

Дәuletten – Рыскүл, Ақша.

Ақшадан – Жиналы, Маман, Манақ.

Жиналыдан – Әміржан, Алшыбай, Зарубайдың аталары тарайды.



I бөлім

Тандамалы шығармалары

НАУРЫЗ

Ұлыстың ұлы күні

Естіген құлактың жазығы жок, құттай бала күнімізде жарапазан айтатұғын шалдар айтып жүруші еді:

Нұх пайғамбар дарактан кеме пішкен,
Ол кеменің тақтайын тышқан тескен,—

деп. Бұл – естіген сөз. Құлақ естігенді көз бір көрмек. Бұл күнде көзіміз көрген нәрсені ойға салып жүрсек, топан сұы тасып дүние жүзін қаптағандығы айдан жарық, күннен анық көрініп тұр, Аспан – көк, жер, су жаратылғаннан бері қарай жоғарғы әуеде құстан басқаның ұшқанын естідіңдер ме? Жоқ, жоқ.

Суда балықтан басқаның жүзгенін естідіңдер ме? Жоқ, жоқ.

Міне, енді бұл күнде адамзат аэроплан жасап алып ауада құстай ұшпады ма! Су астымен жүретүғын кеме жасап алып дарияларда балықтай жүзбеді ме! Бұларды не деп ойлайсың? Бұл дүниеде тұрған сайын адамзаттың ақыл-ойы артып, ғылым-білімі күшейгені. Ендеше не нәрсеге болса да бұрынғылардың ақыл ойы жетілмей, кемеліне келмей тұрғандағы айтқанына нанбаңдар. Жә, жарапазаншы шал айтты деп топан сұы болғандығына нанып тұрғаным жоқ. Өз көзім көрген нәрседен нанғандығымды білдіріп айтып тұрмын. Сол топан сұының болғандығын, тау біткеннен қырық кез асқандығын жер айтып тұр, су айтып тұр, тау-тас айтып тұр.

Жердің айтқандары – талай жерлерде судың еріксіз айдауымен ойылып, жиылып тәбе-тәбе болып қалған құмдар бар. Қызылдың құмы, Қарақұм, Жетіқондың құмы аталған. Судың айтқандары – адамзаттың ебедейсіз көп қырылғандығынан көз жастары ашы теңіз, сор болып қалған. Тау айтқандығы – алғаш құрғактық тауып, қылтиып көрінген мен едім дейді. Ұлытау тау тұңғышы болғандықтан, Ұлытау атанғандығым сол дейді.

Онан кейін тарбайып-тарбайып, адыр-бұдыр болып көрінген мен едім дейді – Тарбағатай мен Шыңғыс таулары. Тау біткениң бәрі судан шыққанда су астында тұншығып қалып, есепсіз көп жыл көрінбей қалып, ең соңынан шыққан тау кенжесі мен едім дейді Баянаула. Оны көрген, ішін аралап жүрген біз рас-ау дейміз. Неге десен? Ұзыны жиырма бес шақырым, көлденені он бес шақырым.

Бір өзінде жеті көл бар. Бұл көлдерден басқа тастарының төбесінде кішкене-кішкене көлшіктер толып жатыр. Баянаула қаласының темірқазық жағында он екі шақырым жерде бір Найзатас деген тас бар. Анадайдан көрген кісі бір бөріктей деп ойлайтын. Сол Найзатастың төбесінде тоғыз бөлек тұмалы көлшік бар. Аralарында қарағай, қайың, арша, бұлак, шабындылық шөп толық.

Баянауланы көрген, аралап жүрген кісіге су астынан шыққандығын тау-тасты өзі сөйлеп, айтып тұр.

Он екі айды бір жыл дейді. Бір жыл бір кісінің өмірі есепті. Бір құдайдан басқаның бәрі бірінен-бірі туып, өсіп-өнбек. Туып, өсіп-өнетүшінің бәрі де қартаймақ, өлмек. Көк – байы да, жер – қатыны. Солай болғаны үшін: “Көктен жаудырсын, жерден өндірсін”, – дейді. Аспанда бұлтқа бұлт шағылысады, сөйтіп жаңбыр жауады. Жаңбыр көп жаумайтын жылы бұлт қысырап қалды деп күн бұрын айтып отырушылар болады. Жаралған жандыжансыз бәрі де жұп жаралған. Жұп мәнісі ерлі-байлы деген сөз.

Жыл өзі жазғытурым жаңа туған жас бала үш айға шейін солай, үш айдан соң жігіт болып жетілгені. Оның өмірі үш ай, онан кейін егде-мосқал, бурыл бас болғаны, мұндай болған уақытын күз күні дейді. Бұл өмірі де үш ай. Онан кейін қыс, зымыстан деп атайды, қар астында қалғандығы – ол өлгені. Он екі бітуімен бір жылдың өмірі біtedі. Жыл басына келген өмір он екі айдан аспақ емес. Он екі ай бітіп, бір жылдың өмірі таусылады. Енді жаңа жыл туады, бұл туатүшін былтырғы өткен жыл емес, бүгін туған жаңа күн. Сол жаңа туған жылын, жаңа туған күнін құттықтап қуанып той қылса, сол жылда, сол күнде бұл құттықтаған, қуанғанды қолтығына қысып, құшағына алып сый-құрметпен, қызық дәуренмен өткізуге міндетті, борышты.

Бұл наурызнама той болып, қай заманда басталған жұмыс. Жоғарғы жақта сөйленген Нұх пайғамбар еркегі, ұрғашысы аралас сексен қаралы жолдаспен кеме жасап мініп, алты ай он күн суда жүзіп, су тартылып, кемесі Қазықұрт тауына кез болып, соған тоқтап, құрғақшылық көріп, қара жерді басқан. Біреудің әкесі, біреудің баласы, біреудің бауыр-туысқаны қырылып қалып, салт атты, сабау қамшылы судан шыққан тышқандай сүмірейіп шыққан соң тамақтарына ас жүрмеген. Енді біз тірі болғанда неменеге жараймыз деп уайым-қайғыда болған.

Сонан соң бір үйретуші табылып, арак жасап ішкен. Арак ішкен соң, ішкен мас, жеген ток, уайым да жок, қайғы да жок.

Бұрынғы күннің жаманын, жақсысын ұмытқан. Өздерінің аман-қалғанына қызық-мереке той жасаған. Сөйтсе сол күні ай есебімен санағанда Мұхаррам айының оны екен де, жұлдыз есебімен санағанда күннің Хамал бұрышына кірген күні – бірінші Хамал болып табылған. Нұх пайғамбардың тұңғышы Сам деген баласы. Ғарап, Ғажам сол Самның ұрпағы, біреуі ай есебін ұстап, жыл басын Мұхаррам деп санап, оны ғашора күні деп, мейрам қылып ұстап қалған. Біреуі Ғажам жұрты бұл жұлдыз есебін ұстап, бірінші хамал жыл басы деп мейрам қылып ұстап қалған. Мұның ұстап қалған күні “число” есебімен марттың тоғызына дәл келіп, қыс пен жаздың аударыс-төңкерісіне тұп-тура дәлме-дәл шыққан. Мұны біздің қазақ Бұқар есебі дейді. Бұл есептен біздің қазақ жұрты орысқа қарағанша аумай-жаңылмай ұстап келген.

Ай да он екі, жыл да он екі, он екі жылдың басына он екі хайуанды ие қылған, оған ат қойып, айдар таққан.

Жыл деген өзі диірменнің бел ағашындай айналып тұратұғын нэрсе. Жер де айналады, ай да айналады, күн де айналады, күндіз, түн де айналады. Сол айналатұғыннан бірінің соңынан бірі келіп тұрады, жыл да соларды айналады.

Жылдың бел ағашында он екі шабақ бар. Он екі шабакта он екі тақ бар. Он екі тақтың әрбіріне бір хайуаннан ие отыруға. Жиырма жетінші жылдың жиырма екінші мартында жүріс қылып жүрген жорықшы Хамал... бірінші хамал болып қоян таққа мінді. Соңан бері қарай “Қоян” деп газетке жазылып жүр. Дәнемеге жарамаса, есепке кірмесе оның аты неге жазылады? Оның жыл билегендігі іске жарағандығы. Сол жұрт қоянша қорқақ болып, шөптің басынан үріккен қойдай тек желп етіп жел тұрса, үрейі ұшып, зәресі кетіп, “ал жұт болады” деп былшылдайды. Жұт тұғіл дәнеме де болмайды. Қоянның қорқақ қылып айтқызып тұрғаны және қоян жылды кісі өмірінде үрейлі, қояндай қорқақ келеді. Енді келер алдымыздағы жиырма сегізінші жылдың мартының жиырма екінші күні жыл белағашы айналып қоян тұрған тақ астына кетіп, ұлу таққа отырады. Бір жылға сол ие болады. Соңда бұрынғы отырған астына кетіп, оның орнына екінші тақ үстіне шыққандығын жандыда балық біледі. Жансызда Самарқанның көк тасы біледі. Балық білетұғының соңан байқаған: наурызнама той қылатұғын жүрттың патшалары тірі балықты көп қылып ұстатьп алып, бір керсен суға салып көптің алқасына койдырады. Отырған көп әлеумет сол балықтарға

көздерін тігіп қарап отырады. Бір мезгілде балық біткен бірі қалмай теп-тегіс шалқасынан жата қалады қарындары жарқырап. Ілезде екінші балықтар аунаған жағына қарай аунап түседі. Соңан соң патшалар барабан соқтырады. Ескі жыл шықты, жаңа жыл кірді деп. Сегіз күн ұдайымен қол астына қараған жұртқа той-тамаша береді, жаңа жыл тойы деп.

Жиырма тоғыз жасымда Бұқарай Шәріпте Ғабдолла ханның наурызнама тойының ішінде сегіз күн болдым. Ұдайымен жүреміте үш кісіні жыққанға бір шапан бәйге береді. Дәл сегізінші күн мазаршәриф делінеді. Кожа Бәнуалдин әулиенің басындағы көлшікке қант төгіп, суды қант татытып жұрт жабыла ішіп, той тарқар болады. Біздің қазақ жұрты ұлғіні Бұқара жұртынан алған екен. Ертеректе біздің қазақ наурызының той-мереке, қызығы Бұқар мен Коқандікінен де асып түседі деп аныз болыпты.

Қайда атақты асқан бай бар болса, наурызнаманы сол байға қылдырады екен. Бұрынғы заманда наурызнаманың қадір-құны астан, тойдан ілгері болады екен.

**Баспаға дайындаған Еламан ҚАСЕН,
Х. Арғынбаев атындағы
ғылыми орталықтың қызметкері**

Білік. – 2006. – 28 наурыз.

АСАН ҚАЙФЫ ТУРАЛЫ

Асан қайғының шын аты Хасенхан екен. Өзі нәзір кірде әулие деп айтуға жааралық кісі екен. Мұның он екі жасар бала күнінде қазақ шұршітке қарайды екен. Шұршітке хан болғанда Ежен хан деп сөйлейді екен. Ежен хан көшпелі қазақ байдың баласына:

– Айғырын кісінетпесін! – деп жарлық қылады дейді.
– Егер қазақтың далада жүріп айғыры кісінесе, менің қорада тұрған тазы бедеулерім құлын тастайды. Айғырын кісінеткен жанның басы айдауда, малы талауда болсын! – депті.

Қазақ жұрты мұны естіп уайымға түсіп жылады дейді: “Хайуан малды қалай кісінетпей тұрамыз”, – деп. Соңда Хасен бала:

– Ол үшін уайым жемендер. Маған отыз-қырық мерген ертіп беріндер, отыз-қырық желмая тауып беріндер. Мен Ежен ханға

барып, бұл жарлығын қойдырып, қазаққа бір бостандық алып келейін! – дейді.

Сонан соң жұрт отыз-қырық желмая жиып береді. Хасен бала мергендерді жолдас қылып шүршіттің ханына жөнелді. Шаңардың шетінен кіргеннен әу деп үріп шыққан итті ата берді дейді. Ит иелері келіп:

– Мұның қалай, жазықсыз итімізді неге қырып келесің? – десе:

– Біз Елібайдан келе жатқан елшіміз. Не арызың болса, хандарыңа айтындар. Жауабын хандарыңа берейік. Елшіге өлім жоқ дегенді білмейсіндер ме? – деп жүре жауап беріпті.

Ит иелері хандарына арыз қылыпты. Хандары:

– Келсін, себебін сұрап тексереміз, – депті.

Елшілер келіп ханға жолыққан соң:

– Елші болғандарың қалай? Еліміздің итін қырып, жұртты шулатып келе жатқандарың қалай? – депті.

Сонда Хасен бала:

– Таксыр, оның мәнісі бар. Кішкене күнімде әкем маған қой бақтырды. Далада қой бағып жүргенімде көп қасқыр келіп қамады. Сонда мен ойдың да итін шақырдым, қырдың да итін шақырдым, елдің де итін шақырдым, шаңардың да итін шақырдым, бір ит келіп ара тұспеді. Сонда ант ішіп едім: “Ойдың иті, сені де атармың! Қырдың иті, сені де атармың! Елдің иті, сені де атармың! Шаңардың иті, сені де атармың! – деп. Сол сертіме жетейін деп ит біткенді қиратып атып келе жатқан мән-жайым – сол! – дейді.

Онда хан айтты:

– Тентек шіркін, сенің қазактың мидай сары даласында жүріп айғайлаған дауысынды біздің шаңардың иті қайдан естісін? – дейді.

Хасен бала жауап қайырды:

– Айғыр дауысын бие естіген жерде кісі дауысын ит естімей қоймайды, – дейді.

– Қап, бала мені ұрдың! Мен ұтылдым да, сен ұттың! Қалағанынды ал, – дейді.

– Қалағанымды берсең, қазағымды өзіме берсең болды, – дейді.

– Бар, бердім. Қазақ деген жұртқа өзінді хан сайладым, – дейді.

Сонан соң Хасен хан атанып қайтты.

* * *

Бір балдама ашып талай нама көретұғын балгер айтқан екен:

– Сенің бақ талайыңа су перінің төресі су сұлтанның қызы нәсіп болайын деп тұр! – деп. Ол:

– Қайдан маған душар болады? – дегенде:

– Еділ, Жайыққа қармақ сал, Сырдарияға қармақ сал, ұзын аққан Ертіске қармақ сал, осы төрт үлкен өзеннің бірі болмаса, бірінен қармағыңа ілінеді, – деп.

Сонан желмаямен жүріп бәріне де қармақ салып, ең ақырында Ертіс суының басынан қармағына ілінген екен. Адамзаттан бөлек жері жоқ. Сұлулықтан басқа міні жоқ. Жалғыз-ақайыбы сөйлесерге тілі жоқ. Қыз қалпында жатып тұруға, қылышқы қызметке, бір сөйлеуден басқа ойын-күлкіге, биттей мұлтік кемі жоқ. Бірнеше күн қатын қылышп алғып жүрді, бірақ сөйлеспегеніне қапа болып базар аралатты: бір нәрсені тамаша қылышп, я ұнатышп, я ерсі көріп бір нәрсе деп сөйлер ме екен деп, ләм-мим деп бір калима сөз сөйлемеді. Бірақ үш орында мырс етіп құліп жіберді. Неменеге күлгендің білмеді. Базар тарқап, аулаға оңаша шыққан соң:

– Сөйле, – дейді. Біреудің не айтқанын білесің, білген үшін екі-үш жерде күлдің, енді неменеге сөйлемейсің? Мені адамзат деп менсінбей жүрсің ғой! – деп ашындырып ұрды, сөйле! – деп.

Тұщы етіне ашы таяқ тиген соң сөйледі:

– Мен сөйлемейін деп жүргенім, сөйлейтін күніме жеткен жоқ едім. Сенен жүкті болып жерге шыр етіп бойымнан бала түссе, сонан соң сөйлемекші едім. Онан бұрын сөйлесем, сен маған жоқ, мен саған жоқ болып айрылып кетпек әзел күнде жазуда бар іс еді. Оған шыдамадың екіқабат едім, табуыма төрт ай қалышп еді. Қой, қош, аман-есен бол! Төрт айдан соң, жердің астынан келіп құндақпен жатқан баланды ал! – деп жөнеле берді.

– Тоқта, – деп едім.

– Жоқ, тоқтауға бұйрық жоқ енді тоқтап болмайды! – дейді.

Тұрмасын, тоқтамайтұғынын білген соң:

– Құлгеніңің мәнісін айтып кет? – дейді.

– Оны айтайын, – дейді. – Бір құлген себебім: базарда біреу той қыламын деп мың теңге шығарып күріш, май, өрік, мейіз және түрлі тамақ алышп жатыр екен. Тұзға келгенде, қымбатсынып, бір теңгені қимай тұз алмай кетті. Соның ақымақтығына күлдім. Мың теңгенің тамағы бір теңгенің тұзыныз тамақ болып ләzzат бермейді. Екінші құлгенім: біреу

өріктің дәнін тісімен сындырып тұр екен. Тістің құны мың теңге, мың теңгелік тісті бір пұлға тұрмайтұғын нәрсеге жойып тұрған соның ақымақтығына күлдім. Үшінші күлгенім: біреу бір етікке саудаласып бағасына келісіпті. “Бірақ осы етігің жеті жылға шын шыдай ма?” – деп. – Соған шыдаса, аламын, – деп, соның неше жылға шыдауына серттесіп тұр екен. Етік аламын деп тұрғанның үш-ақ күндік өмірі қалған еді. Өзінің өмірінің қанша күнге жетуімен жұмысы жоқ. Етіктің қанша күнге жетуіне, соған таласып тұрғанға, соның ақымақтығына күлдім, – деп қош айтысып жүре берді. Төрт ай тосып жатып, жер астынан барып құндаққа орап тастаған баланы тауып алған атын “жалғыз жетім Жаналы” қойды. Сол қатыннан жоқ жерде асығыстық қыламын деп айырылып қалдым-ау!” – деп, соның қайғысынан Асан қайғы атанған екен. Және өзі көзіне көрінген нәрсені уайым қыла береді екен.

Күйрығы жоқ, жалы жоқ
Құлан қайтіп күн көреді?
Аяғы жоқ, қолы жоқ
Жылан қайтып күн көреді
Жалаң аяқ байпандап,
Қыздар қалай күн көреді?
Шыбын шықса жаз болып,
Таздар қайтып күн көреді?

Сонда ұлы Ертіске қойған аты:

– Мына шіркіннің баласы тойдым деп қарап отырmas, қарным ашты деп жылап отырmas, сиырдың мүйізі шығып, көпірдің құлағы шығып отырmas жер екен. Күнінде баласы көпірден жылайды-ау, – депті.

Шыңғыс тауларын, Семей тауларын көріп:

– Мына шіркіннің топырағы құтырған екен. Оған шыққан шөп құтырады екен. Оның етін жеп, сүтін ішкен адам құтырады екен. Оны жеген мал құтырады екен. Қан үзе алмайтұғын, ұрыстөбелес көп болатұғын жер екен, – дейді.

Тұндік деген өзенге келгенде:

Үйрендім қайдан өнер, көп білімді?!
Өткіздім қасірет пенен қапалықта,
Кызықты, ойнап-кулер мезгілімді.

Жатпадым су түбінде садәф болып,
Күнінде шықпас па едім дүрге толып.
Байғыздай тас жастанып, тауда жатпай,
Сықылды болдым қарға, ұшып қонып.
Болдым ғой өнерімді тауысқандай!
1. Мерт болдым, айға шауып, арыстандай!
Сұңқардай биік шынды мекен қылмай,
Шықылықтап көзге түстім сауысқандай.

Сөйлеуден тыйылмаған қызыл тілім!
Өттің бе зарланумен, қайран күнім?!
Тұлкінің қызылдығы өзіне сор,
2. Болғандай болдың маған өнер-білім.

Ішім от, сыртым жалын қайнағаным,
Бұйырған, жұтқан күмән, шайнағаным.
Жаныма тыныштығы жоқ, өзіме қас:
Бұлбұлдай жағып жүртқа сайрағаным.
Сайрауға дәрменім жоқ, тұрмын қажып,
Ұзын тұн үйқы көрмей, жүдеп, азып.
Әшьэрәт апат деп айтқан Хәдис,
Мен жүрмін құтыла алмай, тілден жазып.
Айналдым бұлт болып биік тауға,
Іліндім шортан болып жібек ауға.
Тілі жоқ көп мылқаулар тыныш жатыр ғой,
Қызыл тіл, сен басымды салдың дауға.

Ақылды аузын жауып ділін ашқан,
Бұл күнде ғақыл, білім бізден қашқан.
3. Ішіне ақымақтықтан сыйғыза алмай,
4. Алтынды пұлын білмей жерге шашқан.

Жатқанмен алтын жерде кір болмайды,
Жай тас пен дүрдің құны бір болмайды.

Жаңбыры абрахмет жауғанменен,
Садәфқа төгілмесе дүр болмайды.
Жаңбыры абрахмет нұр болады,
Жауғанмен басқа жайға қор болады.
Жыланға – у, араға – бал, тасқа – қына,
Тамғаны тақыр жерге сор болады.
Тікенге кетсе тамып, гүл болады.
Көzsізге – көз, тілсізге – тіл болады.
Жауғанмен тауға, тасқа пайдасы жок,
Сай-сайдан ағып дария сел болады.

Ғаламға абрахмет нұрын шашар,
Үстім су болады деп надан қашар.
Бір тамшы сонан маған тاما ма деп,
Дарияда жатып садәф аузын ашар.
Бұлттай жауатұғын менің өзім,
Көкірегім – қан, жаспенен толған көзім.
Жаңбырдың абрахмет тамшысындай,
Ғаламға дастан қылышпайткан сөзім.

Бораған қардай болып бұрқырадым,
Жалғаннан суып көнілім тоқырадым.
Бойыма алтынымды сақтай алмай,
Болмаған мұныменен еш мұрадым.
Бұл күнде алтын азып жез болыпты,
Дүниеде жақсы, жаман сөз болыпты.
Гүл ізден Гүлстанда жүрген Бұлбұл
Бір күні қаршығаға кез болыпты.

Сұрапты Қаршығадан сонда Бұлбұл:
– Жалғанда ынтызарым – бір қызыл гүл!
– Қаршыға, сен де құссың, мен де құспын.
Ақылың сенің менен емес қой мол!

Бектердің оң қолында тұрағыңыз,
Ерттеулі күнде жүйрік пырағыңыз.
Кекіліктің миы менен жүрегін жеп,
Табылған әрбір құстан мұрадыңыз.

Татисың қымбат баға қадір пұлға.
Жүресің патшалармен шығып жолға.

Жазым боп жазатайым түссең торға,
Түсірмей ап кетеді қолдан-қолға.
Откіздім ұзак тұнді сайрауменен,
Басымды тікенекке байлауменен.
Көрем деп қызыл гүлдің ашылғанын,
Ұзын тұн зығырланам, қайнауменен.

Қызыл гүл мен ұйықтамай ашылмайды,
Көзімше аузы ашылып, шашылмайды.
Оянсан, ұйықтап кетіп, ашылады,
Қасіретім, бір көре алмай, басылмайды.

Зарлаймын ұзын тұні көрермін деп,
Көре алмай ашылғанын қасіретім көп.
Ғұмырымда бір ашылған уақытын көрмей,
5. Барамын бұл жалғаннан мен уайым жеп.
Гүл үшін, тікен болды, жатқан жерім,
Барады бір ашылмай ішкі кірім.
Зарығып бұ қайғыдан қандар жұтып,
Тарқамай бұ жалғаннан кеткен шерім.

Қаршыға келді сонда жақындастып,
Бұлбұлмен сөйлескелі жауаптасып:
– Құссың да сен бір ақымақ, ақылың жоқ,
Бір гүлге пайдасы жоқ болған ғашық.

Сайрайсың тұні бойы ауыз жаппай,
6. Конасың сабырсыздан әрбір шаққа-ай!
Жетпестен бір мұратқа мың сөйлейсің,
Сол үшін қалып тұрсың мұрат таппай!
Аузынды, ақылың болса, жабар едің,
Үндемей сабыр қылып бағар едің.
Тілі жоқ мен сықылды мылқау болсан,
Бір күнде мың мұратты табар едің.

Боласың сен ақылды менен қайтіп?!

Зарықтың бір гүл үшін жапа тартып!

Бір күнде мың мұратым болар хасил,
Адамға үндемеймін бірін айттып.

– Қаршыға, мұны айтқан сен бір ерсің,

7. Тілегін әр пенденің тәнірім берсін.

Табарым мылқау болып, мұрат болса,
Болмаған хасил мұрат кете берсін!
Мұрныңды шошайтасың мактағанға,
Жүруші ең келемеж боп көп тағанға.
Қолында көрінгеннің болып тұтқын,
Мәз болып жүріпсің де сақтағанға.

8. Жегізбес саған етті қаныменен,
9. Бір құстың тояттатпас саныменен.
Өзінді ертеден-кеш ашықтыра尔,
Алсын деп құс көрінсе жаныменен.

Бір ұрттам қан ішесің, бір құс алсан,
Сен ақымақ тамақ үшін болған сарсан.
Қанатың бола тұрып құл болғанша,
Онан да жақсы емес пе өліп қалсан?!

Жаратқан бір құдайға жетер датым,
Зарланған ұзын тұндер мұнаджатым.
Бітпесе бір мұратым, кетсін, барсын!
Ғаламға дастан болған “Бұлбұл” атым.

Мұратым бітпесе де көңіліме ток,
Қарға мен сендей қаңғып, жемеймін бок.
“Шіркіннің Қаршығадай сайрауын-ай!”—
Деп айтқан бір қазақты естігем жоқ.

Құс болсан, бозбалалар, бұлбұлдай бол!
Табылар іздегенге бір қызыл гүл!
Ет үшін бір-екі елі торға түскен,
Тіл алсан, бола көрме қаршыға сол!

*Көпееев М.Ж. Таңдамалы. – Алматы: Ғылым, 1990.
- 1-т. Өлең, қисса, мысалдар. - 24-28 б.*



ТУРКІСТАН, ТАШКЕНТ САПАРЫ ХИКАЯСЫ

Шығып ек кешегі айда елімізден,
Мекен, жай, қоныс қылған жерімізден.
Қазіреттің ақ күмбезін зиарат қып,
Қол жайып бата алғалы пірімізден.

Еліміз Баянаула, Қызылтауда,
Төскейде мал жатады қалың қауда.
Аллаға тәуекел ғып шыға қалдық,
Тіпті үйде жатпайын деп денім сауда.

Ереймен, жүре бердік Есіл өтіп,
Қонысынан құйген жардың кесіп өтіп.
Әл-сафар бір қитпа боп мәйна лашқыр,
Құдайым тұзден ырзық несіп етіп.

Ел-жұртым, қатын-бала – бәрі қалып,
Он бесте түсіп жолға болып ғаріп.
Үйден қашқан, табылып нәрсем тұзден,
Келемін мен құдіретке қайран қалып.

Мұсәпір жолаушымыз біздер ғаріп,
Келеміз ұзын жолда ашып, арып.
Жал үзіп, қара қоңға таянып ат,
Тән алмай, пақырлықты мойынға алып.

Бейшара өңшең ... жолдасымыз,
Жоқ болып көніл аулар құрдасымыз.
Ілініп сүм жалғаның тұзағына,
Келеді тұтқындықта бір басымыз.

Шалдар – жетпіс, кемпірлер – алпыс жаста,
Тұп-түгел мәңгі біткен біздің қаста.
Ғазап үйім деуіме лайықты,
Жазылулы күн бар екен жұмыр баста.

Жылым қой, жетті жасым бір он беске,
Енді он бестің жоқтығы кірмей еске.

Қапаста сайрай алмай қызыл тілім,
Қалың жүрт, қадір білген қалып елім.
Қөнілімді күн-күн сайын жүдетеңі,
Тұнжырлар томырықты (қара) желім.

Жегенім зақым болып, ішкенім – зәр,
Ғафурым нәхтли әр кез бермеді кер.
Тақады құсалықпен өлтіруге,
Коршаған маңайымды көр менен кәр.

Ауаның ыстықтығы миды ашытып,
Келеді қамықтырып, жол жасытып.
Айдаған осылармен мені құдай,
Кемпір мен, ұзын жолда, шал тасытып.

Мен қашан бұл жылаудан уанамын,
Көз ашып, көріп кімді қуанамын.
Откізіп дер жасымды келемін мен,
... салқын, сопы, диуанамын.

Жолдасым су қараңғы алған үйден,
Құтылар бар ма күнім мұндай күйден.
Надандар түк білмейтін бар қасымда,
Отыз жыл оқып білмес әліп биден.

Тұрады қай жерімде ақыл мен ес,
Қайғы мен ертеңгі күн болады кеш.
Ақшасыз арзан ғана табылатын,
Іздесен, маңайымда әр түрлі кес.

Атандым Мәшіүр-Жұсіп мен жасымда,
Мұң мен зар толып жатыр бір басымда.
Татырлық бір тынға біреуі жоқ,
Бұл жолғы жаныма ерген жолдасымда.

Бір құдай ықтиярсыз айдауменен,
Мен шықтым басты өлімге байлауменен.
Қолыма ойға алғанның түспей бірі,
Келеді зығырданым қайнауменен.

Өзің сал тұзу жолға я, рабым хақ.
Келеміз несие бол не түрлі нақ.
Ашы су, сүті жоқ шай жүрек кесіп,
Күн ыстық, қанбай сусын сағынып-ақ.

Түйе өркештен айырылып, аттар – жалдан,
Не пайда үйде қалған қанша малдан?
Шарабан Тәсңурадай көрінетін,
Жан болса, бір жұтқызар сүт, саумалдан.

Кыл медет: әулиелер, ұстаз пірлер,
Зарығып, тарығарлық келді жерлер.
Келеді күнде бірі қылып қапа,
Жолдас боп Сүйіндіктен шыққан ерлер.

Мәшьүрдің қасындағы ұмытты атын,
Зергер жоқ танитұғын зердің атын.
Шыққанда бәрі де ермін деген жандар,
Келеді ұзын та ...қ болып қатын.

Бірі Алтай, Қараөткелден ерді Аманқұл,
Кісі екен ақ пейілді, сірә, аман жол.
Алласы разы болсын әрқашан да,
Келеді бет қайтармай жалғыз-ақ сол.

Ат – арық, көңіл жарық, жолымыз – шөл,
Сырт қарап қоңырайысты жолдастар төл.
Мәшьүрдің түсті есіне айдалада,
Күндері болып өскен екі елге тел.

Әр істі тірлікте көрсін көзің,
Үйінде отыра алмай шыққан өзің.
Тұңіліп мен жолдастан үздім күдер,
Я, күдай, жаратушы, болыс өзің.

Білместік, көп кемшілік бар ғой бізде,
Ауыздан, түзулік жоқ, шыққан сөзде.
Досқа күлкі, дүшпанға таба болып,
Күдай-ау, көз сүздірме жапан түзде.

Шатыр боп қырық жамаулы баспана үйім,
Бұжолда болып душар тозған киім.
Кемпір, шал екі аяқты, жолдас боп мал,
Айтты не, айтпады не, кетті күйім.

Хазіретке, бәрі де ұмыт, аман барсам,
Пірлерден денсаулықта фатиқа алсам.
Бұрынғы түсер едім мен қалпыма,
Айырылып мылқаулардан онда қалсам.

Жау болды бұл заманда ескі досың,
Құса бол бұл қайғыдан қандар құстың.
Іс болып бұл сапар да маған бір сын,
Күдай-ау, қолайсызда қайдан қостың?

Жыртық тон қырық жамаулы, ескі болды,
Тастадық төмен тартқан ескі жолды.
Кой еті бір-бір ұшты көзімізден,
Бұл жолғы ырзық, нәсіп ешкі болды.

Душар бол жолымызға жоқ ел қойы,
Құрысын ешкі сойып, қылған тойы.
Темешті, Құлымбетпен кім көріпті,
Кең үйлі, кедей екен Нұра бойы.

Ешкіні Құлымбетте Құлжан сойды,
Бейшара қайдан сойсын тауып қойды.
Қайдан құны арзан деп қонағына,
Байларға шайтан салған мұндай ойды.

Қарпықта Құлымбеттің көрмен бетін,
Нұраның жағаламан енді шетін.
Құрысын елден бұрын ешкі хайуан,
Жегендей, қап-қарағып, қасқыр етін.

Шөл, қоңыр жолыменен жүрдім қайдан?
Ат-тонын ала қашқан пейіл байдан.
Қанына жалғыз ешкі жазалымыз,
Отырған Ескенеде Аралбайдан.

Халықтан неден мұндай пейіл қашты?
Темеште Құлымбетпен қарын ашты.
Зарығып жүдеп келе жатқан кезде,
Сайдалы Жайылмада душарласты.

Сұлеймен Тұтқышұлы екі қойды,
Бірін тұнде, біреуін күндіз сойды.
Кемпір-шал, жаман-жәутік қасымдағы,
Кенеліп бейпіл асқа әбден тойды.

Ел болмас пейілге бай Сайдалыдай,
Тұр екен өзіне де беріп құдай.
Мал шарқы аз, дастарқанға зор бай екен,
Төменгі Әлкі мен Байдалыдай.

Тынығып бір-екі күн жаттық сонда,
Бір көрген сәулеміз бол осы жолда.
Бас салып бір тоқтыны сойды таңдал,
Баласы Жанбабаның Мәжік молда.

Атсу, Манақ, сондай-ақ Сарысу өттік,
Кім бар, кім жоқ үш суда білмей кеттік.
Мөңкі құлы, арқарлы Ақшидегі,
Әулие жүк тамаға және жеттік.

Арқарлы мен Қайнарда бар мың бұлақ,
Тамаға болып өттік аз күн қонақ.
Барсак та қай ауылға бақыруда,
Бірде арық, бірде семіз жазған лақ.

Нар жүгін көтере алмас бір өркеш,
Мен жаздым көргенімді тіркес-тіркес.
Ақшиде Жақсылықтың ұлы Таймас,
Оңбаған ол да әкеліп сойды серкеш.

Бос жер жоқ Сарыарқада ел қонбаған,
Құйғанмен түпсіз ыдыс бір толмаған.
“Кемпірұлы – көр ұлы” деген бар-ды.
Жан екен оңбағанды шын оңбаған.

Дөң асып неше күндер шықтық жолға,
Көп екен шоқынған жұрт хайуан малға.
Шабдардан шыққан күні келіп түстік,
Отырған Жиделіде Ата шалға.

Тамаға кез келген соң құдай бастап,
Сөйледім бейпіл сөзді мен құлаштап.
Үбырай – сұмырай, диуана-суаналар,
Қарамай озып кетті бізді тастап.

Тамадан бір төрт сабаз жолдас ерді,
Зарығып, тарыққанда құдай берді.
Айдалада жаз жапан, бостан болып,
Сұрама онан соңғы жүрген жерді.

Өзіміздің иттердің көбі кетті,
Ит төлеуі кісіден түгел жетті.
Ер Танаштың баласы Тама Құлбек,
Бірге жүріп он бес күн қызмет етті.

Арқаның ұмыт болды өзен-көлі,
Нұраның бойы тола құрысын елі.
Кез болып жақсы жолдас жапан түзде,
Жанаттай жайлы болды Бетпак шөлі.

Болған соң өзіне сай жолдас ері,
Әр жерден қонақ асы келді тірі.
Ешкі, лақты шұбыртып жолмен айдал,
Айт пен той, болды сауық, жүрген жері.

От-су жок, Бетпак шөлі мидай тақыр,
Елсізде ешкі сойып астық бақыр.
Әр күдіктың басында бірін сойып,
Жейтін ауыз бар болса, дедік: “шақыр!”

Самауырды қайнатып, бақыр асып,
Ойын, күлкі, сөзіміз қатты ұнасып.
“Сен же, мен же!” болдық дарқан,
Қазан алып жатақтан палау басып.

Жігіттер жаманнан қаш, қаш,
Жаманмен жолдас болсаң ағарар шаш.
Он бес күн Тама жолдас болған соңғы,
Дәуренім бір жасаған болды ғой жас.

Болғанда жолдас мұндай әуел баста,
Зарланбас едім, қалсам қас қапаста.
Айырылдық жыласумен қош айтысып,
Асуы Қаратудың Жамантаста.

Ырзамын келген мейман “он бесіме”,
Кездеспей қаңғып өттім тендесіме.
Қоштасып төрт тамадан айырылған күн,
Жалғыздық жамандығы түсті есіме.

Келгенді мен ойыма қашан бүктім,
Көзімнің арзан жасын бейпіл тектім.
“Шықтым, - деп, - елден кімді серік қылып?”
Өзімді ел аулақта өзім сөктім.


Бірікпес басын қосып жез бенен мыс,
Жақсы – жаз, жаман адам – зымыстан қыс.
Жолдас тап, жолдас тап та жолға шыққын,
Таппасаң жолдас етер к...інді қыс.

Ер егіз болса, жалғыз еңбек – егіз,
Сөйлесем, көрген жапам ұшан-теңіз.
Кісі деп елден таңдал алғандарым,
Демесең мүйізі жок сиыр, өгіз.

Болдырдым арып текке тулай-тулай.
Жалғаннан өтесің ғой құлақ шулай.
Белгілеп, елден ертіп шыққандарым,
Көрсөкүр су қараңғы, қуыс курай.

Мен тұрмын көріп олжа тоңбағанды,
Ұнатып елсіз жерге қонбағанды.
Құдай-ау, әкеп қайдан қиыстырдың,
Әрқашан үйде к... онбағанды.

*Көпееев М.Ж. Таңдамалы. – Алматы: Ғылым, 1990.
- 1-т. Өлең, қисса, мысалдар. - 103-109 б.*



КҮНДІЗ БЕН ТҮННІЦ АЙЫРМАСЫ

Жалғаның дозақпенен бейіші бар,
Бір күн тыныштық, кей бір күн кейісі бар.
Кейісі дозақ болғанда, тыныштық – бейіші,
Міне, осындай муафық келісі бар.

Таң атып, күн шыққан соң тыныштық қашар,
Бай, жарлы – бәрі отырмай тыптырласар.
Жоқ жүрер кешке ішіп-жер ауқат үшін,
Бай да отырмас бар ғой деп ораза ашар.

Дені сау жан талпынып қыбырласар,
Білінбей кімнің байы, кімнің нашар.
Біреу өзін бұқтырып жер түбіне,
Біреу өзін әуре ғып аспанға асар.

Ақшалы бай жүреді төмен бұғып,
Қолдан кетсе бір тиын жаны шығып.
Көрінген жан бір нәрсе сұрайды ғой,
Деуменен өзін-өзі інге тығып.

Елден-жұрттан дүниесін қашырғаны:
Өзін өзі түнекке жасырғаны.
Кедей байдан тіленіп борыш алғаны:
Өзі-өзінен дарға сол асылғаны.

Бұл дүние құтқармайтын дозақ болды,
Бейнеттіге құрғыр күн ұзақ болды.
Дамыл, тыныштық бір жанды болмаған соң,
Есебі күндіз өзі дозақ болды.

*Көпееев М.Ж. Таңдамалы. - Алматы: Ғылым, 1990. -
1-т. Өлең, қисса, мысалдар. - 153-154 б.*

ТЫРНА МЕН ҚАСҚЫР

Бір қасқыр сапар шекті елден жырак,
Неше күн таптай азық қалды жарап.
Жемтіктің жақын жерде иісін сезіп,
Қасекең келе жатыр соған қарап.

Қасқырдың кім білмейді қомағайын,
Көнілден жемтік көріп кетті уайым.
Келді де бір сүйекті салды аузына,
Шеткери жырағырақ жатқан дайын.

Кемірді қалыбынша жұтып қалды,
Тамаққа бармай сүйек тұрып қалды.
Қақалып, дем ала алмай сасқанынан,
Алақтап жан-жағына көзін салды.

Қадалды жүрмей сүйек тамағына,
Болмады әртүрлі еткен амалына.
Жанынан күдер үзіп тұрған шақта,
Көзіне көрініпті жалғыз тырна.

Тырнаны шақырады ишаратпен,
Мен сені жүруші едім тілеп көптен.
Бұрынғы мықтылықты былай қойып,
Жалынып сөз сөйлейді кішілікпен.

Білуші ем әкенді де тырна сенің,
Жүруші ем кез келген деп тілеп көптен.
Дүниеде сенен артық досым болмас,
Құтқарсан мені қазір осы дерттен.

Естіп мына сөзді тырна састы,
Қасқырдың тамағына тықты басты.
Суырып сүйекті алып тастап еді,
“Уң” деп қасқыр сонда көзін ашты.


Құтқарған зор пәледен тырнасына,
Ол бірақ көрсетпеді ықыласты.
Еңбегін бер деп тырна сұрап еді,
Қасекен сау күндегі әнге басты.

Мен саған олжа болар ерің бе едім,
Құтқардың сөзім сыйлап ерінбедің.
“Сыйға сый” деген маған таз басынды,
Ауызға салып тұрып кемірер ме едім.

Көрінбей жөнел шапшаң көзіме енді,
Түсініп айтқан менің сөзіме енді.
Ашығып неше күндей жүрген қасқыр,
Ұялмас тап беруге өзінде енді.

Естіп мына сөзді тырна састы,
Айтар дәп қасқыр олай ойламас-ты.
“Садаға бастан құлақ ”деген мақал,
Бейшара жан сауғалап тұра қашты.

*Көпееев М.Ж. Таңдамалы. - Алматы: Ғылым, 1990. -
1-м. Өлең, қисса, мысалдар. - 194-195 б.*



АҚ БАТА

Ә, құдайым, жарылқа,
Жарылқасаң малды қыл,
Біткен жүрттың алды қыл.
Бұған қас сағынғанның,
Малын алып жарлы қыл.
Ә, құдайым, бала берсін,
Мал мен басты және берсін.
Саған қас қылған дұшпанды,
Табаныңың астына сала берсін.

Ә, құдайым, ондасын,
Мың саулығың қоздасын,
Сексен түйең боталап,
Сегіз келін қомдасын.
Тіленшінің биесін берсін,
Үйсін Қоныраттың түйесін берсін,
Біткен әруақ бәріне тие берсін.
Алла акпар!..

* * *

Асың, асың, асыңа,
Береке берсін басына,
Бөденедей жорғалап,
Қырғауылдай қорғалап,
Қыдыр келсін қасыңа.
Осы отырған боз үйге,
Қыдыр ата дарысын,
Бәйбішесі боз үйдің,
Он екі құрсақ көтеріп,
Ауылға көзі жарысын...
Оқ жіберсе жетпесін,
Тәңірі берген несібең,
Тепкілесе кетпесін.
Әр кезде байлық кетпесін...
Саған қас қылған кісінің,
Базарға барып аты өлсін.
Ерте кетіп қайтқанда,
Үйіне келсе қатыны өлсін.
Қолына пышақ тисін,

Төсегі жылмасын,
Шаңырағы шартылдал,
Шандырына қадалсын.
Босағасы бортылдал,
Бауырына қадалсын.
Күлдіреуіші күрт сыйып,
Көзіне қадалсын.

Әуелі құдай жарылқасын,
Пайғамбардың берекетін берсін.
Әбубекір Сыдықтың салауатын берсін,
Әділ Омардың айбатын берсін,
Әзіреті Оспанның ұятын берсін,
Әзіреті Әлінің қуатын берсін.
Ибраһим пайғамбардың малын берсін,
Әкім Ұлықманнның жасын берсін.
Әкім Сүлейменнің тақытын берсін,
Ескендер Зұлқарнайынның бақытын берсін.
Атымтай Жомарттың даңқын берсін,
Дәуіт пайғамбардай отыз ұл берсін.
Ұл берсе, Оразды берсін,
Қыз берсе қылықты берсін,
Жасы ұзын болсын,
Жүзі қызыл болсын.
Айғырың онды келсін,
Қошқарың жұнді келсін.
Қызың пұлды келсін,
Ұлың құнды келсін,
Дәuletің зияда болсын,
Дұшпаның пияда болсын.
Ұлың ұяда болсын,
Қызың қияда болсын.
Адам жаласынан,
Бұлт аласынан,
Көрінер көрінбес,
Мың да бір пәлесінен,
Патша құдайым өзі сақтасын!
Мұсылманға дін үйреткен,
Әлімдердің саламаттығына.
Халық қамын жеген,

Карқарадай хандардың саламаттығына.
Ел қамын жеген,
Едігедей билердің саламаттығына!
Өз еңбегін өзі жеген,
“Құдая шүкір тәубә” – деген,
Қара бұхара халықтың саламаттығына!
Халқын, жұрттын, қаны бірге ұлтын,
Ілгері бастырамын деген,
Еңбекшіл ерлердің саламаттығына.
Кой орнына ат берген,
Атымтайдай жомарттардың саламаттығына.
Баяғыда тойға жасанып келген сұлу қыз,
Үйіне қартайып кемпір боп оралсын.
Қара пейіл байларды: ұшынған сорпа,
Қағынған ет есепті қылып,
Қапшығына салып алған.
Жемесе де май жақсы,
Бермесе де бай жақсы деген,
Қап түбінде қалғандардың саламаттығына.
Молдаларға қол берген,
Көрпе салып төрге алған,
Узы арылмаған байлардың саламаттығына.
Халқы, халайығы қостаған,
Орнықты саба ұстаған,
Бәйбішелердің саламаттығына.
Тақыр жерде – тайғақ бар,
Тәнірім онан сақтасын.
Бату жерде – пәле бар,
Машайық онан сақтасын.
Шұңқыр жерде – сайтан бар,
Сақтаушы онан сақтасын.
Ойнақтаған он қолың,
Ақ білекте қарыссын.
Қымылдаған екі аяқ,
Табаныңда қарыссын.
Аузындағы отыз тіс,
Таңдайыңда қарыссын.
Құдай қосқан қосағың,
Біргелесіп қарыссын.
Малыңызға, басыңызға,

Берекет берсін.
Саған қас сағынғанға,
Алакұла әрекет берсін.
Көктен жаудырсын,
Жерден өндірсін,
Байды құдай байытсын,
Бәйбішени байытсын.
Кигенің кір болмасын,
Мандайың тер болмасын.
Алла ойында тұрсын,
Бұл оқыған аяттар Ай болсын.
Сегіз пейіс ортасында,
Көңілің жай болсын.
Іргенекті аралап дау жетпесін,
Елінді аралап жау жетпесін.
Сізге бәле сағынғанның
Өз басынан кетпесін...

*Көпееев М.Ж. Екі томдық. – Алматы: Ғылым, 1992.
- 2-т. -39-42 б.*

ЕР ЕДІГЕ

Біздің қазақта атақты, даңқты үш батыр болған. Бірі ер Едіге, бірі қара Қыпшақ Қобыланды, бірі тамадан шыққан Шора батыр. Осы үшеуі өз бетімен көшіп-қонып жүрген жандар.

Ұры қартайса сопы болады,
Кар қартайса бибі болады.
Бүркіт қартайса, тышқаншы болады,
Шал қартайса, жасындағы,
Көрген-білгенін былшылдал,
Ертекшіл болады-дағы,—

демекші, ер Едігеден естігенімді сөйлейін. Ер Едігенің сөзі деп қариялар тақпақ қылып айтып отыруышы еді:

Едіге деген ер екен,
Елдің қамын жер екен.
Ел шетіне жау келсе,
Мен шығайын дер екен.

Едіге деген ер екен,
Елдің қамын жер екен.
Өзінен бір жас үлкен болса,
Әзізім сіз білесіз дер екен.
Едіге деген ер екен,
Елдің қамын жер екен.
Өзінен бір жас кіші болса,
Ботам, сен тұра тұр,
Мен сөйлейін дер екен.
Едіге деген ер дүрмін,
Үзілмес жібек кендірмін,
Өзі білмегенге,
Білгеннің тілін алмағанға,
Еменнен шоқпар шекесіне,
Шық еткізетүғын мен дүрмін, –
дейді екен.

Қазақ үш жүз деген атқа ілінбей, елдігі, жұрттығы көзге көрініп білінбей жүрген күнде қазақ ортасында Бабай тұкті Шашты Әзіз делінген диуана болыпты. Қаратай маңайында Мыңжылқы деген таудың бауырында бір бұлакта дәрет алып, намаз окуы үшін меншікті мекен-жай қылыш жүріпті. Бір күні таңсәріден алаңқаракта дәрет алайын деп келе жатса, үш жалаңаш қыз суға шомылып, біріне-бірі су шашып ойнап жүріпті. Бұрын жалаңаш әйел көрмеген диюана қалпақтай түсіп, талып қалыпты. Манағы үш қыздың бірі де қалпақтай түсіпти. Сөйтсе олар пері патшасының қыздары екен. Аққу болып, сау екі қыз талған қызды көтеріп алып ұшып кетіпти.

Еліне-жұрттына апарған соң, бақсы-балгерлерін жидырып, бал аштырған екен. Адамзаттан шыққан әулиенің назары түскен екен. Сол әулие өзі жазып босатпаса, басқаның қолынан келмейді деген соң, ұшқыр перілерді жұмсап, алдырыпты. “Тоқтылық тонауы жоқ” жалаң бұт, жалаң аяқ, өн-бойында көрген жан жиренбейтін жері жоқ, кісі көрерлік тұрі жоқ, бір сұмпифан дейді. Құдай жұмысын түсірген соң амал бар ма?!

- Мына қызыымды жазып, оңалтып беріңіз, – депті.
- Менің сенің қызында не ақым бар, өзінде не ақым бар?

Бұлар дәрет алатүғын суыма шомылып, суымды арамдап кетті. Және мен талып қалып, сол таң намазым қаза болды. Өмірімде бір намаз қаза қылған жоқ едім, соның орнын толтыр, – депті.

– Олай болса, бір қара токты есебінде осы қызыымды өзің ал, – депті. Қызын диоанаға қосып, екеуін бұлақтың басына апарып тастапты. Мынау қатынды болып онған жері жок, анау байлы болып не қызық дәурен сұрсін. Ұйқы-түйқы, жиқы-қиқы, миқытиқы бір өмірдағы. Диоана “баяғыдай жалаңаштанып денеңді көрсет” деп қиғылықты салыпты. Пері қызы өзге тілін алса да бұл тілін алмапты. “Еркек ашуланса жаман болар” деген ғой. Диоана тұра сала сабапты, тұшы етіне ашы таяқ өткен соң:

– Менің жалаңаш денемді көрген соң өзің сілейіп талып қалатын едің. Оны білмедің, мен сенен бала тапсам, мендегі нұржарық сәуле сол балаға кететүғын еді. Сонан соң көруің керек еді, оған шыдамадың, асықтың. Енді мен саған жоқпын, сен маған жоқсың. Мен сенен екіқабат жүкті болған едім, еркек ұл туамын. Туысымен бесікке бөлеп, осы судың басына алып келіп тастаймын. Алтыннан шумегі, күмістен түбегі болмақ, белгісі сол болар деді де акқу болып ұшып кете берді, – дейді. Диоана мұны елең қылып күзетіп жүре ме?! Қыз баланы уәде бойынша бесігімен алып келіп тастап кетті дейді.

Үстінен кез болып тауып алған біреу Түркістанда ногайлының ханы Тоқтамыс ханға апарып беріп, Тоқтамысқа асыранды бала болып, соның қолында өсіпті.

Мұны ертегі қылып сөйлеушілер әртүрлі сөйлейді. Ақымақтың тізгіні – құлағы, ғақылдының тізгіні – көнілі, ақымақ не нәрсесі естісе, естігеніне қанағат қылады, қатықтай қатып, сүттей үйып тұра қалады. Ғақылды не нәрсені естісе, естуіне қанағат қылмайды, ғақылына салып, көнілінің дауалауына тоқтайды.

Бұрынғылардан қалған ұлгілі сөз бар, батыр деген бір барак ит, екі қатынның бірі табады, би деген ақсарагат ілуде бір-ак қатын табады деген.

Осы Едігені Тоқтамыс ханның төресін бұзып, төре беретүғын би де қылып қояды. Бетіне жан пар келмейтін ер де, батыр да қылып қояды. “Екі қылыш бір қынға сыймайды, екі тілеу бір көнілге сыймайды”.

Мен өзім Едігені ер деп, батыр деп әбден білемін, билік айтты дегенге наnbаймын.

Кім болсын, ол болсын, Тоқтамыс ханның “өзінен тумай ұл болмас, сатып алмай құл болмас”, – деп көзін жойылтуға қастық ойлағанын біліп, сезіп қалып Едігенің қашқаны рас. Сонда артынан шақырып кел деп Кеңестің ұлы Кенжанбайды жібергенде, ер Едігенің Жанбайға айтқан сөзі:

Кеңестің ұлы Кенжанбай ақылың жок,
Жанбай, хан емес, ол шаян ғой.
Кім екені маған аян ғой.
Өзің аман қайт сана,
Барып оған айт сана.
Бұ барғаннан баармын,
Сәтемір ханға баармын.
Қанша жолдас болса да,
Керегінше алармын.
Қайтып келіп еліне,
Тебінгіден тер келіп,
Қабыргадан қан келіп,
Бұліншілік салармын.
Күнікейдей көріктінді,
Тінікедей тектінді,
Неке қимай, мал бермей,
Қатындыққа алармын.
Суарып қанмен жерінді,
Бұлдіріп, шауып елінді,
Қылышымды суырып,
Жосадай қанға малармын,
деп жүре берген екен.

Едігенің осы келе жатқан бетінде қалмақтан шыққан Қаратобын алып Сәтемір ханның қызын алып барады екен. Соған кез болып, Қаратобын алыпты өлтіріп, қызды айырып алып, Сәтемір ханға барған соң Сәтемір хан Едігеге қызын беріпті. Едіге жер қайысқан қол алып келіп Түркістанды шапты, талады. Тоқтамыс хан басын алып қашып кетті, сегіз ұлы бар екен олар да қашып кетті.

Сонда ер Едіге қатынды болған соң бала туып, баланың атын Нұралы қойып, сол Нұралы Түркістанды шапқанда өзімен бірге екен. Жалғыз баласы Нұралыны “Тоқтамыстың басын кеспей, көзін теспей қайтушы болма” деп сонына салып қоя беріпті. Сонда Нұралы әкесіне қатты тапсырып айтып кетіпті:

– Тоқтамыстың екі қызының бірін өзің алсаң, бірін маған кой, – деп.

– Жарайды, балам, Тоқтамыстың қарашибын жер үстінде қалдырmasаң болады, – депті. Тоқтамыстың ханымы мұны естіп, әкелі-балалы екеуін араз қылу үшін екі қызын бірдей Едігенің қойнына салып бауыр бастырып, өзі некесін қиғырып, меншіктетіп қойыпты. Сонда Нұралының өшігіп іздегені сондай, Тоқтамыс қайда қорғалап барса, жанын қоярға жер таптырмалты.

Ол заманда Әмір-Темір көреген бар екен, ол да Тоқтамысты қорғалата алмалты. Тоқтамыс сол қашқаннан қашып, Ертіс өтіп кетіпті, бір қонаға барып қорғалапты. Жалаң аяқ екен, аяғын қамыс тіліп, қанап, сол қанның аққан ізімен бұлжытпай тауып алып өлтіріп, қопаның жағасына сүйретіп алып шығып көміпті. Бұл күнде сол қопаны Баян қопасы дейді. Басында бір оба бар, Тоқтамыстың қара обасы дейді. Бұрынғы заманда сол обадан Тоқтамыстың үзенгісін тауып алғандар болып, үзенгінің кендігі бұл заманның атының басы сыйып кететүғын деген екен.

Керекуге жұз елу шақырым жерде Шұт деген қала бар, соған ұрымтал маңайлас дейді.

Нұралы аман-есен қайтып, әкесінің Тоқтамыстың екі қызын бірдей алып қойғанын естіп, әкесін көрместей араз болып кетіпті. Тоқтамыстың ханымы ойлағанын орнына келтіріп, әкелі-балалы екеуін өмірінде бірін-бірі көрместей қылды.

Жә, бұл Түркістанды шауып талап жатқанда Тоқтамыстың бір күні жас босанып, бір ұл тауып жатыр екен. Ер Едіге соны көрген соң:

— Байғұс, мұсәпір баланды өлтіріп алма деп құлық құлындаған құла биені беріп кеткен екен. Сол биеден туған құлын ат болып, күннен туған ұл азамат болып және сол баланың аты Кейқуат болып, Едігенің қарт басқан кезі болып, жалғыз баласы Нұралы қайтып қарасын көрместей болып кеткенін әбден біліпті.

Тоқтамыстың кегін Едігеден алу үшін Кейқуат атқа мінді дейді. Сонда Едіге мен Кейқуат кездесіп қалғанда Едіге сөйлеген екен:

— Эй, бәрекелді-ай,
Қап, әттеген-ай!
Кұлықтан туған құлаша,
Ат боларын білмедім.
Күннен туған Кейқуат,
Жат боларын білмедім.
Кұлық туған құлаша,
Ат боларын білгенде,
Күннен туған Кейқуат,
Жат боларын білгенде,
Ноқтада басын кеспес пе ем,
Жөргекте көзін теспес пе ем, —

деген екен. Сонда Кейқуат:

— Мен шаранада жатқанда шешеме “баланды өлтіріп алма” деп құла бие берген екенсің. Қартайған екен ғой деп қорлап саған

қару жұмсамаймын. Қатын болсан, күле-күле жүрерсің, ер болсан, шабынан жарылып өлерсің деп жүре берген екен дейді.

Енді Едіге қанша жүреді дейсің, шабынан жарылып өледі ғой, Едігенің өлгеніне кім күйінеді, Тоқтамыстың екі қызы – жас токалдар, шешесімен үшеуінің ойлағаны қабыл болады. Пенdede жалғыз-ақ Нұралының келіншегі, Едігенің келіні сол күйінді болды дейді. Байына пәлен - түген деуге бата алмайды. Сонда бұл келін пакырдың бесікте баласы бар екен. Өшін баладан алатұғын болды, баланы бөлекендеге жөргегіне шенгел төсеп бөлейтұғын болыпты. Бала түні бойы ұйықтай ала ма, зыр-зыр етіп шырылдаپ, қақсап, зарлап жатады, – дейді. Нұралы келіншегіне:

– Бала мұнша неге жылауық болып кетті, – дейді. Онда келіншегі:

– Кім біледі, жөргегіне шенгел араласып кетті ме, сондықтан жыламаса, дені сау, ауруы жоқ, – дейді.

– Шіркін, баланы күтпейсің, шенгелін арылтып, тазалап, аршып бөлесен болмады ма, – депті.

– Бала қанша жақсы болғанмен Нұралыдай-ақ болар, әке Едігедей болар. Нұралы Едігеге не көрсетті, бұ да саған не көрсетер дейсің, – деді.

– Апымба-ай, менікі адасқандық екен ғой, қойнымда құшқатап жатқан қатыныма ерсі көрінгені, тамам жүртқа да сондай ерсі көрінген қылышқа екен ғой депті. Тұра аттанып, Кейкуаттан әкесінің кегін алышты дейді.

Баяғы Тоқтамыстың сегізі Еділден өтіп кеткен екен. Олардың қолынан не келеді.

– Осы сендер айғырдың қынадай үйіліп-төгіліп не ғып жүрсіңдер деушілерге:

– Еділ тонса, кім өтпес, Едіге өлсе кім қайтпас дейсің деген сөздері мәтел болып, Еділ бойындағы жүрттың аузында қалыпты.

Ер Едігенің өзі тұрак қылған жері Ұлытау, Кішітау екен. Өзі өлерінде Ұлытаудың басында отырып Кейкуаттың сөзінен құса болып жарылып өлген екен. Сонда өлерінде айтқан екен:

– Мені бұл жерге жер қазып көмбендер, қорған тас қалап қойындар, Нұралы жер үстінде бар болса, “Ат айналып қазығын, дірмен айналып шүмелгін табар”, – дегендегі бір табар. Сонда мені Қаратаудың бауырында Қарақалпақ атасы Созақтың қара обасының қасында Бабай түкті шашты Әзіз атам бар, соның қасына апарып қойсын, – деген өситетімен денесін сонда апарып

қойған екен. Ұлытаудағы аманат қойған жайын “Ақ мешіт әулие” деп атап кетіпти.

– Бұл сөзді кеше Керейттен шыққан Сарысопының баласы Жалаңаяқ әздер сөйлепті, осы әулие де өзін сол жерге қойдырыпты.

Күні кеше Қуандықтан шыққан арық Коңырбай, Айқожа ишаннан хәлфе болып шығып, Ақпан бәйіштің Ақпанымен екеуі:

– Бұл Жалаңаяқ біздің қазақтан шыққан әулие. Соның сүйегін бұл жерге қоймаймыз. Сарыарқаға апарып, қазак ортасына қоямыз деп сарт жұрттымен дауласып, сол замандағы қазы, мұфтилерден хат-мөр алып, сүйегін Арқаға алып кетеміз деп көрін актарған екен. Жалаңаяқ әздердің денесі шірімей, сасымай, сап-сары болып көмілген қалпында жатыр екен деседі, қол созып ала бергенде, ашық тұрған аспан әлей-тұлей боран болып кеткен соң, қойылған жерден қозғағанын құдай да болса, әруақтың өзі болса да ұнатпады-ау деп қайта жауып, ұстіне белгі тұрғызыпты. Сонда арық Коңырбай Ақпанға айтқан екен:

– Мен сенен бұрын өлемін, мені осы жерге алып келіп қойындар деп. Өзінің өсиет қылуымен Ақпан арық Коңырбайды сол араға апарып қойыпты.

Сол жерде Бабай тұкті шашты Әзіздің барлығын ер Едіге айтыпты. Ол екеуінің сол жерде екенін Жалаңаяқ әздер айтыпты. Жалаңаяқ әздердің барлығын арық Коңырбай айтыпты. Арық Коңырбайдың дәл сол жерде екенін міне, біз айтып отырмыз. Осындай біреуден біреуге мирас қалып келе жатқан сөз.

* * *

Ойтұндік пен Беленде дегендегі Белен қай жер? Бұрынғы заманда Түркістанда Талмас ата деген әулие болған. Бәйбішесінің аты – Болған бәйбіше, тоқалының аты – Белен ана. Кенже тоқалының аты – Ақбикеш.

Болған ана Сарысудың бас жағында, Белен ана Сарысудың аяқ жағында, Ақбикеш Қаратрудада. Сарысудың асуына маңайлас үш қатынды үш жерге қондырып, өзі құс салады екен. Ертең ертемен Қаратудағы Ақбикештікінен шығып, Сарысуды жағалап Белен анаға түстеніп, күн бата Болған анаға қонады екен. Ертең ерте аттанып, жолда Белен анаға түстеніп, күн бата барып Ақбикешке қонады екен. Өмірін құс салумен өткізіпти. Құсқа құмарлығы сондай, қаршығам – ұлым, ителгі – қызым, – дейді екен. Бәйбіле, тоқалға кезек аудармай қонып, өмірінде Белен анаға қонбаған екен. Бір күні Болған анаға қонуға келе алмай, Белен анаға қонып

қалыпты. Болған ана Белең анаға қонып қалғанына долданып, ыза буып, суға с... жіберіпті, шомылатұғын суын арамдайын деп. Су түсі сарғылтым болып кетіп, Сарысу атанғаны сондықтан деседі.

Болған ана, Талмас ата молалары Сарысу бойында. Екеуі бір жерде болған дейді. Көмілген жері – Болған ана аталаған қалған. Белең ана өзі мекен қылған жайында деседі. Су бойында қалғанда Белең атанаған, бұрынғылар Сарысу демейді екен. Белең деп атайды екен.

Ұлытау, Кішітаудың о жақ, бұжынан жеті өзен Сарысуға құяды – жеті Кенгір дейді. Сол өзендер құйған жерді Қара жар дейді. Соңан тәменгі жерді Белеңнің бойы дейді. Ақбикеш Қарататуда өліпті. “Басымды Темірқазыққа қаратпа, аяғым Әзірет сұлтанға қарай созылады. Құнбатысқа да қаратпа, аяғым Талмас атага қарай созылады”, – деп өзін тікесінен тік тұратын қылып көмдірген. Моласына шошақ тас қойдырған.

Көпеев М.Ж. Екі томдық. - Алматы: Ғылым, 1992. - 2-т.- 77-84 б.

ҚЫЗ БЕН ЖІГІТ

Найманға бір жігіт ұрлыққа барды. Қолға тұсті. Ауылда той болп жатқан еді. Тұтқын жігіттің аяғында кісені бар еді. Салған кісенімен тойға келеді. Найманда бір Опан деген ақын қыз бар екен. Бұл қолға түскен жігіт те ақын екен. Екеуін айтыстырды.

Қыз: Қарқарамның ұшы бар, айда, сайда,
Қолаң қара шашымның түбі майда.

Теп-тек жатқан елімді тез бұлдірген,
Айтысамын, ағалар, жаяу қайда.

Жігіт: Қарқараңның ауыл іші сайда болар,
Іздегенге асылық пайда болар.

Сонша жерден мен келдім жаяу іздең,
Айтысамын, қыз Опан қайда болар.

Қыз: Жер мен көкке теңселіп желген жігіт,
Жер мен көкке теңселіп жүрсөң жігіт.

Аңшының атындай кісенің бар,
Руынды сұраймын, не елсің жігіт.

Жігіт: Мен Алтай да, сен Найман бағаналы,
Байлықпенен жылқымыз көк алалы.

Аманжолдың¹ ауыр қол жиып келіп,
Ат көтіне салмаймын ба сен баланы?!
Қыз: Бармақ қайда, базарға келмек қайда,
Өте шауып елімді алмақ қайда.
Біздің елде жалаң бұт, жаяу жүріп,
Ат көтіне Опанды салмақ қайда?!
Жігіт: Өлеңді айтып Опаным жәнелерсің,
Бұйрық келсе алладан сен де өлерсің.
Аманжолдың ауыр қол жиып келсем,
Алақандай аз ауыл жерге енерсің.
Қыз: Жөн сөйлесіп білдірмей жөндігінді,
Кісендеулі жүргенің – кемдігінді.
Біздің елде жалаң бұт, жаяу жүріп,
Неге айтасың, ау, сорлы елдігінді.
Жігіт: Өлең білсем, тамағым кеней айтам,
Сөз мәнісін білмесем неге айтам.
Бәйбішенің² баласын басын қоссам,
Билік айтпай, әй, балам, нені айтам?!
Қыз: Сөйлер едім жаяуым шерің болса,
Сөз тастайтын өзіңе перің болса,
Қара өлеңнен екеуміз жеткізбеспіз,
Енді елінде, айта гөр, ерің болса.
Жігіт: Бір өлеңім бар еді кенде-кенде,
Кім иманын күтеді осы күнде.
Қазақ біткен айдынынан түгел қорыққан,
Елімде көш бастаушы Құдайменде.
Қыз: Сөйлер едім жаяуым шерің болса,
Кірер, шығар кең сарай үйің болса.
Қара өлеңнен екеуміз қажыспаспзыз,
Енді елінде, айта гөр, биің болса?!
Жігіт: Қыз Опан, ойда қала, қырда қала,
Жалғыз жүрген жаяуға құдай пана.
Он үш пенен он төртте сөйлей қалған,
Біздің елде бар еді Шорман бала.
Қыз: Өлең айтып жаяуым, қақтаймысың,
Тері тонмен көшімді жақтаймысың.

¹ Аманжол деп өсіп-өнген ауылды айтады.

² Бәйбіше баласы – Куандық-Сүйіндік.

Тікенектей тілі ұзын тыймайтұғын,
Ебелек сол жасынды мақтаймысын.
Жігіт: Шоң биім сөйлер сөзден өтіп еді,
Шорманым жастан сөзге жетік еді.
Жарықтық ерлікпенен қолға аттанып,
Бошанға Майқыменен кетіп еді.
Осы кезде қыз женеліп жауап таппай тұра қалды.

Жігіт айтты:

Сатқаны саудагердің бояқ тағы,
Жүгірткен сұм жаяуды тамақ тағы.
Бір тостаган осындай саумал берсөң,
Сорлыға біздей ғаріп сауап тағы.
Қыз: Бұл жаяу өлең айтып аттай желді,
Байқұстың көп жаңғалақ көнілін бөлді.
Сусаған өлең айтып сорлы жаяу,
Ішінде сырлы шелек саумал келді.
Жігіт: Өуелде өзі жалғыз құдай болса,
Айтқан сөзім құдайсыз күнәй болса,
Өлеңінді қоя тұр ойбай, Опан,
Саумалынды ішнейін олай болса.
Қыз: Қатты жұтып іш саумал қандырайын,
Ақылынды жаңылтып тандырайын.
Өлең айтып сусаған сорлы жаяу,
Қаның құрып қалған ба, ...
Тағы саумал алдырайын.

Жігіт: Қатты жұтып саумалды қанғым келді,
Қак қасына Опан қыз барғым келді.

Елдегі тентек ... деп тұр ғой,
Ақ төсіне бір мызғып алғым келді.

Қыз: Бір қамшым бар қолымда сегіз өрме,
Тиіп кетсе көзіне менен көрме.

Өз аузына шырағым ие болғын,
Қылқұйрықты жылқыдан діңке көрме.

Жігіт: Күз жаратып мінгенім қара көкше,
Аяғыма кигенім шоңқайма өкше.

Ә дегенде, мә деген жарықтығым,
Көтере гөр қолтықтан Атамбекше.

Қыз: Күні кеше жоқ жұлдыз қайдан шыққан,
Қысыр емген нөкер ат тайдан шыққан.

“А” дегенде атаңды аузыңа алып,
Бекше атаңың сүйегі қайдан шыққан.
Жігіт: Бір аллаға мойынын бұрган дағы,
Талай нөкер жолында тұрган дағы.
Атамыз жауда жүріп жолда өліпті,
Жарықтық арыстан бол туған дағы.
Қыз: Мен өзім атты да емен, түйелімін,
Қара өлеңге салғанда жүйелімін.
Мені қайтып жеңесің, сорлы жаяу,
Аты шыққан Бекшениң жиенімін.
Жігіт: Әуелде өзі қазыр құдай болса,
Айтқан сөзім құдайсыз күнәй болса,
Сіздер жиен болғанда, біз нағашы,
Ат-тонымды алып бер, олай болса.
Қыз: Балқын көл, салқын көлмен қызыл қурай,
Жас басыңдан көп жортып болдың сұмырай.
Атың менен берейін тоныңды алып,
Сүйек қуып келген болсаң тамыршылай.
Жігіт: Көп жорықшы жортуға жүр деген соң,
Көп жортушы тілеуі бір деген соң.
Қыз Опан ұрыда көз жоқ, малда тіл жоқ,
Байғұс-ау, жылқыңды алдым білмеген соң.
Қыз: Жаяуым, өлең айтып қақса сана,
Көшімді тер-тониммен жақта сана.
Соңынан айқай салып қуып жеттім,
Ұрлықты білмей қылсаң таста сана.
Жігіт: Найзамды жауға шаныштым бермеймін деп,
Тіріде жау қорлығын көрмейін деп.
Жылқыңды шаршы түсте тиіп алдым,
Опанға жалғыз тал қыл бермеймін деп.
Қыз: Еліміз Есіл барып өтпек екен,
Айтқан сертке ұры құл жетпек екен.
Құлағын ұрып, аяғын сыпырған мал,
Ұры алдына ол түсіп кетпек екен.
Жігіт: Өлең айтып Опаным болған жоқсың,
Баяғыдай әріптес болған жоқсың.
Олай айтсан, аллаға шеттеу болдың,
Ұры сайдың басына қонған жоқсың.
Қыз: Желіп жортқан жайсаңың мен дегенің,
Өз сезінді тағы өзің жөндегенің.

Жылқымды шаршы түсте тиіп алып,
Көсемсіп көрген жерде дендегенің.
Жігіт: Осы сөзім ойлай айтқан жөн емес пе,
Желіп жортқан жайсаның мен емес пе,
Жылқынды тыныштықпен оттатпайтын,
Баласы бәйбішенің мен емес пе?!

Қыз: Біздің елдің жайлауы қара татыр,
Біздің өлең есепсіз толып жатыр.
Өлеңінді айта бер жаяу ақын,
Сойып салған сақтаулы соғым жатыр.

Жігіт: Басын тартып күренің жорғалаттым,
Күндіз қойдай Найманды қорғалаттым.
Енді өлсем де аллаға арманым жок,
Қара қанын ағаның сорғалаттым.

Сол жерде қызды жігіт женді. Қыз жылап отырып қалды.
Ертең ел көшті. Түйе үстіне мінгізді. Елінде тағы да бір ақын
қыз бар екен. Сол қыз көш жөнекей айтысамын деп келді. Бұл
жігіттің қасында бір арбалы атқа мінген бала бар екен. Сол
баладан сұрады жігіт:

– Бұ қыздың не міні бар, – деп. Бала айтты:
– Бұ қыздың, – деді, – өзі өлеңші, бірақ кешегі жүртта некесіз
бала тапты, – деді. Қыз келді де жігітке өлең айтты:

Ұры құл аяғында қара қақпан,
Бұ қақпаннан ұры құл пайда тапқан.
Түйе үстіне байғұсты шоқайтыпты,
Опанжан бұл жетімді қайдан тапқан.
Жігіт: Аяғы ұры құлдың қара қақпан,
Қақпанмен қарғып барып саған шапқан.
Пайдамды жүрт алдында өзіме бер,
Кешегі балаң қайда менен тапқан.

Қыз мұны естіп қаша жөнелді. Жүрт бала тапқанын біліп
қалды.

*Көпееев М.Ж. Екі томдық. - Алматы: Ғылым, 1992. - 2-т.-
123-127 б.*

ЖЕР МЕН КӨК (Кисса)

Алланың өзі жалғыз, құдыреті кең,
Бірі ғайып аты бар дүр, заңары – мың.
Таурат, Інжіл, Забурда – тоғыз жүз де,
Құранда тоқсан тоғыз аты бар шын.

Бір атын біледі екен пайғамбарлар,
Білмейді олай басқа ешбір жанлар.
Сипаты, заты да емес, басқа да емес,
Ла мекен, тұрағы жоқ, ей, жаранлар.

Алды-арты, асты-үсті, он-солы жоқ,
Ауыз-мұрын, аяқ-көз, қәм қолы жоқ.
Еш нәрсе, ұқсамайды ол еш нәрсеге,
Кітаптың айтқанынан ойлама көп.

Жоқ деп біл бір аллада ата-ана,
Және жоқ деп біліңіз қатын-бала.
Барлығы бір алланың құдіретінде,
Ешкімге мұқтаж емес хак тағала.

Серік жоқ, кемшілік жоқ аллада айып,
Біле алман, хикмет сыры бізге ғайып.
Мақал бар: “Аз сөз алтын”, – бұрынғыда,
Сөйлейін аз ғана сөз бір ғажайып.

Кім білер әуел ақыр хақтың сырын,
Нәрсе жоқ бір өзінен басқа бұрын.
Ғаламға өзін заңыр қылмақ үшін,
Жаратты Мұхаммедтің әуел нұрын.

Таусының мысалында қылды нұрды,
Қанадил нұрдан болған орнатылды.
Алдына ұят айна нұрдан болып,
Құдайға өзін көріп шүкір қылды.

Ұялып жалғыздықтан аққан тері,
Сол нұрдан жаратылсын иман нұры.
Бес жолы сәждे қылып Нұрғалы нұр,
Бес намаз әуел парыз болған жері.

Кұранда бір аят бар бұған дәлел
Айтарға айырып бәрін зейнім қалил.
“Алла нұр ассамауат уаларзин –деген аят,
Ғафу қыл қате болса, ия, жалил.

Көкларда, уа жерлерде болғыш нұр,
Нұр қылған патша хак құдіретін көр.
Мысалы мениң нұрым бір тау дейді,
Ол нұрдан болған тауда бір қанадил тұр.

Ол нұрдан жаратылған қанадил анық,
Бар екен ол қанадилда ак нұр жарық.
Файннама каукаб дүррүй, –деп,
Бұйырған мадахында Кәләм Шәріп.

Қанадилдан жаратылған нұрдан ағаш,
Майы бар ол ағаштың нұрга жанас.
Тағы да өзі өз нұрымен өзі жанып,
Мағрибта маширық та емес, тұрған ағаш.

Қанадил нұр, жарық та нұр, шын анық тұр,
Нұр оның жанғандығы май болып тұр.
Сол нұрдан бес сәждеге бес нұр болып,
От тимей жанғандығы керемет тұр.

Кезгенлер хақиқатын көп сөйлеген,
Тауына ол рух қанадил деп сөйлеген.
Көрінген жарық болып көніл деген,
Әртүрлі әрқайсысы сөз сөйлеген.

Ол ағаш нәфс деген құдусия,
Май деген алла берген мадахия.
От тиме жанғандығы кереметтен,
Аз ақыл естуімше алдым жия.

Екінші кітап қалған бір кеңеске,
Адам –тау, көкірек қанадил сол емес пе?!

Болғанда жарық иман, аруағы – ағаш.
Ақылды оған қосып май демес пе?!

Бұл нұрды мысал қылған Мұхаммедтен,
Көкірегін – тау, көнілін қанадил еткен.

Рісәләт нұбуун аты жарық болып,
Ағаш асылы мұғырзамай деп кеткен.

Әртүрлі имамлардан барды кеңес,
Мен өзім ағнар (тағынсыр) білемін, ғалымемес мес.
Сөйледім естуімше ұстазымнан,
Есіткен көргенменен бірдей емес.

Сонда нұрдың терінен жаратты хак,
Фарыш көрсі баршасын – тамұқ, ұжмақ.
Сәулесінен сол нұрдың жаратыпты,
Рухы әнбияны барша мұллақ.

Жаратты қайғыменен жанның бәрін
Барсың ғой сол жиында баршаларың.
Қанадил нұрда пайғамбар рухы тұрды,
Көрсетті тамам рухқа шын дидарын.

Фаннау иаратын келді жауап,
Рух біткен пайғамбары қылды кәуап.
Басын көрген дүниеде сұлтан болып,
Қолын көрген ғаділ бол тапты тауап.

Кеудесін көрген жанлар ғалым болды,
Әр мүшесі әркімге мәлім болды.
Сонда макрұм көре алмай қалған жандар
Жүзінде жалған дүниеге залым болды.

Жаратты бәрінен де, әуел нұрды,
Құдайға жетпіс мың жыл жылап тұрды.
Сипатын пайғамбардың жасаған соң,
Жүз мың жыл және отырып шүкір қылды.

Жаратты артық қылып әні нұр да,
Мақтайын жаным құрбан айтқан жерде.
Үш жүз жиырма төрт мың жылдан соң,
Жаратты сонда он екі нұрға перде.

Перденің бірі – құдірет, бірі – хикмет.
Бірі – рахмат болғанда, бірі – міннасат.
Сағадат кереметпен хижап наубуат
Һыдаят шапағат пен рафғыт ғайбат.

Құдіреттің пердесінен нұр толыпты.
Он екі мың жыл сонда орнығыпты.
Ғызматта он бір мың жыл мекен қылып,
Міннатта және он мың жыл отырыпты.

Рахматта тоғыз мың жыл қарап етіп;
Сегіз мың жыл сағадат қалыпта өтіп.
Керемет манзылында он үш мың жыл,
Һыдаят бес мың жылдай оны күтіп.

Төрт мың жыл Набауатта мекен етті,
Үш мың жыл рафғытта тұрып кетті.
Екі мың жыл ғыйбыттан өткеннен соң,
Тахтына шапағатының келіп жетті.

Тахтында шапағаттың мың жыл тұрды,
Үстіне ғарыш тәсеп, күрсі күрды.
Лаухи калам жаннатын жаратқан соң,
Орынды салтанатлы патша болды.

Осылай жаратыпты әуел нұрды,
Жаратқан жаннан бұрын ақыл, ойды,
Ерітіп жасыл жаунардан су ағызып,
Ғарышны жаратпаққа бұйрық қылды.

Жаратып ол ғаршыны суға қойды,
Ол суды жел көтеріп буға қойды.
Құдіретімен сактады сонда желді
Нұрима Мұхаммедтің ғалам тойды.

Басқышы, тірегі жоқ Ғарыш қылды,
Қисапсыз ол Ғарышқа айлық берді.
Арасы аяқтарының сондай алыс,
Құс ұшса, отыз жыл мың жүрер жолды.

Әр күнде құбылады отыз мың жыл,
Жасады алты жүз мың бар оған мол.
Періште іші толған сәждे қылып,
Барлығы болып тұрган құдайға құл.

Көтерген төрт періште бұйрық алып,
Бек сасқан көтере алмай қайран қалып.

Әскері (лашкері) қасындағы сегіз жұз мың,
Су акты терлерінен шыр айналып.

Құдайға сонда қылған көп мінажат,
Көтерген құдіретімен Хасылмажат.
Сонда аққан періштенің теріменен,
Жаратты бір дарияны Бахыралисхият.

Үйретті сүббхан алла Қалимасын,
Сәждеге көп періште қойды басын.
Көтерді сонда гарыш құдіретімен,
Орнатты енді кірсі лаухи тасын.

Жасады зұбаржаттан лаухи тасты-ай!
Қойыпты сонда жазып мал мен басты-ай!
Жаратты онан кейін Лухириуән,
Өтіпті аның сімін Адам таппай.

Жебірейіл Мәкәйіл мен жаратты екеу,
Ысырайыл Ғазірейіл мен қылып төртеу.
Бірін – желге, біреуін суға қойып,
Ұжмақ сегіз болғанда, тамұқ – жетеу.

Жаннаттың бірі – Ғадін: нығыматы көп,
Айтады даралқырап “Фердауыс” – деп.
Жаннат – алъадуы, жаннат – нағым,
Осылай даррлиғырап жаралып жүп.

Жаннаттың жаратыпты жерін биік,
Бәрінен ол Ғадіні артық сүйіп.
Кірпішінің бірі – алтын, бірі – күміс,
Балшығын Мұсік, Ғамбар қосып құйып.

Есігін алтын қылды, тасын – яқұт,
Топырағы – таза жаунар жайды бар қып.
Ғакықтан рамкасы – бәрі Гаунар,
Кіреміз иншалла болса бақыт.

Так құрды сала-с төсек саф асылдан,
Қызыл, көк түрленеді ақ, жасылдан.
Не керек десең бәрі даяр,
Кіреміз тәнір жазса, дін мұсылман.

Көкте бар жетінші қат түп ағашы,
Ұжмақтың саған толған айналасы.
Хор қызы бар бір кісіге тиер жетпіс,
Және бар жетпіс мың қыз сыбағасы.

Пырақ бар бес жұз жылдық жолды басқан,
Ертоқым өңшең абзал асыл тастан.
Әртүрлі әр мүшесі құбылып тұр,
Тағы бар түрлі нығмат онан да асқан.

Тиеді бір кісіге жетпіс шаңар,
Әр шаңарда жетпіс мың сарайлар бар.
Бөлмесі әр сарайдың жетпіс мың-ды,
Әр үйде жетпіс мың тақ асылы баңар.

Әр тахыттың үстінде жетпіс төсек,
Көрпе, жастық, қанша бар қылма есеп.
Алтын, атлас, торғыннан төсеп қойған,
Күнәкар боп кетеміз пәлен десек.

Әр төсекте отырған бір хор қызы,
Жауқар тәжілі, күн көзді, айдай жұзі.
Лағыл бада алыплары... шырын шарбат,
Бал мен қант ләззатынан сөйлер сөзі.

Қараса егер солар ай мен күнге,
Ай мен күн ұялғаннан болады өңге.
Тісі маржан, жақұт жақ лулу иек,
Қисапсыз шашбауына таққан теңге.

Қолдары хор қызының сым күмістей,
Таларсың келбетіне көзің түспей.
Шын мақсат барсаң сонда табылады,
Бұл дүние опасы жоқ көрген түстей.

Ұжмақтың үсті де – алтын, асты да – алтын,
Ішіне кірген жанның жүзі жарқын.
Дүниенің бар қағазын жисам-дағы,
Мен сөйлеп бітіре алман оның қалпын.

Имансыз сол ұжмақты көрмес дейді,
Бір құдай имансызды сүймес дейді.

Бір алла құдіретінен кәләм қылды,
Адамдар сегіз түрлі кіrmес дейді.

Әуелі бір құдайға серік қосқан,
Екінші – қылыш ұрлық жолын тосқан.
Үшінші – кісі өлтірген нахақ жерде,
Төртінші – зинашы дүр дінге дұшпан.

Бесінші – ел ішінде өсек айтқан,
Алтыншы – күншілдік қып діннен қайтқан.
Жетінші залым: рахымы жоқ адамға,
Ғайбат айтып әрқашан күнэсы артқан.

Сегізінші – даләма арақ ішкен,
Жаманшылық әрқашан жолға түскен.
Кіре алмайтын осылар дүр үжмаққа,
Тәуба қылмай дүниеден болса кешкен.

Құдай-ау, күнәкардан бізді қылма,
Құдайға пенде болсан қарап тұрма.
Егер де жазатайым құлап кетсең,
Түсерсің сегіз тозақ жайған торға.

Құлдықтан келсе шамам аянбайын,
Азырақ жан барында аяңдайын.
Құданың қызырынан қорықпақ үшін,
Сипатын жеті тозақ баяндайын...

Тозақтың азабы бар тастан қатты,
От жанып қинайды-мыс адамзатты.
Отына адам мен тас ол тамұқтың,
Құранда мазғур болған көр аятты.

Қыл құлдық қалмағаныл ей, бейшара,
Аят бар “Ууқу ъаннас уалхажара”
Кітаптан бір қиссасын естігенде,
Жүрегім болды қорқып пара-пара.

Таусылып тамұқ оты бітпес дейді,
Жазалы жанып және кетпес дейді.
Тамұқтың терендігі сондай алыс,
Мың жылда тастаған тас жетпес дейді.

Тозакта бір шұңқыр бар: аты – палак,
Сен соған құтылуға қылшы талап.
Бір тау бар сол шұңқырда аты – Уайыл,
Болады оған түскен пендे қалак.

Сол таудың тасы, жері, – бәрі де – оттан,
Тез екен қыздырмағы паҳоҳотан.
Бір шаңар әлгі тауда оттан дейді,
Қисабын біле алмадым қағып шоттан.

Көше бар сол шаңарда жетпіс жұз мың,
Бір көшеде үйлер бар ыңғам жетпіс мың.
Әр үйде жетпіс мыңдан бөлмесі бар,
Жаралған бәрі де анық, бұл сөзім шын.

Ішінде әр бөлменің жетпіс орын,
Жаралған ыеммәлары соның бұрын.
Неше түрлі ішінде жыландар бар.
Қайнатар соған кірген жаниң сорын.

От – заңір, заққұм – азап, бәрі де анық,
Жазалы дамыл-дамыл жатар жанып.
Сол жыланның бір демі шықса биттей,
Бүкіл дүние бір сағатта кетер жанып.

Сондай бар жыландардың заңір алпысы,
Бар екен әрбірінің жұз мың тісі.
Құдая, мұсылманды жолықтырма,
Не болар соған душар болған кісі?!

Әртүрлі азабы бар мұнан жаман,
Болғанда заңір – суын, заққұм – тағам.
Осындай қиындық бар қияметте,
Құн бұрын сақтанып бақ келсе шаман.

Құдай – бір, пайғамбар – ақ, құран – шын,
Бұйырған шарифаттың қыл жұмысын.
Айтқанын ғалымлардың қылсан тұзу,
Көрмессің иншалла оның түсін.

Темір арқан болғанда, темір – кебіс,
Темір белбеу, темір тон – бәрі тегіс.

Іші-тысы, бәрі де отпен толар,
Өзіндең күтқар сонаң қылыш бір іс!

Мұнымен жеті тозақ тұра тұрсын,
Мұсылман құтылатын қамын қылсын.
Жеті жер, тоғыз аплақ қалай болған,
Аз ғана Мәшъүр-Жүсіп кеңес құрсын.

Бар құдай салды назар соңда суға,
Су қайнап айналасы толды буға.
Буынан соңда судың көкті жасап,
Білдірді өз құдіретін жас пен қуға.

Ол судан және тасып көбік шықты,
Сол көбіктен жеті қат жерді қыпты.
Сол жерді жеті тіліп және созып,
Тау мен тас, жеміс ағаш пен қылған шөпті.

Екі күн жер, екі күн көк жаратты,
Төрт күнде бір-біріне жұп жаратты.
Бір сағатта қылуға құдіреті бар,
Пендене ғибрат болсын деп жаратты.

Әуелгі көкті қылды зұбаржаттан,
Аты дүр уақыға оның білсең хақтан.
Суретлі, баслы пақыр періштер,
Бос тұрар білсең ол көк адамзаттан.

Екінші көкті қылды қызыл жакұт,
Аты Қайдум, ол көктің орны – сақұт.
Үшінші көктің атын Мағұн қойып,
Асылын қылды оның сары яқұт.

Төртінші көк жараган ақ күмістен,
Әр қалғұн төртінші көк аты дескен.
Бесінші көк алтыннан аты Ратқа,
Нәрсе емес аз-көп дейтін өлшеп пішкен.

Ақ інжуден жараган алтыншы көк,
Ат берген оған Алшерахға деп.
Жетінші көктің аты Ғариба дүр,
Қып-қызыл алтын қылған жиып-теріп.

Жеті көкке қойыпты жеті есікші,
Өтірік айтар емеспін мен өсекші.
Бәрінің атын саған баяндайын,
Шотқа қақ нешеу екен, кел ,есепші.

Осылай айтылмыш өңшөң ерден,
Емеспін соның бәрін көзбен көрген.
Жеті көк ғарыш күрсі тоғыз аплак,
Құрайын енді кеңес жеті жерден.

Әуелгі жердің аты – Дамік болған,
Жел есіп райхы (райыш) ғақыманда тұрған.
Жетпіс мың бір өзінің арқаны бар,
Бір мәлкәлін әр арқанға ие болған.

Ғадқаумын халал қылған сол желменен,
Қанша адам қырылыпты көп елменен.
Бірталай Иушім дейтін анда халық,
Ісі жоқ сауап обал ешкімменен.

Екінші жердің аты – Зілдәтұрор,
Қауым бар Кәмүс атлы бір-бірін жер.
Азап бар неше түрлі ол орында,
Нанбасаң Мұхаммедия кітабын көр.

Үшінші жердің аты болған Ғарқа,
Шаян бар неше түрлі парқа-парқа.
Заңір бар біреуінде үш жұз алпыс,
Дүниені бірі шықса қылар ғарқа.

Қауымы бар Қыбысын деген өз алдына,
Жүреді шаянларының көз алдына.
Құдайым құдіретімен сактар өзі,
Тамсанып шыға берме сөз алдына.

Төртінші жердің аты – Жарба дейтін,
Аждаңа бар-ды сонда адам жейтін.
Халқы бар өз алдына Жальым деген.
Көзсіз, қолсыз, аяқсыз қалың жойқын.

Бұлардың ұшып жүрер бар әдеті,
Ялса екен сол бесінші жердің аты.

Фыхыт атлы қауымы бар оның-дағы,
Бірін-бірі жеп қылар жарабаты.

Алтыншы жердің аты – Сыжжынейдос,
Қауымның аты – Қытлат, суреті қос.
Құдайға құлдық қылар баршалары,
Дафтірі дозағының – сонда дүр бос.

Жетінші жердің аты Ғұжба деген,
Жер жоқ-ты сегізінші онан төмен.
Мекені ғазәзілдің сол арада,
Қауымы бар Бажиум атлы тізген көген.

Жеті жер жаратылған осылайша,
Бұл сөзім болар кенес жұртқа жайса.
Хақ тауы жаратылған зұмұрад тастан,
Бар екен шамасы оның біл қалайша.

Айналған бұл дүниені жеті паыл,
Өзінің тастары асыл отлы жасыл.
Дүниеде тау шы.....ақылға,
Тамыры хақ тауына болар хасыл.

Микаил сыр періште Хақ тауына,
Асманның тиген басы жақтауына.
Сондай тау құласа да жан сақтарсың,
Алланың тұра келсең сақтауына.

Артында Хақ тауының бір-ақ жер бар,
Дүниедей отыз есе сондай кен бар.
Жаралған бір түрлі жан сол арада,
Һәммәсі кәғит қылар онда нең бар?!

Айтайын біраз ғана хикаятын,
Құданың қарай қойшы құдіретін.
Артында сол-ақ жердің жетпіс жер бар,
Біріне жаратылған бірі жақын.

Оның тағы артында жетпіс жер бар,
Кәпірден жаратыпты паруардігер.
Кендігі бұл дүниедей жетпіс есе,
Ар жағында жетпіс жер бәрі ғынбір.

Оның тағы ар жағы жетпіс мың жер,
Бәрін алтын жаратқан құдіретін көр.
Ар жағында бәрінің жаратылған,
Жетпіс қабат дүниедей күмістей жер.

Және бар онан әрі жетпіс мың жер,
Сол жердің жаратылған бәрі темір.
Оның аргы жағында қанша ғалам,
Жаратты періштелер беріп хымыр.

Бұлар білмес Ғазазіл кім екенін,
Адамзаттың және де не ел екенін.
Құданы бір нібі (нәби) хақ біледі,
Және білер тура жол дін екенін.

Онан әрі жаратқан жеті теңіз,
Ғыхлық бар дарияда ұшан теңіз.
Көп ел бар аралында адам білмес,
Тексеретін онда бар біздің неміз?!

Ол елдің кім екенін білмес адам,
Бұрынғы әулиелер біле алмаған.
Жабырқа жабырсы хор ғаламы деп,
Ат қойған аыл хәмкімат оған тамам.

Көкке ұшады талмайды қанатлары,
Отқа түссе жанбайды ғадатлары.
Теңізлерде жүреді суға батпас,
Әрқашан қабыл болған қажатлары(қажеттері).

Осылай пайғамбардан рауы салmas,
Сөз еді-ау ұстазымнан естіп қанған.
Кәнеки, тағы бір сөз қозғайын да,
Құданың жаратқанын тауса алман.

Жеті қат көк, жеті қат жер – бәрі бітті,
Ішінде айтылмаған көбі кетті.
Ғарышны сол көтерткен дарияны,
Өзінің құдіретімен бөлек етті.

Бірі астында ғарышның інжіраклиат,
Бірін жердің астына қойды таяп.

Сол дарияның сүйнан қылды бәрін,
Дәлім бар уахжыралмас жүр алаят.

Алла жаратты аспанға ай менен күн,
Өуел баста екеуін қылышты тен.
Айдан алып Жебірейіл күнге беріп,
Күнге – күндіз жаратты, ол айға – түн.

Жер мен көк жарады ма түзу болып,
Әртүрлі өтіп кеткен макұлық толып.
Ал енді биталмығымұр орнатыпты,
Кетейін онан біраз кенес күрып.

Жаңанда шаңар да жоқ, үйде жоқ-ты,
Бостан бос бүтін дүние тұрған тіпті.
Қағбаның осы күнгі дәл орнына.
Бір үйді қызыл яқут (жакут) орнатыпты.

Періште жердің жүзін алып кетті,
Ғазазіл оттан пайда болып кетті.
Құдайға неше мың жыл құлдық қылышп,
Мүлкіне сегіз ұжмақ барып жетті.

Тамам періштеге патша болды,
Сол күнде Ғазазіл деп ат қойылды.
Жеті жер, жеті көкті жалғыз ұстап,
Патшалық қағазына қол қойылды.

Өзіне патша құдай қойды еркін,
Беріпті билігіне дүние-мүлкін.
Ғарышның есігінде бір жазуды,
Жиылған көп періште көрді бір күн.

Корқысты періштелер: “Бұ не қал?” – деп,
Жазыпты: “Көрген пендем ұғып ал! – деп.
Осы жүрген мүлкімде бір құлым”,
Жазыпты: “Қатты қаңар лағнет бар!” – деп.

Періште бәрі тегіс шошып кетті,
Патшасы Ғазазілге келіп жетті:
– Біз қорықтық бір нәрсені көріп ғарышта,
Дұға қыл, болмагай-ды тақсыр! – депті.

Ғазазіл сонда тұрып дұға қылған:
Сақта! – деп, – періштелерді қорыққаннан.
Айтпады өзін сақта деп сол уақытта,
Әр істі жақсы, жаман құдай қылған.

– Бір досым бар жаратсам керек соны,
Жер жүзінде болады мекен-жөні.
Шығындар, періштелер, бұл дуниеден,
Жаратам керек адам қылып оны!

Жүрген жоқ кетеміз деп періштелер,
Яранны біз не жаздық пәруардігер.
Біздер тасбих, таълил айтамыз ғой,
Адам өлі жаралса күнә қылар.

Әуел баста болмағы Нұрдан екен,
Нұр болып мұның бәрі тұрған екен.
“Кімнен сені жасаймын?!” – дегенінде,
Нұр ықтияр топырақты қылған екен.

Топырақтан жаратамын адам, – дейді,
Жебірейіл, бұйырамын саған! – дейді.
Бар-дағы мышырық-мыхырып арасынан,
Бір уыс топырақ әкел маған! – дейді.

Жебірейіл жарлықпенен келді жерге,
Бір уыс топырақ алғып жөнелерге.
– Не үшін иә, Жебірейіл, келдіңіз? – деп,
Сонда Жер құдірет айлан келді тілге.

– Мен келдім топырак сенен алмақ үшін,
Қарныңа уысымды салмақ үшін.
Құданың жарлығымен саған келдім,
Бір уыс топырақ алғып бармақ үшін.

– Имансыз қыл көпірден жығылады,
Жаралған жер ортасы құбылады.
Бір уыс менен топырақ алғып барып,
Құдайым ол топырақты не қылады?

– Құданың білмен сырын тамам, – дейді,
Жаратар ол топырактан адам, – дейді.

Көбейіп адам ұлы жаралған соң,
Бұзықтық қылар олар жаман! – дейді.

Аспаннан амал сайын жақаған қар ма?!

Не қылса пәруардігер шарам бар ма?!

Кәнеки Жебірейіл баян қылшы,
Оларға обал, сауап нәрсе бар ма?

– Дүниеде адам ұлы жүрер аз-ақ,
Сарт, ноғай әртүрлі жүрт өзбек, қазак.
Егер де күнәсүнан тергеу алса,
Қарныңа салып сенің қылар азап.

– Жебірейіл, олай болса алма менен,
Өзімнен жаралған соң болар денем.
Тағы да салып маған азап қылса,
Болармын шыдай алмай мұнан төмен.

Ол менен жаралған соң балам болар,
Теп-тегіс інжіш болмаса жаман болар.
Өз қарнымда балама азап қылса,
Уалләиу алма күнім қанан болар.

Жебірейіл рахымы келіп кетті қайтып,
Жіберді Микаилді жарлық айтып.
Жер тағы осындай сөз айтқан екен,
О дағы ала алмады бойын тартып.

Онан соң жіберіпті Ысрайылды,
Баршадан төмен жатқан жер пақырды.
Жердің антын құлағы естіген соң,
Тоқтатып ала алмайды о да ақылды.

Төртінші Фазірейілге келді жарлық,
Кендігі жоқ мінезі қыын тарлық.
Жердің айтқан жауабын тыңдамай-ақ,
Фазірейіл салды аямай күшін барлық.

Ортасы мығырып, мышырық осы десті,
Фазірейіл рахымы жоқ қолы күшті.
Бір уыс топырақ алған уақытында,
Қырық қары жеті қат төмен түсті.

Құданың құдіретіне барған алып,
Қай жұмыс бітпейтүғын онан қалып.
Бітуіне себеп бол алып келдің,
Жанын - дағы ал деген жаббар халық.

Жаралған адам пенде қиналмаққа,
Ойлаймысың келдім деп сыйланбаққа.
Бәрекелді, рахымың аз екен – деп,
Қойыпты Газірейілді жан алмаққа.

Топырақты суға иледі лай қылғалы,
От өртеп, жел естірді май қылғалы.
Әртүрлі топырақ қосты: ашы, тұщы,
Біреуді жоқ, біреуді бай қылғалы.

Топырақты құдіретімен екі бөлді,
Бірін – оққа, біреуін нұрға берді.
Және алып қайта қосып қылып сурет:
Жараттым әр (аз) әлі қып орнын! – деді.

Кұнтау ғыzzан махфиан –келді жауап,
Суретін тамам қылды қырық күн санап.
Жатқызды қырық жыл жерде дене қылып,
Пісірді дене қылып құмға орап.

Жатқызды сахараның даласында,
Қайықтың кеме менен арасында.
Бір күн ол Газірейіл келіп көрді,
Дарияның жатыр екен жағасында.

Жел есіп кеткен екен ішін тесіп,
Күнпysлын сол күнде жүр оған түсіп.
Егер мұның билігін маған берсе,
Алға қоймай алар ем басын кесіп.

Іші қуыс хылиласы көп-ті, – дейді,
Алуға жылдам түсер епті, – дейді.
Мені бұған қаратам десе құдай,
Өлер майын ұсынбан! – депті дейді.

Газірейіл жансыз сонда келіп көрген,
Байқады құр денесін жатқан жерден.

“Алдауға жылдам түсер жан екен, – деп”,
Адамның жетекшілін сонда білген.

Құдайым өз құдіреті қылған, әні,
Жасаған құдірет қолмен үш нәрсені.
Бірі – таурат, бірі – адам, бірі – ғадон,
Екі жұз жыл кірмейін (ше) тұрды жаны.

Кір, жан, саған дем алыс бердім серік,
Фықыл көніл, яңым нұр көрік беріп!
Желкесінен екі жұз жыл айналып,
Сонда жан қиналумен кетті кіріп.

Жан айтпай қарсы жауап кірді сөзге,
Кім шыдар дәргаңына жүзбе-жүзге.
Бісміллә, я, раббы, жәрдем бер! – деп,
Кірісімен жан әуел келді көзге.

Көзіне жан кірген соң өзін көрді,
Жаралған топырақтан жүзін көрді.
Өзінің неден болған жөнін көріп,
Асылын танысын деп ақыл берді.

Көзден соң мұрнына жан келіпті,
Жыбырлап сонда мұрын түшкіріпті.
Аузына жан барған соң хамды айтып,
Дегенде: “Алхәмдалла!” - тіріліпті.

Ярхамұка құдайдан жауап келген,
Имамлар мұны айтыма қына шуап білген.
Аяқ, қол, кеуде, бөксе, – жеті мүше,
Аралап бір шыбын жан бәрін көрген.

Кәнеки, тұра келді “Бисмилла” деп,
Үстінен қатты дене төгілді көп.
Қалыпты қол ұшында тырнақ болып,
Онан соң бұйырады құдай не деп.

Құдайым Жебірейілге: “Барсын!” – депті,
Ғақыл, иман, ұятты алсын! – депті.
“Үштің бірі қанға жаарар”, – деген мақал,
Адам таңдап біреуін алсын! – депті.

Адам таңдал бәрінен ақылды алған,
Ақыл барған жерінен иман барған.
Сол иманның соңынан ұят еріп,
Үшеуі бір арадан орын алған.

Басына тәж, беліне камар қосты,
Түрлендірді киіммен ішті, тысты.
“Адам көркі – шүберек” деген мақал,
Астына пырақ берді, құстай ұшты.

Түзетіп сонда көңілін сүйіндірді,
Тап-таза өңшең жібек киіндірді.
Ұжмаққа періштелер алып келіп,
Әр нәрсенің аттарын біліндірді.

Басына тәж ғамама оратыпты,
Осылай ғыzzат құрмет жұбатыпты.
Тасынылдағы жел.....періштеден,
Әр нәрсенің аттарын сұратыпты.

“Адамның асып бақыты кеткен бе?!” – деп,
Ғазазіл жүр сол күнде көңілі жүдеп.
Сұрайды әр нәрсені басқа-басқа,
“Бұлардың, періштелер, аты кім? – деп”.

Кұдайым білдірмеген әуел баста,
Періште бірін білмей қалды босқа.
Уағалләм алла адам алла лыхмад аят,
Кұдая, білуші жоқ сенен басқа.

Сонда адам қалың топты жарып айтты,
Аттарын әр нәрсенің бәрін де айтты.
Бәрінен жалғыз адам ғалым болды,
Ал енді періштелер енді қайтті.

Өткізді шаттықпенен айт пен тойын,
Жақсының жүрген жері – мәжіліс ойын.
Қал айллы ағлым тұғыры келіп,
Бәрі де хақ әміріне ұсынды мойын.

Көрген соң періштелер қалды таңға,
Сайлады сонда адамды бәрі ханға.

Қасаждаду уала адам аят келіп,
Бұйырды сәждे қыл деп сонда адамға.

Сәждеге көп періште қойды басын,
Адамның артық қылды дәрежесін.
Ғазазіл мойынұсынбай тұрып қапты,
Тұсірді Хақ мойнына тауқы тасын.

Бастарын періштелер көтеріпті,
Ғазазіл бір сұмдыққа килігіпті.
Корыққаннан: -Мынадайдан сақтай көр! – деп,
Сәждеге және екіншік илігіпті.

Ғазазіл намыд болды сол бір кезде,
Ібіліс деп ат қойылды тағы да өзге.
Сәжденің бірі – парыз, бірі – уәжіп,
Екеу бол сол себепті қалды бізге.

Басына тауқы лағнет жетті дейді,
Құдайым оған қаңар етті дейді.
Бір мінез тәкаппарлық қыламын деп,
Куылып дәргаңысынан кетті дейді.

Ағузу биллә мин ал шайтан –
Мұңымды хақтан басқа кімге айтам.
Қалайша Хая аナンы жаратыпты,
Аз ғана мазмұнанан қалам тартам.

Көзелің кенессіз деп аңырмаған,
Жан барында тәубадан жаңылмаған.
Адамның – Хая аナンы – алған екен,
Ішінен он жақтағы қабырғадан.

Білмейді ауырып жанға батқанын да,
Көз ашып көрген екен баққанында.
Қалсын деп білмей тәнірім жаратыпты,
Сол адам үйқылы-ояу жатқанында.

Көзін ашса қасында отыр біреу,
Жалғанда жалғыз еді, оянса екеу.
Сұрайық білер ме екен жобасын деп,
Куәлікке періштелер келген төртеу.

Кұдайым көніліне құйып қойған,
Алланың жарлығына ұйып қойған.
Көніліне жақындықтың мыныры түсіп,
Әуелі оң бетінен сүйіп қойған.

Отырған қасында, адам, бұл кім? – дейді,
Мұнша жақсы көресің нытың! – дейді.
Аты кім не себепті қойған солай?
Жақындар бар ма бұған белгің? – дейді.

Халалым қасымдағы серігімді,
Кұдайым тауып қосқан жерігімді.
Тіріден тірі қылып жаратқан соң,
Аты – Хая, солай деп ат берілді.

Дәл ішімнен шыққанды көрем жақсы,
Бірімізге біріміз ұнамақшы.
Пәруардігер қойыпты жұпты қылып,
Бір құдайдан басқа да так - ты тапшы.

Тұбінде туып ағаштың тойы болған,
Сымбатты, екеуінде бойы болған.
Екеуі серік болып қосылған соң,
Бірінде – ақыл, бірінде ойы болған.

Иә, Адам, жұптыңменен тұр ұжмақта,
Өзінді жақсы күтіп, жақсы сақта.
Ішіп-жеп көнілің өсіп, ойна да күл,
Жалғыз-ақ жақын барма бидай жакқа.

Ұжмақты Адам, Хая жүрді аралап,
Айтады мадақ қана періштер.
“Қалайша мұны азғырып шығарам”, – деп,
Далада жүріп шайтан назалана.

Ұжмақтың есігінде андып тұрды,
Періште кірем десе қақ басқа ұрды.
Бір таусыс сейіл қыла шыққан екен,
Ібіліске сол арада душар болды.

Кұдайға қайтер едің жүрмес болсан,
Мен ақылшы біліп ал білмес болсаң.

Келбетің келген екен армансыз-ақ,
Тіпті жақсы болар еді өлмес болсан.

Япырау, немене еді өлім деген,
Жан кетсе қараң сенің күнің деген.
Тауыс келіп жыланға ақылдасты,
Далада тұрып шайтан күлімдеген.

Жылан сонда ұжмақта жүреді екен,
Жақсы менен жаманды көреді екен.
Төрт аяқты жүреді сары атандай,
Өрге шығып, ой жерге кіреді екен.

Өлім деген немене, тәнір-ай! – деген,
Білдірmedі бір құдай бізге неден?
Соны білген өлмestі біле ме екен,
Біз сонан сұрайық, – деп бұлар келген.

Сен өзің бәрін білген өлемісің?!
Қайтсөң біздер өлмейміз, білемісің?!
Ұжмақтың ішінде бар өлмеске амал,
Көрсетейін мені алып кіремісің?

Ендеше көрсет бізге ұжмаққа жүр,
Жасырын кіргізейін аузыма кір.
Тауыс, жылан, шайтан ақылдастып,
Үшеуі кіріп кетті ұжмаққа бір.

Бұларды тастап кетті алдап-сулаپ,
Адам жүр дәүлетке мас аунап-қунап.
Жылады қастарына келіп шайтан,
Өтірік түкірікпен көзін сулаپ.

– Сен неге жылайсың? – деп сұрады Адам,
– Эй, дүние өтпей тұрса осы заман.
Жан кетсе, дene шіркін қалар босқа,
Өлмestің ғылажын қыл келсе шаман.

Естіп Адам, Хауа күйініпті,
Бұл Ібіліс сонда ішінен сұныныпты.
Хауа ана жүгіріп келіп сұрайды-мыс,
– Бақырым, білемісің өлмес кепті?!

– Мен айтсам да, екі жас ұқпайсындар,
Әлі бір күн бұл күнді жоқтайсындар.
Бидайдың ағашынан жалғыз татсан,
Өлмейсің, өмірінде шықпайсындар!

– Сұмдығын мына залым тартқан екен,
Ақылы мұның бізден артқан екен.
Жақпаса бір күн айдал жібергені,
Жеме деп бізге сонан айтқан екен.

Барады Хауа анамыз жегісі кеп,
Жоламай Адам ата отырды көп.
Екі үзіп өзі жеді, Хауа анамыз,
– Кәнеки, маған жұқты немене? – деп.

Жемеске өзін Хауа тыя алмайды,
Енді айттым: Мен байдан тіл алмайды.
Көргеннен Хауа ананы сондай жақсы,
Адам да оның сөзін қия алмайды.

Екі үзіп сол бидайдан Хауа жеді,
Бір үзіп атамызға алып берді.
Аузына Адам ата салған шақта,
Шошынып өне бойы дірілдейді.

Еркектен азғырылған қатын бұрын,
Бастан тәж, мандайдан бақ, алды нұрын.
Екеуі жап-жалаңаш болып қалды,
Басыпты алақанмен ұят жерін.

– Бидайдан неге аузыңа салдың?! – дейді,
– Хауа ананың ішіне барды?! – дейді.
Сасқаннан Адам ата жұта алмады,
Түйіліп тамағында қалды дейді.

Ұялып Адам ата, ол Хауа ана,
Ағаштар жапырағын бермес және.
– Не үшін дәргаңыма ғас (қас) болдың?!
Сөйле! – деп хытаб еткен хақ тағала.

Адам айтты: – Аузыма біреу салдым,
Қия алмай мен Хауаның тілін алдым.

– Қатынның тілін алған қатын деген!
Хауа айтты: – Жылан айтқан тілге нандым.

Жылан айтты: – Мені алдап Ібіліс кетті,
Ібіліс айтты: – Ұжмаққа өзі елітті.
Тауыс тағы ілінді бір шетіне,
Бәріне бір құдайдан жарлық жетті.

– Иә, Адам, ұжмағымнан сен шық! – дейді,
Тұруға енді мұнда жол жоқ! – деді.
Екі өгіз, он қой, бір ат енші бердім,
Кешікпе, енді мұнда, тұр шық! – деді.

– Иә, Хауа, сен бидайдан неге жедің?!
Байына пайда етемін деп залал еттін.
Қан көру, бала табу, ұзатылу,
Қалдың ғой ортасында көп бейнеттің.

Үрыс, ғақыл, дінде сен кем боларсың,
Екеуің бір ереккек тен боларсың.
Сауаптың ерге – мыңы, саған – бірі,
Өлгенше өзіңе өзің мін боларсың.

Иә, жылан, аяғынды алдым қайырып,
Жатарсың жер бауырлап, мойның қайырып.
Көрген жан басынды езіп әлек қылып,
Тастасын екі бөліп жағынды айырып.

Иә, тауыс, бұ қеңеске неге кірдің?!

Жылан менен шайтанға елші журдің.
Дайым сенің тартқаның күйік болсың,
Кәнеки, сен не пайда мұнан көрдің?!

Иә, шайтан, сен адамның алдың бағын,
Күгізып періштеге бермен дамыл.
Абады (Әбәді) рахматымнан наумид болып малғұн,
Көмегіл мұнан білән ұжмақ маңын!

Жіберді құдіретімен бәрін айдал,
Сарандіп тауына Адам келді жайлап.
Жұға деген бір тауға Хауа түсіп,
Айырылған бір-бірінен соры қайнап.

Жылан түсті Аспадан деген жерге,
Солтүстікке, түсіпті тауыс бірге.
Кудая, ғаңы (ғахы) болып қуылмақты,
Тілеймін, я раббым, хақ берме бізге!

Үш жұз жыл Адам ата жүрді жылап,
Көзінен ақты жасы дария-бұлақ.
– Раббана заламна әнфұсасана! – деп,
Зарланды қылып тәуба медет сұрап.

Сол күнде қараңғылық жүрген жері,
Ашылды сегіз бейіш ұжмақ түрі.
Жазулы Мұхаммедтің атын көріп.
– Бұл кім? – деп сұрайды Адам әрі-бері.

– Бұл менің досым, – деді, – сүйер жақын,
Өзі және сол сенің зұриатың.
Олай болса күнә қәм ғафу айла,
Досыңың сүйер сондай сақтап хақын.

Бар құдайым күнәсін ғафу етті,
Қараңғы дүние жүзі жарық болды.
Шүкірлік екі ракағат намаз оқып,
Ол бізге бамдат намаз парыз етті.

Ал енді құдайына шүкір қылды,
Қанша сөз бәрін айтып болмас болды,
Қосылып Ғарапада Хауа анаға,
Сол жерде мақсұд (мықыұд) тауып көніл тынды.

Хауа ана белі сонда мұзға тиді,
Тізесі Адам ата сізге тиді,
Бір бөлек ақ су ағып дария толып,
Жаралған асылынан балық дейді.

Ит – көктен жаралған, мысық – оттан,
Сол себептен адамға жақын еткен.
Адам ата, Хауа ана қосылған соң,
Ұл мен қыз егіз болып бала біткен.

Бір егіздің сыңарын бірге қосқан,
Бір сұлу қыз Қабылмен бір туысқан.

Соны барып қабілге қосқаннан соң,
Қабыл тұрып қабілге болды дүшпан.

Ал екеуі келіспес араз болып,
Бара жатыр кеңеске ішім толып.
Бір кеңес алымсақтан айтсам керек,
Кеңес Қабыл, қабіл қоя тұрып.

Сараптіл тау басына Адам шықты,
Сол жерде көп періште жиылыпты.
Бұл қалай кеп болды деп маған түскен,
Шошынып Адам ата қорқып кетті.

Әуелде көрген тауды, тасты дейді,
Корыққаннан өні жаман қашты дейді.
Періште Жебірейіл жетіп келіп,
Жүрегін қолыменен басты дейді.

– Иә, Адам, туар сенен бала, – дейді,
– Көңілінді хақтан қылма ала, – дейді.
– Не нәрсе толып кеткен жиылған көп,
Бұрылып он жағыңа қара! – дейді.

Сонда Адам көзді онына салған екен,
Артына қарап демін алған екен.
Он дегеннің мәнісі бұрын болып,
Бұрын қарап он сонан қалған екен.

Ақ нұры бар, ақ рухы бар, ақ туы бар,
Балқытар қара таста қәм бойы бар.
Мұхаммед Мұстафаның нұры шықты.
Бұл кім дүр жүрттан асқан иә біреу бар?!

Бұл сенің зұриатың Мұхаммедте тұр,
Салауат айтса әркім шын үммәт тұр.
Я, раббы осы достың құрметінде,
Өзімнің аула деймін жаралғай гөр!

Артынан тағы шықты көп нәбілер,
Шаңариар табғынлар қәм уәлілар,
Рухы мұмиларының ақ киімді,
Бәрі кеп он жағына орнатылар.

Залакту ындулұйлә келді хабар,
Жәннәтті бұлар үшін қылдым даяр.
Куанып Адам ата құлді дейді:
– Құдай-ау, жан қылғанға шүкірім бар!

Болғаным біз ғариблар(ғаріппер) сол жиында,
Құдайға қылса сонда іс қын ба?!
Өзіміз кім екенін біле алмаймыз,
Жалғанда жан үземіз бір тынға.

Арқасын бір сипады құдірет Алла,
Не хәкім көрсетеді құдай-ау анда.
– Қара, – деп, – енді солға! – хабар келді,
– Қараса бір түрлі жан қалды таңға.

Киімі, өні, түсі – бәрі қара,
Басшы екен бәріне де Қабыл және.
Жылады соны көріп Адам ата:
– Я, раббы, бізді сонан қылма сана!

Көрмеді еркін қарап бұларды анық,
Жараттым осыларға арнап тамұқ.
Хақында Мұхаммедтің барша ұммәті,
Сақтай көр тозағынан Жаббар халық.

Сол күнде хаққа бердік куәлікті,
Ал енді уағданды бұзба тіпті.
Сираттан қашан өтіп алғанынша,
Бозбала, көтергенің ауыр жүкті.

Адамнан қанша тұқым бала туды,
Бірі – пысық, біреуі шала туды.
Біреу – бай, біреу – нашар, біреу – мұнлы,
Жақсылық жамандықты ала туды.

Қабыл тұрып ынабілді өлтіріпті,
Қырық күн Адам зар жылап отырыпты.
Тиштен Шыш есімлі бала туып,
Құдайым жүзін, нұрын келтіріпті.

Баласын Адам сопы жиып алған,
Бәріне дін үйретіп жолға салған.
Он кітап келген екен сонда өзіне,
Өзгесі кетіп, орыны Шышта қалған.

— Айтайын бір насихат, балаларым,
Естісін өздеріңің балаларың.
Киямет – қайымғаша зұлғиаа иетім,
Бәріне бұл насихат қалсын мәлім.

Бірі – бұл дүниеге көніл қойма,
Болдым деп құмар болғанмен де ойла.
Жәннатта тұрамын деп, ойланам деп,
Ақырында түсіп кеттім терең ойға!

Екінші, қатындардың алма тілін,
Мен алам деп тәркі қылдым ұжмақ төрін.
Үшінші, не іс қылсаң ойла соңын,
Мен ойламай іс соңын көрдім мұнын.

Төртінші, жөнін білмей істі қылма,
Білмей бір іс қылам деп әуре болма.
Бесінші, біреуменен ақылдас бол,
Кеңессем, маған мұндай бала бар ма?!

Кеңеспей іс қылам деп көрдім бейнет,
Нығматтан кәне сонша кеттім нейбет.
Осы сөз менен қалған бір өсиет,
Ұлдың ұлы, қыздың қызына үйрет.

Сендерге мұнан басқа нені айтайын,
Әліппен әуел баста бейне айтайын.
Мұхаммед үмбетің төрт орында,
Жері бәрі бізден асқан соны айтайын.

Әуел менің күнәм Меккеде кешілген,
Азалдан артық болмас пішілген.
Мұхаммед үмбетлері күнә қылса,
Қай жерде тәуба қылса кешілген.

Екінші хаққа жаздым түнімді алды,
Мың ділда жұз жылқылық күнімды алды.
Мұхаммед үмбетлері күнә қылса,
Үстіне тәубе түнін жаба салды.

Үшінші, халалымнан мені айырды,
Күшімді таудан қайтпас, сол қайырды.

Мұхаммед үмбетіне айырылмақ жоқ,
Қылса да қанша күнә деп жайылды.

Төртінші, мен ұжмақта жүргенімде,
Шығарды бір күнәмен көргенімді.
Олар дүние жүзінде қылса күнә,
Бейішке енгізеді өлгенінде.

Сол Адам өмір сүріп мыңға жетті,
Баласы – Шышты орнына қойып кетті.
Беріпті елу кітап Шышына нәбиге,
Солайша бұ дүниеден солар да өтті.

Дүниеден Шышын өтіпті жеті жүзде,
Баласы – Ануаш кірген кеңес сөзге.
Ануаш өтіп баласы Қинаң қалып,
Адам баласы көбейді сол бір кезде.

Қинаң өліп, Миңайл артта қалды,
Миңайлдің тағы орнын Ярид алды.
Яридтан хат жазушы Ідырыс тұрып,
Ұжмаққа өнерімен тұра барды.

Ідырыс еткен әуел киім тіккен,
Хат жазып қалам, сия, қағаз біткен.
Жемеді, ол алты жыл ұйықтамады,
Ұжмаққа тірі барып тұра кеткен.

Өзіне беріліпті кітап отыз,
Дүниеде жыл хисап тұрған төрт жүз.
Артынан Нұх пайғамбар қуа шығып,
Елу жыл өмір сүрген ńәм тоғыз жүз.

Нұхтан қалды үш ұлы Яқын, ńәм, Сам,
Жарық дүние көрінер даулап жансам.
Ңұд нәби, Сәлім нәби олар да өткен,
Бұл дүние баянсыз ғой хабар алсам.

Ибраһим өтті және халлы Алла,
Отқа аққан намырд лағын кәпір сонда.
Янар күні барда ан осыламаан,
Бұйырған отқа сүй деп құдауанды.

Тіл білген жетпіс екі өнері асып,
Калыпты әртүрлі тіл сонан кәсіп.
Смағұл, Ісхақ туды онан Жақып,
Бірінен шыға келген біреуі асып.

Хазірет Жақыптан туған Жұсіп,
Кітаптарда айтады нәби десіп.
Айып (Аюб) нәби, Шұфайып, Мұса Кәрім,
Өңшең нәби айтайын желдей есіп.

Қолына ол Мұсаның Таурат берген,
Үмбетін Мұхаммедтің сонда көрген.
Осының үмбеті мені қыл деп,
Жылады оқыған соң көрген жерден.

Өтіпті жұбайы мен арын Мұса,
Келіпті ...Іляс оған қоса.
Қолында Забуры бар Дәуіт нәби,
Айтайын қайсы бірін бәрі қыса (қисса).

Үмбетін Мұхаммедтің о да білді,
Кітаптан Забур атлы оқып көрді.
Шаңар салып Сұлеймен дүниені алған,
Дәуітке сондай абзал бала берді.

Жел мен құс қаратыпты пері, жынды,
Сонда да Мұхаммедті арыз қылды.
Болғанда Хызыр нәби жаннан ғалым,
Тағы да хәкім Лұқман шыға келді.

Аят бар: “Уа ма дүния ғайруңа пан”,
Жігіттер жалғаны жоқ сөзіме нан.
Басына патшалықтан мұйтіртібкен,
Нәбині алып кетті Ескендір хан.

Ғұзайыр жер жын өтті және Әрмия,
Даниял нәби ніркірия ьәм ялхин (Ілия).
Файсаға Інжіл атлы кітап келіп,
О дағы өтпеді ме жұртын жия.

Сөзімді естігендер шын дейтүғын,
Құдайдан басқа да көп мін дейтүғын.

Бағызлар хисап қылып білген болып,
Екі жүз жиырма төрт мың дейтүғын.

Сөйтсе де хысап қылу жарамайды,
Үшеу деп санаманыз күн мен айды.
Айтқан бар , айтпаған бар құран ішінде,
Хисабын шын ғалымлар санамайды.

Өтіпті нәби Мұрсал хисабы жоқ,
Өніпті сол Ысхақтан зұрриаты көп.
Смағұл тұқымынан хақ Мұхаммед,
Шығыпты жалғыз өзі бір кісі бол.

Тура келді нәби мұнан тұқымына,
Мықыннан шығып түсіп мықынына.
Кінә нақұрайышқа шейін келіп,
Құйылды Ғыбдалымнаң шұңқырына.

Батырдан Ғыбдалымнаң туды ńашым,
Ңашым да тасыпты нұр онан басым.
Енді Ғыбдалымтылақ сау қалсын ба?!

Кұдай артық жаратқан айналасын.

Тогыз ұлдың кеңжесі Ғыбдалла атлы,
Жүз түйе қылды құрбан салтанатты.
Әмина халал жұпты буаз болып,
Мадина, Мекке шаңары нұрга батты.

Атасы тумасынан бұрын білді,
Әмина сол құдайдың нұрын көрді.
Оң жұлдыз ізгу сағат сәтті күнде,
Мұхаммед айналайын сонда туды.

Анадан туған шақта сәждे қылды,
– Құдая, ұмбетімді, берші, – деді.
Қағба келіп бос қойды аяғына,
Шіркеу неше бұт бұрқан жығылды енді.

Қағбаның төрт бұрышынан дауыс шықты:
– Бір нәби ғаламға нұр келді! – депті.
Ңәм шаңид ңәм мыйшыр ңәм онзыр,
Бұл аят сонда дәліл ендіріпті.

Тұрыпты пүтхана боп Қағба мың жыл,
Қырылып қылак болған асжибан піл жыл.
Меккеден ай, күн туып Мадинадан,
Сондай не ғып болған он жүлдзы.

Рыбы (Рабиға) ала ол айында он екі күн,
Күндізде толғатыпты туыпты тұн.
Қуанған бабалары, аналары,
Иә, раббы, бұл не деген сағадат күн?!

Тұған соң дүниені алды жарық қаттан,
Болды енді шайтандарды окпен атпак.
Шайтандар енді көкке шықпас болды,
Жерге айдал періштелер кетті қапта.

Мұхаммед айналайын жанға сая,
Жараттың қандай күні бар құдая.
Емізбей емшек сүтін сақтайын деп,
Іздейді емізу什і оған дая.

Бір қатын Халима атлы сақтап күткен,
Құдайым оның сүтін халал еткен.
Көрмеді ешкім оның болған сүтін,
Құдайым әуел бастан тап-таза еткен.

Екі жыл төрт айдан соң атасы өлді,
Жеткенде жасы алтыға анасы өлді.
Сегіз жасқа жеткенде тақсыр нәби,
Әкесінің әкесі тағы да өлді.

Ағасы Әбутәліп асырап күтті,
Әр түрлі өнсерлерден үміт етті.
Сүйіклі қәм көріклі жомарт, ғаділ,
Бұзықтық ондай мінез болмай тіпті.

Сөйлесе кәләмі бар шекер балдай,
Жүзі бар сондай сұлу Шырын жандай.
Сипаты бұл жағанда Жүсіп нәби,
Көрген жан тұра алмайды ақылын танбай.

Мінезі қызыл жібек бек мұләйім,
Мархамат (Мархабат) нашарларға ісі дайым.

Ата-ана ńэм бабасы өлгеннен соң,
Жетімдік сол күндерде болды уайым.

Он екі жасқа жетті Мұхаммедім,
Болғанда өзі нашар, өзі – жетім.
Беруге бұған қалың малым жоқ деп,
Ойланды Әбутәліп іші ниетін.

Нәсілі Құрайыштан сондай таза,
Жалғанда малсыз болсан қоқ-ты маза.
Жер тамақ, киер киім болмаған соң,
Болады үйде отырып жігіт наза.

Хадиша – бай Қабылдың жалғыз қызы,
Тұсінде Мұхаммедті көрген өзі.
Мұхаммед туса, саған тиемін деп,
Ізденіп сол Меккеге үкліған кезі.

Хадиша сұлу екен көніл ашар,
Мұхаммед болады оған қашан душар.
Жылған қызметіне тамақ үшін,
Мекке мен Мәдінада ғаріп хасар.

Жалдайды өз алдына піркнәшікті,
Мың бес жүз қара нарға қояр жүкті.
Інімді қызметіне жалдайын деп,
Бір күні Әбутәліп ниет қыпты.

Хадиша келген жерден жақсы күтті,
Асылды таныған соң құрмет етті.
– Болаттан ағып тұскен құр шыманы,
Не жұмыс келгеніңіз айтшы?! – депті.

– Адамды ойламаймын алдайын деп,
Ойлауши ем ер міндетін алмайын деп.
Бір нашар жетім болған бар еді інім,
Әкеліп ем соны сізге жалдайын деп.

– Нәсілің сенің таза қу болады,
Жан шықса екі көзің жұмылады.
Інінді өзі жетім өксітесің,
Ол ақың өйтіп алған не болады?

— Ақысын мен жейді деп ойыма алман,
Кайтейін мұндай күнді құдай салған.
Өзіне қалың беріп қояр едім,
Бір тыны болса пұлы ақыға алған.

— Жаратқан тегінді артық ыайбатынды,
Танимын көрмесем де мен затынды.
Кісіге жалдап өмірін сен өксітпе,
Мен тауып берейін бір бай қатынды.

— Хадиша, айтқан сөзің солай ма,
Жауап бер сен мені өзің сықақ қылмай.
Бай қатын дәuletіне мас болған соң,
Ініме өзі жетім жолай ма, ойбай?!

Әбутәліп сөзі қатты тиді, білді қатын,
Берменді ол Хадиша шын ақылын.

— Ініңнің айы болсын алты теңге,
Өзгеден екі есе артық бердім ақын.

— Ініме қалайша ақы артық бердің?!
Сен күшін жас баланың қайдан білдің?
Отқа, суға жұмсама тегі жас,
Тағы да жұмыс айт, не бұйырдын?

— Жұмсаймын отын-суға оны не деп,
Кетпесін жастау бала өзі жүдеп.
Ертең мен жіберемін Шам, Румға,
Барсын да керуенмен түйеші бол.

Сөйлесіп Әбутәліп задатка алды,
Үйіне уайым қып ренжіп барды.
Кеткен соң жалдап өзі ылажсыздан,
Көзінен ақырындал жас шығарды.

Мақал бар: “Жетпес деген жоққа жүйрік”,
Бір дәмін айдайды ғой құдай бұйырып.
Апасы отыр екен Ғатка атты,
Үйінде пайда үшін ұршық иіріп.

— Құдай-ау, асыл қылдың затымызды,
Құрайыш кінәна деп атымызды.

Жалданды жалғыз інім жалшылыққа,
Бересің қашан біздің датымызды?!

Деп жылап қыз бейшара тәкті жасын,
Не болам ата-анам жоқ, сорлы басым.
Кәпірге жалшы болды-ау, әттең дүние-ай!
Құдайым қор қылмас ердің басын.

Мұхаммед қайғырады өз күйіне,
Аяндал Хадишаның келді үйіне.
– Ренжітпей Мұхаммедті жұмсаңыз! – деп,
Тапсырды керуен басы бір биіне.

Жүк койды өңшең таза қара нарға,
– Жекіріп Мұхаммедке ашуланба.
Қайтқанда сүйіншіге мұны жібер,
Солай! – деп, тапсырады барша жанға.

Әбубекір, Әбужаңил басшысы бар,
Шаңардан керуендер жөнелділер.
Мұхаммед түйеші бол жөнелгенде
Болғандай ақыр заман күйінділер.

– Қарайды жұрттың ата-аналары,
Баласын шығарып сап қайтар бәрі.
Менің жоқ атам, анам қарап қалар! –
Деп сонда қатты болған қайғы-зары.

– Жалшылық шын болды ма киген киім,
Балалар үйінде жүр менің теңім.
Қарайды өзге жұрттың ата-анасы,
Артымнан қалар менің қарап кімім?!

Жетімдік көрдім сенен ынтаzarлық,
Киім менен тамақтан көрдім тарлық.
Жетектеп жаяу түйе жөнелгенде,
Шықты ғой менің зықым сонда барлық.

Аталының атасы шықты бірге,
Ата-анам қалды шықпай қара жерде! –
Зарлығын Мұхаммедтің естігенде,
Жылапты жан-жануар көк пен жерде.

Төгіпті көп періште көзден жасын:
“Шынымен құл болды ма ғазиз басың?!”
Ғаламның он сегіз мың бәрі күйініп,
Аспанда қан толыпты айналасын.

Дүние-ай, сондай сенің күнің бар-ды,
Әрқашан ғаріplerге құдай жар-ды.
Басына бір ақ бұлт сая болып,
Жебірейіл өзін тұзу жолға салды.

Көп керуен Шамға қарай жүріп кетті,
Үйіне бір раңының келіп жетті.
Алыстан ақ бұлтты көзі көріп:
“Бар ғой – деп мұнда әулие!” – үміт етті.

Керуенді сол үмітпен қонақ қылды,
– Қоста қалған бар ма? – деп сұрап білді.
– Түйеші келе алмайтын бір жетім бар,
Жан жок, – деп, – онан басқа! – жауап берді.

– Ендеше о да келсін шақыр, – дейді,
Таусылmas асым толып жатыр, – дейді.
Ішінде осы топтың болмады ма?
Пайғамбар ол заманы ақыр! – дейді.

Жетелеп алып келді өзі барып,
Ақ бұлт басында жүр шыр айналып.
Жүрттан бөлек бір өзін құрмет қылды:
“Менің күтер кісім!” – деп, бек шаттанып.

Жоғары өз төріне алып шықты,
Алдына неше түрлі қызмет қыпты:
– Егерде сіздер барсан, Шам шаңарға,
Осыны жүхүдтерден жасыр! – депті.

– Мақсатым осы еді көрдім, құдай!
Көрменіз сіздер мұны ондай-мұндей.
Халқына керуендердің Мұхаммедті,
Жіберді бір күн сыйлап раңыб сондай.

Шам шаңар ортасында барып кірді,
Саудасын енді керуен қыла берді.

Базарын жұңдтердің тамаша етіп,
Мұхаммед тақсыр барып қарап көрді.

Мұхаммед ол шаңарға кірген екен,
Бұт борқандар бұзылып қалды тектен.
Теміршінің темірі балқып кетіп,
Бір сұмдықтың басын сонда білген екен.

Патшасы осы кепті есітіпті,
Өзінің ғалымдарын жинаңты.
Ғалымлар естіген соң кітап ашып,
Таурат, Інжіл барлығын ақтарыпты.

– Меккеден келген болса көп керуен,
Нәсілі ол құрайыш кінәнадан.
Бәні ңашым тұқымы, ол – Мұхаммед,
Бар шығар пайғамбар ақыр заман.

Қосына керуендердің іздең барды,
Қайтпақшы болды Мекке керуендері.
– Бір түйеші жетім бар бізде келген, –
Айтыпты Әбужаңил дұшпан діні.

Керуендер өстіп елге аяңдаған
Жұңдтер іздесе де, таба алмаған.
Әбубәкір сол уақытта қапқа салып,
Тезек терген кісі бол аяңдаған.

Іздең жүрген жұңдтер келіп көрген,
– Арқалаған арқанда бұл не? – деген.
– Мұхаммед қабымдағы, тезек емес, –
Кәпірлер қалжың сөз деп жүре берген.

Кеткен соң Мұхаммедті түсіріпти,
Мұхаммед деп айтқаның – ол не?! – депті.
– Жалған сөйлем кәпірден қорыққанымнан,
Құдайға болайын да дұшпан?! – депті.

– Бәрекелді, сыйдиқым шыншылыңа,
– Иә, құдай, салшы мені шын жолыңа!
Егер де ұжмақ маған нәсіп болса,
Алайын әуел сені оң қолыма.

Мұсылман болған әуел Әбубәкір,
Ал енді Мәдинаға келе жатыр.
Бір түйе жүк көтермес шабан екен,
Болғанда өзі – қотыр, жұні тақыр.

Шаңарға Мұхаммедті жүрген беті,
Әлгі қотыр түйені мінгізіпті.
Арық түйе сол жерде семіз болып,
Тамашасын көп жұртқа білгізіпті.

Қарап тұр ей, халайық, тамашаны,
Алдырдым тоғызымда тамашаны.
Бұрын жалғыз журмеген жас бала ғой,
Тұн қатып келе жатса адасады.

Жол білмей тұн ішінде көп сандалды,
Жас бала назаланып күйіп жанды.
– Не қып жүрген жансыз? – деп, жасыр жерде,
Алдынан біреу келіп ұстай алды.

Түйесін ыңғайлайды шөгергелі,
Ойланды қашып жаяу жәнелгелі.
Періште Жебірейіл жеткен екен,
Түйесін тұзу жолға жібергелі.

Түйесін алып келіп жолға салды,
Жер екен он күншілік бір күн барды.
Шаңардың қақпасына жеткен жерде,
Яңу деп тақсыр сонда демін алды.

Түйесі мінген шақта қотыр екен,
Семірді ісім актымды оқыр екен.
“Мұхаммед сүйіншіге келе ме?!” – деп,
Хадиша тысқа шығып отыр екен.

Мұхаммед жетіп келді көрді көзі,
Балқиңды қуанған айдай жүзі.
Сүйіншіге бір түйе жүкті беріп,
Сол екен Хадишаның сүйген кезі.

Бір түйе алтын алып үйге барды,
Аз күнде соңғы керуен келіп қалды.

Ақысын Мұхаммедтің алайық деп,
Тұрды да Әбүтәліп ойына алды.

– Хадиша, ақысын бер Мұхаммедтің,
Інімді көп ұялтып сен жүдettің,
Мақтанба малым бар деп бізге олайша,
Сен мұнша таситұғын кімнен өттің?!

– Жоқшылық жарты ақылдан айырады,
Сіздердің бітімінді кім қайырады?!
Алғанмен алты теңге не болады,
Қай қатын ол ақына табылады?

– Ағаке, шын хакиқат сөзіменен,
Жаныма залал қылып айтпан жалған.
Тиейін Мұхаммедке менің өзім,
Табылар іздер болса дүние жалған.

Өзінің ойлап жүрген ісін айтты,
Оң жақта жатып көрген түсін айтты.
“Сен соған халал жұпты боласың!” – деп,
Өзінің жорып қойған түсін айтты.

Куанып Әбүтәліп үйге қайтты,
Сырының ішіндегі бәрін айтты.
Киінер киім жоқ деп күйеу болсам,
Ол тақсыр қапаланып енді қатты.

Естіп Әбубәкір сонда келді,
– Менде бар саған киер киім! – деді.
Киініп екі жігіт кешке таман,
– Баралық Хадишаға жетіп, – деді.

–Хадиша әкелсін деп айтқан бізге,
Бір нәсіп бергелі тұр құдай сізге.
Өзі ашық сипатыңа болып құмар,
Тиеді саған өзі келмей сөзге.

Жақсының асар бақыты күннен күнге,
Салады қалтасына алты теңге.
Киініп Әбубәкір үйлерінен,
Екеуі жетіп барған қарсы тұнге.

Хадиша үйден шығып амандасты,
Кұдай тұр оңға бастап екі жасты.
Сол келген Мұхаммедтің құрметіне,
Шығарып алтын, гауъар шашу шашты.

Таstadtы үй ішіне кілем жайып,
Taстap төсеп: кететін шыбын тайып.
Кедейліктен құтылды біr-ак күнде,
Сәті болып біr түнде болды байып.

Оқиды Әбубәкіr хытба ғықұт,
Куанып дастарханға шашты яқұт.
Жігітке құдай берсе қын ба екен,
Құрылды болып бақыт алтын тахыт.

Taғам жеп Әбубәкіr шығып кетті,
Мұхаммед жалғыз қалып өзін елітті.
“Михнаттың түбі – рахат” деген сөз бар,
Мұратқа екі ғашық сонда жетті.

Бай болды Хадишаны алғаннан соң,
Тірілер нәсіп шағы болғаннан соң.
Алладан келер уағы шағы болды,
Жастары қырыққа жетіп қалғаннан соң.

Хадишадан туыпты жеті бала,
Бесеуі – қыз, екеуі – еркек бала.
Фатима, Әмгұлсім (Үммігұлсім), Зейнеп, Рақия(Рұқия),
Қасым тағы Махбұбі, Гауъар дана.

Біrін Ғалы екеуін Ғұшман алды,
Екеуі жана (жаңа) орынды жерге барды.
Екі бала жасында өліп қалып,
Жалғыз-ак Фатимадан нәсіл қалды.

Хадиша білген екен дана қатын,
Не деп айтқан білмейді ол аятын.
– Нені оқын білмеймін дегенінде,
Айтыпты жаратқыш Ҳақтың атын.

Онан соң бірте-бірте келе берген,
Әйтеуір үйренген соң біле берген.

Әуелі дінге кірген Әбубәкір,
Әйелден Хадиша еді бұрын кірген.

Онан соң Ғалы, Ғұшман, Ғұмар кірген,
Енді дін бұларменен көтерілген.
Уалзын мығе аятында ...
Басқадан ол сыйдықын абзal білген.

Жеткенде қырық жасына құран келді,
Екенін хақ пайғамбар ғалам білді.
Жас бала жеті жасар ойнап жүрген,
Жүгіріп бір күн Ғайша жетіп келді.

Пайғамбар сол уақытта қырық үш жас-ты,
Балаға ойнап жүрген көзі тұсті.
– Атаңа айт алмасын маған берсін,
Алмасын жеуге менің көңілім тұсті.

Жүгіріп атасына бала келді,
Сәлемін хақ Расулдың ала келді.
– Ей, ата, жегісі кеп отыр екен,
Пайғамбар сұрап сізден алма, – деді.

– Көңілін қайтарам ба тосты десе,
Кім есер болады, есті десе.
Ойлаймын: “Пісер кезі болған жок”, – деп,
Жей қойсын, егер: “Алма пісті”, – десе.

– Бойыңа күнде бір жіп жapsыр, – дейді.
– Өзінді бір құдайға тапсыр, – дейді.
– Атам айтты: “Алманы қимаймын ба,
Пісті десе, жей қойсын тақсыр!” – дейді.

Пайғамбар мұны естіп тынды,
Жеті жаста Ғайшаны никам қылды.
Тоғыз жаста шарифат ісін қылышп,
Екеуі жиырма жыл бірге тұрды.

Он жеті жерде өзі орын қылды,
Кәпірді қойдай қырды хайбар сынды.
Зуалфиқар, қам-қа, сам-сам және дол-дол,
Ғалиге бұл төрт нәрсе хақтан келді.

Ғұмардың жаңа ер жеткен қызын алды,
Сыйлығын сол екеуі бөліп қалды.
Ашыдда аят бар Ғалы акғыфар,
Қолдады ғаділ Ғұмар пайғамбарды.

Ғұшманға екі бірдей берген қызын,
Өзі тұр дал нұрайын көрсөң жүзін.
Рухама расма биңум мадағы бар,
Жігіттер, жалған деме құран сөзін.

Ақыры шаңар йарының – батыр Ғалы,
Алыпты халалдыққа Бәтиманы.
“Тара кәм ракаға сужда” – деп,
Иад қылған құран ішінде тәнір, әні!

Арай. – 1997. - № 4. – 40-52 б.

“САРЫАРҚАНЫҢ КІМДІКІ ЕКЕНДІГІ” КІТАБЫНАН ҚАЗАҚ ЖҰРТЫНЫҢ ОСЫ КҮНГІ ӘҢГІМЕСІ

1

Сөз шықты біздің қазақ баласына,
Петербор келіңіз деп қаласына.
Кеңшілік ойлай берсең келе жатыр,
Сахараның көшіп жүрген даласына.

Жақсылар, өнер болса, енді аянба,
Қалмаңыз басқа жүрттың табасына.
Хұзыры патша ағызам рұқсат берді,
Халқының бас қосуға данасына.

Бұрынғы партиялық жұмыс қалсын,
Көңілдің бұл сыймайды аласына.
Бінтымақ, кеңеспенен болған істің,
Кірмесін араздығы арасына.

Қолың бос, өзің еркің не қылсаң да,
Қарайды әркім ойлап шамасына.
Пейілі патшамыздың кеңіп жатыр,
Алғайды бізді құдай панаына.
Құдайдың бір жарылқар уақыты келді,
Алаштың ұраны үш жүз баласына.

2

Айрылып қалып едік су мен жерден,
Куат-күш кеткеннен соң әрбір ерден.
Біреуі айрылғанның тау мен ағаш,
Мұлкінен шығып кеткен бәрі бірден.

Өгіз бен түйе мұрнын теспе деген,
Белгіні көріп едің әрбір түрден.
Аяқты бір басқанда екі есе ақша,
Жапаны тартып ең ғой көр мен жерден.

Есіктен кіре алмайтын қарашекпен,
Орынды қақ жарып кеп алды төрден.
Тұтқында сорлы қазақ қалмап па едің,
Қол қойып ак қағазға басқан мөрден.

3

Биылғы үмітті едік өткен күзден,
Октябрь он жетінші деген сөзден.
Жан-жақтан ұшпа бұлт көтерілді,
Қызғанып күннің көзін мұнды бізден.

Келді деп басына сот қорқытады,
Іліп ап бес-алты ауыз айтқан сөзден.
Жылаған алым үшін нашарлар көп,
Жас ағып, бейшара боп екі көзден.

Жыл сайын жат бұйрықтар зәрені алып,
Адасып қалып едік бұрынғы ізден.
Мақсұтқа шын түбінде жеткізуши,
Рахымын аяған жоқ құдай бізден.

Көз жасы жылаулының қабыл болып,
Мұсылман баласына тиді тізгін.
Ойға алсаң жақсылықты кеңеске кір,
Жүре бер, жақсылықтан қудер үзген.

4

Айрылған біздің қазақ Есілінен,
Өзінің болған емес кесірінен.

Жер-мұлқі шаруаның қызықты еді,
Койнында құшақтаған жесірінен.

Адасып осы күнде қазақ қалды,
Бұрынғы ата-баба рәсімінен.
Жылқыға керек жерге егін салып,
Жер жыртып, мұжық қалмас кәсібінен.

Жайлауы баратұғын тарылған соң,
Айрылды мал да, жан да несібінен...
Зынданда не шаңбаздар нахақ жатыр,
Ұлықтың қылған зорлық кесімінен.

5

Айрылған біздің қазақ Нұрасынан,
Атаның мекен салған мұрасынан.
Законды жылқышы мен қойшы білді,
Үйреніп мал қамайтын қорасынан.

Жұмысы партияның қуаттанды,
Қалың жүрттың жаман ырым жорасынан.
Ақша үшін аузы ашылған жүзқараның,
Сөзі жоқ айттар түзу турасынан.

Әртүрлі қысымшылық болып еді,
Сасқандай жүрт жаңылып тобасынан.
Халқынан мархабатты сөзін естіп,
Патшаны жүрт тастамас дұғасынан.

Орысқа мынау жерің керек десе,
Әркім-ақ жылап көшті ұясынан.
Ұлыққа бізден барып арыз айту,
Шыңдың да қын еді-ау қиясынан.

Ұлықтың ғұзырына қалам тартқан,
Айта алсаң болар ердің сиясынан.
Қазақтан баса-көктеп жер алуды,
Ғадет қып алып еді крестьян.

6

Кор болған біздің қазақ қолы жетпей,
Баруға басқа ұлыққа құны жетпей.

Жібермей тұншықтырып басуши бар,
Жүрген жоқ болмаса ат пен тоны жетпей.

Шарасыз, амалсыздан жүрген сорлы,
Көруге жақсы ұлықты көзі жетпей.
Алды кең мархабатты ұлықтарға,
Баруға басып қадам ізі жетпей.

“Сары алтын – сабыр түбі” деген сөз бар,
Тілектің жүрген екен кезі жетпей.
Көшпес кент, ұшпас тауық болып қазак,
Самұрыққа қарлықты ғой үні жетпей.
Қор қылып … қамап тастап,
Өлді ғой бір босанаρ күні жетпей.

7

Көресің жақсылықты көрмесен де,
Жүресің, кел, жет десе жүрмесен де.
Әркімге ғылым-білім керек дейді,
Білерсің бұрын байқап білмесен де.

Сүйінші жүрек жарып сұрап жатыр,
Құлерсің езу тартып күлмесен де.
Бұжолға қажет үшін беру керек,
Пейлің тар бұрын сараң бермесен де.

Соңынан жүрген ердің бәрің шұбап
Бұрынғы арсыздықпен ермесен де.
Құнына тұйғын құстың бағаң жетті,
Тауық бол бидай-тары термесен де.

Көруге көзің арман мекемеге,
Кірерсің бұрын барып кірмесен де.
Бұрынғы қысымшылық қапасынан,
Өлуге жақын едің өлмесен де.
Данышпан, ақылы дана керек дейді,
Жиылып бәрің бірдей жүрмесен де.

8

Айтқан сөз ғақылға сал жалған болса,
Немене естіп құлақ қанған болса.
Талабы талапты ердің қайда жатыр,
Әр тұста әркім хабар алған болса.

Оянбай әлі күнге қазақ жатыр,
Арыз хат басқа жерден барған болса.
Айтушы: “наныңыздар” деп айтады,
Бұл тілге мұсылмандар нанған болса.

Милионға табылмайтын ғақыл-кенес,
Бұлында жүз теңгелік арзан болса.
Қазақтың осы жүрген баласына,
Жетеді көніліне алған арман болса.

Болды деп не ғып бұлай ойламаңыз,
Шара не, бір құдайдан пәрман болса.
Халық-жүртты билеуші патша ағзам,
Халқына мархамат көз салған болса.

9

Мақсұтқа кім жетеді ойындағы,
Бұл шаруаң қатыныңдай қойындағы.
Ертіс, Нұра, Есіл мен Еділ, Жайық,
Мұсылман бұл бес өзен бойындағы.

Жерлер де мұнан басқа толып жатыр,
Жатырмын оңайды айтып ойымдағы.
Білмесен өз пайданды, бауырларым,
Тұра бер, тамағыңа тойын -дағы.

Ерінсең Омбы, Семей баруыңа,
Сал бексең ауыр батпан шойындағы.
Құр қалсаң қарап тұрып мархаматтан,
Азабың арылмайды бойындағы.

Базардан маған үйрек келеді деп,
Баладай алданбаңыз ойындағы.
Құдайдың беруі жоқ жай жатқанға,
Болмайды үйде отырып ойындағы.

10

Бір мың тоғыз жүзінші жылдан асты бес,
Бес түгіл көрді алтыны тірі кісі.
Тиеді құлағыма еміс-еміс,
Октябрь он жетінші манифесі.

Отырмыз, міне, марттың он бесінде,
Қазақтың дәнeme жоқ тіпті есінде.
Мархабат патшамыздан кендік бар деп,
Сөйленген бір сөз жоқ бол ел ішінде.

Орыстан біздің қазақ қойдай ықты
Манифест бар дегенді бүктеп тықты.
Бар деушіні жазалы қылған жұмыс
Әшкере бол ғаламға қайдан шықты?!

Тұңілді естіген жұрт мұнан таза,
Дәнене жоқ білмегенге, білгенге аза.
“Мәнифес бар” деушілер тұтқын болып,
Кесілді еш себепсіз оған жаза.

Бар құдай бізге жарық таңынды атыр,
Болар ек, атса таңың, біз де батыр.
Қазаққа құлақ пен көз болған ерлер,
Тұтқында білесіз бе, неден жатыр.

Мақал бар: “халық сүйгенді тәнірі сүйді”,
Деп едік бізге де бір дәурен тиді.
Патшаның мархабаты жұртына бар,
Деп айтам деп сарбаздар бекер күйді.

Қазағым, “өнер” – ұрлық-зорлық,
Қыласың бір-біріңе неге озбырлық.
Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,
Басыңа келген жоқ па талай қорлық.

Жиылыс, дума деген хабар шықты,
Қайратты ерлер барап оған мықты.
Бас қамын, жан пайдасын ойланыздар,
Тастасып партия мен араздықты.

Думада анық болды сайлау бары,
Құны асар артылғаның сонда шары.
Бәрі де бір ауызды болып жатыр,
Оянып бізден басқа халықтың бәрі.

Бостандық болмақ болып әр ұруға,
Бас қосты бір ауызды боп тұруға.
Бір қазақтан басқа жұрт ынғайланды,
Бірігіп өз жынысымен жұрт болуға.

Тауып ал, тұман тұспей тұстасынды,
Жолдас бол, сынап алып қостасынды.
Баласы дін-мұсылман ұрандастып,
Қосыл кісі санына, қос басынды.

Партия болысады қоймадың ба,
Бұл істен көбің басты жоймадың ба?!
Телміріп әр есікке тентіреуден,
Жалығып өмірбойы тоймадың ба?!

Ашылмай басымыздан тұман басты,
Сол үшін жол таба алмай жұрт адасты.
Мың сегіз жүз сол алпыс тоғыздан соң,
Кор болып болмадың ба аяқасты.

Даярлап күнде алдыңнан қакпан-торын,
Шыңырау ғып сексен құлаш қазған орын.
Құранды қор, моланы бордай қылып,
Тырысты сөндіруге ислам нұрын.

Арзан боп құран құны болып тыын,
Бас қосар ғамалға да болмай жиын.
Орысша тіл білгенді жүлдyz қылып,
Жоқ қылды шариғаттың құрмет-сыйын.

Мешітті сұлтау қылып жауып тастап,
Сала алмай қазақ мешіт қайта бастап.
Кітапты чиновниктер жинап алып,
Жылаған күндер болды-ау көзді жастап.

Мешітті “ас үй қылды” молда сасып,
Көрген соң чиновникті құты қашып.
Кітапты тиеп алып шанасына,
Астына сол к...ің алды басып.

Деп айтшы, кәне, өтірік, мұсылмандар,
Паналар жер таппады-ау қысылғандар.
Есіл “Аят хадисты” сөйткен шақта,
Денеде құр шықпаған қалды-ау жандар.

Тұл болды ерік алумен қыз бер қатын,
Міне алмай әркім баптап бір-бір атын.
Меншіктеп мекенінді крестьян,
Не дейміз қорлық демей мұның атын.

Байланып қорыққандықтан жүрді тілім,
Қазағым, қайран жұртый, халқым, елім.
Мұжық кеп, қара шекпен крестьян,
Жерінді қылмады ма тілім-тілім.

Көкорай көк шалғыннан еріксіз айдал,
Қолыңды құрыттың шаңға байлап.
Нақақ жала жабысып басың кетіп,
Жылап ең жағанды ұстап “я құдайлап”.

Ағады күндіз-тұні көзден жасым,
Түйіліп тамағымнан ішкен асым.
Қажеті аз тірліктің өз басыма,
Кісіге керек қылған, міне, басым.

Көре алмай жарық сәуле танды көзім,
Қартайдым қараңғылық тұманда өзім.
Әткен күн, жасаған жас бар, аман бол,
Артымда бес-алты ауыз қалсын сөзім.

Асқынды болып жара-жауырларым,
Тіпті жок жазулы істі ауырларым.
Бірлік қыл, басыңды қос, пайданды ойла,
Қазағым, қайран халқым, бауырларым!

Халық қылып атандырды бізді қазак,
Ертелі көп жүрт емес, өзі де аз-ақ.
Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,
Барасың көрінгенге болып мазақ.

Орынсыз мал шашасың сасқаныңдан,
Қасқырға қарай үркіп қашқаныңдан.
Құдайдың жақсылығын көтере алмай,
Кез болдың да бір асып, тасқаныңдан.

Береке, кетпес пейіл асында тұр,
Үлгі алсан үйретуші қасында тұр.
Далаға білмей өзің қаңғырасың,
Құдайдың жақсылығы басында тұр.

Сенде тұр жылқы мен қой, сиыр, түйе,
Бұлақтай саулап тұрған сұтті бие,
Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,
Басыңа малыңменен әркім ие.

Айрылдым дәл он бесте ғақыл-есте,
Жабысып бір дауасыз ауру түстен.
Көпеев Мәшүүр Жұсіп ғайыр муафық,
Жасының үш жылы асты тоғыз “бестен”.

*Көпееев М.Ж. Таңдамалы.— Алматы: Ғылым, 1990. – 1-т.
Өлең, қисса, мысалдар. - 55-71 б.*

НАСИХАТ ҮЛГІЛЕРІ ҚОЛЫМА ҚАҒАЗ, ҚАЛАМ АЛАЙЫН Да

Қолыма қағаз, қalam алайын да,
Лапылдалп тал отындай жанайын да.
Естіген, көргенімді әңгіме ғып,
Дүниенің базарына салайын да.

Бұл жалған қанша қусаң, ақыр – өлім,
Аларсың бір сыбаға онан тыйым.
Дүниеде өзің өлсөң, сөзің қалсын,
Сөйлеп қал осындайда, қызыл тілім!

Тұған күн ертеңменен кешке батар,
Саудырап он саусағың көрде жатар.
Бұл дүние тынымы жоқ ескен желдей,
Қаңбақтай бір күн еріксіз домалатар.

Кетесің бұл жалғаннан еріксіз өзің,
Құйылған құмға толар екі көзің.
Жылқыдай жау айдаған кетсең жытып,
Қазылған жолдай болып қалсын ізің.

Сұм жалған қызығына жүрмін тоймай,
Мінезді жастықтағы әлі қоймай,
Ап кетсе абайсызда ажал бір күн
Жүргенде біз далактап күліп-ойнай.

Боламын кейде жүйрік, кейде жорға,
Бұл дүние көп қуғанмен түспес қолға.
Байланып арқан жіпсіз аяқ пен қол,
Кете алмай жүргенім ғой ұзақ жолға.

Басыма қыла алмадым пайдалы істі,
Жұмыс пен ылғи залал өмірім кешті.

Пенденің ойлағаны болған бар ма,
Алланың әр не қылса, әмірі күшті.

Дүние-ай, талмай қып жете алмадым,
Нәпсімен болдым даулы, біте алмадым.
Мойыныма үзілмейтін арқан түсті,
Қайрат қып, үзіп тастап кете алмадым.

Табылды өз бойымнан екі дүшпан,
Біреуі іштен болғанда, бірі –тыстан.
Есте жоқ алтын, күміс тілін білген:
Корытып айырып алар бізді мыстан.

Салымыз болған біздің лай балшықтан,
Бар қылып жаратқан Хақ бізді жоқтан.
Біз жүрміз тазаланып, арыла алмай
Нажасат үстімізге жүққан боқтан.

Қалыпқа, ұста қойса, кірпіш болдық,
Қаланып қой қораға тас боп тұрдық.
Ең іске жарағанда болдық қора,
Мұнымен бұжырғанда қалайша ондық?!

Лай болып, басылмадық қырық күн ұдай,
Сылдырлап шығар едік ақ шыныдай.
Базарда қымбат пұлға өтер едік,
Қайтейік жазбаған соң патша құдай?!

Кен болып, бола алмадық мыстың тасы,
Хайуанның болып жүрміз бергі қасы.
Мыстан – күміс, күмістен – алтын айырып,
Табылса, алар еді-ау ол ұстасы!

Тұспек ек, алтын болсақ, қолдан-қолға,
Керек қып алар еді әркім пұлға.
Дәнемеге жарамай қалғаннан соң,
Қосып, шатып жүрміз ғой тұзды сорға.

Темір болсақ, дүкенге тұспес пе едік,
Көркейіп бұрынғыдай өспес пе едік?!

Пышақ, балта, қанжардың бірі болып,
Болаттай кез келгенде кеспес пе едік?!

Болмадық тым болмаса қара темір,
Ерітіп ағызбай ма қызған көмір?!

Қолында көрінгеннің қайрақ болып,
Таусылып қоршылықпен өттің өмір.

Біз журміз үкі құстай, құзетіп бок,
Алады кім көрінген бір-бір тал шок.
Қызығып жүнімізге қылады әуес,
Ол жүннің өзімізге пайдасы жок.

Көреміз үйтіп-бұйтіп күнімізді,
Шығармай жұрт естір деп үнімізді.
Күндіз ұшып жүруден бой сақтадық,
Алған соң әркім жұлып жүнімізді.

Сықылды менің сөзім қызыл тұлкі,
Қызықты тұлкіден де ажар көркі.
Үстіңен – құс, астынан ит жүгіртіп,
Тамаша көрген жандар қылар құлкі.

Пайда жоқ бір тынданай басымызға,
Сауыскан, қарға үймелеп қасымызға.
Жүзінде жалған дүние түк бітірмей,
Өткіздік өткен өмір – жасымызға.

Жалғаннан қыла алмадық біздер пайда,
Ойлаған жанның қамын сабаз қайда?
Түні өтіп, бұжалғанның таңы атқан соң,
Белгісіз боларымыз қандай жайда?!

Бұдүние – айсыз бұлт, қараңғы түн,
Жалған сөз ер жігіттің бойына мін!
Жалғанға жетемін деп куа берсен,
Таң атып, жарық сәуле, шықпайды күн!

Жаяудың қанша жүрсе, шықпас шаны,
Асырауға көнбес мал боп түздің аны.
Көрерсің өз бойынды өзің сонда,
Жарқ етіп ақыреттің атса таңы.

Біраз күн бұжалғанға алданарсың,
Дүниені өтпес біліп малданарсың.
Күн болса құдай алдын бір көретін,
Біле алмай қайтерінді сандаларсың.

Қыл көпір қияметтің қылдан тайғақ,
Періште төрт мұқарраб баар айдал,

Кол-аяқ куә болып қылмысыңа
Шығады өз денене сегіз айғақ.

Жүргейсің бір құдайды ойыңа алып,
Алдына мөлиерсің еріксіз барып.
Жан беріп мұндағыдай жалған сөйлеп,
Шараң жоқ құтылатын онан танып.

Өлген соң тірілу жоқ, әркім білер,
Дүниеде не қылғанын сонда көрер.
Құдайым фазылына алып ондамаса,
Қылышқ жоқ бізде орынды жөнге келер.

Сарғайдық, көп ойласақ, санаменен,
Күйдірмес бізді өтірік жаламенен.
“Тар жол, тайғақ жерлерге” қыстырылмай,
Жүрейік жазы жапан даламенен.

Алланың қаңарынан раҳматы көп,
Күн бұрын таусылмайық біз уайым жеп.
Жалғанды қызықпенен өткізейік,
Құрайық әрбір түрлі әңгіме кеп.

Біз үшін жаратыпты бұж жалғанды,
Демейді онша жақсы құр қалғанды.
Жаратқан пендесіне тәнірім қорған,
Қылып өт, бозбалалар, ойға алғанды.

Шэйт қыл, қыра құстай аспанға ұшып,
Жалғанды басып, жаншып, судай кешіп.
Мылтық ат, тазы жүгірт, қаршыға сал,
Жүйрік пен, келсе шаман, сұлу құшып.

Кетпендер ішке сақтап арманынды,
Істеп өт жалғанда ойға алғанынды.
Өлген соң, болсаң қанша, кім біледі
Басында қай төбенің қалғанынды?!

Бозбала, тірлікте ойнап-күлсін,
Көзге түс, әр іс қылып, халқың көрсін.
Ат шығар әр нәрсенің басын шатып,
Аузында дос-дүшпанның атың жүрсін.

Дүниенің базарында арзан нарқым,
Болса да нарқым арзан, қымбат даңқым!

Қадірім жоқ тірлікте ағайынға
Өлген соң: “Атың нендей” – дерсің халқым!

Қадірім жоқ күнде көрген ағайынға
Ағайын сатып, алтын алайын ба?
Бәйгеге бабым тауып қосар жан жоқ,
Лағып айдалаға шабайын ба?!

Қадірден қалдың ашына, танысымнан,
Жасымнан шыққан жұртқа дабысымнан,
Тұғыры айырбастың сықылданым.
Айырылып жас шақтағы шабысымнан.

Тұрады топты көрсем, бүйірім қызып,
Делебем айғай шықса, кетер қозып.
Алдыма ұзап түсіп бәйге алған жоқ
Бір басты, екі аяқты менен озып.

Бозбала, жүрген жерім күнде жиын,
Тауыстым ойлай-ойлай бастың миын.
Қатыннан енді мендей ұл туғанмен,
Шығуы Мәшіүр болып болар қын.

Біздерге бұл өнерге берген құдай,
Бола алмас кейінгі жан бұрынғыдай.
Сегіз қыршар тарап түгел келіп,
Әркімге Мәшіүр болу болмас онай.

Жұрт айттар: “Біздерге ондай болу қайда
Әңгіме болып жүрген әрбір жайда?!
Қоңыраудай құр сылдырлап, іште дән жоқ,
Жерім жоқ Мәшіүрліктен көрген пайда!”

Сыртым сау, өртенемін ішім күйіп,
Жасымнан еркелеткен халқым сүйіп.
Заарлы адамзатқа тікендеймін,
Соқтығып көргенге сөзбен тиіп.

Болмадым көлеңкелі, миуалы ағаш,
Сүйсінген дабысыма тамам алаш.
Барады басым жерге иілместен,
Сықылды қаттылығы емен ағаш.

Ағашы бола алмадым өрік, мейіз,
Бал мен қант ләззатындаі сөйледім сөз.

Жарқырап топтан озып бәйге алғанмен,
Ағалар, шықпайды екен екі мүйіз.

Бұлбұлдай заманымда жүрдім сайрап,
Барады өнер шіркін іште қайнап.
Дүниеде қанша дәурен сүргенменен,
Жатармыз бір төбенің басын жайлап.

Қызыл гүл, не пайдаң бар толғаныңмен,
Күз болса, жұмысың жоқ солғаныңмен.
Мәшүрі ақыреттің бола алмасаң,
Не пайда бұл жалғанда болғаныңмен.

Алашқа болған таныс жазған хатым,
Ұрғыным Сүйіндік пен, қазақ затым,
Болмаса ақыретте бір пайдасы,
Құрысын елден бұрын Мәшүр атым.

Білмедім мен залалын ол басынан,
Сөйледім әрбір сөздің жобасынан.
Көпке ортақ қызыл тілді аямадым,
Үміт қып дін қарындағасынан.

Сөз білген соң сөйлемей қалу айып,
Корқамын кете ме деп аяқ тайып.
Белгісіз не боларым мұнан былай,
Тілеймін көптен дұға қолым жайып.

Не болар мұнан былай бұл кәріп бас,
Әркімге бола бермес екі елу жас.
“Халықтың тілі, құдайдың қаламы!” – деп,
Қылыштар жақсы лепес, дін-қарында.

Елек қойып болмайды ел аузына,
Өлеңім, бірте-бірте кел аузыма.
Иншалла, жүрсем аман, болман жаман,
Ілінсем жақсылықпен ел аузына.

Әрқашан үмітім бар жақсылықтан,
Жас едім, қариялардан кенес үққан.
Аузыма қызыр бабам сөз салған соң,
Сөз қылып жаза бердім бардан-жоқтан.

Өнерім сөз сөйлесем, судай тасқан.
Сөзім бар тасқандардың көнілін басқан,

Мұбәрак ғазизлардың көрдім жүзін,
Жерінен жүрген-тұрған шайтан қашқан.

Әркімнің, айтқан сөзі, көңілін ашқан,
Кітапқа жанасалап жақындасадқан.
Аяғым, кете көрме жаман жолға,
Қыдырдың қыдырғанда ізін басқан.

Сөзімде, кешіріндер болса хата (қате),
Біздерге дарып кеткен өлеңші ата.
Болсам да мұнан былай өлі-тірі
Үмітім – баршаңыздан жақсы бата!

Қылсам деп үмітім жоқ дүние пайда,
Біздерге өткен дәурен енді қайда?!
Қылсын деп құдай рахмет, етініздер,
Белгілі жүрт білетін қалсам жайда.

Жүргенмен не бітірдім тірі болып,
Көңілдің тазармаған кірі болып.
Коршылық мұнан артық болсын қандай,
Қалған соң көп моланың бірі болып.

Сайраған көңіл ашып қызыл тілім,
Көтерген еркелігім қайран елім!
Қыламын бұжалғанда нені арман,
Тіріден болса артық өлген күнім?!

Түзелсе әуреліктен ақыр соңым,
Бұл күнде бірдей бол жүр бары-жоғым.
Болам деп мұнан былай әлдеқандай,
Қанша айтып жатқанымның бәрі – өз мұңым!

Оянбас сүм жүрегім үйықтап жатқан,
Күнәға мұңлық басым күнде батқан.
Әткіздім ұзын түнді үйқыменен,
Малдай бол бауыздалмай арам қатқан.

Құдайға жыламадым ерте тұрып,
Қақпалап, мініп лағын, мойынға ұрып.
Пайдасыз лағу сөзбен күн өткіздік,
Беталды үрген иттей түзді қорып.

Аллаға біз қылмадық жағар істі,
Қап-қара күйеден де қылдық ішті.

Он бес пен жиырма бес, ол – денсаулық,
Бадырайып жас жеткен соң көзге түсті.

Өткіздік екеуін дे қадірін білмей,
Енді жұрт кімге құлсін, бізге құлмей!
Бәрі де туған жанның өліп жатыр,
Тұрсын ба енді нәубет бізге келмей?!

Білеміз өлуді анық, жабдығы жоқ,
“Әлі көп жасаймыз!” – деп көңіліміз тоқ.
Коңыздай кетсек бір күн домаланып,
Бейнетпен, қалар тегіс, жиылған бок.

Құдай-ау, алдандырдың бізді жоққа,
Мұнша құмар қып қойдың дүние боққа.
Есі енбеген баладай ұмтыламыз,
Жан үзіп, жанып тұрған қызыл шоққа.

Өткіздік ойынменен балалықты,
“Мұртқа өкпелеп жүргендеге сақал” шықты.
Бір дұшпан иегімнің қақ астында,
Соңымнан қайда барсам қалmas тіпті!

Адамға үлкен дұшпан – жұтқын тамак,
Үлкен жау, ұйықтамасаң, болар қабақ,
Тығынын бір тесіктің толтырам деп,
Күнәні үсті-үстіне жүрміз жамап.

Адамға күнә қайдан?
Көз бен тілден!
Қанғырып әуре болдық іздең елден.
Көрген көз, сөйлеген сөз – бәрі күнә,
Іздеуге қажет емес бөтен жерден.

Қайтпадық тәубе қылып жасымыздан,
Ақымақтық талай көшті басымыздан.
Бір жакта күнә деген жүр ғой десек,
Табылды өзіміздің қасымыздан.

Құлуші ек бала күнде сақалы акқа,
Аяңдал біз де келдік өлер шаққа.
Баяғы бала күнгі ойда жүрміз,
Жіберіп көңілімізді әр тараңқа.

Жас жетіп, ер ортасы болдым өзім,
Тәубені, өтіп кетті, қылар кезім.
Бала-шаға, көр-жермен айтысамын
Астына иегімнің түспей көзім.

Жас күнім өтіп кетті ақ алмастай,
Күн болды іздесек те, таба алмастай.
Кеткен жас, ағарған шаш есепке алмай,
Ойнаймыз жастарменен замандастай.

Мінезді бозбалалық қайта бастап,
Былғадық адамдықты мұнша ластап.
Әмір, Мағрұб орнына өсек айтып,
Әр жерге төрт-бес ауыз өлең тастап.

Құдай сөзі – құранды қойдық жауып,
Келін-кепшік, көр-жерге көңіл ауып,
Азан үшін шайтанның жаратылған
Бір итті өлең деген алдық тауып.

Дүниеден озамыз деп, көп жарыстық,
Жетпесті мұнша қуып арпалыстық.
Шақыртып әр жерде азан шайтан үшін,
Біз-дағы пособлять қып ат салыстық.

Жері жоқ бізден жастық мінез қалған,
Жетеді іздегенге шын ойға алған.
Жүгіртіп көз сонынан көнілімізді,
Біз журміз көрмей дамыл, қуып жалған.

Шындыққа баса алмаймыз жұма алмай көз,
Тоқтармыз болған күні көлігім бөз.
Алсын деп бізден ғибрат естіген жан
Жатырмын сөйлеп жұртқа әртүрлі сөз.

Әңгіме кімнен шықсын, менен шықпай?
Айтқанмен, құр қаласың көбің ұқпай.
Сөз қылып барды-жоқты жаза бердім
Үқыласты қарындастың көнілін жықпай.

Болмағың жақсы-жаман әуел бастан,
Белгілі ат болары құлын жастан.
Өң беріп, жылтыратып ысканменен
Болғанын көрдің бе айна қара тастан?!

Қара тас ең болғанда қайрақ болар,
Балта, шот, пышақтарды қайрап болар.
Дөңгелек диірменге шарық болып,
Ұндаі қып көрінгенді шайнаап болар.

Ай орнын аспандағы бұлт алып,
Орнында дүр гауњар су тас қалып.
Құр тікен, қызыл гұлсіз, қоға түсіп,
Ауызға қант орнына заңар салып.

Береке, мейір, шапқат болды ұмыт,
Күн бұрын күдер үзіп, көнілің суыт.
Жақсылар ай сықылды – бәрі кетті,
Аспандап жүрген жанның бәрі – бұлт.

Есекті сасқаныңнан дейсің тұлпар,
Бәйге аты боламын деп өгіз іңкәр.
Аспандап ұзак қарға ұшқанменен,
Бола ма қыран болып, лашын, сұңқар?!

Келмейді өткен өмір жоқтағанмен,
Түк өнбес ұрып, соғып боктағанмен.
Жолаушы жол ұстінде көрмес хызыр,
Далаға отсыз, сусыз тоқтағанмен.

Дүниеден, шапқан аттай, өткен өмір,
Қарақшы – көрдің басы – бәйгелі жер.
Кім озып, кім қалады – мағұлым емес,
Бәйге алсаң сол жерде озып, болдың ғой жыр!

Өмірді қымбатқа алған арзан саттық,
Жастықтың қадірін білмей босқа жаттық.
Күнәні – арзан, сауапты қымбатсынып,
Обалға белшемізден күнде баттық.

Біле-көре білместің қылдық ісін,
Қайта-қайта айтамыз оның несін?!
Бір оңай сөз айтуға тауып алдық:
“Құдай өзі әйтеуір құлым десін!”

Тұқым салмай, алар ма егін орып,
Кім балалы болыпты бойдақ жүріп?!
“Еккен орар, – деген сөз, – берген алар”,
Көрдің бе бәйге алғанды қарап тұрып.

Тұн болса, белгілі түр бір жатуы,
Үміті барша жанның – таң атуы!
Тұсіне сәтенсіздің бөз енеді,
Әркімнің жақсы көрер бір татуы.

Ит сүйекті тұсінде кеміреді,
Шөлдеп жатқан айнымай су көреді.
Тұсіне саудагердің ақша кіріп,
Ояна сап базарға жүгіреді.

Ішпек, жемек, ұйықтамақ, қатын құшпак,
Біреуі тері уқалап, біреуі – пұшпак.
Мал, бала, мәртебе деп, алас ұрып,
“Алдымда, – ойламайды – бар деп – қыспак!”

Біреу – жылқы, алданып біреу қойға,
Теке сеніп сақалға, түйе – бойға!
Әркім сеніп өзінің сүйгеніне,
Бұл күнде алмай кетті құдайды ойға.

Өнерге ұмтылмайды, ғылым, білім,
Сол үшін басқа жүртқа болдың тілім.
Кеңірдек талай-талай келіп еді,
Қайтейін: “Бөтені жоқ, бәрі өз елім!”

Аралас әр түрлісі адамзаттың,
Көп жүрдік біз ішінде бөтен-жаттың.
Төбенде көтерерсің қазақ сорлы,
Әрине, бірі болсам, ноғай, сарттың.

Айыбым: мен де өзіндей болдым қазақ,
Көп болмай, бола қойсын ақылым аз-ақ!
Аласың кімнен бәйге мұнша аптығып,
Өлеңмен қылғаныңмен мұнша мазақ?!

Қара жол әркім жүрген қалар жатып,
Көшпейді күні жетсе, кім тұн қатып?!
Құдайдың өзі берген бір нәубеті,
Ешкімнен алғаным жоқ өлең сатып.

Мергендер тұздегі анды алар атып,
Сілесі, қолға тұсер, әбден қатып.
Саф жауңар, асыл болат, өткір қылыш
Тот басар сурылмастан қында жатып.

Ерімес қалған көніл мұздап, қатып,
Жасытып тастаған соң жабырқатып.
Бір делдал қолына алып, қыдыртпаса,
Сандықтан шықпаған пұл қалар жатып.

Қымбатқа жолай алмас әркім батып,
Білерсің бал екенін көрсөң татып,
Киын-ды жеткізуің бағасына
Өзінді базар салып, өзің сатып.

Бейнетің қанша қылған жанбаған соң,
Кім көреді базарға салмаған соң.
Жез де бір, алтын да бір жерде қалса,
Қадірлеп ешкім қолға алмаған соң.

Мүйіз жүр насыбайға шақша болып,
Көркейер қорғанды жер бақша болып,
Қадірлеп жұрт қолына алғандықтан,
Қағаз жүр алақандай ақша болып.

Тастанды жазып құдай жолдарыңа,
Қарайсың онды қойып, солдарыңа.
Бірі де көп нәрсенің жерде жатқан
Керек қып алмаған соң қолдарыңа.

Қызығы жаңа жүрттың бір-екі-үш күн,
Жеңсігің жеріген соң, келер көшкің.
Пайдасын сыртындағы керек қылмай,
Суынан ішіндегі келеді ішкің.

Сөзімді тыңдай берсең, тарқар шерің,
Кетеді тазаланып ішкі кірің.
Ішіне осынша су сыйған ыдыс
Керек деп ойламайсың бір де бірің.

Бұлбұлды танымайсың тұрған сайрап,
Атасың торғай ғой деп, таспен байлап.
Таусылмас бұл не қылған су демейсің.
Бұлактай ағып жатқан көзі қайнап.

Аман жоқ, арық та жоқ он айналған.
Бәрі де қиын істің оңайланған.
Бұзылып, әсіресе, біздің заман,
Көлдей боп қой тоғытқан ылайланған.

Қылғалы шамға білте мақтаны алар,
Алғанмен майсыз мақта қалай жанар?
Жауын мен жел тиетін жерге қойсан,
Саулап жанып тұрғанмен, сөніп қалар.

Дүкеннен жаңа шықкан мен бір макта,
Бозбала, жағып қара, майым тап та.
Тұнінді күндіз қылып жіберейін,
Жаңбыр мен жел тимейтін жерге сақта.

Көбінде бас болғанмен, ақыл бар ма,
Ісінде ойлап тұрсам, макұл бар ма?
Жіп қылып, ұршыққа иіріп, зырылдатып,
Кез болдым уқаланып қатындарға.

Қолынан қатындардың алмайсың ба,
Лайы жоқ, тұнық суға салмайсың ба?
Майымды көп қыл-дағы, жағып қара,
Тамаша жарығыма қалмайсың ба?

Жатырмын айтып мұны қауым көпке,
Жаманға жоқ, жақсыға біздің өкпе.
Ұялмай не бетінмен сөйле дейсін,
Ұршықта келеп болып жүрген жіпке?!

Келеді жаңа ашылып сөздің жігі,
Шаршап жүр ауыр болып артқан жүгі,
Иесін тауып таққан соң қарағайға
Сейлейді қандай онды қойдың шегі?!

Сөйлетер бір кісім жоқ бабым тауып,
Бағатын желпіп күтім, кежім (кемім) жауып.
“Шауып ал аяғынды, ақса!” – дейді,
Бәйгеге қара қарын тоқтай шауып.

Бермен қайт, шырқап, көнілім, аспандамай,
Іше бер адад болса, ас тандамай.
Аяғым, қара жерді ойғандай бас,
Жабырқап, сүйретіліп, ақсандамай.

Ер ме едім қажитұғын қара сөзден,
Ұшқары ендігі үміт біздің бөзден.
Табам деп жұпар иісін, әуре болма,
Малманың шелегіне жатқан бізден.

Өмірімде ұйықтап өттім, болмай ояу,
Көп артық жаман аттан жүрген жаяу.
Кісіге күтіп кимес киім болып,
Өң берген неше түрлі кетті бояу.

Ғибрат көп жағынан біздің хатымызда,
Бір лақап қосақталған атымызда.
Дәнене жоқ бойымызда іске жарап,
Асылдық болмаған соң затымызда.

Мәз болып, езу тартып күле алмаймын,
Ажалсыз асыққанмен өле алмаймын.
Білмеймін өлі екенім, тірі екенім,
Өзімді-өзім айырып біле алмаймын.

Жүремін есептемей, аманмын деп,
Айта ма есек өзін “наданмын” деп.
Жұрт көзіне түсуден бой сақтаймын,
Ешкімге керегі жоқ жаманмын деп.

Биікке бой өсе ме асылғанмен,
Жан сақтап, бойды аулаққа қашырғанмен,
Түсерсің, жақсы болсан, жұрт көзіне,
Жоғалмай, қанша өзінді жасырғанмен.

“Мен сондай жақсымын!” деу жарамайды,
Бойыңа кісі ақысы тарамайды.
Аспандап ұзак қарға ұшқанменен,
Оған жұрт керек қылып қарамайды.

Тұрағы биік шында болған сұңқар,
“Шығады жүзден жүйрік, мыңдан тұлпар”.
Тұсуі ел көзіне кем болған соң,
Солардың естіген жұрт атына іңкәр.

1899 – 1922 жж.

*Көпейұлы М.-Ж. Көп томдық шыгармалары. – Алматы:
Алаш, 2003. - 1-м. - 146-161 б.*

* * *

НАҚЫЛ ӨЛЕҢДЕР БЕС ҚЫМБАТ

“Ең әуел керек нәрсе – иман” – деген,
“Ақырет істеріне (ишларына) инан!” – деген!
“Күдай кешір!” – дегенмен, іс бітпейді,
“Иман шартын білмесе, есен (ибан)” – деген.

“Екінші керек нәрсе – ғақыл” – деген.
“Ғақылсызда таупық жағы (шағы) тақыр!” – деген.
“Аз іске ашуланып, дінін бұзар,
Иманын кәпірлікке сатар!” – деген.

“Үшінші қымбат нәрсе – сабыр” – деген,
“Сабырлысы мұратын табар!” – деген.
“Әр істе сабырсыздық тәубе-зорлық,
Сабырсыздық басқа пәле салар!” – деген.

“Төртінші, қымбат нәрсе – шүкір” – деген,
“Нығыметке шүкірсіздік – күпір” – деген.
Жатқан жерден: “Күдай кешір!” – деген – қорлық,
“Себеп іздең тұра жолмен жүгір” – деген.

“Бесінші қымбат нәрсе – әдел” – деген,
Әделсізде иман тұру ғажап!” – деген.
“Кәпірлік – әделтіде тұрмадандай,
Әдел деген махаббатқа себеп!” – деген.

Мәшүүр-Жүсіп Көпееев. – Павлодар, 2003. – 107-108 б.

ДАУАСЫЗ ДЕРТ

Ағайын барды күндең көре алмайды,
Жоқ болса, жомарттық қып бере алмайды.
Кәнеки, бермегенің сол емес пе,
Білмеген-білген тілін неге алмайды?
Екі көз бір-біріне дұшпан болып,
Болса да қандай жақын сене алмайды.
Ұрысса қатын-бала әлдеқандай,
Үйіне бір-бірінің ене алмайды.
Өмірі итжығыспен бара жатыр,
Белгілеп бірін-бірі жеңе алмайды.

Көлденең ағайындар дәлелат қып:
“Бұзылма сендер бүйтіп!” дей алмайды.
Бастаса пайдалы іске біреу шығып,
Сонына көмек беріп ере алмайды.
Мал беріп жамандықты тек алмайды.
Арада бұзықшылық өрті жанса,
Құйса да топан сұын, сөне алмайды.
Әуре боп, бірін-бірі жоғалтам деп,
Татулық, ынтымаққа келе алмайды.
Дау десе, жаны құмар бейшараның,
Онымен ешбір нәрсе өне алмайды.
Аударып ақ пейілін бұзықтыққа (бұзықлыққа),
Жүре алмай түзулікпен, оңалмайды.
Береке кәсібінде болмаған соң,
Түзеліп еш шаруасы оралмайды.
Біреуі біреуінен артық болса,
Бір-бірін ілтипатпен тең алмайды.
Дүшпаны сырттан болған жесе-дағы,
Онда да тізе қосып келе алмайды,
Жамандап бірін-бірі мұқатса да,
Ешкімнен “Мұның жөн!” деп шен алмайды.
Майда бол, жігіт болсаң, тал жібектей,
Жақсы емес қатты болу тікенектей.
Ғылымың болса-дағы ұшан-теніз,
Пайда жоқ: өз халқыңа қызмет етпей!
Көрген мен көрмегендеге көп парық бар,
Ашылmas жігіт адам сыннан өтпей!
Лайықсыз ерсілікке арандама,
Әр істің мазмұнына көзің жетпей!
Ғибрат ал: жақсыларға жақын жүріп,
Қаша гәр жамандардан аулақ шеттей!
Не нәрсе талаптансаң табылады,
Опа жоқ: ер жігітке жапа шекпей!
Самалы (мысалы) әрекеттің (харакеттің)
сол сықылды ,
Алмассың егінді орып, тұқым сеппей!
Пайданды жақсы болсаң көпке тигіз,
Жатырқап еш адамды сыртқа теппей!
Кезінде кезең жерден қосылып қал,
Бәйгеге ұлы дүбір қалма ілікпей!
Мақсаты асыл (хасыл) болып ойындағы,
Алла қәм ер тілегін макул еткей!

Түгелі кемесіне мініп шыққан,
Ғылымның тәлиптерге (тәлиблерге) нұрын төккей!
Аз біліп, көпке ғашық болғандардың
Ләззаты таңдайынан жүрер кетпей!
“Қанағат, көп білдім!” деп айтпа өнерге,
Көре бер басқалардың азын көптей.
Жасында қалсаң макрұм, сан согарсың,
Куарып қурай болып, қалма көктей!
Шалқайып үйде жатсан, дәнeme жок,
Сарп етіп жытың дейін (дыбын) малды төкпей!
Таппасан дертке дауа, ғазизларым,
Надандық дауасы жоқ ауыр дергей!

*Көпейұлы М.-Ж. Көп томдық шыгармалары. - Алматы:
Алаш, 2003. - 1-том. 95-96 б.*

* * *

БҰЛАҚ КӨЗІ

Шығады “асыл – тастан, өнер – жастан”,
Тәrbие тәуір болса әуел бастан.
Мысалы ғылым таппақ сол секілді:
Бұлақтың бітіп жатқан көзін ашқан.
Жігітке талаптанған жүз мың рахмет,
Әрқайда сен білгенің ырзық шашқан.
Жаны ашып нашарларға қызмет етіп,
Салса егер тұзу жолға, болса адасқан.
Халық үшін жанын қып шыққан болса,
Қайырлы әр қадамы болсын басқан!
Көрсетіп тар орынды таудай қайрат,
Құтқарса мұқтаждықтан, болса адасқан!
Қазақ қор болар ма еді, көп болса егер,
Шаьбаздар осы айтқандай өнер асқан?!
Немене бұл күнгі хал ойлап тұрсақ,
Жақсы жоқ өз басынан пайдасы асқан!
Азырақ дәulet біткен кісі болса,
“Мен баймын, сен кедей!” деп, мал санасқан.
Болмаса бірлі-жарым талапкерлер,
Жігіт жоқ өнерпазбен бір жанасқан!
Үмітсіз (немматсыз) байланамыз, бәрі надан,
Мұхираб сан жәрдемнен аулак қашқан.
“Анау артып, мен кейін қалам ба?” деп,

Өзімен-өзі күншілдікпен құр таласқан.
Молдалар пайдалы іске үағыздамай,
Керексіз ұсақ сөзбен бақталасқан.
Құзғындағы қызыл көрсө баар жетіп,
Кісіні көрсө билер бір дауласқан.
Бойында әділдігі ұмыт қалып,
Билікке сөз сөйлей ме жаза алмастай?!

Уа, Алла, көзім көрді мұның бәрін
Наныңыз жалған демей, шын растай!

*Көпейұлы М.-Ж. Көп томдық шыгармалары. – Алматы:
Алаш, 2003. - 1-т. - 96-97 б.*

ӨНЕРПАЗ

Өнерпаз қара жерге салар қайық,
Жаңаннан алар тағылым, қанат жайып.
Әр жердің тамашасын көзбен көріп,
Жастықта сайран етер болып гайып.
Тұрғанда бойда қуат, жүрген жақсы,
Аяғың бір күн қылдан кетер тайып!
Басынды тауға да сок, тасқа да сок,
Отырып қалмай үйде қыңырайып.
Жүргеннен тіпті қарап пайдалырақ
Бір әріп (харып) сөз үйренсең, кітап жайып.
Тамшыдан тама берсе, дария болар,
Кетпей ме ақырында бір молайып?!

Қылжақтап екі ауылдың арасында
Не пайда жүргендерінен құр сорайып?!

Бас болып, өнер білсең, тіпті жақсы,
Тамаша болдың жігіт таңғажайып.
...Білгеннің жүрген жері – бәрі жарық,
Жоламас кем-кетіктік оған айып.

Бұларды айту – бізден, ұсташа – сізден,
Ыңғайлы, ұлғі аларлық тұрсан лайық.
Көзіңе көрінгеннен ғибрат алсан,
Ғаламға болдың өзің Еділ-Жайық.
Дариядан көз жеткісіз өткізетін
Боласың өзің кеме, өзің қайық.

Қызға айтып келейіндерге байқатамыз,
Түс ашып, сол солай деп не қылайық?!

*Көпейұлы М.-Ж. Көп томдық шығармалары. – Алматы:
Алаш, 2003. - 1-т. - 97-98 б.*

* * *

ТӨРТТАҒАНДАР

Біреу – өлі, біреу тірі: “Ал” мен “Бердің”,
Мал қашты уысынан қәмматлы ердің.
“Шық бермес Шығайбайға” тұрақтады,
О дағы біліп: “ал”- ды берген жердің.

Ай – қараңғы, күн – бұлт: тұн деменіз,
Біреу – жарлы, біреу – бай: күндеменіз!
Ата тілін алмаған арам ұлды
Аузы түкті кәпірден кем деменіз!

Ай – қараңғы, күн – бұлт: тұн деменіз,
Біреу – жарлы, біреу – бай: күндеменіз!
Ата тілін сыйлаған халал ұлды
Хұтпа ұстаган молдадан кем деменіз!

Мәшъүр-Жұсіп Көпееев. – Павлодар, 2003. – 117 б.

II бөлім

**Мәшүр -Жұсіп Көпеевтің
шығармашылығы туралы
зерттеулер мен естеліктер**

Ә. ТӘЖІБАЕВ,
филология ғылымының докторы,
профессор

МӘШҮР ЖАЙЛЫ БІРЕР СӨЗ

Қазақ зиялышаралының ішінде Мәшүр Жұсіп Көпеевті білмейтіндер жоқ шығар. Әрі ақын, әрі ақылгөй жан ұлы Абайға ілесе шықты да осы даңышпан ұстаздың ағартушылық жолын берік ұстанды, ақындық мұратын да өзіне мұрат етті.

Қараңғы қазақ көгіне,
Әрмелеп шығып күн болам.
Қараңғылықтың кегіне,
Күн болмағанда, кім болам?! –

деген жойқын өнерлі ақын Сұлтанмахмұтты Абайға жалғастыратын ортада осы Мәшүр Жұсіп тұр.

Он төрт жасынан бастап төрт жыл бойы Бұхара қаласындағы Кекілташ медресесінде оқыған Көпееев Орта Азиядағы араб, парсы тіліне жетік білімдарлардың бірі бол шыққан. Осы шығыс поэзиясының биік парасатын діншілдік санасыздықтан айыра таныды да өзінің барлық өмірін халық зердесін жарық ұстауға арнады. “Өсекті қожа менен молда айтады, басқадан олар тілті онды айтады” – деп күлетіні де сондықтан.

Турашыл болып тұра айтқаны, ақты қара, қараны ақ демегені үшін ел билеушілерге жақпаған. Бұл ретте тартқан азабы да аз емес:

Туысқа тура жолды айтамын деп,
Жалғанда жалғыз қалдым жанға жақпай, –
деп ол бекер шағынбаған.

Атакты Мәшүр Жұсіптің поэзиядағы алатын орны бір тебе болса, оның ел тарихын, жер тарихын зерделеуге қосқан үлесі екінші биігі. Оның қазақ этнографиясын, әдет-ғұрпын зерттеушілерге беретін білімі ұшан -теңіз.

Көпееев 1906 жылы “Қанды жексенбі” атты өлең жазып, бұл тақырыпта бірінші болып қалам тартты:

Орысты туған бауыр есептедім,
Жыланды келіп қондым мұжығына, –
деп те ол Қазан төңкерісіне дейін бірінші айтқан. Осының бәрі Көпееев шығармаларын тексеру, тану үстінде ұзақ зерттеліп, ұзақ айтылуы керек.

Сәбит Мұқанов ілгеріде жазған “Халық мұрасы” атты белгілі кітабында Мәшүүр Жұсіптің көне мұраны жинаудағы зор еңбегін биік бағалап былай деді: “XVIII ғасырда жасаған ақындардың ішінен жыры мол сақталған – Бұқар жырау. Бұқардың жырларын сақтап, тарих алдында ерекше еңбек сінірген адам – Мәшүүр Жұсіп Көпееев. Осы очеркте біз пайдаланған жырлардың бәрі Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының қолжазба қорында сақтаулы Мәшүүр Жұсіптің “Мес” деп аталатын жинағынан алғынып отыр. Бұқардың жырларын жазып алған Мәшүүр Жұсіп: “Бұқарекең сөйлеген уақытында сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар. Бізге келіп жеткен тамыры ғана”, – дейді. Негізінде, Бұқардың бұл мұраларын алғаш жазып алған қазақ жерінде Мәшүүр Жұсіппен басқа бұрын-соңды ешкім болған емес. Шоқан Уәлиханов өзінің орыс тілінде жарияланған шығармалар жинағында “Бұқар жыраудың Абылайға айтқаны” деп аталатын бірнеше өлеңін келтіреді. Бұқардың барлық шығармасы сол кездегі халықтың тілегінен туған. Ол тілек қазақ халқының жер бостандығы, ел бостандығы, тәуелсіздігі, тыныштығы, шаттық тұрмысы”.

Қолжазба қорындағы “Мес” жинағына қарасаң, көңілің тоялтайды, оқысаң көзің қуанады. Өшпестей сиямен әсем көшірілген қолжазба Мәшүүр махаббатына лық толы. Ол көне мұрамыздың әрбір сөзіне дейін жеткізуге, қазақ тілінің алтын қорын шашпай-төкпей сақтауға тырысқан.

Көпееев М.Ж. Екі томдық. - Алматы, 1992. - 2 т. - 3-5 б.



**Ә. ҚОҢЫРАТБАЕВ,
филология ғылымының докторы,
профессор**

МӘШҮР ЖҰСІП КӨПЕЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Біздің заманымыздың еңсесі қай заманнан болса да биік. Оның мәдениеті де бүкіл адам баласына ортақ мазмұнда еркендеп отыр. Қазақ әдебиетінің табыстары әлемге аян. Енді біз әдебиет тарихы ғылымын да мол зерттеп, бүгінгі жастарға әлеуметтік-таптық қайшылығын, халықтың келешектен күткен арманын өмір, тарих шындығына негіздел терең танытуға міндеттіміз. Өткеннің тарихын танытудың бүгіндік мәні бар.

Мен әдебиет проблемасына арналған бұл мәжілістің аса сәтті шакырылғанын атап өтпекшімін. Рас, баяндамалардың сапасы барлық жерде бірдей болған жоқ. Дегенмен, көпшілік баяндама маган үнады. Кейбір ғалымдарымыздың сөзінен олардың өмірді, тарихты аз білетіні байқалды. Бізде бір кезде өткеннің барлық мұрасын байларға сыбағалап беріп, халықтан түк жаратылмады дейтін әдет болды. Міне, осы доктринадан біз құтылуымыз керек. Қоркем өнердің ғана емес, тарихтың жаратушысы да халық екенін мойындауымыз керек.

1905–1917 жылдар арасындағы әдебиетке осы уаққа дейін жете көңіл бөлінбей келді. Бұл дұрыс емес. Нұржан Наушабаев, Мәшүр Жұсіп Көпееев, Омар Қарашев, Әубекір Кердері, Балқы Базар, Шәңгерей Бекеев сияқты ақындардың көзқарасындағы қайшылықтарды айта отырып, олардың шығармаларын дұрыс бақылауға тиістіміз. Мен Мәшүр Жұсіп Көпеевтің саяси лирикасына тоқталмақпын.

1907-жылы “Хал-ахуал”, “Сарыарқаның кімдікі екендігі”, “Тірліктегі кеп жасағандықтан көрген бір тамашамыз” деген өлең кітаптарын бастырған, “Дала уалаяты”, “Айқап” журналында көптеген саяси мақала, өлеңдері жарияланған Мәшүр Жұсіп Көпеевтің шығармалары бізде өзінің тиісті бағасын әлі күнге ала алмай жур.

Шынында, Мәшүр Жұсіп 1905 жылғы оқиға салдарымен өлеңдер жазған. Оның жырларының басты тақырыптары – ұлт, жер мәселесі, содан туатын кедей шаруа тілегі, оқу, білім, патшалық тәртіп пен капитализм қайшылығын сынау сияқты өз кезеңі үшін мәні бар халықтық-демократиялық мәселелер болды. “Қазақ жүртіның осы күнгі әңгімесі” деген өлеңінде патшаның 17-октябрьдегі манифесін сыйайды:

Мың тоғыз жүзінші жылдан асты бесі,
Бес түгіл көрді алтыны тірі кісі.
Тиеді құлағыма еміс-еміс.
Октябрь 17-нші манифесі.

Отырмыз міне марттың он бесінде,
Қазақтың дәнeme жоқ тіпті есінде.
Мархабат патшамыздан теңдік бар деп,
Сөйленген бір сөз жоқ бол ел ішінде.

Ұлықтан біздің қазақ қойдай ықты,
Манифест бар дегенді бүктеп тықты.
Бар деушіні жазалы қылған жұмыс,
Әшкере бол ғаламда қайдан шықты ...

Бар құдай, бізге жарық таңынды атыр,
Болар ек атса таңың біз де батыр.
Қазаққа құлақ пен көз болған ерлер,
Тұтқында білесіз бе неден жатыр?

Мақал бар халық сүйгенді тәнірі сүйді,
Деп едік бізге дәурен енді туды.
Патшаның мархабаты жұртына бар,
Деп айтам деп сабаздар бекер күйді ...—

Бұл өлеңнің негізгі идеясы – екіжүзді патшаның мархабатын мактау емес, революция жылдарындағы қазақ халқының еркіндік арманын көксеу. 1905 жыл оқиғасы қазақ халқының құлағына тиіп қана қоймай, олардың арасында үлкен қымыл тудырады. Дума сайлауын бетке ұстаған құрылтайлар, жиналыстар облыс, қала, жәрменқе сайын болып, онда көптеген саяси талаптар ұсынылады.

Бесінші мың тоғыз жүз жыл ішінде,
Жұлдыздың август деген он бесінде.
Бас қосқан мақаржіде мұсылмандар,
Айтайын тұрған күнде мен де есімде.

Патшаның хұзырына тартып қалам,
Бас қосып өншең жүйрік білгіш адам,
Дін мен жалғыз жер емес сұраулары,
Деп айтам деп сабаздар бекер күйді ...—

деп Мәшүүр Жүсіп тегін айтқан емес. Ондай жиындарда дін, жер және ұлт бостандығы (хұрриет), теңдік идеясы жайлыштың арыз – петициялар жіберілген. 1906 жылдан соң сол

жиналыстарды үйымдастырушылардың көбі жер аударылған. Әрине, мұны үйымдастырушылар болыс-би, қажылар, байлар емес, буржуазиялық интелигенция да емес, момын шаруалар, халықтың уәкілдері болған.

Мәшүүр Жұсіптің жоғарғы үш кітабының заңға ілігіп, таратылмауы, оны басып шығарған Қазандағы Хусаиновтарға 12 мың сом ауыр айып салынуы, ақынның қамалушылар тізіміне үшірап, 1910–1912 жылдары ел ішінде бұғып жүруі осыдан. Ақын елің үшін қамалсан да, бостандық күресінен бас тартуға болмайды, “Бас та азат, орын да азат, форма да азат, еркімен жүрсін әркім пайдасына” деп көксейді.

Болындар көтермекші жарысқанға,
Дүшпанмен жағаласқан алысқанға,
Бір тын одан құны кемімейді
Салғанмен қанша кісен арыстанға.

Бір туар тірі болса құн мен айы,
Болысар анық акқа бір құдайы.
Зындан жаман жер емес ақ кісіге
Яқуп ұлы Жұсіптің жатқан дайы.

Мұнда ақын бостандық күресіне түскендерді арыстанға теңей келіп, халықты батыл саяси куреске шақырады. Зындан тубі – бостандық, күрес түбі – қайыр дейді. Халықтардың түрмесі болған патшалық тәртіпке көрсеткен бұл үлкен қарсылық, наразылық.

“Хал-ахуал” (1907) деген кітабында ақын хұрриет идеясын “апрахмет жаңбырына” теңейді. Революция идеясы жеңсе, ұлттарға еркіндік, теңдік тиеді, тасқа қына орнына гүл бітеді, “Ғаламға ап-рахмет нұрын шашар, ұстім су болады деп надан қашар” дей келіп, ақын:

Бұлттай жауатұғын менің өзім,
Көкірегім – қан, жаспенен толған көзім,
Жаңбырдың апрахмет тамшысындей,
Ғаламға дастан қылып айтқан сөзім, –

деп өзін саяси қүрестің қаңарманы ретінде көрсетеді. Осы апрахмат жаңбырын 1919 жылы Октябрьді жактаған Сұлтанмахмұт өзінің “Жаңбырдағы әбігер” деген өлеңінде қайталайды. Ақан серімен айтысқан бір сөзінде Мәшүүр Жұсіп саяси тәртіпті, би- болыс пен ұлықтардың озырлығын сынауға келгенде “Мен көктен түскен жасылдаймын?” деп аспан мен жерді шенdestіргендей болады. Сібірдің асқан өнерпазы Ақан бұл сөзді жете түсінбей:

“Көктен жасыл түсірем деп айтыпсын, хақтың ісі адамнан хасыл болмас” деп оған орынсыз кейістік білдіреді.

“Бұлбұл мен қаршыға” деген романтикалық лирикасында ол қаршыға арқылы болыс-бидің, өлексе жеп тойынған жыртқыштардың типін берсе, соған қарама-қарсы ұзак түнде атар танды, қызыл гүлді аңсаған жыршысы бұлбұлдың бейнесін жасайды:

Откіздім ұзак түнді сайрауменен,
Басымды тікенекке байлауменен.
Көрем деп қызыл гүлдің ашылғанын
Ұзын түн зығырданым қайнауменен.

Ақынның осындағы күн мен түнді қарсыластыруының да төркіні терең. “Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз” деген сатиравалық өлеңінде Мәшүүр Жүсіп би-болысты, ұлықтарды ғана емес, бүкіл патшалық тәртіпті сынайды:

Котқа алып тексермейді қазақ сөзін,
Жіберер келемеждең оның өзін.
Дәнекер тамағына түспей қалса,
Әдейі қисайтады құрган тезін...
Әрнәрсе шағымызға болып жатқан,
Үлгісі шиновниктер осы болып,
Қасқырша ауыз салып жұлып жатқан.
Құрметті ел билеген әкімдер де,
Жыландај зәрін төгіп сорып жатқан.
Бас салып мұнды-зарлы, кем-кетікті,
Бүркіттей тырнағымен бүріп жатқан.
Жатырмыз бір қараңғы ұзак түнде,
Көрінбей жарық сәуле, бір таң атқан...—

дейді. Ақын халықты тек күреске ғана шақырмайды, сонымен бірге оқу-білім өнерімен қарулануды ұсынады:

Өнерге ғылым-білім болсақ жетік,
Берілер ақыр бір күн басына ерік.
Көп жүртты көз жасына қылсаң куә,
Табылар мұнды-зарлы саған серік...

“Дала уалаяты” газетінде басылған бір мақаласында ақын: “Ғылым еркекке бір есе керек болса, әйелге он есе керек” деп, қыз айттырудың зиянды екенін айтады. “Ер бала болсын, өзді-өзі ықтиярласып қосылсын, сонда жанжал, ұрыс-талас шықпайды...” деп жазады ол.

Мәшүүр Жүсіп капитализм талқысына түсіп, жұтап жатқан жатақтың, кедейдің правосын көбірек айтады. 1890 жылғы бір

мақаласында Ақбеттау еліндегі Хұсайын Поштаев дегеннің 60 үй кедейді салықтан босатып, салықты малына қарай байларға салғанын өте орынды деп біледі. “Байды жамандап, нашардан бірдене алайын деп жатқаным жоқ. Хұсайын мырзаның нашарға қылған жақсылығын айтып отырмын”, – дейді Мәшьүр Жұсіп.

1889–1890 жылдары ол “Дала уалаяты” газетінде жатақтардың тұрмысын жақсарту, олардың ауыр халі жайында үлкен айтыс тудырады. Қазақ кәсіпсіз, байлар малын кедейге ақысыз бақтырады. Кедей соншалық кәдірсіз болса, байлар өз малын өзі неге бақпайды деп тап теңсіздігін меңзегендей болады. Осы тұста оған Ботбаев, Сәрсекеев дегендер қарсы өлең жазып: бұл бұзық пейіл, ол кедейге де, жақсыларға да жабылған жала деген. Ботбаев: “Көпеев, саған айтар ақылым сол, мұнан соң өлең жазба мұндай жайдан”, – дейді. Оларға ақын:

Мен жаздым білгенімше хақлық сөзді,
Бостан-бос жібермеске келген кезді.
Алхақ мұра деген сөз шын ақиҳат,
Байқаймын ұнатпайды әркім бізді...
Оятсам үйқысынан момындарды,
Қылғандай ыңғайы бар ұрыс-керіс, –

деп жауап береді. Бұл айтысында Мәшьүр Жұсіп көбіне капитализм қайшылығын, содан туатын тап теңсіздігін әңгімелейді.

Мәшьүр Жұсіп Көпеев, рас, Россиямен қосылудың пайдалы жағын көрмей, тек пайдасыз жағын ғана әңгімелеу сарындарынан құр болған жоқ. Бірақ оны біз көбіне 1905 жылдың жыршысы, патшалық тәртіп пен капитализмнің сыншысы деп қарауға болады дейміз. Оның шығармаларынан біз қазақ даласындағы бір кездегі өмір шындығын, таптық тенденцияларды, қазақ халқының 1905-жыл оқиғаларына қалай ниет білдіргенін, халық санасының өсіп, жетілу жайын білеміз. Сол үшін оның өмір танытушылық мәні де елеулі. Бұл жағдай ақын шығармаларын әлі де сын көзімен қарап екшеуді керек етеді.

Әдеби мұра және оны зерттеу. - Алматы, 1961. - 244-247 б.

Гүлназ ЖУСІПОВА

МӘШҮР-ЖУСІПТІҢ “ЖЕР МЕН КӨК” ҚИССАСЫ

Жер мен көктің қалай жарапғанын зерттеу ғылым үлесіне тиетіні анық. Эйтсе де ғылымның қай саласында болмасын ешқашан да бар сұраққа сарқа жауап беру, соңғы нүкте қою мүмкін еместігі, қайта әр кезеңде өзіне дейінгі ең дұрыс, дәлелді деген қағидаларға да өзгеріс, жаңару кіріп жататыны белгілі. Демек жер мен көктің қалай жарапғаны хақында жазылған ғылыми еңбектердің бәрін жиып, бәрінің жеткен мұнарасымен безбендесек те, бұл мәселеде де ең түбегейлі ақтық түйін айтылды, бар шындық дәлелденіп бітті дей алмайтынымыз аян. Осы орайда ғылымның үнемі дамып отыруы үшін, бүтінгі биқтерді тамашалаумен шектелмей, өткендеңі бай тәжірибелі де дүркін-дүркін електен өткізіп тұру қажеттігі туады.

Осы тұғырдан зер салсақ, Мәшүр Жұсіп Көпейұлының “Жер мен көк” дастанының көне аныздарға иек артатының салмақтаумен бірге сол негіздерде белгілі бір мәнді ғылыми дән жатуы ықтималдығын зерделей аламыз. Сонымен қатар бұл аныздардан халықтың көне әдет-ғұрып, көзқарасын, тарихи, этнографиялық т.б. мәні бар мәліметтерді де табамыз.

Мәшүр-Жұсіптің ертедегі грек, араб, түркі ойшылдарын окумен бірге Ч. Дарвин, В. Белинский тәрізді Европа, Россиядағы, кейінгі XIX ғасырдағы ғалымдардың пікірлерімен таныс болғанын ескерсек, белгілі бір анызды пайдаланып, белгілі бір пікір айту үшін ақынның көп ізденгенін анғарамыз. Ақынның бұл дастанды қай жылы жазғаны туралы деректі оның жиені Жолмұрат Жұсіпұлы жазбасынан кездестірдік. Онда Мәшүр Жұсіптің бұл қиссаны 35 жасында, яғни 1894 жылы жазғаны көрсетілген. Демек бұл да Мәшүр Жұсіптің ертедегі аныздарды XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі ғылыми жаңалықтармен үндес алуды мүмкіндігіне жарық түсірмей қоймайды. Ендеше ақынның бұл дастанын әрі халықтың көне дәуірдегі наым-сенімі айнасы, әрі Мәшүр-Жұсіптің өзіндік көзқарасының көрінісі деп бағаласақ, қиссаның тарихи мәні ашила түседі. Шығарманың алдымен әдеби туынды екенін бағамдасақ, оның композициясына бірінші кезекте көніл бөлуіміз заңды. Ақын ең әуелі жер мен көк жаратылысы туралы өз ойларын, ежелгі аныздарға негізделген түйіндерін өзіндік дәлелдермен баяндаپ беріп, дастанның соңғы бөлімін Мұхаммед пайғамбардың Хадишаға үйленгенге дейінгі ауыр түрмисын бейнелеуге ариған. Демек жер мен көк жаратылысы туралы

айтылған тұжырымдар мен Мұхаммед өмірін жалғастырушы өзекті идея неде десек, бәрі Алла тағаланың құдіретіне сендеруге бағытталған. Аллаға сенудің ұлы Абайда да жетекші роль атқаратынын зерделесек, оның ар жағында бүкіладамзаттық ізгілік идеясы жатқанын ескеру қажеттігі туады.

Қазіргі ғылымда діни ұғымдар сөз болса, белгілі бір аныздың белгілі бір бөлімін оқшаулап бөліп алып, соны сөзбе-сөз ұғындырумен шектелу де жоқ емес. Мәселен, дінді сынаушылардың тілге Алланың жерді аз уақытта жаратты деуін тиек етіп, оның мүмкін еместігін айтып келгені белгілі. Мәшіүр-Жусінте де “құдайым жексенбі күн жер жаратты” деген өлең тармағы бар екенін ескерсек, уақыттың тым қысқалығы назар аудартатыны сөзсіз. Әйтсе де ақын шығармаларындағы тармақтарды жеке-жеке талдамай тұтас қарастырып, осы дастанға көніл бөлсек, жерді қоршаған әлем тәрізді жердің жаратылуы да ұзаққа созылғанын көреміз:

Жаратты артық қылып әні нұр да,
Мактайын жаным құрбан айтқан жерде.
Уш жүз жиырма төрт мың жылдан соң,
Жаратты сонда он екі нұрға перде.

Ақын одан әрі перде жаратылғаннан бастап Адам пайда болғанға дейін де көп уақыт өткенін тәптіштеп баяндайды:

Құдіреттің пердесінен нұр толыпты,
Он екі мың жыл сонда орнығыпты.
Ғызматта он бір мың жыл мекен қылып,
Міннатта және он мың жыл отырыпты.

Рахматта тоғыз мың жыл қарап етіп,
Сегіз мың жыл сағадат қалыпта өтіп.
Керемет манзылында он үш мың жыл,
Ныдаят бес мың жылдай оны күтіп.

Төрт мың жыл Науабатта мекен етті,
Үш мың жыл рафғытта тұрып кетті.
Екі мың жыл ғыйбыттан өткеннен соң,
Тахтына шапағатының келіп жетті.
Тахтында шапағаттың мың жыл тұрды,
Үстіне ғарыш төсеп, курсі құрды.

Демек жердің жексенбі күні жаратылуы туралы айтқан сөз оның жараду процесін емес, жарадып біткен күнін межелеуғе арналған ба деп шамалаймыз.

Тіршіліктің бір көзі от туралы айтылған ертедегі Қытай, Грек ойшылдары пікірлерінде отқа көңіл бөлушілікті салмақтаумен қатар, мұсылман дініне дейін өмір сүрген зароastrалық дүниетанымда¹ да отқа табыну орын алғанын ескеру керек. Сондай-ақ Көне Грек мифологиясында отты әкелуші Прометейге көңіл бөлінсе, от ұрлаудың басқа да халық азыздарында орын алуы² адамдардың ертеден отты ерекше бағалауын танытады.

Бұл азыздардың бәрінде оттың тіршілік үшін мәнді, пайдалы жақтары сөз болса, Құран Кәрімде адамдарды түрлі күнәлардан сақтандыру үшін тозақ оты барлығы, оның азаптау күші ерекше екені қайталанып айтылып отырады³.

Мәшъүр-Жұсіп дастанында да оттың жалпы мәнін сөз ету емес, оның күнәлі адамдарды жазалау үшін тозақта атқарап қызметін бөліп көрсету жүзеге асқан:

Тозақтың азабы бар тастан қатты,
От жанып қинайды-мыс адамзатты.
Отына адам мен тас ол тамұқтың,
Құранда мазғур болған көр аятты...

Таусылып тамұқ оты бітпес дейді,
Жазалы жанып және кетпес дейді.
Тамұқтың тереңдігі сондай алыс,
Мың жылда тастаған тас жетпес дейді...

Мәшъүр-Жұсіп дастанында Алла тағаланың адамды топырактан жаратпақ болып, Жебірейіл періштеге әмір бергені айтылады:

—Топырактан жаратамын адам, — дейді,
Жіберейіл, бұйырамын саған! — дейді.
Бар-дағы мышырық-мыхырып арасынан,
Бір уыс топырақ әкел маған! — дейді.

Осы орайда топырақ алуға келген Жебірейіл періште мен Жердің болашакта пайда болмақ Адамға баға берулері назар аудаарлық:

¹ Қасымжанов А., Алтаев Ж. Ежелгі рухани таным және қазак философиясы // Мұрагер. 1992. № 1. 48-50- бб.

² Мұсагитов М. Жерде жалғыз тәңірі – от // Қазақ тарихы. 1994. 6-т 25- б.

³ Құран Кәрим. Мәдіне, 1991. 66, 78, 299, 340-бб.

– Құданың білмен сырын тамам, – дейді,
Жаратар ол топырактан адам, – дейді.
Көбейіп адам ұлы жарапған соң,
Бұзықтық қылар олар жаман! – дейді...

– Жебірейіл, олай болса алма менен,
Өзімнен жарапған соң болар денем.
Тағы да салып маған азап қылса,
Болармын шыдай алмай мұнан төмен.

Міне, осы сөздерді оқығаннан кейін, қазіргі адамдардың Жер-Анаға тартқызған зобалаңын, жер беті, су – бәрі ластанып, жалпы тіршілікке қатер төнгенін салмақтасақ, бір кездегі Жебірейіл мен Жер мазасыздануы негізсіз еместігін көреміз. Адамды топырактан жаратудың да ұзак уақытты қамтығаны дастанда нақты көрсетілген: “Жатқызды қырық жыл жерде дene қылып, Пісірді дene қылып күмға орап”. Осылай қырық жыл дайындалған денеге жан кіруі де тым ұзакқа, екі жүз жылға созылады: “Желкесінен екі жүз жыл айналып, Сонда жан қиналумен кетті кіріп”.

Алла тағаланың алдымен: ақыл, иман, ұятты қатар ұсынып, қайсысын бірінші таңдауды Адамның өзіне беруі көніл бөлерлік:

Кұдайым Жебірейілге: “Барсын!” – депті,
Фақыл, иман, ұятты алсын! – депті.
– “Үштің бірі қанға жаар”, – деген мақал,
Адам таңдап біреуін алсын! – депті.

Осы орайда көне Грек мифологиясында Приам патша баласы Паристің жеңіс даңқын бермекші болған Гера сыйлығына қарамай, әйелдердің ең сұлуын уәде еткен Афродитаға алма ұсынуы, сол арқылы көрікті әйелді жоғары бағалағаны еске түседі. Ал, Абайдың “Масғұт” поэмасында таңдау мүмкіндігі берілгенде, Масғұттың ақыл, дәuletті алмай, махабbat символы қызыл жемісті қалауы да сұлу әйелді, махаббатты жоғары бағалаудың көне аңыздарда орын алғанын көрсетеді. Демек Көне Грек аңызында және Шығыс аңызына негізделген Абай дастанында жеke бір адамның алдымен махабbatқа ойысуы сез болса, Мәшүүр-Жүсіпте ең алғаш жарапған Адам-атаның ақыл, иман, ұят ішінен алдымен ақылды қалағаны көрсетілген:

Адам таңдап бәрінен ақылды алған,
Ақыл барған жеріне иман барған.

Сол иманның соңынан үят еріп,
Үшеуі бір арадан орын алған.

Тұзетіп сонда көңілін сүйіндірді,
Тап-таза өңшең жібек киіндірді.
Ұжмаққа періштерел алып келіп,
Әр нәрсенің аттарын біліндірді.

Жібек киімнің Құран Кәримде де орын алғанына назар аудартқымыз келеді. Онда жібек киімнің жұмакқа кіргендерге арналғандығы бірнеше жерде айтылады: 1. “Күдіксіз Алла иман келтіріп, ізгі іс істегендерді астарынан өзендер ағатын бақшаларға кіргізеді... Ондағы киімдері де жібек болады” (334-б.). 2. “Олар Ғадын жаннаттарына кіреді... Олардың онда киімдері жібектен болады” (438-б.). 3. “Шын мәнінде тақуалар аман бір орында болады. Бақшаларда, бұлақтарда жұқа қалың жібектер киіп, ерсілі-қарсылы отырады” (498-б.)³.

Біз өткен ғасырлардағы белгілі бір ақындар шығармашылығын сөз еткенде, ондағы ақыл айтуларды т.б. бөліп қарастырып, соның бастау көзі қайда жатқанына көңіл бөле бермейміз. Осы орайда Мәшьүр-Жүсіп дастанының көне аңыздарға сүйеніп жазылғанын еске алсақ, ондағы Адам-атаның балаларына айтқан ақылы соңғы 2-3 ғасырда пәлен ақыл айтты деген ойларға негіз болу мүмкіндігіне ден қоямыз:

Бірі – бұл дүниеге көңіл қойма,
Болдым деп құмар болғанмен де ойла.
Жаннатта тұрамын деп ойланам деп,
АқырЫнда түсіп кеттім терең ойға!

Екінші, қатындардың алма тілін,
Мен алам деп тәркі қылдым ұжмақ тәрін.
Үшінші, не іс қылсан ойла соңын,
Мен ойламай іс соңын көрдім мұнын.

Төртінші, жөнін білмей істі қылма,
Білмей бір іс қылам деп әуре болма.
Бесінші, біреуменен ақылдас бол,
Кеңессем, маған мұндай бала бар ма?!

Шығармада одан әрі Адамнан тараған ұрпақтар шежіресі, кімнен кім өрбігені беріледі. Бұл тұста тарих ғылымы үшін

³ Құран Кәрим. – Медине, 1991.

құнды мәліметтер баршылық екеніне көңіл бөлу керек. Шығарма соңы Мұхаммед пайғамбар өмірін жеке бөліп бейнелеуге арналған. Осы орайда Мәшъүр-Жұсіптің кейінірек жазылған “Хаятбакшы” дастаны мен осы поэмалың соңғы бөлімінде тақырып ұқастығы, үндестігі бар екеніне назар аударамыз. “Жер мен көк” қиссасының соңғы бөлімі де, “Хаятбакшы” да Мұхаммед пайғамбардың дүниеге келуі, бала кезінде көрген қындықтарын көрсетуге арналған. Тек “Хаятбакшыда” Мұхаммедтің ерекше екенін дәлелдеу бірден-бір негізгі арна болса, “Жер мен көк” қиссасында пайғамбар жеке алынбай әлем, жер жаратылуының занғы жалғасы, соның бір мәнді бөлшегі ретінде беріледі. “Хаятбакшы” тәрізді бұл шығарманың соңғы бөлімінде де пайғамбар шеккен қындықтар нақты көрсетілген:

Он екі жасқа жетті Мұхаммедім,
Болғанда өзі нашар, өзі – жетім.
Беруге бұған қалың малым жоқ деп,
Ойланды Әбутәліп іші ниетін.

Нәсілі Құрайыштан сондай таза,
Жалғанда малсыз болсан жоқ-ты маза.
Жер тамақ, киер киім болмаған соң,
Болады үйде отырып жігіт наза.

Дастанда Әбутәліптің өтінішімен бай қызы Хадишаның жас жігіт Мұхамедті сауда керуеніне қызметке алғаны баяндалады. Мұнда Әбутәліп, Мұхаммед, Әбубекір, Хадиша бейнелері бірер қырымен ашылған. Шығармадағы орталық бейне Мұхаммедке келсек, автор қаңарманның сырт әрекетін тамашалап кетпей, көбіне ішкі сезімін, психологиясын нақты ашуға ден қойған. Мәселен, сауда керуеніне ілесіп, алғашқы сапарға шыққан кездегі Мұхамедтің ішкі сезімі, мұны шынайы берілген:

– Жалшылық шын болды ма киген киім,
Балалар үйінде жүр менің теңім.
Қарайды өзге жұрттың ата-анасы,
Артымнан қалар менің қарап кімім?!

Жетімдік көрдім сенен ынтаzarлық,
Киім менен тамақтан көрдім тарлық.
Жетектеп жаяу түйе жөнелгенде,
Шықты ғой менің зықым сонда барлық.

Мұхамедтің осылай мұнаюы автордың ауыз әдебиетіндегі батырлар жырындағыдай ерекше кесек әрекетті, күштілікті, ерлікті

емес, қарапайым адамға (ерекше емес) тән әдеттегі сезімді терендең жырлауын танытады. Мұның бәрі реализм әдісінің XIX ғасырдың соңғы ширегінде кемелдену, толысу жолын айқындаған түседі десек, болашақ пайғамбарға осы сапардың өзінде ақ бұлт еріп жүруі қарапайымдылық пен ерекшелік астасуын, ерекшеліктің оқшау өмір сүрмей, сол қарапайыммен қанаттас өрілуін, демек шындықты күрделі қалпында бейнелеу үлгісін көреміз:

Дүние-ай, сондай сенің күнің бар - ды,

Әрқашан ғаріплерге құдай жар-ды.

Басына бір ақ бұлт сая болып,

Жебірейіл өзін тұзу жолға салды.

Мұхаммед ерекшелігін танып, жолшыбай қонақ қылуышы Раңыңтың көрегендігі де жас жігіт сипатын ашумен бірге қоршаған оргада ерекше жарапан адамдар бар екенін әйгілей түседі. Сый көрсетуші Мұхаммед ерекшелігін байқаумен бірге ол кешпек қындықтарды да алдын ала біліп ескертеді: “Егер де сіздер барсан, Шам шаңарға, Осыны Жұындарден жасыр, – депті”.

Мұхаммед ілескен керуен бір шаңарға кіргенде, теміршінің темірі өзінен-өзі балқып кетуі де жолаушы жігіт ерекшелігіне мензейді. Бұл жаңалық сырын жиналған ғалымдар пікірі арқылы білген патшаның қуғын салуы тұсында Әбубекірдің Мұхаммедті қапқа салып алған қашуы да назар аудаарлық жэйт, Мұхаммедтің қап ішінде жатуы оның қарапайым пендеге тән сипатын танытады. Батырлар жырында ерекше адамның батырдың қашуы, жасырынуы мұлде болмаса, мұнда ерекшенің де әдеттегі пендеге тән іс-әрекеті шынайы бейнеленген.

Шығармада одан әрі арық қатпа түйенің Мұхаммед мінгеннен кейін семіз, жарау түйеге айналуы да қаңарман ерекшелігін дамытып бейнелеу үлгісі. Соншалық керемет қолдау, қамқорлыққа ие болса да, тұнде адаса жаздаған кезде (“Батырлар жырында” батыр адасуы кездеспейтінін де еске алайық, – Г.Ж.) кезіккен Жебірейілден Мұхаммедтің қоркуы да онда әдеттегі адамға тән сипат басым екенін дәлелдейді. Сөйтіп бұл дастанда орталық бейне Мұхаммедтің әрі қарапайым пендеге, әрі ерекше қаңарманға лайық сипаттармен мұсінделіп, күрделі тұлғаға айналғанын көреміз.

Дастанда Мұхаммед жұбайы Хадиша да өз ерекшеліктерімен біршама танылған. Шығармада Қабыл деген байдың жалғыз қызы Хадишаның Мұхаммедті түсінде көріп: “Мұхаммед туса, соған тиемін”, – деп шешкені айттылады. Бірде інісін жұмысқа алуды өтініп Әбутәліп келгенде, Хадиша оны бірден жақсы қабылдап,

Мұхаммедті орналастыратынын, жас жігітке басқадан екі есе артық ақы төлемек екенін айтады. Ішінде Мұхаммед бар сауда керуені аттанарда да Хадиша қамқорлық танытады:

Жүк қойды өңшең таза қара нарға,
– Жекіріп Мұхаммедке ашуланба.

Қайтқанда сүйіншіге мұны жібер,
Солай! – деп, тапсырады барша жанға.

Сүйінші сұрайтын адамның тап қай күні, қай сағатта келетіні белгісіздігін, бүгінгідей байланыс құралдарының жоқтығын салмақтасақ, Мұхаммед оралғанда Хадишаның тысқа шығып, тосып отыруынан-ақ оның жас жігітті қаншалық зарыға тосқаны аңғарылады. Мұхаммед пен Хадиша кездесуі бейнеленгенде, автор аз сөзбен көп нәрсені байқата алады: “Мұхаммед жетіп келді, көрді көзі, Балқиды қуанған (нан) айдай жүзі”. Осы жолдардағы бір ғана “балқиды” сөзінің өзі Хадиша толғанысын, сөзбе-сөз ұғынсақ, отқа ерігендей күйге түсуін жайып салады.

Шығармада одан әрі інісіне еңбекақы талап еткен Әбүтәліпке Хадиша берген жауаптан да көп жәйіт танылады. Атап айтқанда, оның Алла тағалаға, тағдырға ден қойғаны, бір кезде көрген түсіне сай әрекет етуі, парасаттылығы көрінеді. Ең соңында әйелдер ішінде мұсылман дініне бастап кірген Хадиша болуы да сол сенімнің, өсүдің занды жалғасы деп санаймыз.

Шығармада аз көрінсе де, есте қаларлық тұлғаның бірі – Мұхаммед ағасы Әбүтәліп. Әбүтәліп ерекшелігі, адалдығы әсірессе Хадишаның Мұхаммедке екі есе ақы белгілеуін бірден құп алмай, оның арам іске жұмсамасына көзі жеткесін барып келісуінен көрінеді. Сол тәрізді бір рет көрінсе де, бірегей танылған қаңарманның бірі – Әбубәкір. Оның Мұхаммедті өзінше жасырып, қапқа салып алып қашып келе жатып, куғыншыға бар шынын айта салуы таң қаларлық. Тек қуғыншылардың шындықтың солай айтыла салуына сенбей, қалжың деп, тексермей кетуі ғана бұларды зобалаңнан сактап қалады. Қандай қындық, қауіп төнсе де, шындықты жасырмау себебін Әбубәкір былай баяндайды: “Жалған сөйлеп кәпірден қорыққанымнан, Құдайға болайын ба дұшпан?! – депті!”. Мұның бәрі Мұхаммедтің қандай ортада өскенін, оған жаны ашып, қолғабыс етушілердің қаншалық таза, шыншыл болғанын ашады.

Корыта айтқанда, Мәшьүр-Жусіп Көпейұлының “Жер мен көк” дастаны автордың әлем сыры, жаратылысы туралы наым-сенімнің айнасы. Сонымен бірге онда жалпы адамзаттық идея:

Аллаға сену, әділдікті ту етіп ұстау идеясы назар аудартады. Көркем әдебиеттің көркемдік белесі тұрғысынан, оның ішінде ұнамды қаңарман жасау тарихы межесімен зерделесек, шығармада аз көрінсе де, есте қаларлық бейнелер бар екенине көз жеткіземіз. Қысқасы, көркем әдебиет дамуы тарихында мифтік әдебиеттің алатын орны ерекше десек, ақын дастаны да соның айқын бір көрінісі.

* * *

Мұратхан БӨЖЕЕВ

МӘШЬҮР ЖҰСІП МҰРАЛАРЫ ХАҚЫНДА

Мәшьүр Жұсіп Көпеевтен (1858–1931) қалған мол мұра ішінде: әлеумет мәселесіне арналған неше алуан шығармалар, ұзак оқиғалы хикаялар, айтыстар, шежірелер, тарихи материалдар, фольклор ұлгілері бар. Бұларға қоса ақынның араб, парсы, шағатай тіліндегі көшірмелерін есепке алсақ одан қалған мұра – 30 томдай болады екен. Мәшьүр шығармалары оның өз қолымен, жиені әрі шәкірті Жолмұрат қолымен, араб әрпімен жазылған. Олардың кейбіреуі қауырсын қаламмен қадимше жазылса, қалғандары кейін қолданылған араб алфавитімен жазылған. Олардан М.Ж. Көпеевтің қазақ арасында қайнап өскен, халқының ісін, әдет-ғұрпын, салт-санасын жақсы білген ақын екені аңғарылады. Көшпелі сахара қазақтары көрген теңсіздік, әділетсіздік, зорлық-зомбылық Мәшьүр шығармаларынан айырықша орын алған. Ол халықтың ғылым-білімнен шет қалмауын, өнерлі болуын, алдыңғы қатарлы ел болуын тіледі. Патша үкіметінің қара халық басына азап төндірген жайсыз жақтарын әшкереңді. Бұхар, Дулат, Шортанбай, Махамбет, Мұрат, Абай поэзиясымен рухтас келген келелі шығармалар жазды. Бұқарашиб позияның өркендеуіне аянбай ат салысты.

Мәшьүр – заманының сыншыл, шыншыл, әлеуметшіл ақыны. Ол ұлықтарды, болыстарды, ауылнайларды, отаршыларды сынады, халықтың патша үкіметі құрсауынан құтылуын арман етті.

“Бірлік қыл, басынды қос, пайданды ойла,

Қазағым, қайран халқым, бауырларым”, –

деді. Ол “өленді ермек үшін” жазбай, өмірдің құбылыстарын, әлпетін көрсету тұрасында көп еңбектенген. Оның “Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз”, “Сарыарқаның кімдікі екендігі”, “Хал-ахуал” кітаптары, “Ғибратнама”, “Шайтанның

саудасы”, “Ғашықтына күйгендер”, “Гүлшат – Шеризат” сияқты шығармалары жете тексеруді керек ететін елеулі шығармалар. Мәшүүр кітаптары 1906–1907-ші жылдары басылып халық арасына тараса, Абай шығармалары тек 1909 жылы басылып шықты. “Қазағым, қайран халқым” деген сөздерді жұрт Абай өлеңдері басылып шықпас бұрын Мәшүүрден естігенін де ескерген жөн.

М.Ж. Көпеев шығармаларынан өткен кездегі қазақ халқының өмірін, арманын, күйінішін, сүйінішін, сауық-сайранын, қайғы-қасіретін көреміз; “Үйде отырып бос өлмей” ел үшін ерлік етуді армандаған ақын екенін танимыз... Дегенмен, Мәшүүрдің қоғамдық жағдайды күңгірт түсініп, аяғын шалыс басқан кездері де болған. Бірақ ақын халық қамын ойлаудан танбай, бар талантын күш-қуатын ел қажетіне жұмсаған.

Сол кездегі қазақ ақындарының қолжазбаларын, шыққан кітаптарын оқысаныз, олардың кейбірінің тілі онша таза емес. Ал, Мәшүүр өз шығармаларының көшпелі қазақтарға түсінікті болуын ойлаған.

Рас, оның шығармаларының дені тек қолжазба күйінде келіп жетті. Кезінде кейбір туындылары ғана баспа бетінде жарияланған.

Сондай-ақ “Дала уалаятының газеті” және белгілі әлеумет қайраткері журналист Мұқаметжан Сералин басқарған “Айқап” журналында түрлі мақалалары шыққан.

Қазақ ССР Ғылым академиясының архивындағы мағлұматтарға қарағанда М.Ж. Көпеев 1931 жылы жетпіс үш жасында барлық өмірін өткізген туған жері – Баянауылда қайтыс болған. Мәшүүр Жүсіптің әкесі Көпжасар сол әулеттің ең кенжесі болғандықтан оны Көпей Қозы дейді екен. Кейін Көпей атандырып жібереді. Көпжасар жас кезінде бір бай ноғайға малайлыққа жалданады, тырбанып жүріп, едәуір мал жинап алады. Қырық жасында еліне қайтып келген Көпжасар үш жыл өтпей ку таяқ болып жұтап қалғандықтан Баянауыл маңындағы жатақтарға қосылады. Осы кезде бес жасқа толған Жүсіпті медресеге орналастырады.

Жүсіп Хамар дейтін хазіреттің көп шәкіртінің бірі болған, “Хамар қазақ сөзіне жүйрік шешен адам еді, оның әйелі тәрбиелі мейрімді еді, мені өз баласындей күтті, әке-шешемнен көргеген жақсылықты, аяушылықты солардан көрдім”.

Табылды маған қамқор ата-ана,

Туысқан бірдей болып Мағзум жәна.

Көз ашылды, жүзіме нұр шашылды,

Сүйкімді көрінгенге болдым бала¹.

¹ Қазақ ССР ҒА архивы. Көпеев қолжазбалары. П. 1171. – 272 б.

² Сонда, 375 б.

Ол Хамарда оқып жүрген кезінде, қазақ фольклорының белгілі нұсқалары – “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” мен “Тарғын батыр” және “Төрт жігіттің өлеңі” деген шығармалармен танысады. Діни схолостикадан жалыққан Жүсіл бұл шығармаларды қуана-құана көніліне бұлжытпай тоқиды:

Көргеннен оны Мәшьүр жазып алды,
Соқтырып жұрт алдына жатқа салды.
Аузынан сілекейі шұбырумен
Тамаша есіткен жан аң-таң қалды².

“Қозы Көрпешті” сазына келтіріп мұдірмей жатқа айтып шыққаны үшін ырза болған Мұса мырза: “Бұл бала Мәшьүр болады екен” деп оның басына үкі тақтырады.

Сегізден тоғызға аяқ басқан шақта,
Мұса еді қосқан маған Мәшьүр атты³.

Мәшьүр он алты жасынан бастап Әлібек деген бір ауқатты адамның жалғызы Қабылбекті екі жылдай оқытады. Бір жыл оқытқаны үшін оған Әлібек “он жылқыны” бір береді, келер жылы тағы қыруар мал айдатады. Сөйтіп екі-үш жылдың ішінде қырық-отыздай шаруаның бірі есебінде қырға шығып “көшпелі қазактың” бірі болады. Бұдан кейінгі өмірінде бала оқытуды мұлде тоқтатқан Мәшьүр түрлі қиссалар, өлеңдер жаттайды.

Мәшьүр жиырма тоғыз жасында Бұхараға барады, дәмлла Хамзаға жолығып, сол жақта тоғыз ай жүреді. Бұл сапар оның ойының есеюіне, араб, парсы тіліне жетіле түсуіне, сол тілдерде көптеген кітап окуына себеп болады. Мұның үстіне Мәшьүр өз заманының шешендері, ақындары, кәрі құлак даналарымен сұхбаттас айлас болып, қарым-қатынас жасауы да оның парасатын танытады. Жиені Жолмұраттың айтуынша, Мәшьүр Ақан серіні жоғары бағалап: “Ақан сері заманың сұнқары, қызыл тілдің ділмары, жігіттің құлпы жібегі, сөздің ағытылған тиегі” деген. Бұхара, Ташкент барып жүрген кездерінде Мәшьүр Абулғазы шежіресін, “Мың бір тұнді”, “Шахнаманы” оқыды. Науай, Сағди шығармаларымен танысады. Сол қалалардың кітапханасын пайдаланып, білімін толықтыра түскен Мәшьүр жұрт аралап жүріп бұрынғының даналарымен көп кездескенін, Бөгенбай батырдың немересі, заманының шежіресі атанған Саққұлакты көргендігін Сыр ақыны Майлықожаға жолығып, “Сырдария” облысында бес жыл жүргенін айтады. Үлгілі ақындардан өнеге алушы өзіне, өзгеге міндет етуді құнтарған ол:

³ Сонда, 417 б.

Ақында айт Ақмолда мен Ыбырайды⁴
Үлгісін өнер-білім жүртқа жайған, –
дейді.

Халықтың өмірімен жақсы танысқан Мәшүүр ойына көптеген өзгерістер кіреді. Кедейлердің аянышты халіне шипа іздемек болады. “Хал-ахуал” атты кітап шығарады. “Бұрынғы заман тозып, таусылып, соңғы жақсы болатын заманың әлі тумай тұрган” кезінде, ойын жүртқа дұрыстап айта алмай лажсыздыққа ұшырағанын ескертеді. “Аяғын көсле алмай, қолын соза алмай, үнін шығара алмай, құрттай быжынаған тыңшы құрган, байлаған төбеттей, арпалысқан сензор қойып, ноқта кесті көмпіс, жетекші қылып алған жүрттың ортасында жүріп сөйлеген Мәшүүр Жұсіп Көпеев осы”, – деп патша үкіметінің халықты бұғауда ұстамак арам ниетінен шошынғандығын білдіреді.

М.Ж. Көпееев әсіресел 1905–1907-ші жылдары колониализмге деген наразылығын үдете түседі, патшалық өмірдің кесірлі жақтарын бұрынғыдан да бетер әшкерелейді. Бұл жылдары шыққан кітаптарымен ол ерекше көзге туседі.

Мәшүүр дін уәкілдері жайында көптеген ойын ортаға салды. Ол құдайға тек сырттай сенетіндердің бірі екенін жасырмайды. “Мен құдайды бір деп білемін, бар деп білемін, күшті деп білемін. Осы үшеуіне нанымым, сенімім күшті. Құдай қандай өзі, не нәрсе оны білуге, оны тануға ақыл-ойым, зейін-пікірім жетпейді”, –дейді. Кейде құдайды тану адамшылыққа әділдікке бастау ісіне көмегін тигізеді деген қате тұжырым да жасайды. Сөйте тұра дін уәкілдерін шенеп, олармен егес ашқанда кезі болған 1931-ші жылдары айтқан сөзінде:

Одан соңғы бір қасың қожа, молда,
Олармен елдеспедің бұрын-сонда.
Жамандал бас басына өлең жазып,
Жазған сөзің әр жерде журді қолдағы⁵, –

дейді. – Эйтсе де сол қожа-молдалардың мүлде жойылуын тілеп, табанды күрес ашу творчествосында оншалықты құнталмайды.

Мәшүүр Жұсіп Көпеевтің қазақ фольклоры нұсқаларын жинау ісімен көп шұғылданғаны мәлім. Олардың ішінен “Желкілдек”, “Ер Көкше”, “Көрүғлы”, “Алтын бас, күміс аяқ”, “Сайын батыр”, “Қырғызға барған батыр” сияқты нұсқалармен

⁴ Казак ССР FA архивы. Көпееев колжазбалары. П. 1170. – 1043 б.

⁵ Сонда

қатар Бұхар жырау, Сақау, Шөже, Шортанбай, Орынбай т.т. көптеген ақын сөздерін де кездестіреміз. Мәшьүрдің ескі сөздердің қалпын бұзбай дұрыс жазып алуды борыш санағандығы сондай ,жыр нұсқалары табиғи көне түрін мол сактағандығымен көзге түседі. Мұның бір себебі – ол дастандарда, халықтың жайын, түрлі аныздарын жетік білетін кәрі құлак даналар, жыраулар сарқыны мол кезде жинап ұлгерген. Бұл салада қалдырған мұрасының әдебиет ғылымы үшін қашшалықты құнды екені өзінен-өзі түсінікті болса керек. Тек сол материалдарды екшеп, татымдыларын кітап етіп жарыққа шығаруды ойластырған абзал.

М.Ж. Көпеев жинағандарының бірі – “Желкілдектің” уақығалық, композициялық, тілдік т.т. ерекшеліктері жөнінде толып жатқан қажетті қорытындылар жасауға болады. “Желкілдек” батырлар жырына кей жағынан ұқсай да бермейді. Эдетте батырлар жырында кездесетін қара сөздерде шұбалыңқылық байқалатын-ды. Одан гөрі оның (жырдың) өлеңдік жағына көбірек назар салынатын-ды. Ал, “Желкілдекте” қара сөздің ырғактылығын молайтып, сөздің шұбалаңқылығын азайтуға, интонацияға көніл қойғандық сезіледі. Мұны мына бір үзіндіден-ақ көруге болады. “Нармамбеттің екі қызы болған, бірінің аты – Күнікей, бірінің аты – Тінікей болған. Екі қыз ұйықтағанда тұс көрген, таңертең жеңгесіне келеді. Бір шапанды жамылады, екеуі бір жеңнен басын шығарады, жеңге, дейді: бір тұс көрдік, от жағалай іс көрдік, екіде қара тең көрдік, жоры , жеңге”⁶.

“Жылама әкем деді: жауға мен барайын, бір келгенін бір қырайын, екі келгенін екі қырайын, біріне бірін қоспайын. Экесі айтты балаға: “сенің алар жауың жоқ, бойың сенің өскен жоқ, бұғанаң әлі қатқан жоқ, балақта жунің өскен жоқ”⁷.

Мәшьүр Жүсіп заманындағы ақындар салты бойынша, шығыс қиссаларымен сарындаш шығармалар жазады. Солардың бірі – “Гүлшат – Шеризат”. Қиссаның тілі композициялық құрылышына қарағанда, шығыстық сюжетті бұлжытпай қайталамаған. Шығармада Бағдат, Шынмашын аттары аталып, уақыға сол жақта болып жатқанмен, Көпеев түптұсқаға өзінше өндеп, моральдық, әділдік, ғашықтық жайын сөз еткен. Қиссада жаманшылық уәкілдері жазасын тартып, әділдіктің баянды болғаны түсіндіріледі. Дүниеге сатылып зұлымдық істегендер, кісі қанын жүктеген мансапқорлар әшкереленеді.

⁶ Қазақ ССР Ғылым академиясының архивы. Көпеев қолжазбалары. П. 1173. – 173- б.

⁷ Сонда, 173- б.

Жазықсыз қаза болған анасының қасында, иесіз жерде жалғыз қалған Шеризатты үштен беске келгенше арыстан асырап, оны кейін адам қауымына қосады. Шеризаттың батыр, мархаматшыл, кешірімшіл болғаны, махаббаты берік, өзіне сай Гүлшаттай жар тапқаны сөз болады. Жендертер қолынан өлген ханым әлдекандай қасиетті адам дәрежесінде сипатталады, кеудесінен “бұлақтай акқан сұт” бірнеше жылға дейін таусылмайды, қорғансыз жетім қалған Шеризат ана сүтін қорек етіп аман қалады.

Өлтіріп өңшең жауыз тастап кетті,
Тірі жан өлген жаннан қорек етті.
Іш нәрсе сүттен басқа азық болмай,
Талпынып екі мен үш жасқа жетті⁸.

Шеризаттың әкесі қайтыс болар алдында жақындарын, таныстарын жинап: “Тілеп алған баланың дүниеге келуін көрмей ол дүниеге сапар шекпекпін. Ханымнан ұл туса, орнымды басып патша болсын, қыз туса, қабағын шыттырмай тәрбиелеп сүйгеніне қосындар. Тағымды әзірше уәзірім Паракзатқа қалдырдым”, – деп өсиет айтады. Паракзат патшага берген уәдесінен таяды. Ханым ұл тапса, патша болудан махрум қалармын деген арам ой көкейін теседі. Бірнеше адамды сатып алып, ханымды өлтіруді тапсырады. Уәзірдің бүйірігі бойынша, “толғағы қысып отырған” ханымды аулаққа апарып, кескілеп өлтірген жендертер табанда арыстанға тап болып, түгел ажалға ұшырайды. Енді олар өлтіріп болғанша, босанып үлгерген аданың омырауына өрмелеп, шырқырап жылаған нәресте жайы сөз болады.

Әкеден, анадан бірдей айырылып, жетім қалған Шеризат ержетіп, ел аралап жолға шығады. Шешесін өлтірткен патшаның еліне келеді. Сарайда сайран салып жатқан сол патшаның қызы Гүлшат аруды көреді.

Қалам қасты нұрлы көз,
Ақ бетіне пар келмес,
Сарт тоқыған аппақ бөз⁹.

Гүлшаттан көптен дәмеленіп жүрген бір жігіт еркімен табысқан жастардың жасырын кездесіп жүргенін біліп қояды, оны қыздың әкесіне жеткізеді. Уәзір Шеризатты ұстап келу үшін қанша нөкер қосып Алмас, Коймас деген екі алыбын аттандырады. Шеризат соғыс үстінде алыптарды нөкерлерімен өлтіреді. Тығылып қалған біреу-екеу ғана Шеризаттың қаңарлы айбынын, көрсеткен күшін

⁸ Қазақ ССР FA архивы. Көпеев қолжазбалары. П. 1173. – 296 -б.

⁹ Қазақ ССР FA архивы. Көпеев қолжазбалары. П. 1173. – 294-б.

патшаға айтып барады. Оның өлген патшаның тірі қалған баласы екені мәлім болады. Үрейі ұшқан Паракзат патша бас ұрып, Шеризаттан кешірім сұрайды. Шеризат оны зынданға салдырады, басын алмақшы болады. Бұл іске ара түскен Гүлшат Ақжұністің Қартқожақ өмірін шола сөйлегеніндей Шеризаттың ерліктерін шұбырта айта келіп:

Кылыш ұстап болаттан,
Жеті жасқа жетпей-ак.
Оздың шығып санаттан.
Камшат бөрік басында,
Барлық қыздар қасында
Дүшпандарың женғенде
Қане мүйізің шыққаны?¹⁰ –
дайді.

Өстіп қиссада Гүлшаттың қаталдықты, қайырымсыздықты – кешірімділікпен женуді қостайтын адам екені көрсетілген.

Шеризат “Көніл ашылғандай қисса айтып берсең, әкенің жазығын кешемін”, – дайді. Гүлшат оған Мәни Мәнзал сұлудың бастан кешкен уақиғасын айтып береді. Оның қайырымдылығын үлгі етеді. Ертегі айту үстінде Гүлшат кейде Шаңаризадаға да ұқсап кетеді.

1907 жылдары жарияланған “Хал ахуал”, “Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз” деген кітаптар көп жағдайда бірін-бірі қайталайды. Мәселен “Хал-ахуалдағы”, “Ғибратнама” мен “Біздің сахара көшпелі” деп басталатын шығармалардан басқа өлеңдер “Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз” атты кітабынан да кездеседі.

М.Ж. Көпееев “Ғибратнамада” ақындық, азаматтық міндеті туралы ойын ұсынады. Коғамдық орнын белгілемекші болады. Арманың ашық айта алмай, дағдарысқа ұшырап жүргенін ескерте келіп:

Болдым ғой өнерімді тауысқандай,
Мерт болдым айға шауып арыстандай.
Сұнқардай биік тауды мекен қылмай
Шықылықтап көзге түстім сауысқандай¹¹,

– дайді. Ойын мысалдап түсіндірген Мәшьүр бұлбұлды қаршығаға кездестіреді. Ол қаршығаға: “сенің тұрағың “бектердің он қолында” патшалармен айлассың, беделің артық, кәдірің мол,

¹⁰ Қазақ ССР ҒА архивы. Көпееев қолжазбалары. П. 1173. – 303- 6.

¹¹ Көпееев М. Хал-ахуал. - Қазан, 1907. – 15 -6.

мен қызыл гүл іздең зарлаймын, оның ашылғанын не күндіз, не түнде көре алмай “хасіретім көп”¹² – дейді. Бұлбұлға жауап қайтарған қаршыға:

Аузынды ақылың болса, жабар едің,
Үндемей сабыр қылыш бағар едің.

Тілі жоқ мен сықылды мылқау болсан

Бір күнде мың мұратты табар едің¹³, – дейді.

Бұл сөздер бұлбұлды қынжылтады. Атак құмар, қан құмар қаршығаны қатты кіналайды. Бұлбұлдың ісін жақтаған ақын ойын:

Құс болсан, бозбалалар, бұлбұлдай бол,

Табылар ізденгенге бір қызыл гүл¹⁴, – деп түйеді.

Мәшүүр “Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамызда”, озырынымен халықты мезі еткен әкімдерді әшкерелейді. “Басшымыз ел пайдасын сөйлемейді. Іздені бүліншілік, даудамайы бір таусылмайды, қазақ жұрты қоршылықта, момындар “биге пара, байларға жем”, әділдікке жол жоқ, шенеуніктер, “қасқырша ауыз салып жұтып жатыр, үйінде отыра алмай кедей қашты”,¹⁵ – дейді.

М.Ж. Көпееев бұқараның еңсесі көтерілмей қараңғылықта, қорлықта жүргенін:

Жаландап аждаңадай ауылнайлар,

Беліне ақ киізден күйек байлар.

Сипырын бес тынның бес теңге деп

Кедейдің хат білмеген соры қайнар.

Мойнына сары жезден қарғы салып,

Алдына неше түрлі дау-шар барып.

Жиылып қара құстай билер отыр

Жемтігін өлексенің қоршап алып¹⁶, –

деп сипаттады.

Болса да дария сия, аспан қағаз

Мұң мен зар түгелденіп болмас тәмәм¹⁷, –
дейді.

¹² Сонда

¹³ Сонда, 17 -б.

¹⁴ Көпееев М. Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз.
Қазан, 1907. 17- б.

¹⁵ Сонда, 7 -б.

¹⁶ Көпееев М. Хал-ахуал. Қазан, 1907. 17- б.

¹⁷ Көпееев М. Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз.
Қазан, 1907. 10 -б.

М.Ж. Көпееев 1907-ші жылы жарияланған кітаптарының бәрінде дерлік заманының сырын ашып, қалың бұқараны өнерге, құреске шақырушылардың бірі болғандығын байқатады.

Мәшүүр Жүсіп Көпеевтің қоғамдағы өрескелдіктердің жүртқа жария ету үшін жазған көрнекті шығармасының бірі – “Шайтанның саудасы”. Шығармада ақын көптеген ойын ашы сөзбен ашына айтады. Жақсылыққа бастамай жүрген адамдарды көріп, олардың халыққа деген арам ындынын ашады.

Ежелден болып өстім байға өш-қас.

Кожа, молда ишандар бәрі бір бас¹⁸, –

деп кім дос, кім қас екенін ескерtedі.

Он қашар, бес есекке жүк тиеп базарға шыққан шайтанға кездескен Ғайсаның: “не саудамен келесің?” деген сұрағына шайтан: “Есектерге артқаным жала мен өтірік, күншілдік, озырылыш, мекерлік, тәкаббарлық, бұларды байлар, алыпсатарлар, молдалар кедейге күн көрсетпей жүрген ұлықтар талап әкетеді”, – деп жауап береді. Ақыры шайтанның:

Көтерме өтірік пен менен алған

Бар күшінше олар да сөйлер жалған.

Кім болса, бұл заманда сол ап кетер,

Кор болып қашан өтірік жерде қалған¹⁹, –

дегені орындалып есекке артқандарын түгел өткізеді. Мол олжаға батады. Қашарларға артқан жүктегін: пірге қол берген бірадарлар, елден мал жинап қажы барғанда, ишандар, қожамолдалар сатып алады. Шайтанның бұл сауда достары елге береке-бірлік ойламайтын алдампаздар ретінде көзге түседі.

М.Ж. Көпееев 1931-ші жылы жазған бір шығармасында малдан жүрдай болып, қашып-пысып жүрген байларға жантартпағанын ескертпек болады. Конфискацияға ілінгендерді “кудай ұрып, бай біткеннің кері кетті, жинаған дүниесі түбіне жетті. Мал мұліктегі дария болып өздерін ғарық қылды”, – дей келіп:

Ей Мәшүүр, туа қастас болдың баймен

Бай көрінсе, қашушен, қолат саймен.

Байдың түбі боларын дәл осындай

Сөйлесіп қойғансын ба бір құдаймен²⁰, –

дейді.

¹⁸ Сонда.303- б.

¹⁹ Қазақ ССР FA архивы. Көпееев қолжазбалары. П. 1173. – 303 б.

²⁰ Қазақ ССР FA архивы Көпееев қолжазбалары. П. 1173. – 321 б.

Корыта айтқанда, М.Ж. Көпесев заманының озық ойлы, алдыңғы қатарлы азаматы болған. Туған халқының мұнын мұнданап, жоғын жоқтаған, сөйтіп, онымен бірге қуанып, бірге қайғырған шын мәніндегі өрелі ақын дәрежесіне қөтерілген. Сондай-ақ, атадан балаға мұра болар ауыз әдебиетінің асыл қазыналарын жинақтап көзінің қарашығындағы сақтаған. Міне, осынау ұланғайыр мол дүние бүгінгі таңда әлі де болса терең зерттеп, жан-жақты бағасын беретін әділ насихатшысын күтуде.

Жалын. – 1974. – № 3. – 127 – 129 б.

* * *

С. СУТЖАНОВ,
филология ғылымының кандидаты

МӘШҮР ЖҰСІП ДУНИЕТАНЫМЫ

Екі ғасыр аралығындағы қазақ сөз өнерінің көрнекті тұлғаларының бірі М.Ж. Көпейұлының шығармашылығы көп қырлы. Соған қарай дүниетанымы да өте күрделі. Оның өлең, әңгімелері мен мақалаларының арқауы – жеке адам болмысы мен қоғам өмірінің байланысы, одан туындағын алуан түрлі мәселелер.

Нақтылай айтқанда, Мәшүр Жұсіп ұлттық идеяға құрылған таза ағартушылық бағыт ұстанды. Ұлттық сана-сезімді ояту негізіне құрылған төл туындыларында ол ар тазалығына, имандылыққа үндеді. Оның ұғымында дін адамның рухани дүниесін қалыптастырады, құдайды тану адамшылыққа, әділдікке бастау ісіне көмегін тигізеді. Құдайға сенетіндігін жасырмай: “Мен құдайды бір деп білемін, бар деп білемін, құшті деп білемін. Осы үшеуіне наным-сенімім құшті. Құдай қандай өзі, не нәрсе оны білуге, оны тануға ақыл-ойым, зейін-пікірім жетпейді”, – дейді.

М.Ж. Көпейұлының бұл куәлігі туралы белгілі ғалым Ы..Дүйсенбаев мынадай қорытынды жасайды: “Сөйтіп, “құдай” деген ұғымға үлкен мән беріп, ол адам ойы жетпейтін не шырқау биік, яғни тұңғиық терең деп қарау ертеде ойлы адамдардың тәжірибесінде көп ұшырасып келген. Олар көбінесе құдай деген түсінік арқылы адамгершілік қасиетті, әділдікті, жақсылықты, ізгілікті беруге ұмтылған. Сөз жоқ, бұлардың бәрінің туы негізінде дүниені, өмірді, идеалистік тұрғыдан тану жатыр (Ы. Дүйсенбаев, “Ғасырлар сыры”. А., Жазушы, 1970. 9-бет).

Осы пікірдің түп-төркініне көз жүгіртсек, Мәшүрдің ойтопшилауы алдыңғы қатарлы ағартушы-демократтардың талғамдарымен сабактастығын көреміз.

Рас, Мәшүр Жұсіп тәнірге табынып, құлышылық еткен, бес уақыт намазды қаза жібермеген такуа, пірәдар адам болған. Ол Бұқара, Самарқанд шаъарларында, дін окуын тәмамдап, оны толық менгереді. Оның дүниетанымында діни наным-сенім айрықша орын алады. Сондыктан бірқатар ғалымдар М.Ж. Көпейұлын XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық ой-сананың шығармаларын идеялық-эстетикалық мазмұн-мағынасына қарай қарастырып, тереңірек үңілсек, бұл пікірдің оғаштығына айқын көз жеткізер едік. Эрине бұған бертінге дейін үстемдік құрып келген сыңаржак идеологияның шешуші ықпал етіп келгені талассыз.

Айтылған пікірдің ақиқатына жету үшін мысал келтірейік. Мәселен, Мәшүрдің ел аузынан жинаған “Адам қәм оның ғұмыры” атты шығармасының (“Әдеби мұра”, Құрастыруши Ү. Сұбханбердина. А., 1970) қысқаша мазмұны мынадай: “Бұл дүниені, жер мен көкті жаратушы ием адам мен басқа макұлықтарға белгілі бір ғұмыр бермек болады. Хақ тағала адамға 30 жыл, есекке 50 жыл, итке 40 жыл, ал маймылға 50 жыл ғұмыр белгілейді. Бірақ адамнан басқалары мехнаты көп ұзақ өмір сүргілері келмей, арыз қылады. Құдай басқа макұлықтардың ғұмыр жасын азайтып, оларды өз сұрауы бойынша адамға береді”. Сөйтіп, адам 30 жыл бақытты дәурен сүріп, жас жігіт болып тұрыпты. Онан соң отыздан асып, елуге шейін қатты жұмыс істеп көп мехнаттар көріпті. Бұл баяғы есектен алған 20 жылды болады. Содан адам елуден асып, 70 жасына шейін оны-мұныларды аңдып, соның үшін кім көрінгенмен ырылдасып, итке ұқсап өмір сүріпті. 70-тен асқан соң ажардан, ақылынан айырылады, әркімге ермек, ойын болады. Сол жастар адамның өз еркімен маймылдан алған жылдары болады”.

Шығарманың мазмұны Шығыс елдеріне белгілі сюжет желісі болғанымен Мәшүрдің осы уақиғаны таңдап алуды тегін болмаса керек. Егер шығарманың идеялық негізіне көз жүтіртіп, ой жүздіріп қарап болсақ, бәріміз мойынсұнатын тәжірибеден алынған терең де мағыналы философиялық ой-тұжырымның жатқанын сезер едік!

Ал, хикаядағы дінге қатысты жайға келсек, Мәшүр Жұсіптің Алла тағалаға сыйынып, оны жаратушы ием деп жоғары бағалағандығын көреміз.

Жастайынан қуранды жаттап, діни тәлім-тәrbie алған Мәшүр шарифат ережелерін бұрмалаған қожа-молдаларға қарсы болып, өмір бойы күрес жүргізіп өсті. Қуран сөздерін түсінбейтін, әліпті таяқ деп білмейтін дүмше молдалардың іс-әрекеттерін шенеп:

Өсекті қожа менен молда айтады,
Басқадан олар тіпті онды айтады.
Арасын ағайынның балдай тәтті,
Дау-жанжал ұрыспенен молайтады, –

дейді (Қазақстан Республикасы ҰҒА Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қоры. 1173-папка, 5-б.). Онсыз да жоқшылықтың тауқыметін тартқан ел-жүрттың ішіне іріткі салып, онан сайын бұлдіріп отырган қожа-молданың қылышын бетіне басады. Ол дін өкілдерін құран қағидаларын дұрыс ұстай алмадың, шарттарын жақсылап атқармадың деп жазғырады. Бұл шығармаларды талдау барысында Мәшүүр Жүсіп дінді тәніріні адамның этикалық-адамгершілік табиғатын шектейтін тылсым күш емес, оған керісінше тазартуға ықпал ететін фактор ретінде толғайды. Дінбұзар дүмшелерге қарсы майдан ашуы да осындай азаматтық кредитосы мен шығармашылық ұмтылышына байланысты.

М.Ж. Көпееев, сонымен қатар, дүние мен адамды жаратушы тәнірдің құдіретті күші туралы да жазады. Оның айтуынша, өзінен басқа тіршілік иесі жоқ кезде құдіретті Алла тағала екі түрлі кесектен бірі – ерек қасиетті “Кәфті”, екіншісі – ұрғашы қасиеті бар “Нонды” жаратқан. Осы екі кесектен – бүкіл тіршілік тарағанға ұқсайды.

Рас, құдіретті Алла тағаланың адамзатты екі кесектен жаратқаны жайында құранда жазылмаған. Соған қарағанда, Мәшүүр Жүсіп бұл пікірді ескі араб не парсы жазбаларынан алғанға ұқсайды.

Міне, осындай дінге қатысты ой-тұжырымдары Мәшүүрдің жалпы дүниетанымының, философиялық топшылауларының дұрыстығын айғақтайты. Мәселен, біз осы күнге дейін маркстік идеалистердің “Адам маймылдан жаратылды” (ендеңе қазіргі маймылдар адамға неге айналмайды? – С.С.) деген пікірін макулдалап, соны дәлелдеумен келдік. Ал, ол – жаратылыстың заңы, құдіреттің күші екендігін мойындағадық. М.Ж. Көпееев сияқты ғұлама ойшылдардың ой-пікірлері бұған қайшы келді. Сондықтан да оларға “діншіл”, “панисламист” деген айдар тағылыш, асыл мұраларын оқуға тыйым салынды.

Ел-жүрттының тұрмыс-тіршілігіне көнілі толмаған, келенсіз іс қылыштарына күйінген, жаны жадау ақын көніл көншітер медет іздеді. Бала жастан алған тәлім-тәрбиенің әсерімен Мәшүүр бір ғана Хактағалаға табынып, соның ғана мархабатына сенді, жан жарасына содан шипа тапты. Ол дін адалдыққа, қайырымдылыққа тәрбиелейтін бірден-бір құрал деп түсінді.

Құдай жолы әділеттіліктің ақ жолы деп түсінген ол ислам дінін уағыздаپ, халқына осы бағытта жөн сілтеді. Құдайды, пайғамбар жолын дұрыс, бұлжымайтын қағида деп біліп, дін мен ғылымды үштастыруға талаптанды. Өкінішке қарай, коммунистік партия үстемдік құрып, өз диктатурасын жүргізген дәуірде көбіміз Мәшъүрдің дүниетанымына, философиялық ой-тұжырымдарының байыбына барып, тереңіне сұнғи алмадық.

Ал қазіргі кезеңде өткенде олқылықтардың орнын толтырып, күйініштерді кемітуге мол мүмкіндік туып отыр. Әсіресе тіл, дін мәселесіне ерекше дең қойылып, халықтық тұрғыдан қолдау тауып отырған жағдайда алаштың ардагер азаматтарының ұлттық идеяға негізделген таным-түсінігін зерттеудің мән-маңызы айырықша.

Осы орайда, толғакты бір мәселеге тоқтала кеткен жөн. Ол – қазақ әдебиетіндегі суфизм. Шынында суфизмнің әдебиетіміздің дамуына тигізген әсері қаншалықты, айтулы ақын-жазушылардың қай қайсысында да оның бар-жоғын атап-түстеп беру алдымыздағы асудың бірі. Жас ұрпаққа дұрыс тәрбие беруде дін тағылымының атқаратын орны ерекше. Бұл ретте, Абай, Шәкәрім, Мәшъүр Жусіп секілді ірі тұлғалардың шығармаларындағы дүниетаным эволюциясын тілге тиек етеріміз рас.

Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1999. – № 10. – 41-43 б.

* * *

Дихан АБИЛОВ

МАШХУР ЖУСУП КОПЕЕВ

Видный поэт и публицист, непревзойденный знаток казахской этнографии и генеалогии Машхур Жусуп Копеев выступал за просвещение казахского народа, за улучшение его жизни. Просветительство Копеева особенно наглядно проявилось в деятельном участии по распространению среди казахского населения новой методики обучения и нового алфавита (“усули жадит”), созданного на основе староарабской письменности с учетом особенностей казахского языка. Он сам непосредственно обучал детей и молодежь грамоте, используя для этой цели книги, изданные новым шрифтом.

Природный поэтический дар, великолепное знание истории и культуры родного народа, незаурядные способности аналитического характера давали ему возможность глубже и

яснее, чем многим современникам, понимать суть происходящих событий и общественных явлений и оценивать их, соразмеряя со своими просветительскими воззрениями. В этом ему помогало также хорошее знание прошлого и настоящего соседних с Казахстаном восточных стран, чему он был обязан блестящим знанием арабского и персидского языков, которыми овладел в годы учебы в Бухаре.

М.Ж. Копеев родился в 1858 году на территории волости Кызылтау нынешнего Баянаульского района Павлодарской области. Подлинное имя его – Жусуп. Народ назвал его “Машьур Жусуп” (“знаменитый Жусуп”), поскольку он стал широко известен в родных краях благодаря своим публикациям.

До 15 лет Жусуп обучается в медресе хазрета Камара и, изучив основы арабско-мусульманской культуры, в 1872 году едет в другие районы Северного и Центрального Казахстана, чтобы осуществить свою давнюю мечту – собирать произведения казахского устного народного творчества. Он посещает известные всему Казахстану места (Караоткел, Атбасар, Кызылжар), знакомится с жизнью, бытом и фольклором населявших эти края родов и племен Алтай, Куандык, Тока и др. Во время этой поездки он не только собирает фольклор, но и оказывается свидетелем раздоров между родами и племенами, видит, как степные воротилы, ходжи и муллы, пользуясь неграмотностью и бессилием простого люда, обирают его. При этом Жусуп не остается сторонним наблюдателем проявлений несправедливости. В негодовании он берет перо и открыто пишет о виденном, снимая с “аристократов” ореол святости. Уже тогда он показал себя вдумчивым и наблюдательным поэтом, умеющим точно охарактеризовать и передать увиденные события и явления жизни.

В 1872 году Машьур Жусуп поступает в медресе Кокельдаш в г. Бухаре и получает высшее по тем временам мусульманское образование. После окончания медресе он несколько лет работает учителем в родных краях. В 1887–1890 гг. с целью углубления образования и знания восточных языков он совершает путешествие в Среднюю Азию, живет в Туркестане, Ташкенте, Самарканде, Бухаре, где встречается со многими учеными и поэтами, в том числе с академиком В.В. Радловым. Пишет статьи и стихи, которые печатаются в Казани в типографии бр. Хусаиновых. Хорошо известны были в свое время его книги “Хал-ахуал” (“Наша жизнь”), “Сарыарқа кімдікі” (“Кому принадлежит Сарыарка”), “Тіршілікте көп

жасағаннан көрген бір тамашам” (“Увиденное за долгую жизнь”). Машыур Жусуп пишет также поэмы “Короглы”, “Ер Кокше”, “Ер Сайн”, “Шайтанның саудасы” (“Чертов торг”) и др. Основная часть ценного наследия видного поэта-просветителя хранится в Редкомфонде Центральной научной библиотеки АН Казахской ССР. Труды М.Ж. Копеева ждут выхода в свет и научного изучения. Ему принадлежат лучшие записи произведений поэтов XVIII-XIX вв, особенно известных классиков Бухара-жырау, Шортанбая, Шоже.

Машхур Жусуп Копеев чутко реагировал на события, происходившие в России и Казахстане в начале XX века. Огромное впечатление производит на него первая русская революция 1905 года. Он пишет стихотворение “Кровавое воскресенье”, посвященное событию 9 января 1905 года в Петербурге. Стихотворение готовилось к печати в журнале “Айкап”. Однако, узнав об этом, местные власти накладывают запрет на стихотворение, наказывают редакцию журнала денежным штрафом в пять тысяч рублей и организовывают поиск автора стихотворения. М.Ж. Копеев в том же году перебирается в Ташкент и Коканд под предлогом того, что хочет продолжить образование.

Но и после возвращения из Средней Азии он лишается возможности жить в родных местах. Чувствуя, что местные власти хотят арестовать его, Копеев снова покидает родину. На этот раз он уходит на междуречье Волги и Урала, живет в казахских аулах и русских селениях. В стихотворении “Менің белгісіз сапарым” (“Мое тайное путешествие”) он пишет:

Ранним утром в понедельник я сел на коня,
Через день я прибыл в безопасное местечко.
Когда в груди пылает огонь у меня,
Словно конь, я мчусь на белом листочке.
Вы на жизнь Машыура нынче посмотрите.
Русский для меня стал братом родным,
Живу я у мужика в местечке “Жыланды”.

(Перевод подстрочный).

Поэт возвращается на родину только в 1915 году. Изучение дореволюционной биографии Копеева показывает, что он был недоволен своей эпохой и обществом, в котором жил, ясно осознавая тяжелое положение трудящихся и искренне сочувствуя им. Ему казалось, что он борец-одиночка в вопросах просвещения масс, в сочувственном отношении к бедноте, в своей правдивости и честности. Вот что он пишет в стихотворении “Жүрек сөзі” (“Мысли сердца”):

Где поэзия, где наука в эти дни?
Тайны свои по ночам я доверял луне.
Польза какая от муллы безграмотного,
Живущего взиманием скотины за чтение молитвы?
Пусть проклят будет богом мулла,
Обучающий детей, валяясь у порога бая.
Скажите – о, люди! – есть ли это тот,
Кто готов страдать за свой народ?
Я много бродил и много повидал,
Никто не смог остановить меня.
Стремясь только правду говорить,
Одиноким на светестался я.
Богатство мое – язык и уста.
Пока цело мое тело,
Всей душой я служу народу своему!

(Перевод подстрочный).

Копеев не только поэт и собиратель казахского фольклора. Он оставил в наследство также богатые собрания генеалогии казахских родов и племен, имеющей в качестве дополнительного исторического источника немаловажное значение для изучения этногенеза казахского народа. В Казахстане много собраний генеалогии родов и племен. Например, многим известны собрания генеалогических материалов, имеющиеся у жителей Северо-Казахстанской области Бекиша Кусаинова и Шардамбая Нуртазина. Богатое шежире имеется у Бекмагамбета Серкебаева, отца Ермека Серкебаева.

Но генеалогические материалы М.Ж. Копеева отличаются подробностью сведений и событий, связанных с происхождением того или иного рода, с его расслоением и т.п. У него генеалогии обогащаются дополнительными сообщениями и различными сказаниями. Поэтому они очень познавательны и читаются с интересом. Например, излагая родословную знаменитого поэта Бухара, его биографию, Машыр Жусуп Копеев приводит такое сообщение: “В то время люди называли Бухара “гортанным святым”. Он, оказывается, не мог говорить прозой, любая его речь облекалась в поэтическую форму. Из уст его поэзия лилась рекой”.

Как прекрасно характеризует это маленькое сообщение поэтическую натуру Бухара-жырау! Именно такими справочными подробностями ценные записи историй родов, фольклорных и литературных произведений, сделанные М.Ж. Копеевым. На эти качества его записей указывал в свое время С. Муканов, высоко оценивавший творчество поэта-просветителя.

Машыр Жусуп Копеев с радостью встретил Великую Октябрьскую революцию. Несмотря на преклонный возраст, он активно участвует в деятельности культурно-просветительских обществ и организаций. С новой властью рабочих и крестьян он связывает светлое будущее родного народа, видит в ней защитника его интересов. В своих произведениях приветствует те новшества, которые вводила Советская власть в жизнь казахов. Например, о конфискации скота и имущества у крупных баев и феодалов, произведенной в 1928 году, он пишет:

Ей, Машыр, с ходжой и баем ты враждовал,
По о врагам и ложбинам от них убегал.
Ты был уверен, что скот от баев отберут,
В сговоре был с богом, что ли?

Кто это знал?

(Перевод подстрочный)

Машхур Жусуп Копеев никогда не совершил намаз (пятикратное моление) и не соблюдал оразу (пост). Всю жизнь он вел беспощадную борьбу с малограмотными бродячими муллами и ходжами, считая их обманщиками народа. Копеев не только творчеством, но и личным примером призывал народ к просвещению. Яркое подтверждение – судьба его сыновей, которым он дал хорошее по тем временам образование. Например, его средний сын Амен, участник народно-освободительного восстания 1916 года, после установления Советской власти становится активным проводником в жизнь декретов Совета Народных Комиссаров республики о ликвидации безграмотности населения и института калыма. По специальной путевке работает учителем в школе № 4 в г. Ташкенте. В 1924 году погиб от рук классовых врагов, защищая 13-летнюю девочку, которую хотели насильно выдать за калым. Гибель сына, на которого М.Ж. Копеев возлагал большие надежды, потрясла поэта.

Младший сын поэта Фазыл, долгие годы работавший школьным учителем, за заслуги в педагогической деятельности был награжден орденом Ленина. Скончался в 1970 году.

Старший сын Шарапи был грамотным, работал в колхозе. Скончался в 1936 году.

Собранные М.Ж. Копеевым путем личной записи образцы казахского устнopoэтического творчества начались систематизироваться в 1932 году, когда, по просьбе Г. Мусрепова, молодой тогда поэт Дихан Абильев отправил ему по почте два тома записей М.Ж. Копеева. Еще 2 тома были систематизированы

страшим сыном Копеева Шарапи, энтузиастами Ашимом Бажиковым, Омаром Имамбаевым, Нурке Жаналиным, Жолмуратом Тулкиулы, которые сдали эти рукописи в литературный фонд Академии наук республики.

Оригинальные произведения М.Ж. Копеева в разное время входили в литературные хрестоматии, учебники и сборники, в том числе – одно стихотворение – в первую антологию казахской поэзии, изданную на русском языке в Москве, другое стихотворение увидело свет в новейшей антологии на русском языке, изданной в Ленинграде.

По решению партийных и советских органов республики открыт музей Машхур Жусуп Копеева на его родине в совхозе “Жанажол” Баянаульского района Павлодарской области. На могиле поэта, на холме “Калым шокы”, сооружен мавзолей. К сожалению, драгоценное наследие Копеева еще не стало предметом научного изучения. Народ надеется, что ученые – историки и литературоведы республики издадут богатое наследие поэта – образцы фольклора и произведения акынов и жырау XVIII-XIX вв., генеалогические собрания и оригинальные стихотворения, басни и переводы. Надо полагать, что настало время надлежащей оценки всего творчества Машхура Жусупа Копеева.

**Простор. – 1985. - № 1. – С. 163-165.
Перевел с казахского Наги Ахметов.**

Н.К. ЖУСПОВ

ӨМІР ЖОЛЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ

Тәуелсіздіктің арқасында кейінгі кезде тарихымыздағы қолдан жасалған “ақтандактарды”, яғни белгісіздік атаулыны ашып, тани бағтадық. Соның бір көрінісі – белгілі ақын, фольклорист, тарихшы Мәшүр-Жұсіп Көпейұлының мол (біздің есептеуімізше, 25–30 том көлемінде) мұрасының алғашқы екі томдық таңдамалысының шығуы, сонымен бірге баспасөз бетінде ақын туындыларымен ол жинаған ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерінің сонғы 5–6-жылда жиі жарияланып жатқаны. Осы орайда Мәшүр-Жұсіп өмірбаяны да қазірге дейін үстірт қарастырылып келгенін, ақынның өзінің

немесе оның жиені Жолмұрат жазбаларына¹ назар аударылмағанын атап өткіміз келеді. Мәшүр-Жұсіп аталары кімдер болған десек, шежіре заңы бойынша алдымен әкесін, іле оның баласын келтіру ретімен берсек, мына көрініс шығады: Жанарыс – Каракожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Сұғыншы – Шуманқ – Құлболды – Күлік – Тілеуімбет – Бесім – Ақжігіт – Сермұхаммед – Көпжасар (Көпей) – Мәшүр -Жұсіп.

Бұл есеп бойынша, Мәшүр - Жұсіп Жанарыстан кейінгі 16-ұрпақ болып шығады. Атап айтқанда Орта жүзге енетін Арғын ішінде Сүйіндік руынан тарайтыны анықталады. Мәшүр-Жұсіптің 1907 жылы жарық көрген “Сарыарқаның кімдікі екендігі” еңбегіне және “әuletтік архивте” сақталған сол кітаптың кеңейтілген варианты – өз қолжазбасына сүйенсек, ақынның сегізінші атасы – Құлболды Сырдарияның ар жағында (Павлодар өнірі көзімен қарасақ, онтүстік- батыс, яғни қазіргі Өзбекстан жағы) тұрғанын², кейін одан тараған ұрпақтың, мәселен, ақынның бесінші атасы – Бесімнің Ұлытауды, ал төртінші атасы – Ақжігіттің Көкшетауды мекен еткенін анықтаймыз.

Мәшүр-Жұсіп пен Жолмұрат жазбаларында Көпжасардың Орта Азия, Қазақстан арасында қатынаған сауда керуенінде қызмет еткені, кеш үйленгені, кейін еңбегімен тапқан біраз малын жұт жылы (1861-жылы) қырып алғып, Мәшүурдің 3 жасында (1861жылы) “адамға мал да жолдас емес, ғылым жолдас” екен деген шешімге бойсұнып, баласын медреседе оқыту мақсатында Баянға (ол кезде қала аз болғандықтан да қыр қазақтары Баянды қала деп атап кеткен) көшіп келгені нақты көрсетілген.

Бұл жазбаларда сонымен бірге 1862–1864 жылдар аралығында Көпейдің Баянда сала басталған үйі бітпегендіктен де, уақытша сол арадан 5 шақырым жердегі Қызыл ағашта кедей жатақтармен бірге қыстағаны туралы да дерек бар.

Осы орайда Мәшүр-Жұсіптің алтыншы атасы – Тілеуімбеттің 14 ұлымен бірге қара қалмақ Қатысыбанмен соғыс

¹ Бұл қолжазбалардың біразы “әuletтік архивте”, сонымен бірге Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының ОҚҚ, - да сақтаулы: 1173 “а” - папка; 1173 “б” - папка.

² Қазақтың бұрын Сыр бойында мекен еткені туралы дерек Шекерімде дебар. Мәселен, “Қалқаман – Мамыр” дастанының кіріспесінде: “...Мың жеті жұз жиырма екінші жыл қазақтың Сыр бойында жүргені анық”, – делінген /Шығармалары. – А.:Жазушы, 1988. – 280 б.

кезінде өлгені; ал бесінші атасы, яғни Тілеуімбет ұлы Бесімнің қартайып өліп, оның денесін Ұлытаудың “Бесімнің бес саласы” атанған теріскей бетінде Тілеуқабыл асуының бас жағына қойылғаны; сондай-ақ Бесімұлы Ақжігітabyзы 49 жасында қайтыс болып, Көкшетау бауырында Шұртік Қарағай – Қыздың қарасуы деген жерге жерленгені туралы деректер де сол жазбаларда орын алған. Ал, Ақжігіт ұлы Сермұхаммедке келсек, оның 70 жастан асып, Қызылтауға, ал Сермұхаммед ұлы Көпжасардың (Көпейдің) 73-ке келіп, Баянда жерленгені де кезең тарихын ашарлық құнды деректер дегіміз келеді.

Мәшүр-Жұсіп 5 жасында Баяндағы Байжан Смағұлұлының медресесінде Нәжімалдин хазіреттен оқиды. Ол баланың алғырлығын, зеректігін аңғарып, оны “Шар” кітаптан бастап оқытады. Мәшүр-Жұсіп 8 жасында Қамариддин хазіреттен оқи бастайды. Жас кезінде Бұхарай – Шарифтен оқып, дін ғылымын бітірген, кейін Ақмола облысында дуанбасы Керей Тұрысбектің қасында бірнеше жыл тұрып, одан соң Омбы облыстық ахуны болып жүрген жерінде дуанбасы Мұса Шорманұлы шақыртуымен Баянға келген. Қамариддиннің шығыс мәдениетін, қазақ ауыз әдебиетін кең білуі және насиҳаттауы – бәрі болашақ ақынға шешуші ықпал еткені анық. Бұрын ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілері тек ауызша айтылып, оны қағазға түсіру дәстүрі болмаса, Қамариддин хазірет ала келген: “Қозы Көрпеш – Баян сұлу”, “Ер Тарғын”, “Төрт жігіттің өлеңі” т.б. жырларды қағазға түсіріп, ауызша жырлап айтуды – Мәшүр-Жұсіптің 8 жасынан бастап ақ ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерін қағазға түсіріп, халықта таратады.

Ол уақыттарда Мұса Шорманұлының Баянаула дуанына қараған халыққа аға сұлтан, дуанбасы болып тұрған құні екен, үйіне әдейілеп әкелі-балалы екеуін шақырып алып, бастан-аяқтындайды. Әкесі, Көпейге: “Мұнан былай бас киіміне үкі тақтырып қойын. Көз-тілге шет болмасын. Бұл бала өз заманында халыққа Мәшүр болатын бала екен”, – деп лепес қылған екен. Сөйтіп бұрынғы Жұсіп деген атына Мәшүр деген атының алғаш қосылу тарихы осы сөзден басталса керек. Ал Мәшекең тақиясына үкіні хазірет әйелі бибі Мариям, қызының бөркіндегі үкісінен бір шоқ алып таққан екен. Содан Мәшекең 3 жыл хазірет үйінде, кейін Мұса Шорманұлы үйінде, кейін тағы да 2–3 жыл Баянда тәлім-тәрбие, дәріс алады. Яғни 8 жасынан 15-ке келгенше Қамар хазіреттен оқып, дін, ғылым, араб, парсы,

түркі кітаптарын т.б. меңгереді. Ал, 1874 жылы 16 жасында Мәшүр-Жұсіп Әкімбек дегеннің үйінде 2 жыл тұрып, жалғыз баласы Қабылбекті оқытады. Оның жаз жайлауы – Ақмола облысы “Еркіншілік” ауданына қаасты Ақша көлдің басы.

Алғашқы Мәшекенің өлеңі 15 жасында жазылған. 20 мен 25 аралығында Мәшүр-Жұсіп Сарыарқаның халқын, жерін-суын түгел аралайды, серілік құрады. Эр таптың, әр дуаның аты, атағы бар адамдармен жолығып, пікір алысады: Қарқаралы дуанында заманында халқына қария, үлгі болған, көпті көрген көне, қажыға бірнеше рет барған Жұсіп қажы Бердалы қожамен; Атбасар дуанында Әліке Байдалы, Ақкошқар Сайдалы тұқымдарымен және де Атбасарда Мейрам қажы Жанайдар Батыр баласымен т.б. танысып көптеген уақыттарын бірге өткізеді. Мейрам қажыға 23 жасында, яғни 1881-інші жылдары кездесіп, үйір болып танысып, көп уақыттар, жазы-қысы қолында болады (көне қолжазбалар мен кітаптарды ақтарып, әдеби мұра сөздерін көп зерттеген).

Сондай-ақ Мәшекен Ақмола дуанында Қоңырқұлжа төре тұқымдарымен, Жәңгір төремен т.б. танысады. Жәңгір төре де – сөзге шешен, ұғымды, ұқпа құлақ қария, сауатты адам болған. Ақмола дуанына қараған Қама, Жапар елінде атакты Бөгенбай батырдың немересі жүз жасаған Сакқұлак шешенмен, заманында Орта жүзге шежіре атанған қариямен араласып, тарих жағынан, қазақ әдеби мұра сөздерін жазып алған хатқа түсіреді. Ал Қекшетауда Абылай тұқымы көп төрелермен танысады. Сыздық төре Кенесарыұлымен Ташкент қаласында, т.б. жерлерде бірнеше рет кездеседі. Атакты Атығай, Қарауылдан шыққан Ақан серімен жиі кездесіп жүреді: “Ақан сері Құлагер өлген соң бұрынғы серілік мінезді қалдырып, көп бас қосатын ас, жиын-тойға жүрмейтін, бармайтын болып дүние мухаббатынан мұлде көнілін сұйтты, – дейді. – Құлагер өлген соң Ақан серінің басынан бақыты тайды. Ақан сері адамзаттың сұнқары, қызыл тілдің ділмәрі, жігіттің құлпы жібегі, сөздің ағытылған тиегі еді. Ақан серінің Ақтоқтыға жазған өлеңі”, – деп бірнеше өлеңдерін жазады. Ақан серінің 40 қызға 40 түрлі айтқан өлеңдерін; Құлагерді мактап, жоқтап жазған өлеңдерін келтіре отырып, Мәшекен Ақан серіні әйел мактау өлеңіне жетік, көп ақындардан аузы епті деп мактайды.

10–15 жасынан бастап-ақ өлең жазып, хат жазарлық болғаннан-ақ Мәшүр-Жұсіп халық әдебиетін ел аузынан да, қағаз жүзінен

де жинаумен айналысады. Арасында өзі де айттықа түсіп, қаламмен де жазысып айттысып жүреді. Өзі турасында Мәшекен: “Үш жұздің баласы, қазақтан шыққан қария, шешен сөзге ұста, тапқыр, ойшыл, кеудесінің есігі бар, көзі жіті, көңілі қырағы, бір тіл емес, әр тілде білетін оқыған, тоқыған, жүйрік, білгіш адамдармен ойда-қырда, талай жерлерде жолығып, талайынша сөйлестім, – деп айтқан жерлері де жоқ емес. – Ата білген, шежіре болған бұрынғының көне қарияларына көп сөйлестім: Қаракесек ішінде Бердалы қожа, Қанжығалы қария Бөгенбайдан шыққан Саққұлақ – сондай жұрт аузында шежіре атанған қариялардан естідім... Абулғазы Баһадұр хан шежіресін құрттай бала күнімде оқыдым... Науаны бәрін барып актардым. Түрік жұртынан шыққан мір ғалым Шырынзахралдин Әмір Науаның құллісі қолымда. Бала жасынан Мұса Шорманмен таныстым. Бұхарай – Шәріп пен Хатымкәрдә болып шыққан Қамар хазіреттің мәжілісінде болып өмір кешірдім. Мұны жазғаным мақтан үшін емес, актан үшін”, – дейді.

Жасынан ел аузынан, қағаз жүзінен жинаған үлгілі сөздерінің біразын 1880–1885-жылдары Омбы қаласынан шығатын “Дала уалаяты газетінде” бастырады.

1887 жылы 29 жасында Мәшьүр-Жұсіп Бұхар, Ташкент, Туркістан т.б. шаңарларына сапарға шығады. Ол заманда негізгі көлік қатынасы түйе, ат малы болғанын ескерсек, бұл сапарлардың өздері 2–3-жыл уақытты қамтыса керек. Айтылған шаңарлар араб жұрты, Стамбулдан соңғы Орта Азиядағы мұсылман көпшіліктің мәдениетті жері. Бұрынғы өткен ғасырларда Азия жандарының тақ күрған жерлері болған себепті, Мәшьүр-Жұсіп бір жыл Бұхарда тұрып оқып, білімін толықтырады. Араб, парсы, шағатай, түркінің т.б. тілдерін, жат тіл, жат сөзді жақсы түсінеді. Әзбек, тәжік, сарт, қызылбас т.б. – бұлардың да тілін, әдет-ғұрпын түсінеді. Абуғали, Сина, Абултарит, Сократ, Хакім сияқты т.б. ғалымдардың жазған ғылыми кітаптарын оқып көреді, тәжірибе алады. Иран ғалымдары мен шайырларының күшті болған шах Сағдидің жазған кітаптарын да оқиды. Абулғазы Баһадұр хан шежіресін, “Мың бір тұн”, “Шахнама”, Науай, Фердоуси, Сайқалы т.б. кітаптарын жатқа білген. Тіпті, Ташкент қаласынан шығатын газеттерге де өлең, мақала, т.б. беріп тұрған.

Келесі жылы Бұхардан қайтып, Туркістандағы атақты Қожа Ахмет Яссайдің басындағы Әмір Темір салдырған көк күмбезін көреді. Онда да бірсыныра уақыттар болып, бірнеше

галымдармен танысады. Одан әрі Сыр өнірін аralайды: Майлықожамен жолығады, жеті атасынан тұқымынан ақындық үзілмеген дуана қожа Көшек, Құдері қожа тұқымдарымен танысады. Одан кейін Шу мен Сырдан өтіп, Ұлытау мен Кішітауды басып, Есіл мен Нұраны жайлап, мекен қылған Алтай, Найман, Коңырат, Қыпшақ т.б. елдерін аralайды. Осындай екінші сапарына Мәшьұр-Жұсіп 37 жасында, яғни 1895-жылдар шамасында шықса, үшінші сапары 49 жасына (1907) сәйкес келеді.

Мәшьұр-Жұсіптің үш кітабы: “Сарыарқаның кімдікі екендігі”, “Хал-ахуал”, “Тіршілікте көрген бір тамашамыз” атты туындылары 1907 жылы Қазан қаласындағы Құсайыновтар баспаханасынан жарық көреді. Кейіннен ол баспаханадан шыққан 14 қалам иесінің шығармаларын цензура сотқа тартады. Ішінде Мәшекенің жоғарыда аталған еңбектері де бар. Сондай-ақ Мәшьұр-Жұсіптің кейбір еңбектері “Айқап” журналына да басылған.

Жоғарыда атап өткеніміздей, ақынның фольклорист, тарихшы, этнограф, философ ретінде өсуіне ықпал еткен галымдар, ұстаздар, т.б. төңірегіне келетін болсақ: бір жағында Нәжімалдин хазірет, Қамаридден хазірет т.б. тұрса, екінші жағында – сол кездегі ел зиялышы, ауыз әдебиеті, тарих білгірлері әсері бар. Олар: Мұса Шорманұлы, Мейрам Жанайдарұлы, Бөгенбай ұрпағы Саққұлак шешен, Құдері қожа, Майлы қожа, Ақан сері, Естай мен Майра ақындар, Сыздық төре Кенесарыұлы, Абылай хан тұқымдары, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы т.б.

Сондай-ақ Мәшекенің “Дала уалаяты газетіне” көптеген материалдар ұсынып отырғаны белгілі, яғни ол газеттерді алғып та тұрған. Ал ол газеттің 1894 жылғы 29, 30, 31- сандарында басылған Г.Н. Потаниннің “Қазақтардың арасындағы әр түрлі ойлап шығарылған өлең, қысса, ертегілерінің, әдет зандарының керекті болғаны турасында” деген мақаласын оқымауы, көрмеуі мүмкін емес. Әйткені мақалада сұрау түріндегі берілген ұзақ тізім ішіндегі 13 тақырып Мәшекен жазбасында да кездеседі. Мысал үшін, мақаладағы Ай мен Құннің тұтылуына, жер жаратылысына, жануарлар арасындағы ең мықты аң төңірегінде, өсімдіктер дүниесіне, жезтырнаққа, Едіге мен Тоқтамыс ханға, Алаша ханға, Жиренше шешенге, Ақсақ Темірге, Сүлеймен мен Байғыз құсқа т.б. қатысты сұраулары Мәшьұр-Жұсіптің “Тама Сарыбас мерген

ертеғісінде”³, “Сүлеймен пайғамбар мен Байғыз”⁴, “Қазақ билері”⁵, “Жиренше шешен”⁶, “Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер”⁷, “Лала гұл және махабbat туралы”⁸, “Ай мен Күндей: “Һеммаға бірдей” демегінің мағынасы”⁹, “Аспан, жер және адам жаратылысы туралы”¹⁰ т.т. атты еңбектері, тек тақырыптық жағынан үндестік тапқан. Мұндағы Г.Н. Потанин мен Мәшъур-Жұсіп арасындағы үндестік туу себебі бір-бірінен көшіргендіктен емес, қайта ел арасынан фольклор үлгілерін жинағанда әрі алға қойған мақсаттары, талаптарының, әрі жасаған программаларының бір жерден туғандығында деп қарастыру қажет. Себебі Г.Н. Потанин жинаған бірде-бір фольклор үлгілері Мәшекен қолжазбасында жинақталған нұсқалардың ешбіреуіне ұксас келмейді.

Сондай-ақ халық ауыз әдебиетін жинаушылар үшін қойылатын талаптардың осы “Дала уалаяты газеті” ішіндегі Г.Н. Потанин мақаласы арқылы жариялануы ол кездегі 36 жастағы Мәшекеннің жинаушылық қызметіне әсер еткені сөзсіз: “Сообщения предпочтительнее иметь на киргизском языке, при этом следует иметь в виду, что передавать их нужно именно в том виде, как они вышли из уст рассказчика, без произвольных сокращений и изменений, с точным воспроизведением собственных имен и всех выражений, как бы последние ни казались устарелыми или некрасивыми”¹¹.

Мәшъур-Жұсіп және фольклор. – Павлодар, 1999. – 12-19 б.

³ Зерде. - 1992.- № 6. – 27-28- 6.

⁴ Азия. – 1992. - № 3 (шілде). – 5-6.

⁵ Жұлдыз. – 1992. - № 8. – 186-197-6.

⁶ Ақиқат. – 1992. - № 10. – 88-91- 6.

⁷ Ақ Орда. – 1993. - № 2. – 77-80- 6.

⁸ Зерде. – 1993. - № 7. – 18-6.

⁹ Ақиқат. – 1994. - № 4. – 87-91- 6.

¹⁰ Қазақ тарихы. – 1995. - № 2. – 55-61- 6.

¹¹ Потанин Г.Н. О необходимости собирания произведений народного творчества у киргизов // “Дала уалаяты газеті” кітабы. Құраст. Ү.Субханбердина. – Алматы: Фылым, 1989. – 567 б.

Б. МАЙТАНОВ,
профессор

МӘШҮР ЖҰСІПТІҢ МЫСАЛ-ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТҮЙІН

Өткен екі ғасырдың жүгін бірдей көтерген ақыл-ой, өнер саласындағы алыптардың қатарында Мәшүр Жұсіп Көпейұлы да бар. Талантты қолдан жасау қын. Білімді жинауға болады. Ол үшін қажыр-қайрат, зерде-жады, алқымы іспес енбек қажет. Жұмыс тәртібі өз алдына. Мұндай дамыған елдерге тән зиялды салт-машықты XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысында барша қазақ ұстана алған жоқ. Мәшүр Жұсіп Көпейұлы ел тарихындағы сондай дара саңлақтардың бірі болып қалды.

Оның бала күнінен табиғи зеректігі мен алғырлығы, Құран сөздерін, жыр-дастандарды, даланың ауызекі тарихын (ДАТ) жатқа соғуы сирек кездесетін дарын еді. Құдай берген ерекше қасиет бала Жұсіптің бағын асырып, атағын алысқа мәшүр етті. Шорманның Мұсасы, Әкімбек сияқты белгілі адамдар алғыр жастың таланттың түлетіп ұшыруға қол ұшын созды, азамат ретінде қайырымдылық көрсетті.

Мәшүр Жұсіп өзінің ақындық қасиетін де Тәнір сыйлаған өнер деп түсінеді.

— Ойланып қаламынды қолға аласын,

Сүңгіп жүзіп кетуге толғанасын.

Естіген кейінгіге мирас болып,

Саусағым ақ қағазға жорғаласын (Мәшүр Жұсіп Көпев. Таңдамалы. 1-т. Алматы, 1990. 135-б.).

Немесе: - Жабысты он бесімде өлең маған,

Түстеніп, өлеңші ата қона алмаған (сонда).

Заманынан озық ғұлама ойшыл сөз өнерінің жазылмаған ережедей мән-мағынасы мен зілмауыр азабын және сол дәуірдің менталитетіне сай өлең сөздің әрі ғибрат, әрі шежіре, әрі пәлсафа ретіндегі қызметін әбден жетік түсінеді. Қазақ үшін “ғалымның хаты” – өлең. Ал “жаксының атын” алу үшін от жүректі Мәшүр өз бетімен “29 жасында, 1886 жылы Бұхарға барып оқиды. Араб, фарсы, Орта Азия әдебиетімен танысады. 1896 жылы Ташкент қаласына барып, тағы біраз оқып қайтады” (Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. Алматы, 1993. 60-бет). Білім – ол уақытта әсіресе қадірлі саналғанымен, Мәшүр Жұсіптің бала оқыту, айналасын әлем жаңалықтарынан, халық әдебиеті мен

мәдениетінің қайнарынан сусындану, билік айту, шешендік өнері және көріпкел әулиелік болмысы жан-жақты дарын иесінің беделін аспанға көтерді.

Мәшүр-Жұсіп жырлары өмірбаяндық деректермен қабысып отырады. Бастаң кешкен жақсы-жаман оқиға, құбылыстардың бәрінен дерлік өзіндік субъектілі көзқарас бедері айқын көрініс табады. Ш.Қ. Сәтбаева бір шоғыр қазақ ақындарымен бірге М.-Ж. Көпейұлын да Шығыстың классикалық әдебиетінен нәр алып “нәзира” дәстүрін қалыптастырған тұлғалардың қатарына жатқызады. Соңдықтан Мәшүр шығармаларындағы оқылмандақ пен астарлы ойлау, тұспалдаған сөйлеу, кесек ой айту үрдісі осынау іргелі көркемдік-эстетикалық дискурс әсерін толық аңғартады.

Бұл орайда оның мысал жанрындағы ізденістері тапқыр да салмақты тұжырымдамаларымен ерекшеленеді. “Жарты нан хикаясында” ұлттық ұлгіден гәрі “Мың бір түндегі” Сүлеймен патшаның жазасына ұшыраған дию мен балықшы әңгімесін еске түсіретін сәттер мол. “Сиқырлы тас” (Қазақ ертегілері. 2-т. Алматы, 1988. 27-31-бет) ертегісінде бай баласының қанағатсыздығы, сандықтан шығатын жыланның шексіз жақсылығы суреттелетін. Ал мұнда керісінше сандықтан босаған жылан өсе келе айдаңарға айналады, өзіне рахым жасаушының өмірін қатерге салады. Бұл жағынан ол “Айдаңар қатын” ертегісімен үндеседі.

Автор көркемдік шарттылық занылыштарын еркін пайдаланған.

– Қолыңа алдың ойлап нені? – дейді,

Осынша әуре қылыш мені, – дейді.

Ауызға ашылған соң қорек керек,

Жұтамын енді амалсыз сені! – дейді (Аталған кітап, 165-бет).

Күмырадан құтылатын дию бірде жауыздық танытқанмен, келесі жолы қателігін ұғып, уәдесін бұзбайтын. Әрине, диюдың да, айдаңардың да кішкене сандыққа сыйып жатуы, олардың тілге келіп, сөз таластыруы, әсіресе бірден іске көшпей, дау куалап, тәжікелесуі – өзі де шартты шындық аясындағы әдеттегі көзбен қараганда расынан өтірігі көп көріністер. Мәселен сұм тажал көмектесуге бет қойған отыз адамға тиіспейді, әлгілер амалсыз жөніне кетеді. Бұлардан кейінгі бес адам тіпті қайран қыла алмасы тағы түсінікті. Осы екі ортада жарты адам пайда болады. Ол қандай кейіпте екенін қиялмен болжайсыз.

– Жарты адам ыңғайланып тұра қалған,

Сөзіне мұның айтқан құлақ салған:

– Айдаңар, айтқаныңың бәрі өтірік,

Нанбаймын мен орынсыз сөзге жалған! (166-бет).

Жарты адамның айлалы лебізі аждағаны ашуға міндіріп айтқанын дәлелдеу үшін бұрынғы мекені – сандық ішіне қайта түседі. Балықшы да диюды солай жерге отырғызған. Ендігі тұста міnez бен символ кеңістік шарттылығы жағдайында шаң береді.

Мәшъүр Жұсіп осы оқиғаның бәрін екінші деңгейдегі концептуалды емеурінге айналдыра отырып, әрекет-танбалар легінен философиялық мән түйеді. Бұл көркемдік міндетті автор яссымен егіздес күйдегі жарты адам – жарты нан атқарады. Пәленің үлкені – ауыздан байқаусыз шыққан сөз екен. Айдаңар – сол. Алыстағы отыз кісі де, жакындағы бес досың, туысың да лаулаған өртке араша түсе алмауы мүмкін.

— Оразаң отыз күнгі – отыз кісің,
Бес кісі – бес намазың, білемісің.
Жоқ қылышп жамандықты жойылтуға,
Бұлармен дәнемеге келмес күшің.
Қысылды, мен болмасам, шыбын жаның,
Дәрменің қалмап еді, құрып әлің.
Танып қой, танымасаң, мен боламың,
Дүниеде қылған қайыр – жарты наның! (167).

Ақынға тән көркемдік ой қанатының топшысы мығым. Бір-екі ауыз нақылмен айтыла салатын ұждандық қағида өлең жолдары, әрекет, шешім, пәлсапа-ғақпиялық идея құдіреті, поэтикалық образ, характерлердің шартты қиял әлеміндегі нағымдылығы нәтижесінде өте зор имандылық тұжырымдаманы өрнектейді. “...Қолына қаламды мұсылман болып алып, көзін де сол мұсылман қалпында жұмған” (У.Калижанұлы) М.Жұсіп Көпейұлы адамға адамның бауырластық, ортақтастық, мұddeлестік сезімдерінің бүтіндігін бәрінен жоғары қояды. Сонымен қатар ақын жеке тұлға үшін қажет сапалар құрамында жан-жақты толымды, тұтас міnez үлгісінің сілемін кестелей біледі. Аңқаулық, көрсекзызарлық, пайдакунемдік – ақылсыздыққа баланса, ұстамдылық, міnezге байлық, жомарттық исламдық инсаниятта хас бағалы қасиеттер саналады. Ақын-философ барлық жаннның қатесіз өмір сүре алмайтынын біледі. Сонда да ағаттықтан сақтандырып, зұлымдықпен құресудің қындығын, ол үшін жүрек, қайрат, парасат, кісілік сапалардың, яғни Абай айтатын толық адам сипаттарының керектігін Мәшъүр Жұсіп терең астарлы символикалық нұсқа - белгілердің көмегімен шебер мүсіндейді. “Жарты адам хикаясы” – әдеби, философиялық, эстетикалық тұрғыдан қазақ әдебиетіндегі құнды жәдігер.

Шығыстық, фольклорлық, діни-ағартушылық сарын, терең қабатты тұспалдар жүйесі М.-Ж. Көпейұлының өзге мысалдарынан да мол байқалады. Мәселен “Мәшүүр Жүсіптің тырнамен айтысында” бір адам, бір хайуанның тілдесуінен екі әлемдегі ортақ жағдаяттар, куаныш пен реніш, құш пен әлсіздік, зорлық пен қорлық неғұрлым шынайы көңіл өрнегінен өтеді. Ақку бола алмаған тырнаны менсінбей тұрып, мойындал, әнтек қылышынан тосылу ұзын мойын баяндайтын әңгімеге қатысты. Екінші кезектегі фабула сілемі бой көтереді. Тоты құс туралы сез өз өнеріне дандайсып, еркінсу, артық сенімділік әрі соның салдарынан торға түскенде біршама шыргалаң сюжеттік оралым барысында, монтаждық композиция түрінде ашылады.

— Халайық: аманы бар, жаманы бар,
Көп малдың жүйрігі бар, шабаны бар.

Біреу жылап, біреулер күлген заман,
Жан бола ма таймайтын табаны бар? (171) – дейтін Мәшүүр Жүсіп жауабында болашақ оқиға болмысын ишаралаумен бірге мәңгілік ақиқат формуласының поэтикалық шешімін ұсыну бар. Ол үшін өмір – өткінші, бірқалыпты емес, адам – уақыттың, жағдайдың құлы, жұмыр басты пендelerдің барлық жағынан теңесуі мүмкін емес. Тырнаның хикаясынан да күнде сайрап жүрген тоты құстың азат күйінен кенет айрылуы – тіршілік сүрлеуінің ойлы-қырлы, әр алуан бұралан-бұлтарысын тұспалдай кестеленуі екенін ұғамыз. Эйтсе де ерке де сұлу тоты батылдығы мен тапқырлығының арқасында тұтқыннан құтылып шығады.

— Мен торға түспейін деп аспанға ұштым,
Сізбен емес, баламен ерегістің.
Жер жүзін өрт алышты, тегіс күйіп,
Көздей жер сау көрінді, келіп түстім.

Көрінген өрт боп маған сор екен сол,
Бір тосу хактан даяр түр екен сол.
Сау жер болып көрінген титтей ара,
Балалар құрып қойған тор екен сол.

Ілініп қыл мен жіпке қалды аяғым,
Ұмыт боп ойдан шығып сол баяғым.
Далақтап ұшып жүрген бір уыс жүн,
Сендей – жүзік, Мұсадай – жоқ таяғым (173).

Алдында өзін сақтандырған Сұлеймен патшаға қайыратын жауабында Сұлеймен пайғамбардың жүзігі, Мұса пайғамбардың сиқырлы таяғы туралы Құран хикаяларынан келтірілген реминисценциялар тоты құс уәжіне күш қосса, қаламгердің діни-философиялық танымы үшін адасқан жанның, айыбын білсе, күнәсін кешу, ол ретте жеке өміріндегі тәжірибе сабағын ұмытпау тәубесін есте ұстау ҳақындағы адамгершілік ілімнің роліне екпін түсіру тәрізді логикалық әрі поэтикалық тәсілі – елеулі жүк көтереді. Парасат иесі – қасиетті жүзігі жоғалғанын жадына алған су патшасы Сұлеймен пайғамбар. Ақын өмірдегі барша іс-хикмет жақсылық, жамандық Алланың қалауымен болатынын, соңдықтан мұндай тосын оқиға, шырғаландар адам баласына ой мен әрекет кеңістігін аштын сынақ алаңы екенін діни-философиялық айқын тұғырнамаға айналдырады. “Сәйгелді, сона, бөгелек туралы”, “Шайтанның саудасы” мысалдарында Мәшүүр Жұсіп қазақ жұртының көбелектей сайраншыл, ұшарын жел, қонарын сай білетін женіл мінездеріне, Ғайса пайғамбардан қаймықпайтын шайтандай пысықтардың берекесіз тірлігіне назаланып, өз сөзінің жерде қалғанына шамырқанады.

– Көтерме өтірікпен менен алған,
Бар күшін сап олар да сөйлер жалған.
Кім болса бұл заманда сол әкетер,
Қор болып қашан өтірік жерде қалған?! (189)

– дейтін малғұн сөздерімен талай заманалар асып келе жатқан, шындықтың күйген беті сияқты келеңсіз зандылықтардың өміршендігін андату әділеттілікпен оны толық женеріне күмәнданса да, жігері мұқалмай құресетін Мәшүүр дауысының қайрат-қажыры мен ертенгі күнге сенімі қайыспас қайсар рух қайнарына кепілдік береді.

Осы тақырып тұрғысынан мынадай ой қорытуға болар еді. Біріншіден, М.-Ж. Көпейұлы туған елін мұсылмандық жол, адамзаттық білім нәрі арқылы болашақтың өріне сүйреуге ұмтылды.

Екіншіден, Мәшүүр Жұсіп жырлары мен өлең, толғауларындағы сияқты мысал туындыларында да адамның кіслік қасиетін, жарық әлемнің шапағатын дәріптейтін діни-ағартушылық, кітаби ақындық дәстүр сілемдері айқын аңғарылды.

Үшіншіден, ақын мысалдарының көркемдік поэтикасынан фольклорлық, шығыстық аныз, миф үрдістері фабулалық көркем өрнек әрі ұтымды, топтастыруши композициялық пішін, тың логикалық шешімдер тапты.

Төртіншіден, М.-Ж. Қөпейұлының баяндау мәтініндегі реминисценциялық құбылыстар автор білімі мен білігі, сана тасқыны ғана емес, ислам имандылығына тән рухани қуаты мол шынайы үждандық идеяларды айшықтаң бейнеледі.

Бесіншіден, Мәшьур Жүсіп дүние - болмысты қайшылықты, тартыс-даулы, қарама - қарсы дилеммалық феномен ретінде қабылдады. Ізгілік, мейірім шапағат, сана парасатының үстемдігіне жетуді ұлттық өсу мен өзін-өзі айқындаудың басты талабына санады.

Алтыншыдан, символмен астарлап, әр деңгейде ойлаудың көркемдік-эстетикалық жолын жеке субъект пен заман, дара тұлға мен жағдай, адам мен мәнгілік рухани ақиқаттар арасындағы терең тамырластықтың сырын ашуға шебер пайдаланды.

Мәшьур-Жүсіп есімі – адамдық пен үждан, ар-иман, ұлттық намыстың, зиялыштың пен білім, зерденің, өмір нұрын армансыз сезінудің, тәркі дүние сырын терең түсініп, екі әлемнің пәлсапалық парадигмаларын толық қабылдау, жалғаның жасанды қылыштарына өкінбеудің асыл үлгісі.

Абай. – 2002. – № 1. – 51-53 б.

Д. ЭБІЛЕВ

МӘШЬУР ЖҮСІП (ЕСТЕЛІК)

1931 жылдың декабрь айының аяқ шені. Редакциямыз Баянның шағын қаласында, бес-алты бөлмелі “Қарала әйнекті үй” аталған Сорокин деген бай казак-орыстың еңселі үйі. Редакцияда не бары үш-ақ адамбыз: Ғалым, мен, үшіншіміз Семей педтехникумының бұрынғы оқушысы Рахыш Хайруллин.

Мені Жосалыдағы мектеп-интернат директорлігінен газет қызметіне шақырып алғып жүрген осы Ғалым Малдыбаев пен Мағзұм Әбдірахманов.

Ғалым таңертең почтаға соғатын әдетімен бүгін де жұмыс басталғансын келді. Екі құлағы ұшатын қызыл сұнқардың қанатындағы артына қайыра киген қызыл плюш тысты тулкі тымағының қарын шала-пұла сілкіп, бүрмелі қара тонының түймесін дереу ағытып, костюмінің төс қалтасынан бір ашық хатты алғып, түрегеп түрған күйі оқи бастады.

“Ғалым! Сен қызмет істеп жатқан Баянаула ауданында Машьур Жүсіп қайтыс болыпты. Ел іші “Мәшекен сөзі тәбәрік” – деп, таратып әкетіп жүрмесін. Сен сол Мәшекенің

қолжазбаларын тез алып маған жібер! Кітап етіп басып шығаруға әзірлейік. Ғабит Мұсрепов”. Орындығына отырып Ғабит жайын айтты: “Астанада кітап баспасының бас редакторы, үлкен жазушы. Оның мұнысы үлкен қамқорлық, үлкен адамгершілік”, – деп кідірді де, өткен күзде Баянда, Сағынай ұстаның үйінде Мәшіүрге сәлем беріп, бір кеш бойы әңгімесін тындағанын, жарықтықтың нағыз шежіре, нағыз ғұлама, нағыз аққөңіл әулие адам екенін айтты. Аз өмірімде, – деді Ғалым, – Қазақстанның мен қызмет етпеген, мен болмаған облыс-аудандары кемде-кем. Солардың бір де бірінде Мәшекендей адамды кездестірген емеспін. Жарықтық өзі сонда (Сағынайдықінде) айтып отырған жетпіс үшінде қайтыс болыпты. Соны естігенде мынадай бірекі шумақ өлең жазғанмын.

Ұмытқан жоқ Мәшекемді

Ақ сақалды, тациялы,

Заманында жазды өлеңді.

Өлең қалды, өлім алды.

Мекендеген Баян тауды

Мәшіүр аты мәңгі қалды.

Ақын да адам, ажал алды.

Бірақ... өлмес сөзі қалды, – деді Ғалым. Риза болдық. Ал, Ғалым сәл ойланып қалды да, тез шешті.

– Мен, – деді ол – қазір-ақ жүріп кетер едім, бірақ... Мәшекен айналасы мені ауданың “белсенділерінің” бірі көреді ғой. Мәшекен еңбектерін маған сеніп бере қоймас. Осыған сен бар, Дихан! Саған берер. Эбдірахман деген атынды өзгертіп Дихан қойған Мәшекенің балалары саған сенер. Берер.

– Ойланайын.

Тұсқі демалыста үйіме келіп, шэй ішіп отырғанымда экем – Әбекене айттым. Әбекен қөп сөздің адамы емес, кесіп айтатын. “Жаз!”, – деді. Кағаз, қаламымды алып дайындалып едім:

– Жаз! – деді тағы да, – Шәрапи деп жаз. Екеуміздің сарабдалдығымыз үшін Машекенің сөздері жұрт қолында кетіп журмесін. Бер! Жоғарғы жер кітап етіп шығаратын көрінеді. Бер!

Айтқаның жаздым. Оқып бердім. Арабша баспа сөзді жақсы танитын, қиссаларды жақсы оқитын Әбекен жазу жағына мүлде жоқ-ты. Әбіл деп қана қол қоя алатын еді. “Әбіл” деп хат аяғына (арабша) қол қойды. “1931 жыл декабрь”.

Ертеңінде таңертең аудан аткомының кашаваға ұқсастау шанасына жеккен бурыл атпен “Я, сэт!” – деп, жүз елу шақырым жердегі Мәшекең қыстауына Қалым шоқы биігінен беттеп жүріп бердім. Айтқандайын, мен шанаға мініп, божыны енді ғана қаға бергенімде Ғалым келіп:

– Шәрапи арабша сауатты ғана адам деп естімін. Арабша шығаратын болсаңдар ғана...” дер. Арабша шығарамыз де! Қазанға жіберіп, бастырамыз де!

– Олай ете алар ма екенбіз? Өтірікші болармын. Шәрапи аға – өкемнің досы, құрдасы, сырласы. Бұл кісі мені “Сен Әбілдің баласы емессін, менің баламсың”, – дейтін әзілдеп. Ол кісіге өтірікші бо...

– Жоқ, Дихан, рас! Солай етуге тырысармыз, Ғабитке соны айттармыз. Ең бастысы – қалайда Мәшекенің шығармаларын қолжазба күйінде жұрт қолында кетірмеу... Қолға алу. Астанаға – Ғабитке жіберу, “Революцияның пайдасына шешілетін іс болса өтірік айтуға да болады” – деп кім айтқанын білесің ғой?!

Мен ұтылдым, ішімнен құптамағанымды тісімнен шығармай жүріп кеттім.

Жасыбай асуынан асып, ак қар-көк мұз көлінің үстімен басып бурылды жүрдек айдалап кетіп барам. Ақ даланың алшаң төсінде, сапарымның ертесінде де, кешінде де бишігім өрімді, жүрісім өнімді, өзім көңілді. Жалғызырау дегенді білмеймін... Қысқасы, осындаі сөттілікпен арада үш қонып, төртінші күні Болдейдегі қайын атам Бәйділданың үйінен аттанып, Қалым шоқы биігі түбіндегі жалғыз қораға – Мәшекең үйіне күн бата жеттім.

Жалғыз үйдің аты жалғыз үй ғой. Оның үстіне Мәшекең о дүниеге кеткелі бұл үй іші – басы Шәрапи ағаның өзі болып, Мәшекең жоқтығына бүкіл әлем көшіп кеткендей қонылтақсиды- ау деймін. Мен атты “дыр-р” деп тоқтатқанда қақпадан Шәрапи аға шыға келді. Қасқыр ішіктің жағасын артқа қарай сілке-мілжे қайырып жіберіп, шанадан қарғып түсіп, “Шәрапи аға!” деп күшактай алдым. Шәрапи ағаны Мәшекең қайтыс болғалы көріп тұрғаным осы. Сондыктан да жанағы “құшағымда” көңіл айтуым да бар еді. Шәрапи аға да солай сезген болар.

Үйге кірдік. Зейнеп шешей орталық бөлмеде екен. Зейнеп ана маңдайымнан иіскеп, одан он қолының алақанымен маңдайымнан сипап, қасына отырғызды.

– Молда атамнан айрылғамыз, Дихан қарағым! – деп қамығып, көзіне жас алды.

Дастарқан жайылды. Әндөтіп сары самаурын келді. Бой жылынды, ой жылынды. Менің келу сапарым жайын Шәрапи аға сонда ғана сұрады. Мен жәйлап қана нанымды үнмен келген жұмыс жайымды айттым.

— Тапқан екен ол жазушыларың, молда атам қазынасын талапайлататын адамды? — деді. Зейнеп шешей де күйеуінің мұнысына риза болды. Дастарқан жиылысымен:— Мұнда, жүр, молда атам бөлмесіне жүр, Дихан айналайын! — деп Шәрапи аға мені төргі бөлмеге ертіп кірді. Эйнекке қарсы қабырғада тұрған қоңыр күрең екі шкафты көрсетіп: —Молда атам кітаптары, жазбалары осы екеуінде, — деді.

Шкафты ашқанша, Мәшекең мұраларын көргенше алып ұшқан дегбірсіздігіме өзіме іштей зекіп қалдым. Қабырға пешке іргесін тигізе жиналған қалың төсек; оның бас жағында үлкен-үлкен екі көк жастық. Еденде — ақ киіз, алаша. Әлгі екі шкафтан төмен есік жағын ала ілулі бет орамал, дәрет орамал. Эйнекке жақын төртбұрыштағы жұмыс үстелінің үстінде көдімгі тақиясы. Бөлменің нақ ортасында дәңгелек үстел үстінде қағаз, қауырсын қалам, жәй қалам, сия сауыт, қарындаш. Төсегінің бас жағында, кең бұрышта оқалы шапанды мен ұзын ақ көйлегі ілулі... Эне бір шағын айнаның жанында бірі былғары, бірі ағаш — екі шамадан. Жиңінкез Мәшекеңнің бұл екі шамаданы қашанда “жолсерігі” болатын. Біреуінде — шәй-қанты, женіл киімдері, орамал, сабыны, насыбайлық темекісі, былғары шамаданында — кітаптар, жол жазбалары, қағаз, қалам, қарындаш болатын. Ал, босаға жақта — жез шәйнек, жез леген, орамал.

— Молда атам бөлмесі! Әуелден осылай. Сол күйінде, бәрі сол күйі орын-орнында, — дейді Шәрапи аға. “Сүйтпегендे” деп Зейнеп шешей құлтайды. Бұл көріністерді нағыз музейлік сипат дерсін.

Мен әкемнің хатын беруге осындаі бір жәйлі шақ күткен едім. Соның реті келген шығар-ак деп:

— Шәрапи аға, — деп төс қалтама қолымды салып Әбекеңнің хатын алдым да Шәкене ұсындым. Шәрапи аға арабша мол сауатты, зерделі адам еді. Жаңағы мен ұсынған хат сөзін әйелі Зейнептің де естігенін жөн көрген болар: “Дауыстап оқы” деп маған берді.

“Шәрапи! Екеуміздің “сауатсыз салғырттығымыз” үшін Мәшекеңнің мұра сөздері жүрт қолында кетіп жүрмесін. Бер! Жоғарғы жер кітап етіп шығаратын көрінеді. Бер! Әбіл”.

“Сауатсыздар” Әбіл екеуміздей сауатсыз болса, шүкірлік дер едім, — деп күлді Шәкен.

Зейнеп апай:

– Адал достың көңілінде көлеңке болмайды дейтін еді ғой, молда атам. Әбекен сол ғой, жаңағы сөздерін айтам, – деп аз кідірді де. – Жаздыгүні, туу сонау бес көш жердегі Тамды мен Қарақоғадан молда атам көзі тірісінде бата қыла келгендердің ішінде Әбекен тіпті жан жақындығын көрсетіп еді, Сізге, Төлеубай жанның ағасы! – деп күйеуіне жарқын қарады.

– Ия! Оның рас. Өйткені ол Әблі ғой... – деді Шәкен.

Оқырман қауым, сіздер: “Мәшекен ноյбрьде қайтыс болды. Өткен жазда тірі еді ғой. Тірі кісіге бата істеуші ме еді?” – дерсіздер. Оларың да жөн. Бірақ, сіздер олай дегендеріңізben Мәшекен өзіне тірісінде бата істеткені шын. “Өзім тіріде, көзім тіріде істесін маған бата істейтіндер!” – деп жар салдырды да, өзі жайлауға көшпей, қыстауының онғустік жағындағы көкорайға екі киіз үй тіктіріп, жаз бойы бата істетіп, өзі ойлаған нұскада қабірін қаздырып, зиратын салдырған. Мәшекенді тендессіз құрметтейін бүкіл Айдабол – Шідерті елі ауыл-ауыл, рет-ретімен туу сонау 150-200 шақырым жердегі жайлауларынан Мәшекене бата істеуге осында – Қалым шоқыға ағылып келіп жатты. Саба-саба қымыз, шәй-қант, құрт, ірімшік, бауырсақтарымен келіп, қойларын, тайларын тірі әкеп, құран оқытып қайтатын. Төрде ұзын ақ көйлегі сыртынан оқалы шапан жамылып, үкілі тақиясы басында, арқар мүйізінен жасаған күміс шақшасы қасында, дәл жетпіс үш жасында әңгіме шертіп, жұртты ынтықтыра тыңдатып, кейде күлдіріп, өзі де бүкіл денесімен сылқ-сылқ күліп рақаттанатын, жарықтық!

Бір бата оқырында мен де болғамын. Жосалыдағы интернаттан (директормын) жайлаудағы (Бораншоқыдағы) өзіміздің ауылға бара жатқанымда Мәшекене сәлем бере кетейін деп әдейі соғып едім. Жаңағы “Бата оқыршылардың” бір тобы келіп жатыр екен. “Бата оқыр” дастарқан басында:

– Мәшүрге тие берсін! Ал ішіндер, жеңдер! Аллау әкпір! – деп батасын өзі істеп, жайған алақанын бетіне тигізбей, иегі тұсынан төмен түсіріп батасын бітіреді екен. Бұл жолы да сүйітті, жарықтық!

– Неге таңданасындар! Мәшүр өлмейді деп білесіндер ме? Тумаған адам ғана өлмейді. Туу – өлу деген мағына. Туған адам бәрі өледі. Бірақ... біреу ерте, біреу кеш. Өлім жолы иненің жасуындаи, барлық адам өтеді сол тесіктен, – деді.

Терезесінің алдынан көрініп жататын көкдөннің үстінен қаздырып жатқан бейітіне барып қайтпақ болды да:

– Қасыма сен ғана ер! – деп, соңғы жылдардағы жол серігі,

әрі күтушісі Шатабекті алып, дөнге қарай беттеді. Мен, барғым, көргім келетін көңілімді көзіммен білдіріп, Шәрапи ағаға қарап едім, ол кісі: “Жұр”, – деді. Біз барғанда Мәшекең болашақ мавзолей-зиратының астыңғы қабатынан лайықталатын бөлме (өзі жататын) орнын қазып жатқандардың қасында тұр екен.

– Қазындар! Терен қазындар. Мәшьұр қашып шығып кете алмайтындағы етіп терен қазындар! – деп сылқ-сылқ күледі де, – және кең қазындар. Он-он бес адам сиятындағы кең болсын. Кірпіштері берік қалансын, – деді. – Тірлігінде... ұры-қарылардың, озыр, қиянатшыл, аю мінез әкімдердің қара халыққа жасаған қиянатын қызыл тілмен қылыштаған Мәшьұрдің шатағы аз бол па? Тірімде тістері батпаған сол сойқандар мен көз жұмғансын өш алуға үстімнен арыз жаудырып, мұнқір-нәнқірге тергеттірмей қоймас. Сонда менің мұндағы дұрыстығымды қорғауға бірнеше періштелер келер... Кең қазындар, – деп Мәшекең сылқ-сылқ күлді. Қазушылар да күлді.

Бізден бұрын барған бірсыныра адамдар бар екен. Солардың ішінен қаз мойын, ұзын сирақ Тәш:

– Мәшеке! Ұлылығыңызға күлдік! Тірісінде көрін қаздырып қойған адам еш заманда, ешқайда жоқ. Мәшьұрдің мынасы не сұмдық? – деп отырды әне күні біреу...

– Кім?

– Дәуітбай “білгіш”.

– Сұмдық көрде емес, төрде төре бол отырғандарда, қиянната, зорлық-зомбылықта, алдау-арбауда, кісі хақысын жалмауда, өсек-өтірік, жала-пәледе... Менің “көрім” шар етіп дүниеге келген сағатымда лайықталған. Соны енді өз көзіммен көруге қаздырсаң несі сұмдық? Өлгенде жататын орнымды көзімнің тірісінде әзірлетіп қойып жатырмын. Өлгенде көрде емес, төрде... мына төргі бөлме төрінде, төрт бағаналы алып нар кірауат тәрізді ағаш “төсекте” шалқамнан жатпақпын. Өмір бойғы армандарының біріне жетпеген Мәшьұрдің о дүниеге кетерінде жеткен бұл арманын күндегендер күншілдік көгенінде қылғынсын. Аллау әкпар! – деді Мәшекең.

Ешкім ештеме дей алмады. Бұлар есімдегілер. Ал қазір, Шәрапи ағамен отырысымызда мен:

– Мәшекенің қалай қайтыс болғаны халыққа аныз бол кетті. Бірақ, мен өз аузыңыздан естігім келеді, Шәрапи аға! – деп өтіндім.

– Халық өсіріп те, өшіріп те айтып жүрген жоқ. Расы сол. Сол күн таңертеңгі шәйді осы бөлмеде, осы үстелде іштік. Молда атам күндегісіндей нақыл сөздерін, ақыл сөздерін айтып отырды да:

– Сен ана шкафты аш та “Месқараны” әкелші! – деді. Әкеп бердім. Қолына ала беріп:

– Жүректің қазынасын қазған Мәшүүр, өксітпей, шашпайтөкпей жазған Мәшүүр, – деп жіберді. Сөйдеді де, бітімі құран бітімдес, қалыңдығы құраннан екі есе қалың жаңағы “Қарамес” қолжазба кітабының екі-үш жерден беттерін ашты, көз жүгіртті. Көзінде де, жүзінде де ыстық сыйластық, ыстық қимастық бар. Енді орнына апарып қой, – деді. Айтқанын істедім. Қайтып кеп орныма отыра бергенімде: – Есінде болсын, Шәрапи... Менен кейін менің сөздерімді елеп-ескеріп кітап қып шығарамыз деушілер болса, араб қарыптарымен теріліп шығарылатын болсын! Аллау әкпар! – деді. Көніліме ештеме алғам жоқ.

Зейнеп үстел үстіндегілерді жинап, үстін сұртіп бола бергенде босаға жақта тұрған шәйнек пен шіләпшыныңа көз жүгіртті де: “Мен таңрат алайын, сен анда бара тұр, қарағым”, – деді молда атам. Зейнеп шығып кетті. Мен қолына су құйып тұрдым. Іш дәрет алды. Жуынды, сұртінді. Төсегіне кеп отырды да:

– Мен енді дем алам. Сен бара бер. Шаруанды істе. Малыңа қара! Біраз уақыттан кейін кел! Ұйықтап кетсем оятпа! – деп күлді. Бәрін айтқанынша істедім. Бір кезде... Айтқан уақытында есікті ақырын ашып кірсем, төсегінде шалқасынан ұйықтап жатыр. Үлкен ақ орамалын кеудесіне көлденең салыпты. Қасына жақындал “Молда ата!” деймін. Үн жоқ. Бетіне үңілдім. Құлағым төсеп тынысын тындағым. Тірлік белгі жоқ. Мәңгі үйқыға кетіпті. Молда атамның актық демінің бітуінің шыны осылай... Халық та осы шындықты ғажап көреді, – деді Шәрапи аға.

– Рас, ғажап! Таңданасың. Бірак, таңдану бар жерде толғану болуы да занды. Олай болса, толғану, топшылау, болжау барын да ұмытпалық, Жаз бойы бата істеттіріп, бейітін қаздырып, мавзолейін салдырып, қыс басында бір сэтте қайтыс болды. Жақсының өлімі де жақсы деген осы да, басқаны былай қойғанда жұтаң жыл бастала бергенде, халық қасіретін көрмей-ақ кетейін о дүниеге дегендей өмірмен қоштасқанын айтсаншы жарықтықтың...

Жегіп келген жалғыз керігім, жол серігім, сапар сенімім бурыл атты отқа қойып келгім кеп отырғанымды Шәрапи аға айтқызбай сезіп:

– Жүр! Атыңды отқа қой, – деп май ағаш жағып, жарық қып, қораға алып шықты мені. Шөп мая үйген қораның он жақ төрінде Мәшекенің жұрт білетін ақмандай, жирен жал, күрен аты тұр екен. Басын оттықтан алып, жарықпен барған бізге қараған сәтін “Хош келдің! Амансың ба, жас жігіт!” – деп маған арнап амандақсаны

тәрізді көрдім. Және бізге қарап көзін мөлдіретіп: Ием қайда? Мәшекем қайда? Неге қорада мұнша тұрып қалдым! Журуші ек қой саяхаттап ел аралап? – деп тұрған тәрізді. Бұл күрен әтты, бұл елде білмейтін адам аз. Өйткені, Мәшекен жиňанкез соңғы жетісегіз жылда осы күренің ғана жектіріп жүріп тұратын.

Мәшекен Баянға баraryнда да, қайтарында да Мойылдыңдағы біздің ауылға соқпай кетпейтін. Сонда тек қана біздің үйге түсетін. Сонда осы Күрен біздің қораның “сыйлы қонағы” болатын. Мені де танитын. Қасына барып маңдайынан сипап, тамағының астынан қақтым.

– Мұнда кірейік – деді Шәрапи аға атқорадан сол жақтағы бөлме есігін нұскап. Мұнда Мәшекен жаңағы Күренің жектіріп, өзі ғана мінетін трашпенке арбасы мен темір табан, кашава шанасы тұр. Арба үстінде қамыт, доға жатыр. Соларды көрсетіп:

– Молда атамның әр қайда сапар серігі төрт тұліктен жаңағы күрен, жансыздан жаңағы трашпенке, шана, солардың сауыт-саймандары – қамыт, доға, божыға дейін мұра көремін. Сақтамақпын. Бірақ, кім білсін... Жыл жұтаңдап барады, – деп сәл күрсінгендей болды да: – “Иншаалла” деп айтайын, ешкім тие қоймас бұларға, аса бір дүлей біреу болмаса, – деді.

Үйге кіргенсін осы әңгімені Зейнеп апай жалғастырды.

– Не бір милиция, не бір әскер, не бір белсенді... бір де бірі молда атамның Күрен тұлпарын ылауға да мінген емес. Арбасына не шанасына да отырған емес. Сәлем беріп, атамның дастарқанынан дәм татып, қоштасып, өз жөндөріне жүріп кететін, – деді.

Ия, бұл, бүкіл ел білетін шындық болатын.

– Совет үкіметі орнағалы молда атамды бір-ақ адам ренжітті ғой. Сіз айтыңызшы, Қонак жаның ағасы, – деді Зейнеп шешей Шәрапи ағаға. – Қалай еді... Әлгі...

Жиырмасыншы жылдардың бас кезінде бір жылдың жазда үлкен қалалардан окудан демалысқа келген сақа студенттердің көпшілігі-ақ Мәшекене сәлем бере келеді, немесе Мәшекен түскен үйге барып дастарқандас болып әңгімесін тыңдайды. Нелер ғажап хикаяларды, тарихи оқиғаларды, елдік, ерлік шежірлерді шертеді Мәшекен. Сондай керемет оқиғаларды тыңдалап сусындаушы оқығандардың бірі Мәшекенің бір әңгіме-хикаясын “ел аузынан жиғдым” деп Семейде шығатын “Таң” журналына бастырады. Мәшекен бұған қатты ренжиidі. Келесі жылдың тағы да демалысқа келіп, Мәшекен отырған үйге келгендерінде:

Мәшіүрдің былтырдағы тірі кезі,
Сөзімді үрлап жүрген қайсың өзі? – депті.

– Ол әлгі Шоқақ қой... Шоқақтап жүріп жалаңаш табанына “ұлтан” таппақ боп от басып алған. Өскемен жаққа кетті. Тұбі Бәсентиін, Қаржау күшік.

– Күшігінің ішінде ұры ит боп ержеткен біреуі екен. Бәсе... Бәсе... – деп Мәшекең сылқ-сылқ күледі де, есіле де тесіле сөйлеп кетеді.

– Құдайға да жақсы керек. Жаңағыдай “Адамның итін” керек қылатын құдай бар ма? Құдайға ұры керек емес, жігіттің нұры керек! Анау кешегі Шоқан сияқты, Бұркітбайдың Мұстафасы сияқты. Сұлтанмахмұт сияқты халықтың жүрек жұлдыздары керек. Солардың ізбасары болар ма деген үмітім бар еді Ызабай Жұматайында. О да құдайға керектің бірі бопты. Ылаж не?

Жұматай Ызабаев Семейде, педтехникумда оқытын. 1925 жылы Семейде шыққан “Таң” журналының бірінші нөміріндегі арнау өлеңінде:

“Таң” үстіне таң боламын атам да,
Ел ағарту ұраным да, батам да.
Соқыр, саңырау сорлы елімді оятып,
Күнде айғайлап дабыл қағып жатам да! –

деген Жұматай арманы Мәшекеңе қатты ұнаған екен. Мұның алдында осы Жұматай “Көгентүп” деген пьеса жазған Семей театрында ойналған. “Көгентүп” Ақбеттау болысы әкімінің жер үшін, жерін ықтиярларымен бере қоймаған қырық үйлі Мамыттың қырық жігітін көгендел тастаған сұмдық оқиғасы туралы болатын. Сондағы көгенделген “қырықтың” бірі – Жұматайдың өз әкесі – Ызабай. Мәшекең даналығы 24 жастағы Жұматайдың талабына, талантына, асыл арманына риза болатын. “Көкжиектен көріне бастаған бұл жас жұлдыз өрлей түссе екен, биіктеп жарқырай түссе екен!” дейтін. Мәшекең мол үміт күткен сол Жұматай 1926 жылы қайтыс бол кетті. Қандай өкінішті...

Шәрапи аға әңгімесін тыңдай бергім келеді. Айта түссе екен! – деймін. Бірақ Зейнеп апай: “Дихан шаршап келді ғой алыс жолдан. Мұнда келгелі де дем алған жоқ. Ертең де күн бар ғой... Солай емес пе, Төлеубай жанның ағасы”, – деді. Бірін-бірі қас-қабақтан ұғатын ұлкендер менің жатып тынығуымды ұйғарды. Және отырып қалдық. Ол былай болды.

Мен білетін бұрынғы Шәрапи аға сөзуар емес болатын. Әңгімешілдігін де білмеймін. Әсіресе әкесі Мәшекең туралы ештеме айтпайтын. “Жұрт өзі білетін Мәшиүрді мен несіне айтам. Мақтанып отыр дер”, – дейтін болар. Әйтеуір солай болатын.

Ал, бүгін, “екінші Шәрапи ағаны” көріп таң қалып отырмын. Жатық үнімен жәйлі шертеді. Экесі (Мәшекенің) өмірінің кейбір сәттерін еске түсіріп, ыстық сезім толқынында көк теңізде жайсан жұзген кеме тәрізді. Тыңдай бергім келеді, айта түссе екен деймін. Байқаймын, Зейнеп шешей де тап осы мен тәрізді күйде отыр. Мен алансыз тыңдаудамын. Өйткені Шәрапи аға ертең таңертен Мәшекен кітап дунилерінен қолжазбаларын қарауыма рұхсат-уәде жасады. Екі айту бұл кісіде болған емес. Қаратады. Ал, оған бір кірісп кеткенсін басқа ештемеге алаң болмауым керек. Сондықтан да осы кеште Шәрапи аға әңгімелерін-естеліктерін өте ұқыпты тыңдалап алуым керек.

– Молда атам кіндігінен ағайынды үшеуміз ғой, – деп бастады Шәрапи аға, – үлкені мен, ортанышы – Әмен, кішісі – Фазыл. Әмір бойы желдей есіп, дариядай тасып, теңіздей толқып-толысып отыратын Молда атамның Тәшкентте істеп жүрген Әменнің қайтыс болған хабарын естігендеңі күйзелісі, күйініші бүкіл ел-жүрт көңілін күйзелтті. “Ақжол” деген газетте, айналып кетейін, Жұсіпбек Аймауытовтың көңіл айтуы азырақ тоқтаусабыр ойлатқандай болды. Бірақ, Молда атам:

Қан түсті алпыс үште аяғыма,

Оқ тиіп шетте жүрген Саяғыма, – деп ай үрды. Отырып қалды.

Бір балам бар өзімнен асып туған! – дейтін баласы Әменнің қазасы молда атам жанын қатты күйзелтті. Келесі жылы жазында Түркістан арқылы Тәшкентке барып, Әменнің зиратына белгі орнатпақ, дұға оқымақ болып, қасына Бәзілдің Рахымын, Айманың Шериазданын алып, көкбришкеге қос түйе жектіріп жүріп кеткен еді. Қарқаралыдан әрі жүріске жарамайтынын сезіп елге қайта оралды.

Күдайға адалы, бір әке, бір шешеден туғанымызбен Әменнің жаратылысы Фазыл екеумізден мұлде басқа еді.

– Мен де білем, Әмен ағаны, – дедім.

– Қалай?

– Он бесінші жыл шығар деймін, Қызылтау елінде бала оқытады екен. Үйлеріне келіп Қызылтауға қайтып бара жатқан жолында біздікіне түсіп, ат шалдырып, шәй ішті, ет жеді (өзіне арнап аскан); сол отырысында (төргі бөлмемізде) қалтасынан қағаз алып “Хазіретке” деген өлең шығарып, біздің Әбекене оқыды. Содан есімде қалғаны:

Молдалар!

Күдай болса, әділ төрем

Халыққа – жәннат, сендерге – дозак берем, –
дегені ғана.

Ақ сұр бетінде білінер-білінбес қорасан дағы бар, отты жұз, күрен қөз, өте ширак, өжет мінезімен еркін отырады екен. Жаңағы “Хазіретке” деген өлеңін біздің Әбекене беріп кетті.

– Молда атама да сын шығарған ортаншым еді ғой ол, – деді Зейнеп шешей. Әменді “Ортаншым” дейді екен. Жұрт аузынан естуім бар болса да, мына кісі де соны айттар ма екен? – деп – Не сын, не деген екен Әмен аға? – дедім.

Зейнеп шешей іркілместен, ойланbastan:

Қолыма хат жазғалы алдым қалам,
Құбылып толқын бол тұр күллі ғалам,
Әкенің ең жақсы жездедей деп,
Соны айтқан бұрыңғыда әулие адам!—
деген екен, – деді.

– Бұны неге айтқан?

1916 жыл патшаның қазақтан майданға жігіттер алу туралы жарлығы дала жүргегін дір еткізді. “Кім үшін соғыска барамыз? Не үшін соғысамыз? Неге текке қырыламыз?” – деп Баянауланың он болыс елінің еті тірі, жаужүрек азаматтары ұрандасып Алабастауына көтерілді. Көтерілісті Башардан батыр басқарды. Әмен сол көтерілістің жанған өрттей жалынды ерлерінің бірі болды.

– Шіркін-ай, арамызда Мәшекең болса, батасын берсе қандай құдіретті ғаскер болар едік! – дегенді сондағы екінің бірі айтатын бопты.

– Жөн сез?

– Сөз ғана емес, тілек!

– Арамызда бір күн ғана болып, батасын беріп кетсе жетіп жатыр ғой, – десіпті жігіттер. Әмен де осындай ойда болыпты. Ал Мәшекенші? Мәшекең, бұл көтерілісті мағыналы деп те, мағынасыз деп те таразылайды Мағыналысы – патшаның жиňангерлік соғысы үшін әділетсіз жарлығына қарсы көтерілмей отыру ездік болар еді. Ал мағынасызы не? Патшаның сан алуан соғыс құралдары сайлы, қару -жаракты да қаңарлы әскерлеріне қарсы соғысар қазақта сойыл-шоқпардан басқа, қоян ататын бірлі-жарым мылтықтан басқа не бар? Соғысса – босқа қырылу... Міне Мәшекең, осындай екі алуан ой толқында болады. Ал, сыртында “Дала уалаяты” газетінде басылған 1905 жылғы “Қанды жексенбі” өлеңі, “Сарыарқа кімдікі?” толғаныстары туралы патша жандармдары Мәшіүрді тұтқындалап, соттатып жібермек болғанда, Мәшекең лажсыздықтан “жиňанкездігін” қайтадан бастап, төрт-бес жыл бойы Орта Азия жақта қашып жүрген. Сол тұста:

Бұл Мәшүүр Бұхар барған, Қоқан барған,
Ойы бар барсам деген одан да әрман.
Тұлеген ақку құстың қанатындей,
Жерінде жүрген-тұрған сөзі қалған-ды,—
шығарған еді. Ал мына көтеріліс тұсында патша әкімдерінің
қанды көзі Мәшүүрде болатыны сөзсіз. Сондықтан Мәшекен
16-жылғы Баянауылдағы көтеріліске “Бейтарап” қалыс адам
бейнесінде отыруын мақұл көреді.

— Молда атам қайтыс болғалы ұзак отырысымыздың бірі осы
шығар. Солай емес пе, Зейнеп! — деді Шәрапи аға бәйбішесіне.

— Осымен бүтінгі тұнгі әңгімені доғарайық! Дихан, сен мына
молда атамның төсегіне жат! Мына шешең төсек жайып береді
қазір, — деді Шәрапи аға, Зейнеп шешей үрке, шошына қарап:

— Молда атамның төсегіне?..

— Ия! Молда атамның..

Зейнеп шешей күйеуінің байламына көнгендей болды да.

— Олай болса... онда... Дихан қалқам, сен бөтен адам емессің,
өзімізсің ғой, қораға шығып, дәрет алып кел! Молда атам
төсегіне сөйтіп, дәрет етіп кеп жат, айналайын!

Зейнеп шешенің айтқандарын орындалап кеп жатқаныммен үйқым
келе қойсаши? Мәшүүр төсегіне жату кімнің сыбағасына тие
берер?! Мәшекенді бала күнімнен өзім талай көрген сэттерім, өзім
тындаған әңгімелерім, ел аузындағы аңыздар – бәр-бәрісі есіме
түсіп, көз алдыма келіп, алтын қырлы, алуан сырлы ғажап бір
өмір кешіп жатырмын.

Таңертен дастарқан басында, шәй үстінде Шәрапи ағаға:

— Әуелі Мәшекен зиратына-мавзолейіне барып, жатқан жәйін
көріп келсем, — деп едім: “Мұның білгендік!” — деді Шәрапи аға.

Зират бұл үйдің онтүстігіндегі дөң үстінде болатын. Ауыз
үйренген сөз болғансын зират дейміз ғой, әйтпесе, үсті екі
бөлмелі кірпіш үй, асты Мәшекенің денесі жатқан кең сарай –
Мавзолей! Ауыз бөлмеде – қазандық. Самаурын, шәйнек, шелек,
ожау, тәрелке-қасықтарға дейін, төр бөлмеде – дөңгелек стол,
кітап, жәйма төсеніш. Босаға жақ бұрышта насыбай үккіш,
шоқпар, үстел үстінде мүйізді қара шақша жатыр.

— Бұлардың бәрі Молда атамның өз айтуынша осылай
қойылды, — деді Шәрапи аға.

— Дене?.. — дедім үнім өрең шығып.

— Дене..у. Тап төр бөлменің асты есінде шығар, былтыр жазда
Молда атама бір “бата оқыр” үстіне келген едің ғой. Сонда
Молда атам бәрімізді өзі бастап келіп, өзі қаздырып жатқан

астыңғы қабаттағы “болашақ мәңгілік мекен-жайым бұл” деп көрсетіп, сылқ-сылқ құлғен еді ғой... Есінде ме?

– Ия! Есімде.

Шәрапи аға енді кідірмей еденнің астыңғы бөлмеге кірершығар қақпақ есігін ашып астыңғы бөлмеге – Мәшкеңе бастады. Бөлменің батыс іргесін ала бір жарым метрге жуық биік нар ағаш төсек үстінде – үстіне ақ жабылған Мәшекен, қайран жарықтық, Мәшекен жақсы бір түс көріп ұйықтап жатқанға ұқсайды. Пішіні, кескін-келбеті тірі күніндегісіндей сымбатты. Жүзіне көп үңіліп, едәуір тұрып қалған екем.

– Жүр, Дихан, енді үстіне шығайық! – деді Шәрапи аға. – Маған құран оқимын дегендер мұнда оқымасын, үстіңгі бөлмеге шығып, стол басында оқысын, – деп еді Молда атам. Үстіге шығайық!

Үстіңгі бөлмеге шықтық. Үстел басына отырып Шәрапи аға құран оқыды. “Жәйлі жатыңыз, жарықтық! Біз сізді сағынайық, сіз бізді сағынбаңыз!” – деп бетімді сипап дұға еттім.

– Жаңағың Молда атамның сөзі ғой, Дихан? – деді Шәкен.

– Ия! Айдалкелдің әкесі Әбіш қажы қайтыс болғанда айтыпты ғой. Үлкендердің айтып отырғандарынан есімде қапты... Сол гибратын әлгінде осында келе жатқанымызда өзіне айтсам деп ойлап едім...

– Өмірлі бол, Дихан, айналайын, – деді Шәрапи аға.

Шәрапи аға үстіңгі екі бөлмедегі заттарды қарап, реттеп, еденін сызырып-сиыруға кіріскенде мен сып етіп астыңғы бөлмеге қайта түсіп, Мәшекенің нарының аяқ жағында тұрып, тіземді бугіп:

– Қасиетті Мәшеке! Шығармаларыңызды қарауға, астанаға жіберуге рұқсат етіңіз! – дедім де тұрып қалдым. Әлден уақытта “руқсат” деген үн келгендей болды құлағыма. Эрине, өлген адам қайдан үн қатсын, ол менің көңіл жаңғырығымның қауесеті ғой...

* * *

Уәдеге берік Шәрапи аға таңертенгі шәй дастарқан жиналысымен, солтүстік (әйнекке қарсы) қабырға жақта тұрған күрең сырлы шкафты ашып:

– Бері кел, Дихан! – деп Шәрапи аға салғағы әскердей самсал тұрған кітаптарды, қолжазбаларды нұскады да, – міне, Молда атам! – деді.

“Молда атамның шығармалары, кітаптары демей, “Міне, Молда атам” дегенде менің көз алдыма, шығармаларынан бұрын тірісіндегі сүйікті Мәшекен, ұлы Мәшекен елестеді.

Шәкен Мәшекенің қолжазбаларын шкафтан біртінде алғып, “бісмілла!” деп дөңгелек үстел үстіне әкеп қойды. Мен де естірте

“бісмілланы!” айтып, қолжазбаның біреуін қолыма алып қарай бастадым. Қауырсын қаламмен де, жәй қаламмен де тасқа басқандай айқын жазылған Мәшекен шығармалары: “Мені оқы! Мені оқы! Ғаламаттары менде”, – деп алып ұшып, саф алтындаі салмақты жарқырайды. Неден бастасам екен? Қай шығармасы қайсында екені Шәрапи ағаға мәлім ғой. Ең алдымен. “Мәшүүр” деп қалай аталды екен? Әлде сол жөніндегі өлеңінен бастасам қайтеді, – деп едім.

– Ол өлеңі “Месқарада”, – деді Шәкең.

“Месқараны ”бермеймін дегені есімде. Сонда... Қалай болды? – дегенімді білдірер нышанмен Шәрапи ағаға қарап едім, Шәрапи аға шкафттан “Месқараны” әкеп алдыма қойды да:

– Алып кетуіңе жок. Қара, оқы. Жазып ал, керек етсөң жаңағы айтқанынды, – деді.

“Мәшүүр атты қалай алғандығы туралы” өлеңін “Қараместен” талттым. Бас көтермей оқып отырмын. Бес жасында Бұзаутас деген жердегі мектепке барыпты, алты-жеті жасында Баян қаласында Нәжмиден деген хазіреттен оқып жүргенінде “Ер Тарғын”, “Козы Көрпеш” хикаяларын көшіріп жазып алып жатқа айтыпты.

Сейле деп ұмтылып тұр біздің өңеш,
Тілім тағы тақылдақ, көмескі емес.
Көпейдің бір баласы қақсан тұр деп,
Сол күнде-ақ жұрт аузында болдым кенес.

Күні еді аға сұлтан сол күнде енді,
Баянтау қаласына Мұса келді.
Алдына көремін деп алдырғанда.
Тынбастан, жазған Мәшүүр қақсай берді.

Парасат нұрыменен әбдән білді,
Қаққай, – деп құдай мұнан көз бен тілді.
Мынау Мәшүүр болатын бала екен деп,
Ер назары тијомен нәпіс қылды.

Ей, соғы, бұл баланды жақсы бак, – деп.
Не болсын бұдан артық тіл мен жақ, – деп,
Аяумен мейірі түсіп, бұлай айтты:
Балана бұдан былай үкі так, – деп.

Дуанбасы, дуалы ауыз Мұса бұлай деп бағалағансын Нәжмиден хазіреттің бибісі, жарықтық, “қызының басындағы бір тал шоғын, қолымен бибі Мәриям өзі тақты”. Сүйтіп, сегіз бен он жетінің арасында “Аш-Шәнариат жұрт аузында Мәшүүр болғанын”

толғапты Мәшекен. Төрт жұз жолдан астам осы өлеңін қайта-қайта оқумен, кейбір шумактарын жазып алumen болым ол күні.

Сүйтіп, Мәшүр атты қалай алғандығы туралы толғанысын оқып, біліп, тәтті ұйықтап шыққан тұнімнің таңы атысымен көнілді оянып, төсекте жатқанымда, патша үкіметінің жергілікті аждаға әкімдері Мәшүр Жүсіпті “Қамау” тізіміне алғызыған “Сарыарқа кімдікі?” – деген тебіренісі ойыма келді. Сонда патша әкімдеріне тұғқын болмас үшін Мәшекен ел ішінен жылысып, тайып береді. Жас жігіт шағында бірнеше жыл мәдресесінде оқып ғұламалық білім алған, ғалым болған, одан кейін екінші рет барып бірнеше жыл аралаған Бұхара, Тәшкент, Самарқанд жаққа үшінші рет барады. Бұл жолы “Қашқын” тәрізді тағдыр тәлкегімен 1907 жылы барып, төрт жыл жүріп жиňанкез бол елге оралады. Алайда, атамекенінде – Баянаулада, өз елінде, өз үйінде отыра алмай, енді Еділ, Жайық жағын кезіп кетеді. Бала күнінен (Баян қаласында) орысшаны жақсы білген Мәшүр сол жылы “Белгісіз сапарым” деген өлеңінде:

Мәшүрдың қараңыздар қызығына,
Бұл күнде жүрісінің бұзығына.
Орысты туған бауыр есептедім,
Жыланды келіп қондым мұжығына, –

деуінде: адамды дініне, ұлтына қарамай, адалдығына, адамшылығына қарай бағалайтынын көреміз.

Ал, Мәшүр Жүсіпті осында “Күғынға”, “Қашқындықжа” душар еткен “Сарыарқа кімдікі?” екен. Олай болса, мұны оқымай жаным қалай жәй таппак? Мәшекенің көп толқынды қолжазбалары ішінен “Сарыарқа кімдікіні?” тауып алып, Мәшекен сөздерінің жүрек өртіне жалаңаш жүргегіммен сұнгіп, жүзіп бердім.

Бабалар заманынан сай сайлап, мал айдал, сайрандап, ел жәйлап келе жатқан қазақ елінің ата қонысы, алтын мекені Сарыарқаны патша өкіметі отарлап, өрісіне өрт, жүргегіне дерт салып отырған озыр қиянатын азы шындықпен әшкерелеп, халықтың ауыр хал-қасіретін тебірене жыр еткен бұл толғауында. Сүйтіп, бүгініне қандай қатты қайғырса, болашағының күйзелісін көрегендікпен тебіреніпті.

Есіктен кіре алмайтын қарашекпен,
Орынды қақ жарып кеп алды төрден.

Айрылды біздің қазақ Есілінен,
Өзінің болған емес кесірінен.

Жер-мұлқі шаруаның қызықты еді-ау,
Қойнында құшактаған жесірінен.

Қазақ даласын әр қазақта, тап осылай шыбын жанымен, қасық
қанымен тең көретініне ешбір шубә бар ма? Әрине, жоқ? Жыл
сайын жат бұйрықтар зәресін алып, “қазақтан баса-көктеп жер
алуды” әдет еткен келімсек-крестьян патшаның жіберген
отаршылдары. Жер-суын солар басып алғансын:

Адасып осы күні қазақ қалды,
Бұрынғы ата-баба рәсімінен.
Жылқыға керек жерге егін салды.
Жер жыртып, мұжық салған кесірінен.
Жайлауға баратын жер тарылғансын,
Айрылды мал да, жан да несібінен.

Осынша қиянатқа төзбей, елінің, жерінің ар-намысын,
еркіндігін жоктаушы нешелер Шэйбаздар зынданда жатыр
нахактан, “ұлықтың қылған зорлық кесімімен” дейді.

Тұңілді естіген жұрт мұнан таза,
Дәрмен жоқ білмегенге, білгенге аза.
Манифест бар деушілер тұтқын болып,
Кесілді еш себепсіз оған жаза, – деп күйіне күйзеледі де:
Құдайдың берері жоқ жатқан жанға,
Болмайды үйде отырып ойындағы, – еkenін уағыздайды.
Ұйқындан оян! Елдігінді ұмытпа! Жеріңе-суыңа өзің ие болуға
талаптан! – дейді еken Мәшекен.

Бұлайша ашықтан-ашық ұрандал күреске шақырып отырган
ақын патша үкіметінің, оның жергілікті әкімдерінің қас
дұшпаны саналмай тұра ма! “Қамау” тізіміне алынды,
“қашқындық” жасап Орта Азияда жүруі, Еділ-Жайық жағына
жылыстауы “самұрықтың” қанды тырнағынан сақтану ылажы
екен ғой Мәшъурдің.

Патша үкіметінің “алты бақан алауыз” қазақты өзді-өзімен
ұстастырып, шағыстырып, шабыстырып, аздырып-тоздырып
қор еткенін, ел билеуге, әкімдікке таластырып қойған алаяқтық
саясатын әшкерелейді.

Құранды қор, молданы боздай қылып,
Кірісті сөндіруге Ислам нұрын...
... Орысша тіл білгенді жүлдyz қылып,
Жоқ қылды шәриғаттың хұрмет сырын.

Мешітті “ас үй” қылды молда сасып,
Көргенсін шеневникті құты қашып.
Кітапты тиеп алып шанасына,
Астына сол к...нің алды басып...
Ол ол ма!

Көп болды көз жасына қалған жандар,
Зерлі шекпен, медалға жұртты сатып.

Осылай да осылай, елдің еңсесін басып, жаншып езумен,
акыл-ойын, ой-арманын есінен тандырумен отаршыл патша
ұқіметі дәуірлей бергенін Мәшекен жалтақсыз, ашықтан-ашық
айқын айшықтайды екен “Сарыарқа кімдікін- де”.

Осынша қорлық-зорлықтан құтылу шарасын істеу ойларына
кірмesten “өнері – ұрлық, қорлық, зорлық, партия, барымта” бол
алған өзінің қазақ халқына ренжиді. “Ес қайда? Елдігің қайда?”
деп налиды, қынжылады, күйінеді. Асыл қазына, алтын мұраның
бірінен соң бірін оқи бердім, оқи бердім. Және адымды айтайын:
бар құштарым поэзиясында болды да, шежірелеріне,
аудармаларына, алысқан хаттарына онша зер салмадым. Жұрт
қолында тарап кетсе кететіні өлеңдері, хикаялары болар деген
шектеулі оймен шенберленген тәрізді болдым.

Мен мұнда келgelі, Мәшекен шығармаларына кіrіскелі екі
жетіден асып барады. Шәрапи аға да, Зейнеп апа да менің Мәшекен
қазынасын қалтқысыз қадағалап қарауыма, танысуыма, салалап,
сараптауыма күндіз-түні бірдей құрак ұшады.

– Атыңа алаң болма. Молда атамның Құласымен бірдей отқа
қоям, суарам, жұмысынды істей бер! – деп Шәрапи аға, бірінші
күні айтқан. Мәшекенің Құласымен менің жегіп келген
Бурылым бірін-бірі құлын күнінен білетіндей, бірге өскендей
үйір-үйір бол алынты.

Неше бір күн-түн Мәшекенің жыр теңізіне жүзумен
уақыттың қалай өтіп жатқанымен ісім болмапты. Сөйтіп,
қайтарымнан бір күн бұрын Шәрапи ағаға Мәшекен
поэзиясынан екі папка – екі том қолжазбасын алуға реттеп,
қарындашпен беттеп қойғанымды айттым.

– Рұхсат етсеңіз міне, осы кенеге жазбаны алайын, – дедім.

– Рұхсат. Ал! “Қараместі” бермеймін дегенім деген.
Басқасына таршылық етпеймін, – деді де аз кідіріп – он бес күн
бойы аудара қарап, актара оқыдың. Молда атам аруағы риза
шығарсаған, Дихан айналайын! Илаңи тек ниетің қабыл болсын!
Осы еңбегің жансын. Шкаф ішінде сарылып-сарғайып тұра
бермей, кітап бол басылып шықса жарыққа, Молда атамның

өзіндегі көрінер еді халыққа, раҳметін айтар болар еді тарих та, – деді, дуалы ауыз дана Мәшъүрдің зерделі ұлы Шәрапи аға.

Сөз бітті. Жаңағы екі том қолжазбаны үлкен сары портфеліме Шәрапи аға өзі “Бісмілла!” деп өз қолымен салып бергелі жатқанда, Зейнеп шешей:

– Бере тұршы! – деп біреуін сұрап алды да, бетін ашып, екі-үш рет бетін тигізіп, ернін кубірлетіп: – Жолың болсың, Молда атам сөздері – деді. – “Айтқаның келсін!” – деді Шәрапи аға.

Артыма қарай-қарай кетіп барам. Қасиетті шанырактың қакпасы алдында көздерімен де, көңілдерімен де қимастықпен үзатып сап тұрган сол екі ғазиз жандардың сол бір бейнесі қазірде де көз алдында.

Сөйтіп мен Мәшекен мұрасынан сәтті оралым Баянға. Сондағы осы сапарым жэйін Габит Мұсірепов туралы “Өнеге” деген естелік әңгімемде (“Жалын” баспасы 1988 жылы басып шығарған “Ой толғауы” кітабымның 99-101-беттері) жазғамын.

Мәшъүр Жұсіп поэзиясының бірінші томы (Сондағы мен тапсырған) Қазақстанның “Ғылым” баспасынан басылып шықты. Ал осы томды баспаға әзірлеген, алғы сөзін жазған Сәрсенбі Дәуітов ініміз бұдан алпыс жыл бұрын Мәшекен қолжазбасын ғылым орнына тапсырған мен екенімді аузына да алмапты.

* * *

– Мәшъүр Жұсіптің зиратын бұзып тастады...

– Не дейсің? Есің дұрыс па? Не айтып, отырсың? Пенде атаулы бейітті бұзушы ма еді? – дедім Баянауладан келіп отырған қонағым Құлсамет Әбдіқадіровқа.

– Наныңыз, Ди-аға! Менің есім дұрыс, бұзушылардың есі дұрыс емес болар. Отken жылы трактормен бұзды... милиция...

– Аудандық партия, совет басшылары қайда? Олар біле ме ол сұмдықты?

– Білгенде қандай. Істетіп отырған солардың өздері.

Мына сұмдық жанымды қайда қоярға жер таптырмай, жүрегім жарылғандай, тынысым тарылғандай, есімнен айрылғандай сұлқ отырып қалдым.

– Бұ не сұмдық? Бұ не? Бұ не?...

– Құдай-ай, не дейді? Неткен сұмдық еді, – деп дастарқан әзірлеп жүрген Мертайым еніреп отыра кетті.

Мәшекен өмірінің соңғы жылдарында оны кіші баласы Фазыл мұғалімнен мектепте сабак оқыған Мертай Мәшекенді де,

қаздырған зиратын да көрген болатын. “Мен де барам” дер еді, шиеттей жас төрт перзентіміздің жөні не болмақ?

Ертеңінде поезға билет алғып, жүрмекші бол отырғанымда ең қымбатты досым Жұмағали Сайын ақын:

– Поезды қой. Машинаңмен бар. Билетінді тапсыр кассасына!
– деді.

Досымның кеңесін орынды көрдім, билетті тапсырдым. Осыдан бір жұма бұрын ғана “Победа” алғанмын, әлі майы да кеппеген. Василий деген шоферім бар. Баянаулаға жүріп кеттік.

Бұл сапарым “Мәшекенің зиратын бұздырып тастапты” дегенді естігеннен кейін ренішті көңілмен бара жатқанымды бір сәт ұмытқандаймын. Откені бұдан 12–13-жыл бұрын:

Он жыл болды-ау ойласам,
Бармағалы Баянға.
Жүрсем, күлсем ойнасам,
Еске түспей қояр ма? – деп едім.

Қазір ол он жылға және он екі жыл қосылып, жиyrма екі жыл бармаған туған жерімді көруге ынтығым, сағынышым, ұятым үшеуі бірдей үшеулеп, Ілден аспай жатып Баянаулаға алғып ұшып келем. Сегізінші күні қоналқаға Баянға жеттік. Алтын күн қызыларай қақпасынан ұясына ене берген шакта немере ағамыз Серғазы Әлімберовтың үйіне түстік. Ағай қайтыс болған. Дәмен жеңгей баяғы жайдары жүзімен куана қарсы алды. Мағаз (немере інім) жас баладай арсаландайды. Мәкіш, Зәкіш бұлдіршіндер мандаидынан сүйгізіп еркелейді.

– Жиyrма екі жыл бойы бір келмей сағындырдың ғой, айналайын... Оның не? – деді Дәмен жеңгей.

– Кешіріңіз, ол “білместігімді” Дәм... жеңге!

Мен жалғыз емеспін. Қасымда інім Хайлолла мен Керекуде газетте істейтін ақын Әбдікәрім Ахметов бар. Кешкі отырысымыз өте көңілді өтті. Әңгіме ырғалды, ән шырқалды. Тұн ортасы ауғанда ғана жаттық. Сол тұнгі үйқымның тәттісі-ай! Бесіктегі сәби күнімде ғана тап осылай ерке ұйықтаған шығармын. Ояна келіп сағатқа қарасам, 9 бопты. Атып тұрып, тез киіндім. Шайға қарамадым.

Райком кеңесі бұрынғысынша Оске атаманның көк төбел үйінде екен. Кең кабинет төрінде Арқа қазақтарына ғана тән сұңғақ бойлы, бидай өнді, ат жақты, жалтақсыз да жалғансыз жарқырай қарайтын қос шырақты, сымбатты да сырлы мінезді, кескінді Макин Кенжебай орнынан тұрып, қарсы жүріп кеп, кабинетінің орта шенінде қарсы алғып, шырайлы амандасты.

— Хош келдіңіз, Ди-аға! Туған Баянаулаңызға жиырма жылдан бері бір келмегеніңізге өкпелі еді бұл ел, бұл Баянаула, — деді.

— Оның жөн. Ол кінәма кешірім сұрайын! Бірак, өзім келмегенмен көзім келіп, жүрегім — Баян! Баянаула! — деп соқпаған сәт болған емес, кешегі майдан оты ішінде де, оқ астында жүргенімде де солай...

Бұдан кейін Макин:

— Жиырма жыл келмей жүріп келген сапарыңыз екен, Ди-аға! Жүріс жәйіңіз? — деп сұрады.

— Алматыда ешбір мекемеден, тіпті өзіміздің Жазушылар одағынан да тапсырма алғам жок, жүрегімнің бүйрығымен келдім. Сол бүйрық орындалса арманым хасыл, — дедім.

Макин бетіме “Қызық екен, оныңыз?” дегендегі сүренсіз күлімсірегендегі болды да, сұнина қалды. Сұраулы жүзбен қадала карады.

— Өзіңізге мәлім, тарихи таланттар Баянаулада көп шыққан ғой Бұхар бабадан бастап. Сол тарихи мұраларды көрсем. Әсіресе Мәшьұрдың, Жаяу Мұсаның, Сұлтанмахмұттың ... — дедім.

— Оныңыз жөн! Жөн! — деді де түсіне қойды Макин. — Әсіресе Мәшьұр Жұсіп зираты шығар? — деді.

— Ия. Сіз өзіңіз милиция жіберіп, трактормен қираттырыпсыз. Сол рас па? — дедім манадан саябырлау отырған жан күйінішім жалыны бұрқ етіп. Ол тілі күрмелгендегі бірден үндегі қоймады.

— Рас қой, қираттырғаныңыз? — дедім ызалана өршеленіп. “Рас”, немесе рас емес деп бірден қайdan айта алсын. Себебіне септестік өрмектей сөйледі.

— Павлодардағы партактивте, обкомленумында кейбір белсендер обкомге де, бізге де ауыр мін, аңы сын тағып шатақ шығарды. Партияның үтіт-насихатынан Мәшьұр Жұсіптің діни әруағы беделді болып барады. Мәшьұрді әулие тұтады. Ел адамдары басына зиратына барып түнейтін, баласы жоқтар бала тілейтін көрінеді. Аурулар сырқатын ұшықтайтын, дуалайтын болған. Облыстық, аудандық партия хатшылары не қарап отыр? — деп өртене сөйлеп қызыл өңештенді. Одан кейін “С.К” газеті бетінде тап жаңағылар тектес макала басылып шыға келді. Содан соң обкомның бірінші хатшысы мені дереу шақыртып алып:

— Казір ауданыңа қайт та, ана Мәшьұр Жұсіптің зиратын күрттыр! Құрт! Немесе партбилетінді сал мына столдың үстіне. Казір! Казір! — деді. Ылаж не... Содан соң...

— Содан соң... Қираттырдым! Деніз. Солай ма?

— Ия. Екі милиция бір-екі трактор... — деді тілі қырқылғандай,

тоқтап... сілейіп, түсі қашып, албасты басып, отырып қалды Макин. Мына сұмдықты Макиннің өз аузынан естігенімде өзіме өзім әрек ие болдым. “Адам емес екенсің ғой” деп орнынан атып тұрып, “Тфу!” – деп еденіне түкірдім де шығып кеттім. Түскен үйімізге қайттым. Өндім бұзылып кеткен болу керек! Дәмен женгей:

– Өндің бұзылып... Мұның не, айналайын! – деді Дәмен женгей.

– Рас екен! Қираттырған Макин екен. Өзі айтты! – дедім.

– Аруақ атар. Мәшекен жарықтықтың аруағы атпай қоймас ол пәлені! Қайнамасқа қаным, жәйбарақаттыққа жаным шыдамады. Женгейдің дайындаған шәйынан бірер шынаяқ шәй іштім бе, ішпедім бе білмеймін.

– Жүреміз! – деп орнынан тұрдым да сол бетіммен жүріп кеттік.

Қасымдағы Әбдікәрім ақын мен Хайролламның да көніл күйлері күйренкі. Мойылды бұлакты басып, Айман бұлактан асып Баяннан жұз елу шақырым жердегі “Қалым Шоқы” Ескелді қайдасың!?” – деп Мәшекен мавзолейіне қарай күрең “Победамен” заулап кетіп барамыз. Зұлымдықты-сұмдықты жаулап кетіп барамыз, күйретілген тарихи қасиетті мавзолейді даулап кетіп барамыз... Ақыры жапандағы жалғыз биік Қалым Шоқы көрінді мен мұндалап. Есігінің алды көлденең жатқан көлдей көк тұз Ескелді – сор. Жыр мен шежіре мекен жәйі етуге Мәшекен жаңы қалаған, құтты мекен санаған, жалғандағы жәннатына балаған жалғыз биік, қайран Қалым Шоқы, айнадай жалтыр сор қайран Ескелді! Кеше тірісінде өз көзімен салдырған дөң үстінде ескірмейтін тарих боп, еңсесі биік жарық боп анадайдан “Мен мұнда!” – лап көрінетін Мәшүр Жүсіптің мавзолейі қайда?.. Жоқ.

Сәулетті үстінгі екі бөлменің кірпіштері қиратылған, шашылған, іргесі жатыр жер мен жер боп, трактор табандарына жанышылған. Ана жылы (1932) өз көзіммен көрген астынғы “бөлмеде” төрдегі “Нар төсекте” – тарихи көрмеде, тірісіндегідей өні-түсімен, екі қолын кеудесінен төменірек салып, оқалы да үкілі тақиясымен, шында отырған қыранның қанатында толықша мұртымен, пайғамбар дұғалығындағы қасиетті сақалымен мәңгілікке ұйықтал жатқан Мәшекен қайда?.. Жоқ. Бұ не сұмдық?

Жел гулеп жүрегінді тырнайды. Қоясындар ма осылай сорлаттырып? – деп Қалым Шоқы биігі тірілерден қайырым сұрайды. Жоқтау жырымен құстар шулайды. Ескелді сорының ернеуіне іркіліп кірпігіне қатқан көз жасы тәрізді жансыз көк мұз мөлдірейді. Сиқыр дүние, сұм өмір, сорлы өмір, осы ма еді естіртпегің мен көрсетпегің маған?

– Бұныңыз не? Тым... – деді Әбдікәрім.

– Әбдікәрім, қарағым-ау, тіпті қай заманда да жауласқан екі елдің қан-қырғын соғыстарында да өлген адамның зиратына ешкім соқтыққан емес қой. Ал, мынау не сұмдық? Тіпті, кешегі өзіміз қатынасқан қан-қырғында да фашистер ешбір зиратты қиаратқан емес. Ал, мынау не? Не сұмдық?

Екіастұз бен Қарағанды көмір алыптарының қарым-қатынас жүргіншілері, жолаушылары бұл зиратқа соқпай, түнемей өтпейтін бұрынғы әдетін әлі тоқтатпағты. Қиратылған мавзолей орнының айналасы солардың жаққан оттарының орындары, отын қалдықтары, күл. Асқан еттердің сүйектері.

Уа, қасиетті баба Мәшеке! Мына сұмдықты жасаушыға әруағын кешірмесін! Ал, мына халды көзіммен көріп тұрған мына мен – Дихан Әбілев жаным тіріде кешірмеймін, бұл сұмдықты кешіргенше, олланы, тірі болып жер басып журмейін! Куә бол бұл антыма, қасиетті Қалым Шоқы биігі, куә бол, ел қонысы Ескелді! Куә бол, Баянаула аспаны, кең дала! – Бұл менің жүрек күйінішім мен Антым! – дедім сол жерде. Кіндік қаным тамған Баянауылымнан, Мойылды бұлактан кешірім сұрадым да, Бұхар жырау, Жаяу Мұса, Сұлтанмахмұт зираттарына зиарат еттім. Бұл “Ұшалыптың” бастары да өте жүдеу екен. Ескерусіз, елеусіз қалыпты. Алматыға қайтып келісімен “Тарихи ескерткіштер туралы” деген тебіренісімді жаздым да “Қазақ әдебиеті” газетіне бердім. Бас редактор Сырбай Мәуленов қолма қол оқып шығып, басып шығарды. Бұл 1956 жылы болатын.

Осы мақала басылып шыққан “Қазақ әдебиеті” газетін (1956-жыл, 16-март, № 11) Мәшіүр Жүсіп тірілгендей көрген халық бірінен бірі сүйінші сұрап қуанып, бірінен бірі газетті сұрап алып, қолдарынан түсірмей оқиды.

Қарағанды мен Екіастұздың қарт шахтерлері “Қазақ әдебиетінің” жаңағы нөмірін күндіз қалталарына, түнде жастықтарының астына салып оқиды. Мәшекенің ұлы сөздерін, хикаяларын естеріне түсіреді. Өзінен басқа ешкімде жоқ мінезін де, бейнесін де, отырыс-тұрысын да көз алдарына келтіреді.

Мәшекенің кіші баласы Фазылдың әйелі жүз километр жердегі “Жаңа жол” колхозы орталығы Бөлденеден салт атпен Баянға келіп, атының басын аудандық партия комитеті кеңесіне бір - ак тірейді де, Макин кабинетіне кіріп барып, қойның-қонышынан жаңағы мақала басылған “К.Ә”-ті газеті даналарын сурып-сурып алып, Макин хатшыға:

– Оқы! Сен не істедің, Молда атам зиратын? Дихан не жазып отыр? – дейді алқынып.

Макин селк етіп, шошына қарап:

– Сіз кімсіз? – дейді.

– Өзің зиратын қираттырған Молда атамның, Мәшүүрдің келінімін.

Екібастұздың қарт шахтерлері Қасым Қашағанов, Мұқаш Бәлімбаев, Шайхы Қазықанов, Қарағандының Мейрам, Жабайлары “Әу!” десіп үйымдасып, бірлесіп, екі айдай дайындалып, жаздың үш айында Мәшекенің зират-мавзолейін әуелгісіндей етіп күйген кірпіштен қалап, есік-терезелерін салып, сыртын сылаپ жатқан сәтінде жолсапармен жазушы Әбу Сәрсенбаев барыпты.

Мәшекен туралы бұл естелік әңгімемде көрнекті ақын Ғалым Малдыбаевтың Мәшекен туралы адамгершілігін айтпай кетуге хақым жок. 1961-жылы Мәшекен туралы маған жазған мына хаты:

“Дихан! Сенің еңбегің Мәшүүр Жұсіп Көпей ұлына көбірек сіңгенін жақсы білемін. Сонау ауыр жылдарда Мәшекенің томдаған өлеңдерін Академия Наукаға жеткізген сен едің. Міне, сол Мәшекенің жалғыз (менімше солай) суреті! Мен мұны және ақын Майраның суретін Жазушылар одағына бергелі отыз жылға жуықтады. Бірақ олар жарыққа шығарған жок. Откен жаз өзімнің Мәшекенмен 1931-жылы күз кездескенімді жазып, осы фотосын көрсетіп “Қазақ әдебиеті” газетіне жіберген едім. Бірақта, олар әлі күнге дейін жарыққа шығармады. Ия, сенің Мәшекен туралы жазғаның менің есімде бар. Оның қасиетіне қол тигізгендерді қатты сынағанынды да білемін. Ол өте дұрыс еді. Кім өлмейді?

Сол Мәшекенің суретін, міне, саған тағы да жіберіп отырмын. Реті келсе, үлкейтіп, портретін марқұмның кітабының арасына қойсан да, бір ескерткіш болар еді деген сенім бар менде.

Мәшекенді құрметтеген Ғалым Малдыбаев. 15декабрь 1961 жыл”.

Жұлдыз. – 1992. – № 12. – 116-129 б.

**Сәрсенбі ДӘУІТҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы, профессор**

**МӘШҮР АҚЫН
(1858 – 1931)**

Халқымыздың атақты ақыны, ғұлама оқымыстысы Мәшүр Жүсіптің көп қырлы талант екені елге мәлім. Қаршадайынан оқыған, оқып қана қоймай, көңіліне мол дүние тоқыған білімдар. Ақынның “Миғраж”, “Хаятбақшы”, “Корқыт”, “Гұлшат–Шеризат” деп аталатын қисса, дастандарын, публицистикалық, этнографиялық еңбектерін, халық ауыз әдебиетін жинаудағы қыруар жұмысын атасақ та жеткілікті.

Бұл жөнінде академик М.О. Әуезов былай деп тұжырымдайды: “Ал, өз шығармаларын былай қойып, басы ашық үлгілерді жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшүрде мол екенін және естен шығармау керек. Сондыктан қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ғылымдық бір саласы историография бөлімінде Мәшүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілуі шарт” [1].

Ал, академик-жазушы С.Мұқанов М.Көпеевтің творчестволық жолын жан-жақты зерттей келіп, өз ойын былайша түйіндеген еді: “XVIII ғасырда жасаған ақындардың ішінен жыры мол сақталған – Бұқар жырау. Бұқардың жырларын сақтап, тарих алдында ерекше еңбек сіңірген адам – Мәшүр Жүсіп Көпееев. Бұқардың жырларын жазып алған Мәшүр Жүсіп: “Бұқарекең сөйлеген уақытында сөзі мұндай жұз есе, мың есе шығар”. Бізге келіп жеткен тамыры ғана”, – дейді. “Мес” жинағына қарасаң көңілің тояттайты, оқысаң көзің қуанады. Сиясы әсем көшірілген қолжазба Мәшүр махаббатына лық толы. Ол көне қолжазбаның әрбір сөзіне дейін жеткізуге, қазақ тілінің алтын қорын шашпай-төкпей сақтауға тырысқан” [2]. Осыған ұксас пікірді ғылым докторы Ы.Дүйсенбаев та айтқан. Ол: “М.Ж. Көпееев Бұқарға тиісті деген өлең-толғауларды ел ішіндегі көрі құлақ қариялардың аузынан жазып алып, ертеректе қағаз бетіне түсірген, екіншіден, ол өзінің шамасы келгенше қарт жыраудың мұрасын толығырақ және келіп жеткен қалпында сақтауға тырысқан, үшіншіден, өзі де Бұқардың өмірі және шығармашылығымен жете таныс болғандықтан кейбір жыр-толғауларының түсіндірмелер берумен бірге, басқа да қызықты мәліметтер келтіріп отырған”, [3] – десе, бұл ойды біз де макұлдаймыз.

Халыққа аты белгілі сол Мәшүр Жұсіп 1858 жылы өзінің айтуынша (қазақша қой жылы, арабша ережеп айында, жұма күні, бесін кезінде) Қызылтауда, Найзатас деген жерде дүниеге келеді. Нәресте тұған соң ата-баба салтымен азан шақырып, аты Жұсіп болсын деп қояды. Бұл жөнінде ақын кейіннен “Өмірбаян” атты өлеңінде:

Жасымда қойылған ат адам Жұсіп,
Жұрт кеткен сүйгенінен Мәшүр-Жұсіп.

Қолыма қағаз, қалам алған шақта,

Кетемін қара сөзге желдей есіп [4], –

деп баяндаған. Ал, оның Мәшүр Жұсіп дейтін атқа ие болуы жайында да қызық мәлімет бар. Ақын жоғарыда аталған жырында тағы да былай дейді:

Бес жаста “бісміллә” айтып жаздым хатта,

Бұл дүние жастай маған тиді қатты.

Сегізден тоғызға аяқ басқан күнде,

Мұса еді қосақтаған “Мәшүр” атты [5].

Сөйтіп, ол өзі айтқандай, тоғызға енді толған шағында қалың топтың алдында бірде-бір мұдірместен мақамына келтіре отырып, “Төрт жігіттің өлеңі”, “Ер Тарғын”, “Козы Көрпеш – Баян сұлу” лиро-эпос дастандарын жатқа толғайды. Жиылған қауым дән риза болып, “баланың аты – Мәшүр болсын, тіл-көзден аулак болуы үшін басына үкі тағып қойындар” [6], – дейді.

Қара өлең, жар-жар, аужар, сынсу, батырлар жыры, лиро-эпос жыры, шешендік сөздің неше алуан түрін жастайынан жаттап өскен Мәшүр өзі де он бес жасынан бастап өлең шығара бастапты. Ақынға сөз берсек, ол:

Жабысты маған өлең он бес жаста,

Жұрт айтты: “Не қыласың”, – деді баста.

Дегенмен қоя алмадым үйренген соң,

Мінім жоқ қылған жұртқа мұнан басқа.

Шүкірлік, бергеніңе құдай патша,

Он бесте шабыттандым жүйрік атша [7].

Бір күндер ұйықтап жатқан мезгілімде,

Кеудеме өлең толды сызған хатша, –

деп толғайды. Біз уақытысында “Жалайырдың жел жетпес жүйрігі” атанған Бақтыбай мен Сыр бойының ақыны Бұдабайдың тұс көріп, тұсінде көген емес, өлең алып ақын боп оянғанын жақсы білеміз” [8]. Ал, М.Көпееvtің қалай ақын болғандығы жайлы әңгімесі оның өзінің алдындағы өнерпаздарға ұқсастығымен бірге, айырмашылығының да бар екендігін анық танытады. Ол жай

“Кеудеме өлең толды сызған хатша” деген жолдарда жатыр. Одан бұл кездे жазу-сызуудың қазақ өлкесіне кең қанат жая бастағанын, Мәшүүр Жүсіптің де сауаттылықты жоғары бағалап, оған күрметпен қарағанын аңғарасын.

Бірақ оның осы тұстағы өлеңдерінің тақырыбы күнделікті тұрмыстық жағдайды суреттеуден әрі асқан жоқ. Ол өзі араласып жүрген айт пен той, әртүрлі адам мінезі, жүріс-тұрыс ерекшелігі, көшү, қону, жаз бен қыс, ас, қыз үзату сияқты нәрселер еді. Бұл өлеңдерінде кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесіне терең бойлап, психологиялық талдау жасау жоқтың қасы, бір сөзбен айтқанда, бұл – оның шәкірттік, үйрену кезеңі еді.

М.Көпееев, өзі айтқандай, он бес жастан кейінгі өмірінің бәрін дерлік өлеңмен сөйлеген. Ақын дүние танымын, адамдармен қарым-қатынасын, нені сүйіп, нені жек көретінін, кімнен үйреніп, кімнен жиренетінін де өрнектеген. Біз оның мұндай туындыларынан эстетикалық ләzzat алып қана қоймай, сол кездегі адамдардың өмірге деген көзқарасын, психологиясын, тұрмысын жан-жақты танытқандай боламыз.

Ақын той мен топта, ел мол жиылған аста бай мен болыстан, би мен бектен ығыспаған, олардың қателіктері мен кемшиліктерін тіке айтып, жуанға істеген “жақсылығын”, жіңішкеге көрсеткен қорлығын бетіне басып отырған. Осы ақ ниеті үшін артынан опық жеген кездері де аз емес екен. Оны өзі “Ғибрат наме” атты өлеңінде айқын байқатады:

Япырым-ай, кессем бе екен мен тілімді,
Үйрендім қайдан өнер, көп білімді.
Өткіздім қасірет пен қапалықта,
Қызықты ойнап-құлер мезгілімді [9].

Расында да ол бала болып ойнамаған, бес жасынан бастап окуға зейін қояды, ержетіп бозбалалық шаққа жеткен соң да ала қағаздан бас алмаған. Ақын шарқ ұрып ізденудің нәтижесінде білімге де, парасатқа да ерте жетілті. Күннің шуағын бірінші болып қарсы алып, батып бара жатқан шапағын да өзі шығарып салатын заңғар таудың құзар басы сияқты, алдымен не көрсе де білімді жан көрмек. Ақылды, білімді адам өмірдің соққан бар дауылына төтеп бермек. Мәшүүр Жүсіпті де осындай жан деп білеміз. Оның жанының нәзіктігін, көңілінің жомарттығын, “өзім не болсам да мейлі – өзгенің жаны жарапанбасын, басқаның басына бақытсыздық, күңгірттік келмесін” деп іштей ақ тілеумен жүретінін айтып жеткізу мүмкін емес.

Мәшүр жырлары окушысын еңбекке, адалдыққа, мейірімділікке ұндеумен қымбат.

ХХ ғасырдың бас кезінде ұлы Абайдың сонын ала шыққан Мәшүр Жұсіп Көпееев сол Абайдың сара жолын арман-мұрат тұтып, соның соқпағымен “тас қияға өрлегендердің” бірі еді. Ақын өзі ғана ұстазынан тәлім-тәrbie алып қоймай, өзге жүргіттың да сол жолмен ілгері басуын тіледі. Ол бұл тілегін күндіз-түні өлең жазып, халықтың ішкі жан дүниесін тербетіп, олардың өнер-білімге, отырықшылыққа шақыру арқылы жүзеге асырды. Ақынның түпкі арманы – халықты жаппай сауаттандыру еді. Алайда ол мұндай игілікті іс тек сөзбен ғана аспайтынын, ол үшін қолда билік болуымен қатар, мол қаражаттың қажет екендігін кейін сезінді. Амалсыз ішкі мұн-шерін тағы да өлеңмен шертті:

Бұлттай жауатұғын менің өзім,
Көкірегім – қан, жаспен толған көзім.
Жаңбырдың рахымет тамшысындай,
Ғаламға дастан қылышпай айтқан сөзім [10].

Кезінде ақынның көкірегінен шыққан сөзді түсінетін, оған еміренетін жанның аз болғанына қынжыласын. Эйтпесе ол “жауатұғын бұлттай” түнермес еді ғой. Ақын ойлары занғар. Ол ауыл үйдің әнгімесін айтып отырған жок, адамға, қоғам өміріне қатысты мәселені толғайды. Көкірегі толған шуакты жүртшылыққа шашқысы келеді, “Қырымнан қияға қарап” алысты шолғысы бар. Ақынның арғы жағы жұлдыздай жарқырап тұрған соң (жанының тазалығын айтамыз), оған барлық әлем шуакты да сәулетті, барлық адам адал да абзал.

Ол көшіліктің берекесін алғын, жарастығын бұзатын озырларға үнемі қарсы тұрып келіпті. Бұл турасында профессор Б.Кенжебаев: “Мәшүр шығармаларының көшілігінде заман жайын айтады, қазақтың жаман мінездерін, қазақ арасындағы феодализм қалдығын, би-болыстарды, патша үкіметінің чиновниктерін сыйнайды”, [11] – десе, ғалым жіті байқап, дұрыс бағалаған деп білеміз.

М.Көпеевтің өмір сүрген тұсы – бір рудың малын екінші бір рудың елі барымталап, шетке шыққан жылқы -сиырын айдалап алып, сіңіріп кете беретін, әлсіздің күні қаран, күштінің сөзі жүріп тұрған феодалдық қоғамның нағыз қаны тамып тұрған кезі еді. Кедей-кембағал, жетім-жесірді “ашса алаканында, жұмса жұдырығында” ұстап, шырқыратып езіп-қанағанына байлар мәз. Байыған сайын оларға кең дүние тарылышп, қусырылып бара жатқан сияқты

көрінеді. Ашыққан қорқау қасқырдай жан-жақтан анталап, жер таласын, жесір дауын күшетіп, бірін-бірі тірідей жеп қоятындағы өшігеді. Бай мен шоңжарлар жан-жағына жұтып жіберердей алара қарайды. Қысы-жазы ауыл маңы айғай-шу, бос дүрмек. Оқу іздең, өнер қуып жүрген бірде-бір жастарды көре алмаған ақын халыққа қарап:

Қазағым, өнер іздең, ұрлық-зорлық,
Қыласың бір-біріңе неге озбырлық,
Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,
Басына келген жоқ па талай қорлық /12/,—дейді.

Ақын сөз өнерін өте жоғары бағалаған. Ол адамзат баласының бір-бірімен табыспайтын, жақындаспайтын кезі болмайды, олар бір-бірінің ішкі жан сырын сөйлесу арқылы түсінеді, ұғысады дей келіп:

Кем емес – кейбір сөзім жанған шоқтан,
Әр кімге ауыр тиер атқан оқтан.
Ұшқан құс, жүгірген аң-жануарлар,
Атанды бәрі хайуан – тілі жоқтан,

деп түйіндейді. Бұл жерде ол адамның “ұшқан құс, жүгірген аңнан” артықтығы – ақылында дегенді білдіріп отыр.

М.Көпееев өз өлеңдерінде әркім өз еңбегімен күн көрсін дегенді үндейді, сонымен бірге біреудің есебінен күн көретін арамтамақтардың кімдер екендігін де айта кетуді ұмытпайды.

Ақын адам өміріндегі ең бір қымбат дүние достық екенін, досы мол жанның бақытты екенін жан-жақты айта келіп:

Бұл сөзімнің балы бар уы аралас,
Ойлаймысың бір іске деп жарамас.

Келіп пе едің жалғанға киім киіп,

Тумап па едің анадан тыр жалаңаш [13], – деп бір тоқтайды. Яғни, бізді қоршаған табиғат бір қалыпты тұрып қалмай, үнемі даму, өсу үстінде болатынын осылай нақты қағидалармен толық түсіндіреді.

Мәшъүр Жүсіптің бөліп айтуға тұраарлық айырықша бір ерекшелігі – өлеңдерін жазып шығарған. Ол әрбір жырын қағаз бетіне түсіріп, рет-ретімен тәртіппен, шашау шығармай ықтияппа жинап отырған. Оның алғашқы өлеңдері “Дала уалаяты” газетінде 1889 жылдан бастап көріне бастады. Ақын 1889 және 1890 жылдар аралығында бірнеше макаламен қоса, бес өлең жариялады. Олар мыналар: “Әңгіме”, “Бәрі қысқа, еркін дүниеге келеді екен”, “Кедейлікке үш қырсық оралады”, “Күн шықпай ерте тұрып”,

“Білмейді ел өнерлісін, аулак болар”. Бұл өлеңдердің бәрінің сарыны ортак, ой арнасы біреу – ол жастарды еңбекке, өнер-білімге, егін салуға, сауда істеуге шақырады. Ал, ел ішінде бос тентіреп кәсіпсіз жүрген кейбір желбуаз бозбаланы сынап мінейді:

Өзінің малын күтіп баға алмайды,
Бір тын қолдан кетсе таба алмайды.
Бір саңлау оймен іздеп табары жок,
Біреудің айтқан тілін тағы алмайды [14].

Осылай дей отырып, еңбек етпейтін, сыйбай-сылтаң жүрісті жандарды ұрыспай, сөкпей, тілдемей, жай ғана сыпайы сөзбен ұялтып, қызартады. Оларға “мынадай бол, мынадай істе” деп те ақыл айтпайды. Тек қана еңбек ет, еңбек адам баласының – анасы дегенді мензейді. Ақын бұл ойын қолына домбыра ұстап тоймен топта емес, баспа бетінде айтты. М.Көпееvtі өзі көзімен көрген, оның барлық еңбегімен таныс-біліс болған сол кездегі орыс оқымыстысы Белослюдов төмендегідей ой айтады: “М.Көпееев халықтың мұнын жырлай бастайды. Мәшін Жұсіп өлеңді жазып шығарды, мұның өзі қазақ әдебиетінің тарихында халықтың сипаттағы жаңа бағыттың дамуына зор түрткі жасады. Бұрын өлең көпшілік алдында ауызша айтылатын, ал ақын атану үшін біреумен айтысқа түсетін, жаршы міндетті түрде сұрып салма ақын болуы шарт еді. Енді Көпееев өлеңдері оқырмандарға жазбаша түрде ұсынылды, ақын деген сөз тек ақын-жырауларға қатысты ғана емес, өлең жазуға қабілетті талант иелеріне де қолданыла бастады”[15].

Мәшін Жұсіпті 1874 жылы он алты жасында өз ауылының ауқатты адамы Әкімбек деген кісі келіп әкесінен сұрап алады. Бұл байдың Қалибек деген жалғыз баласы бар еді. Арманы перзентін оқыту болатын. Оның молданың алдынан енді ғана босанған Мәшіндерді ата-анасынан “аттай қалап, атандай сұрануы” кілті осы еді. Бұл жайында ақын:

Әкімбек он алтында алып кетті,
Жалғызы Қалибекке ұстаз етті.
Басында Ақшакөлдің жаз жайлауда,
Әкемді мол жылқымен бір жөнелтті [16], –
деп шындықты бүкпесіз айтады.

М.Көпееvtің өз шәкірттеріне берген аса маңызды тәрбиесі – ғылым жайында еді. Оқыған адамның көзінің алды жарық дүние де, қара танымаган кісіге бар нәрсе бұлдыrap тұрады. Білімі таяз адам дірілдеп-қалтыrap әркімге бір жалтақтағыш келеді. Білікті кісі құйған қорғасындаі салмақты болады. Сондықтан терең де парасатты білім әрбір адамға ауадай қажет. Ғылым – пәнденің ішін

анау-мынау лас қылықтан тазартатын тұңғылік сияқты. Тұңғылік арқылы үйге күндіз Күннің, түнде Айдың сәулесі түсіп тұратын болса, сапалы білім де адам жанын баспалдақтай биіктете беретіні анық дегендерді айта келіп, ақын ғылым жөнінде ойын былайша қорытады: “Әркім өз жанын тірілтуді керек қылса, ғұмырын сарп қылған пенденің жаны тіріліп сыйлы болады. Ғылым-білімге ғұмырын сарп қылмаған пенденің жаны өлік жан есепті. Өзі өліп жатқан өлікті кім керек қылады” [17].

Мәшүүр Жүсіп балаларды оқыта жүріп, жазу-сызуын бір сәт тоқтатпайды. Күндіз сабақ беріп, қалжырап шаршағанына қарамай, түнде май шамның жарығымен өлең жазады екен. Кейбір түнде өзі сүйіп оқитын шығыс ақындары: Науай, Фирдауси, Сағди, Хафиз шығармаларына сарыла үңіліп, білімін үздіксіз көтеріп отырған. Адамға қазына дәulet жолдас болмайды, ғылым мәңгі өмірсерік. Өнерді үйрену үшін де алдымен білім керек. Білімсіз бірде-бір ісің ілгері баспайды. Ақын осылай толғамды ойларын ортаға сала отырып, өзі де көп оқыған, ізденген, өзгелерді осыған үндеген.

Ақынның үй ішін бір сөзбен мұғалімдер семьясы десе де болғандай. Өзі көп жылдар бойы бала оқытты. Жәдитті қатты қолдап қуаттаған. Бұл сол кездің жаңа бағыттағы оку үлгісі еді. Ол осы оку үлгісін жәй ғана жактап қоймай, нақты іс-әрекет еткен. Атап айтқанда, балаларды жәдитше оқытқан, осы үлгідегі кітаптарды ел арасына кеңінен таратуға мол күш салған.

Ақынның Әмен деген ортанышы баласы арнайы жолдамамен Ташкент қаласындағы № 4 мектепте сабақ береді. Ол бір окушы қыздың әке-шешесі он үш жасар баласын малға сатып ұзатпақшы бол жатқанда, ара түсемін деп 1921 жылы азғынданған жандардың қолынан қаза табады. Бұл оқиғаны “Ақ жол” газетіндегі қазанамадан көрген ақын:

Қан түсті алпыс үште аяғыма,
Оқ тиді түзде жүрген саяғыма,—

деп құлышындағы дауысы шығып шырылдаған көрінеді. Мәшүүрдің тұлабойы тұңғышы Шәрәни де әжептеуір сауат алады. Өзі алдыңғы қатардағы колхозшы болса керек. Оның бұл баласы 1936 жылы өз ажалынан қайтты. Кенже ұлы Пазыл да көп жылдай мұғалімдік қызмет атқарды. Партия мен үкімет Отан алдындағы еңбегін бағалап, Ленин орденімен наградтаған. Ол 1970 жылы қайтыс болды.

Әрине, М.Көпееев дінге сенген жок еді, ол ата-бабасының ескі салтына бағынбаған жан еді деп әсте де айта алмаймыз. Ол ескіше ең көп оқыған адам. Сөйтеп тұра, ол ескі нағым-сенімге карсы

шығып отырады. Мәшүр шайтанды молдаларша ұғынбайды. Оны дербес малғұн, жұрт көзіне көрінбей жүріп азғыруши деп қарамайды. Ақынға сөз берсек, ол: “Ағаштың бойында гүрілдеп ағып жатқан өзен – адамның денесіндегі қан. Эй, жігіттер, естерінде болсын, оны “шайтан” – дейді. Ол бір кесек нэрсе емес, денене арам қан боп кіріп, жүрөгіңе барып, жүрегінді толқытып, өзінді бұзады. “Шайтан” деген өзінің ойың. Ой иесі “шайтан” жүрегіңе неше түрлі ой салады...

Олай болса, көп жеуімен екі нэрсе көбейеді. Бірі – қарын, бірі – көңіл. Бұл екеуі бойында толық тұрғанда басқантұрғаныңың бәрі – өз басыңа у болғаннан басқа пайдасы жок. Құнанбайұлы Ыбырай марқұм айтты ғой:

Өмір дүние дегенің ағып жатқан су екен,
Жүрген-тұрған жұмысың ойлап тұрсан у екен, –
деп. Оның және бір сөзі мынадай:

Адам бір бок көтерген боктың қабы,
Өлсөң сасық боласың боктан тағы.
Менімен сен тең бе деп мақтанаңың,
Білімсіздік белгісі ол баяғы.

Соңғы ел білімдарлары бұл. Адамды адам санына кіргізбей жүрген қарындағы бір қап “жұмбак” екенін білді де ішіп-жемекті аз қылды. Ол екеуі аз болған соң үйкі бөлінді, сергек болды. Содан соң жүректі барып үйітқытып бұзатын дәнeme табылмады. Соナン соң бұл адамнан нәпсі-дәме бәрі атымен жок болып, көнілі күшкуат алыш, Періште сипатта болды. Аз жеуді, аз үйіқтауды, аз сөйлеуді мұрат тұтты”, [18] – дейді. Сөйтіп, ол Абай сияқты ғұлама адамды осылай жоғары бағалаған. Бұл жөнінде Ә.Тәжібаев: “Мәшүр Жұсіп Көпеев дегенді білмейтін қазақ зиялдыларында жан жок. Әрі ақын, әрі ақылгөй жан, ұлы Абайға ілесе шықты да осы данышпан ұстаздық ағартушылық жолын берік ұстанды. Ақындығын да өзіне мұрат етті”, [19] – деп терен толғап айтты.

Ақын қолына түскен бір шежірені оқып отырып былай деп жазады: “түгел сөздің түбі бір, тұл атасы Майқы би” дегендей анық қазақтың өз ортасында сөйлесіп жүрген танымал сөзден шежіре алыш жазған біреуі де жок. М.Көпееев – өмірге көзқарасында, әлеуметтік болмыстарды түйіп-бақылауда мол-мол қайшылықтары бар жан. Ол кейде өзі өмір сүрген тұстың қалтарыс-қатпары көп көлеңкелі жақтарын барынша батыл сынайды, патша чиновниктерінің, би-болыстардың “алсам-жесемнен” басқаны білмейтін озбырлығын қатты шенеп айтады. Сөйтеп тұра, “мархабат патшамыздан тенденсік тиіп, көз жасын нашарлардың тәнірім иіп”,

[20] – деп бір сәт патшага деген тілеуlestігін де, оған деген сенімін де, білдіргендей болады. Осының артынша 1905 жылғы үлкен халық көтерілісі жайлы тебірене толғап, патшаның 17 қазанды манифесі көз бояйтын жалған бүйрек екенін ешнэрседен тайсалмай айтқан да М.Көпееев еді.

1907 жылы Қазан қаласындағы Құсайыновтар баспаханасынан Мәшүүр Жұсіптің “Хал-ахуал”, “Тірліктे көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз”, “Сарыарқаның кімдікі екендігі” деп аталатын үш кітабы бірдей шықты. Бір айта кететін жай, “Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз” атты жинақ “Хал-ахуал” кітабының толықтырылып басылған түрі десе де болғандай.

Ақынның осы кітаптарын қадағалап оқыған адам оның сол кездегі Ресейдің саяси хал-жағдайымен белгілі бір дәрежеде таныс екенине көзі жетеді. Оның бұл өлеңдерінде 1905 жылды халық көтерілісінің де әсері бар екені көрініп тұр. Бұл шығармаларда қожа-молдалардың жағымсыз іс-әрекетін сыйнайтын жерлері де аз емес. Осы кітаптардың ішінде патшаның отаршылдық саясатына қарсы айтылған пікір де кездеседі. Мәшүүр Жұсіп Ресеймен қосылудың прогрессивті жақтарымен бірге, қындығы да аз болған жоқ деп айтыпты. Біз осы үш жинақта жырлаған тұрмыс-тірлігін, іс-әрекетін, психологиясын біршама суреттеп беруімен де құнды дер едік.

Мәшүүр Жұсіп Бұхара, Ташкент, Түркістанға үш рет сапар шегеді. Бірінші рет 1887 жылы, 29 жасында барады. Бұл жолы Бұхарада оқып, білімін көтереді. Арабша, парсыша шыққан кітаптарды қадағалап зерттейді. Ол осы сапары жөнінде:

Мәшүүрден келе жатыр өнер қайнап,

Бұлбұлдай қапастағы тұрған сайрап.

Самарқанд, Бұхар, Ташкент – бәрін кезген

Жасында бір кем отыз тәңірім айдал, [21]–

десе, екінші рет барғаны тұрасында:

Жалғанды жалғыз кезген басым еді,

Бір асыл қолға тұспес тасым еді.

Зыбарат шығыс бапқа бұл барғаным.

Жылым қой, отыз жеті жасым еді, [22]–

деп анықтама береді.

М.Көпееевтің өз айтуынша ол 1895 жылды арага сегіз жыл уақыт салып қайта барыпты. Ақынның бұл екі сапары да оның білімін көтеру мақсатынан туғандығы көрінеді.

Ал, енді Бұхара, Ташкентке 1907 жылы үшінші рет баруының жөн-жосығына келсек, ол алдындағы екі сапардан басқашарап. Оның себебі: ақынның осы жылы жарық көрген үш кітабында кедей-кембағалдың мұддесін көп толғағандығынан да болса керек. Бұл жөнінде нақты мәліметті Ә.Қоңыратбаев береді. Ол: “Мәшъур Жүсіптің жоғарғы үш кітабының занға ілігіп таратылмауы, оны басып шығарған Қазандағы Құсайыновтарға 12 мың сом ауыр айып салынуы, ақынның қамалушылар тізіміне ұшырап ел ішінде бұғып жүруі осыдан”, [23] – деп тұжырымдайды.

Ақын Бұхараға, Ташкент жақта төрт жыл жүріп оралған соң да жағдайының жөнді болмайтынын түсініп, бұл жолы Еділ, Жайық жағалауын аралайды. Бірте-бірте Жыланды бойындағы мұжықтарға да барады. Ол “Менің белгісіз сапарым” деп аталатын толғауында:

Мәшъурдің қараңыздар қызығына,
Бұл күнде жүрісінің “бұзығына”.
Орысты туған бауыр есептедім,
Жыланды келіп қондым мұжығына [24], –

деп орыстың кедей шаруа-мұжықтарымен достасқанын, сырттай таныс-біліс болып қана қоймай, олармен жақын араласқанын да айтады.

1940 жылы шыққан “Қазақ әдебиеті хрестоматиясында” М.Көпееvtің “Шайтанның саудасы” енсе, осы жылы Мәскеуден жарық көрген “Дала әні” атты қазақ поэзиясының антологиясында бір өлеңі басылды. Сондай-ақ, “XX ғасырдағы қазақ әдебиеті” (1983ж.) атты кітапқа бірнеше өлеңдері енді (құрастырушылар Т. Әбдірахманов, Қ.Жармағамбетов), М.Мағауиннің құрастыруымен 1978 жылы “Советский писатель” баспасынан шыққан “Поэты Казахстана” деген кітапта “Шайтанның саудасы” тағы да басылды. Ол 1889–1894 жылдар аралығында “Дала уалаяты” газетінде бірнеше проблемалық материалдар, “Айқап” журналының 1912 жылғы екі санында көлемді мақала жарияланды.

Ақын бұл шығармаларында да көшілік қауымды еңбекке, окубілімге, адалдыққа үндейді. Әсіресе қолынан келгенше кісіге жақсылық істе, кедей-кембағалдың қажетін өтеу – адамдық борышың. Ал, халық үмітін ақтарлық игілікті ісің болмаса, кісі санатына қалай қосылмақсың? – деген пікір қорытады.

Ол адалдық, адамдық жайындағы толғамды ойларын өлең, мақала, аңыздың айналасындаған айтпай, көптеген дастан да жазған. Біз сондай туындыларының ішінен “Гұлшат пен Шеризат”

атты көлемді дүниесін таңдал, іріктең кітапқа енгізіп отырмыз. Сюжеті шығыстан алынған бұл дастанда жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық, жарық пен қара түнек қоса қабат көрінеді. Ақыры адалдық жеңеді. Дастанның бас кейіпкері Шеризат не бір қорлықты көрсе де, бәріне төзеді. Оның бойында адамға деген сенім бар еді, сол сенім оған барлық қындықты жеңгізеді. Сөзің – шың, ісің – әділ, көкірегің мәлдір болса, дүшпаның қанша қысастық қылмағанмен, жеңе алмайды деген ой айтады автор.

Мәшүр қазақтың көптеген білікті адамдарымен кездескен. Соның бірі – атақты балуан Қажымұқан. Ол онымен 1925 жылы таныс-біліс болып, екеуі Баянауылда бірнеше күн бірге жүріпті. Бірі ақын, бірі балуан - өнер адамдары іштей түсінісіп, қыл өттес дос болып, қимай-қимай ажырасыпты. Сондай-ақ Атбасар дуанының тұрғыны Мейрам Жанайдарұлымен де [25]сырлас-дос болыпты. Бұл кісі өз заманының оқымысты адамы екен. Арабша, парсыша, орысша сөйлей де, жаза да біліпті. Айырықша қасиеті – ауыз әдебиетін көп жинапты. Сонымен бірге “Мың бір түннің” бір тарауын өлеңмен жырлап, 1895 жылы “Дала уалаяты” газетінің 41-49 нөмерлерінде жариялады. Мейрам жырлаған бұл дастан Ү.Сұбханбердина құрастырған “Кисса-дастандар” (1986ж. 28-327-бб.) атты кітапқа енді.

Мейрам қара сөзбен емес, тақпактап, мақалдалап-мәтелден сөйлейді екен. Оның бізге жеткен мұрасы жоқтың қасы. Ол адамға Мәшүр Жұсіп Көпеев мінездеме бере келіп: “Ақылды адамда күлкі де жоқ, ашу да жоқ, кемдік көріп, тарығып сасу да жоқ”, [26] – деп бағалапты.

Жолмұрат Жұсіпұлы [27] өз қолжазбасында Мәшүр Жұсіптің атақты Бөгембай батырдың немересі Саққулақпен де тығыз қарым-қатынаста болғанын, ол адамнан ақынның халқымыздың әдеби мұрасын көшіріп алғандығын да айтады.

М.Көпееев Ақан серімен бірнеше рет кездескенін, онымен сырласып, пікір алысқанын айта келіп, былайша тебірене сөз етеді: “Ақан серінің Құлагері өлген соң бұрынғы серілік мінезді қалдырып, көп бас қосатын ас, жын-тойға жүрмейтін, бармайтын болып, дүние махаббатынан мұлде көнілін суытты. Ақан сері адамзаттың сұнқары, қызыл тілдің ділмәрі еді жігіттің құлпы жібегі еді” [28].

Мәшүр Жұсіп ел ішін көп шарлап, ақсақалды қарт, ақ самайлы әжелердің аузынан халық ауыз әдебиетін жинайды. Сол мақсатпен кейде баратын ауылына жете алмай далаға қонса, кейде таудың ішіндегі бұлактың басына түнейді.

Ақын мал соңында салпақтап күндіз-тұні еңбек етіп жүрген кедей шаруаның ауыр азабын, жетім мен жесірдің көз жасын өлеңге қости. Сол қындық бейне бір өз басынан өтіп жатқандай сезінді:

Жыр қайда, осы күнде ғылым қайда,
Тұн сайын шертуші едім сырымды Айға [29].

Немесе:

Дүние үшін жанның бәрі қайғы жеген,
Мін тағып бір-біріне әлденеден.

Жан бар ма айтшы, елім, еміреніп,
Егіліп өз халқы үшін еңреген, [30]

– деген жолдардан өз қара басының ғана қамын ойлап қоймайтынын, өзгенің де өзегіндегі өксіген өкінішін бар жанымен сезіне алатындығын көреміз.

Кейде қара қылды қақ жаратын туралығымен де М.Көпеевтің ел ішінің пысықтарына жақпай қалатын кездері болыпты. Сол себепті бірде момын шаруалармен көңілі өсіп жүрсе, бірде өзін жүдеп-жадап жалғыз қалғандай сезінеді. Ондайда ол қасқайып тұрып жырлап кететін:

Кейде мен көп сөйледім аузым бақпай,
Бетімді жіберген соң ешкім қақпай.

Тұысқа тұра жолды айтамын деп,
Жалғанда жалғыз қалдым жанға жақпай[31].

Біздіңше , жақыныма ғана жақпадым деп ақын сыпайы айтып отыр. Көпті кінәлап, көпке топырак шашқысы келмегендіктен де ел басқарып отырғандарға тікелей қарсылығын білдірмегенге ұқсайды. Бұл оның қара басын қорғаштауы емес, қайта достысыма бір кесірім тиіп кетер-ау деген сақтығы ма дейміз.

М.Көпеевтің есімі көзінің тірісінде-ақ көп жерге тарап кеткен еді. Оның да бірнеше себептері бар. Біріншіден, ол бұл кезде бірнеше кітаптары шығып, елге танылған-ды, екіншіден, көне мұраны жатпай-тұрмай хатқа түсіруімен де белгілі болған. Еіді бір айырықша қасиеті – соншалық ғылым-біліммен молдалық құрметпен атап отырған. Мысалы, Нартай Бекежанов:

Ақмолла, Ұзак ақын, Мәшьұр Жүсіп,
Заманға жатушы еді үлгі пішіп.

Солардың ағып жатқан теңізінен,

Біз пақыр сөйлеп журміз қанып ішіп [32],
деп өзінің алдындағы өрен жүйріктеге ізет-құрметпен қарайтынын

байқатады. Бұл арада Мәшіүрдің қыруар еңбегіне сүйсіне қараумен бірге, Н. Бекежановтың кішілігі мен кісілігіне қызығасыз.

Мәшіүр Жұсіп қолжазбаларын актарып отырып ҚР Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қорындағы 850-папкадағы аты-жөні белгісіз біреудің мынадай бір естелігіне көзіміз тұсті: “Ақын жеті күн ауырды. Дәл жеті күн ауырып жатқанда бір айтқан сөзі: “Ажал жүр жағалап қоймаймын деп, Шәрәпиден жүр бермеймін”, – деп мырс етіп күледі (Шәрәпиден үлкен баласы – С.Д.). Өзі тірісінде айтушы еді, “жетпіс үшке жеткенше балталасаң да өлмеймін. Жетпіс үштен ары қарай сүйресең де аспаймын”, – деп. “Азырақ-азырақ тынышсызданып жатқан кісідей болып, жан тәсілім етті де, пысылдалп үйықтаған кісідей болды. 1931 қой жылы жұмаға қарай таңға жақын аяулы ақын, зерделі жинаушы, жақсы азамат жарық дүниемен біржола қоштасты”, – делініпті.

Мәшіүр Жұсіп бүкіл түркі халқын тегіс сүйген бұл “батыр да, қайсар ел” деп дәріптеген, түркі тілі араб тілінен кейінгі ғажайып үнді, мазмұнды тіл екендігін дәлелдеп айтқан. Әсіресе, Қожа Ахмет Иассауді түркі елінің ғұламасы атаған, бұл кісі тоқсан тоғыз мың машайығын шақырып: “Сіздер баршаң бір жерде отырып, бас-басыңызға бір ауыздан сөз айтындар кейінгі заманға естелік болсын”, – дегенде, “Қай ретті қылып сөйлейміз” деп Сұлтан хазіреттің өзінен сұрағанда: “Мақал деп айтылатұғын сөз болсын...” Ең алдыңғысының айтқан сөзі екен: “хазірет баршамызға бас-басыңа бір-бір сөз айт деп шақырды. Жалғызың дәнeme айтпайсың, өзің білме, білгеннің тілін алма деген осы екен-ау”, – дейді. Сонда солардың ең аяқ сонында қалғаны айтқан екен: “Сендердің қасында құйысканға қыстырылған тезек сықылды болып жүріп мен не айтамын”, – деген екен. Орта буынды біреуі дәнeme айтпаған соң: “Кел, мұның қол-аяғын байлад, тіпті ештеме айтпаса суға тастап жіберелік деп бас салғанда: “Құдайға шүкір, көп қорқытады, терен батырады деген осы екен-ау”, – дегі. Қазақ ішінде “мақал” деп айтылып жүрген сөз тоқсан тоғыз мың машайықтан қалған екен десіп келеді”, – десе, Мәшіүр Жұсіп мақал-мәтелдің бір үлгісі Қожа Ахмет Иассауден бастау алған шығар деген ойға қалдық.

Мәшіүр Жұсіп Қөпейұлы халық қадірлеген үлкен тұлға.

Әдебиет:

1. Әуезов М. Әдеби мұра және оны зерттеу. Алматы, 1961.– 358 б.
2. Мұқанов С. Халық мұрасы. Алматы, 1974. – 110-б.
3. Дүйсенбаев І. Ғасырлар сыры. Алматы, 1970.– 176.
4. ҚР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қоры. 1173-папка. 20-б.
5. Сонда. 35-б.
6. Сонда. 69-б.
7. Сонда. 20-б.
8. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қоры. 239- папка. 43-б.
9. Көпееев М.Ж. Хал-ахуал. Қазан, 1907.– 2-б.
10. Сонда. 4-б.
11. Қенжебаев Б. XX ғасыр басындағы казак әдебиеті.– Алматы, 1976.– 63-б.
12. Көпееев М.Ж. Сарыарқа кімдікі екендігі. Қазан, 1907.– 11-б.
13. Сонда. Қазан, 1907. –30-б.
14. Даға уалаятының газеті.– 1889.– № 9.
15. Мырзахметов М. Абай жүрген ізбенен. Алматы, 1985.– 143-б.
16. ҚР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қоры. 1173-папка. 25-б.
17. Сонда. 216-б.
18. Сонда. 230-б.
19. Тәжібаев Ә. Пионер.– 1986.– № 4.
20. Сонда. 3-б.
21. ҚР Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қоры. 1773-папка. 43-б.
22. Сонда. 47-б.
23. Кітапта: Әдеби мұра және оны зерттеу. Алматы, 1961.– 245-б.
24. ҚР Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қоры. 1773-папка. 46-б.
25. Сонда. 1773-папка. 43-б.
26. Сонда. 44-б.
27. Мәшүүр Жұсіп Көпеевтің туған жиені, ақынмен бірге жүріп шығармасын хатқа түсірген.
28. ҚР Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қоры. 1773-папка. 49-б.
29. Сонда. 9-б.
30. Сонда. 22-б.
31. Сонда. 49-б.
32. Бекежсанов Н. Өсиет. Алматы, 1982.– 14-б.

Мәшиүр Жүсін тағылымы

*Дуниенің базарында арзан нарқым,
Нарқым арзан болса да, қымбат даңқым.
Тіришілікте агайынга қадырім жоқ
Өткен соң әттеген-ай дерсің, халқым,*

Мәшиүр Жусін

ҰРПАҒЫ МӘШЕКЕНЕ ЖЕТЕ ТУҒАН...

Елдің өткен-кеткен тарихын, әдет-ғұрпын, халықтың мінез ерекшеліктерін, тұрмыс-салтын көрсету – Мәшекен әтқарған жұмыстың көп бөлігі. Қазақ фольклорын жинақтауының үлкен бір себебін халық дүниетанымының бір көзі деп білген. Рас, бұл салада Потанин, Радлов, Диваев секілді ғалымдар өте көп еңбек сінірді. Бірақ, олардан Мәшекенің артықшылығы – алдыңғылары кімнен жазып алғанын көрсетпейді. Ал Мәшүр атамыз “мен пәленбайдан жазып алдым. Ол түгенбайдан естіген” дегенді ешқашан ұмытпайды. Сол себепті оның жазғандары азыздан гөрі ақиқатқа жақын. Әрі со кездегі адамдардың сөйлеу стилін сақтап отырған. Халық поэзиясы үлгілерін, мақал-мәтелдерді, ақындар айтысының тың үлгілерін өз қолжазбасында белгілі бір тәртіппен, реттілікпен берген. Хандар, билер, батырлар туралы тарихи әңгімесі өте көп. Біздің заманымызға Бұхар жырау, Шортанбай, Шөже, Көтеш сынды ақын-жазушылардың өлең-толғаулары Мәшүр Жүсіп арқылы жетті. “Ер Көкше” мен “Сайын батыр” да солай.

Бұл кісінің жазбаған, зерттемеген саласы жоқ, Астрономия, биология, медицина, этнография, т.б. жөнінде жазды. Жалпы Мәшекен қолжазбасында қазақ халқының тарихына қатысты деректер мол. Осыларға қарап, жалпы, оның фольклористік концепциясы демократиялық-ағартушылық көзқарастарынан туындағанын тануға болады.

Ендігі біздің алдымыздағы үлкен мақсат – Мәшүр Жүсіп жинаған фольклор мұраларын мұрағаттардан жинау, жүйелеу. Баспа бетінде жарияладап, түрлі көшірме варианттарын салыстырып, жалпы қазақ фольклористикасына не қосқанын дәлелдеп шығу жұмысы тұр.

Мәшекен жазбаларына қарасақ, ол тарихи фольклор мен көркем қиял фольклорының ара-жігін ажырата білген. Сол себепті де Мәшекен жазбаларындағы шежіренің жөні бөлек. Ол кісі жинаған жеке-жеке тарихи оқиғалардың артықшылығы – онда шежірелік-жылнамалық сипат басым. Мәшекенің жүйелеген шежіресі – әрі дерек, әрі тарих.

Мәшекен Орта жүздің шежіресіне жүйрік. Ал, біреу Ұлы жүздің, біреу Кіші жүздің шежіресіне жетік. Бұларды сол себептен, біреуден

кем, біреуден артық деуге болмайды. Негізі, ғылыми нұсқаға келгенде Мәшекен өтірік жазбаған. Және де білмегенін білмеймін деп айта білген. Мысалы, “мен Жанарыстан арғысын білмеймін” дейді. Шежіреге жоба жүрмейді. Айтушы қателесуі мүмкін, Мәшекен ештеңе қоспаған.

“Сарыарқаның кімдікі екендігі” кітабына өзек болған тарихи деталь – бұл өнірді қазақтардың Мәшекенің өз ата-бабалары қаншама уақыттан бері жайлағанын, ол ата-бабаның жайлаған өрісі қайда екенін шежірелік-жылнамалық сипатпен дәлелдейді. Адамның тегін анықтау, руын, ортасын анықтау, туу, өсу, өну, тамырлану, таралу жылнамасын тізбелеп, реттеп жазу – Мәшекен енбегінің деніне тән. 14 бірдей атасы жатқан жер, қаны төгілген жер “Сарыарқаның кімдікі екендігін” дәлелдемей ме?!

Бір мың жетің жүзінші жылдардың беделінде Сыр бойын жайлап жүрген қазақ Арқа тұсқа қоныс аударған. Содан Тарбағатай, Баянауыл, Шыңғыстау, Қарқаралы, Көкшетау, Арғаната, Ұлытау атырабының, Есіл, Нұра, Торғай, Балқаш бойларын, яғни сардала, салқар Сарыарқаны тек қазақ ұлысы жайлаған. Қазақтың мал-жаны со кездерде әсіреле, өсіп-өніп, тұрактанып, Мәшекенің ата-бабасының мекені болған.

Бұхар жырау, Жұсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Қаныш Сәтбаев, Жаяу Мұса, Әлкей Марғұлан, Олжас Сүлейменовтер, міне, осындай асылдар өнген топырақты, өнірді, переселендерге бермеу керектігін, қазақтың жері өзіне бұйыру керек екендігін, әрі тарихи-шежірелік, әрі азаматтық тұрғыда айтқан адам – Мәшекен... Мәшекен сондай әділ болған. Руға, жүзге бөлмеген. Жұрты жақсы көрген. Ол – сол себепті де үш жүздің Мәшьүрі.




**ӘДЕБІЕТ ПЕН ӨНЕР МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША 30–
40-ШЫ ЖЫЛДАР КЕЗЕҢІ МЕН 50-ШІ ЖЫЛДАР
БАСЫНДА ҚАБЫЛДАНҒАН ҚАУЛЫЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ
ЖӨНПІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ КОМИССИЯСЫНЫң
КОРЫТЫНДЫСЫ**

Комиссия 30–40-жылдар мен 50-ші жылдар басындағы архивтік материалдарды, жарияланымдарды, түрлі пікірталастарда сөйленген сөздердің текстерін зерттеді. Оларды мұқият талдау негізінде мынадай қорытынды жасалды: Қазақстан КП (б) Орталық Комитетінің және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің әдебиет пен өнер мәселелері бойынша совет қоғам тарихының зерттеліп отырған кезеңінде қабылданған документтерінде халықтың мәдени мұрасына, революцияға дейінгі кезең секілді советтік кезеңнің де бірқатар ақындары мен жазушыларының творчествосына баға беруде өрескел қателіктер мен бұрмалауларға жол берілді... Бұл документтерде XVIII, XIX ғасырлардағы және XX ғасырдың басындағы қазактың ауызша поэзиясының ірі өкілдері Бұқар жырау, Базар жырау, Дулат, Мұрат, Шортанбай, Шәнгерей Бекеев, Ғұмар Қарашев, Нарманбет Орманбетов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мәшіүр Жүсіп Көпесев творчестволық мұралары зілді де дәлелсіз түрде теріске шығарылды. Олардың шығармалары феодалдық-реакциялық, буржуазиялық-ұлтшылдық және діншіл шығармалар деп танылды... Осынау айтылған жайларды негізге ала отырып, таяу жылдарда жоғарыда аталған авторлардың творчестволық мұрасы мен халықтың ауызша творчествосының шығармаларын қоғам дамуының диалектикасы, қоғамдық-саяси ойдың қазіргі жағдайы ескерілген түрғыдағы түсініктемелермен қоса басып шығару ұсынылады.

Ана тілі–200.–18 Семей таңы. – 1989. – № 239.

МӘШҮР-ЖҰСІП КӨПЕЕВТІҢ КӨПТЕГЕН ЖЫЛ КӨМУСІЗ ЖАТҚАНЫ РАС ПА?



Ел ішінде көрнекті ақын, публицист, этнограф, ұлы ойшыл Мәшүр-Жұсіп Көпеевтің әулиелігі мен көрегендігі жайлы да көптеген аңыз әңгімелер айтылады. Оның шарапаты айналасындағы жарлыжакыбайға ғана емес, күллі қазакқа сеп болғанын тарих іздерінен білеміз. Жаны қиналған жаның Мәшүр өлеңдері мен оның нұрлы қасиетінен жылышынғанын, сол бір шапағаты мол адамның бойынан

тарайтын кие арқылы жанға дауа тапқанын көреміз. Бәлкім, сол бір жаның сәулелі жолдарынан ба екен, ел ішінде әулиенің соңғы сэттері жайлы да әртүрлі әңгімелер айтылады. Бізге мәлім дерек, ғұламаның өзінің соңғы уақыты таяғанын біліп, қайтқанда жататын арнайы орын дайыннатқаны. Одан кейін: «Мен өлгеннен кейін менің көрімді ашық қоясындар. Өйткені менің шапағатым әлі талай жандарға тиетін болады, талайлар ауруына ем табады, шипа алады. Мені тек жиырма бір жылдан соң ғана жабындар. Сол уақытта оған бір арам қолдар араласады. Оған дейін денеме түк болмайды. Тек жиырма бір жылдан (нақты емес. – Ш.Қ.) кейін ғана сол жақ аяқтарымның башпайларынан бастап шіри бастайды, өйткені жас күнімде бір мысықты, сол аяғыммен теуіп жібергенім бар-ды» деген екен, деседі көпшілік. Әрине, мұны құп көрмей, шошына өсек таратқандар да, «мұсылман тарихында болмаған сұмдық» дескендер де болыпты. Алайда аңызға бергісіз бұл ақиқат жайлы кейінгі жылдары көп зерттелді, әртүрлі мәліметтер айтылды. Үрпақтарының да пікірлері, зерттеу еңбектері жария болды. Оның денесінің неше жыл бүлінбей, сол қалпында жатқанын кейбір зерттеушілер Мәшүрдің ғалымдығымен байланыстырады. Өйткені кейінгі зерттеушілер ғалымның жатқан жерінің де аса бір ерекше жер екендігін айтысады. Әулие денесі тиер топырақтың құнарын, барлық күн сәулесінің қаншалықты көлемде түсетінін де алдын ала бағамдағандай. Мұнымен қоса, бізге мәлім бір анық – жоғарыдағы аңыздың ақиқат екендігі. Сондай-ақ ұлы ойшыл өзінің өлер сәтін болжап, сол сәтке үлкен дайындық жұмыстарын

да жүргізген көрінеді. Ол осы кезден бастап денесін шірітпейтін арнаіры дәрілік шөптер ішे бастаған деседі. Біздің қазақта мұндай арқалы, әулие адамдар аз болмаған. Сондықтан да болар, халықтан кие кетпегені. Сондықтан да болар, олардың артынан әртүрлі пікірлердің, аңыздар мен ақиқаттардың айтылатыны. Мұның бәрі әрине, біздің аңғал қазақ үшін кешірімді. Сондықтан да біз бүгін оқырманға қазақтың ұлы перзентінің кейбір қасиеттері жайлы, ол кісінің өзге де ұлылармен байланысы төңірегінде біраз мәліметтерді ұсынбақпыш. Мәшьүр-Жұсіп Көпейұлының шығармашылығы, әулиелігі жайлы қалам тербел жүрген зерттеушілердің бірі, баянауылдық Әсет Пазыловтың жазған естелігінде оның әр қыры жан-жақты ашылыпты. Мәселен, ол естелікте Шәкәрім мен Мәшьүрдің байланысы жайлы бір мәлімет болай беріледі: Біреуміздің ажалымыз – Алладан, біреуміздің ажалымыз – адамнан болады. Бір жылды Мәшьүр-Жұсіп Көпейұлы мен Шәкәрім қажы бір да старқанның басында кездеседі. Қысқа да болса біраз әңгімелеседі. Кетерінде әулие: «Аумалы-төкпелі заман келе жатыр, біреуміздің ажалымыз Алладан, біреуміздің ажалымыз адамнан болар» депті. Сонда Шәкәрім: «Пешенемізге жазылғанды көрерміз» десе керек. Арада біраз уақыт өткен соң Мәшьүр сапарға шығуын тоқтатады. Ал Шәкәрім болса көп ұзамай ОГП-нің «жан алғыштарының» қолынан қаза табады.

«Ақындардың әулиесі – Абай» дейтін көрінеді Мәшьүр-Жұсіп. «Мәшьүр-Жұсіптің білмейтіні жоқ екен» деп тамсанып отырған ұлы Әбдірахманға Абай: «Шәкәрім мен Мәшьүр-Жұсіп – күрдас. Екеуі де дін жолында жүрген жандар. Мен де ақынмын, Мәшьүр де ақын. Дегенмен ол ақын болғанмен, құдайға жақын. Сондықтан да Мәшьүр адамзаттың әулиесі ғой» десе керек. Ал «ой, ол – нағыз ақын» деп алдында айтысып отырған адамды мактайтын шәкірттеріне ашуланған Мәшьүр-Жұсіп: «Ананы да, мынаны да ақын дейсіндер. Мен білетін ақындардың әулиесі – Құнанбайұлы Абай. Ол сияқты өлең шығарған ешқайсысы жоқ» деп отыратын көрінеді. Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» кітабында: ...Абай сәлем беріп кіріп келген Мәшьүр-Жұсіпке отырар-отырмaston: «Мәшьүр болсаң айт, Құдай қайда?» – деп сұрайды. Сонда Мәшьүр-Жұсіп Көпееев: «Құдай жүректе!» – деп, он қолымен кеудесін ұрса керек...

«Мен ол кісінің алдына барып өзім тізерлеп тұрып жеңілер едім» деген екен Қажымұқан Қара күш иесі Қажымұқанмен әулиенің қатынасы туралы да халық арасында аңыз бар. «Көпшіліктің сұрауы

бойынша Қажекең қолына домбыра алып қоныр даусымен: «Атандым Қажымұқан бала жастан. Ішінде империяның болдым асқан. Кешегі Омскінің қаласында, Құлаттым қырық балуанды бір шалмастан», – деп шырқайтын көрінеді. Сондай бір басқосуда Алтай өнірінен келген бір ақын, Қажымұқанның жұрт алдында беделін түсіруді жөн көріп: «Мәшүүр деген әулие шығыпты ғой, бір өзінің бойында біrnеше өнер бар деп естідім. Сонымен күреске шықсан, жеңіліп тынарсың», – деп қарқылдалап күлсे керек. Сонда Қажымұқан: «Мен ол кісінің алдына барып, тізерлеп тұрып, өзім жеңілер едім. Әулиеге тіл тигізбей жайыңа жүр», – деп ашуланып, кетіп қалыпты. Күш атасы Қажымұқанның өзі Мәшүүр-Жұсіп Көпейұлымен біrnеше рет кездесіп, әр кездескен сайын бата сұрайды екен.

Мәшүүр әлемі тереңін зерттеуді қажет ететін телегей теңіз. Мәшүүр-Жұсіп Көпейұлы өзінің көпшілікке тигізер шапағаты бар екенін сезген және оны үнемі өзі де баса айтып отырған. Оны ақынның: «Дүниенің базарында арзан нарқым, Нарқым арзан болса да, қымбат даңқым. Тіршіліктегі ағайынға қадірім жоқ. Өткен соң, әттеген-ай дерсің, халқым, – деген өлеңдерінен де көруге болады. Әулие сондай-ак, «Өлген адамның ешкімге қиянаты жоқ. Кімде-кім маған қиянат жасаса, 7 жыл жүйкесі тозып, 7 жылдан кейін жұлыны үзіледі» деген екен. Халық арасында ғалымның «Жылап жатсан да, жақсылықты айт. Жамандықты айтсан, періште әмин десе, қайран қазақ сорың қайнар» дегені, әлі күнге өсиеттей қабылданып келеді. Орны ойсырап тұрган дариямыздың артында қалған әр еңбегі, естелігі кейінгіге үлгі-өнеге. Таусылmas сабақ. Ғұламаның өзі қайтканнан кейін де, оның зиратына көптеген жамандық жасалғанын, уш рет қиратылғанынан да көпшілік хабардар. Алайда қазақ ұлт үшін туған ұлы перзентін уақыт өте келе, қайта дәріптеп, ұлықтай бастады. Баянауылда ұлы ақынға арналған мавзолей ашылды.

Қазақ // 2007. – №110-111 (24686), 28 сәуір.

Сүлеймен МӘМЕТ **ҚАЗЫНА**

Отанымыз тәуелсіздігін алғалы бері бұрын тарихта есімі біржакты аталып, мұрасы мұрағатта шаң басып жатқан қайраткерлердің ел, ұлт мәселесін көтерген рухани құндылықтары қайта жарыққа шығып жатыр. Бұл маңызды іске еліміздің халық ісіне сергек қарайтын озық ойлы ғалымдары шама-шарқынша өз үлестерін қосуда. Солардың ішінде “атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі” деп Мәшьүр Жүсіп Көпейұлы (1858 – 1931) ұрпағының ыждағатты еңбегін ерекше атап өтуге тұрарлық. Заманың қыспағына мойынсұнып, алақанын жайып қарап отырмай, ұлтының ой-санасы қалғып кетпесін деп қалтқысыз еңбек еткен сол зиялды тұлғаның немересі, белгілі ғалым, белді азамат Куандық Фазылұлы өзінің бес баласын мәшъұртану ғылымына жұмылдырып бабаларының сусын қандырар көп томдығының 7 томын халыққа ұсынды.

Жуырда осы құнды мұраны танып-біліп қана қоймай, кейінгі ұрпаққа сәулелі тұсын жеткізу мақсатында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғалымдары Мәшьүр Жүсіп мұрасына арнап дөңгелек үстел өткізді.

Бұл алқалы басқосуға академик Рымғали Нұргали, филология ғылымдарының докторы, профессорлар Диқан Қамзабекұлы, Мәуен Хамзин, Рахымжан Тұрысбек, Серік Негимов, Құныпия Алпысбаев, Дандай Ысқақұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зиябек Қабылдинов қатысып, өз байламдары мен пайымдарын ортаға салды.

Д.Қамзабекұлы: – Мәшьүр Жүсіп Көпейұлы – азаматтық тарихымызда ерекше орны бар тұлға. Оның мұрасы зерттеушілердің айтуына қарағанда, шамамен 30 томды құрайды екен. Өкінішке қарай, осы еңбек халыққа там-тұмдап қана жетті. Бұлай болуының бірнеше себебі бар. Біріншіден, Мәшьүр мұралары халық мұддесіне, яғни ой-санасын оятуға, тілін әспеттеп, ділін құрметтеуге сай жазылғандықтан әсіре идеология одан ат-тонын ала қашты. Діншілдік сарын, ұлтшылдық бағыт ізден әуре болды. Екіншіден, Мәшьүр мұрасы ескі қаріппен жазылғандықтан, ғалымдардың өзі оны жеткілікті дәрежеде оки алмады. Үшіншіден, бойымыздағы ертең де күн бар ғой деген самарқаулық Мәшьүр мұрасын тануды кейіндете берді. Тіпті Мәшьүр Жүсіптің аты атаусыз қалды. Үлкен қалаларымыздың бірде-бірінде көше, не білім орны болмады.

Р.Нұрғали: – Көшені айтасың, тоталитарлық жүйе кезінде қазақ халқының жаны, малығана қырғынға ұшыраған жок, тілі, ділі қуғындалды. Белгілі қаламгерлердің тұтас буыны сотталды, атылды. Көзі қарақты адамдар, мұсылманды сауатты кісілер абақтыға жабылды. Араб қарпімен басылған кітап атаулы өртелді. Қолжазба мұраларды от жалмады. Осындай тозақта аман қалған байлық Мәшүр Жүсіп Көпейұлының өзі “Мес” деп атаған қолжазба дүниелері еді. Рас, әркім ол байлықтан үзіп-жүзіп пайдаланып жүрді.

Д.Қамзабекұлы: – 1998 жылы Астанадағы “Қазақ” деп аталған көшені Мәшүр-Жүсіптің атына беру жөнінде әкімдікке, мәслихатқа ұсыныс жасадық. Бірақ ол қабылданбай қалды.

Р.Нұрғали: – Қазір қолымызға жүйеленген, ғылыми түсініктері бар Мәшүр Жүсіп мұрасының жеті томы тиіп отыр. Бұл материалдар – тарихымызға, фольклорымызға, әдебиетімізге жаңаша қарауға мүмкіндік беретін қымбат қазына, мәнді мәтін.

Осы күрделі еңбекті ұйымдастырып отырған С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры Ерлан Арын мен профессор Куандық Мәшүр Жүсіптің қажырлы қайратын атап айтқым келеді. Басылым жалғасын табуы керек.

М.Хамзин: – Мәшүр Жүсіп Көпейұлының таным мен тағылымға толы дүниелерін оқып шыққанда, бірнеше жайтқа айырықша тоқталу қажет сияқты. Біріншіден, ол ұлттың болмыс-бітімін, кескін-келбетін, ғажайып тарихын қағазға түсіріп кетті. Бұлар хронологиялық тізбелеумен емес, асқан зерттеушілік, зияткерлік тұрғыдан жүйеленген. Мәшекен мұрасы бізді тың ой-ларға жетелейді. Басқа елдерде толстойтану, шекспиртану, бальзактану ілімі сияқты бізде де мәшьұртану ілімі қалыптасып келеді. Екіншіден, Мәшекенің қаламынан туған бұқіл дүние-лерінде шежірелік сипат басым. Ол дін, имандылық, дүние жаратылысы, жақсылық пен жамандық, адамның қоғамдағы орны, өмір сүрудегі негізгі мақсат-мұраты, тарих қойнауына кеткен алапат оқиғалардың шығу себебі – осының бәрі бұл айтқанымызға дәлел.

Д.Қамзабекұлы: – Осындай артына мол мұра қалдырған тұлғаның кітаптары 1 мыңғана таралыммен шығып жатқаны өкінішті-ақ. Эрине, Куандық Фазылұлы жетекшілік жасайтын ғалымдарға Павлодар университеті көп көмек көрсетіп отыр. Тіпті Алматыдағы “Алаш” баспасы (директоры Д.Әшімханұлы) үш томын 2 мың таралыммен жариялады. Қазақстанда 8 мыңдан аса кітапхана бар. Сонда бұл кітап оның қайсысына жетеді?

Жалпы, Куандық Жүсіп өз бабасына емес, бүкіл ұлтқа қызмет етіп жатыр. Білім және ғылым министрлігі биыл ғалымды “Ұздік оқытушы” деп танып, грант берді. Әйтсе де ерінбей дәріс оқитын, жалықпай ескі қолжазбалар негізінде көп томдық әзірлеп жүрген Мәшүүр Жүсіп Көпейұлының әлі де болса ұрпағына мемлекет тарапынан қолдау керек. Бұл олар үшін емес, ұлттың рухани құндылығы үшін қажет деп білеміз.

Р.Тұрысбек: – Танымал тұлға, ақын-аудармашы, тарихшы-ғалым, ұстаз-этнограф М.Ж.Көпейұлының көптомдыққа жоспарланған еңбектерінің алғашқы кітаптарынан әдеби мұра мен оны зерттеу ісіне қатысты іргелі ізденістер, ерен еңбек пен жүйелілік сипаттар, ұлт мұратын ұлықтау мен руханиятқа адалдық танылады. Әрбір туындының тақырып табиғаты, жанрлық-құрылымдық қәм көркемдік ерекшеліктері де сақталып, жазылуы мен жариялануы, нұсқалық белгілеріне де зор маңыз беріледі. Біздіңше, басты байқалар ерекшеліктердің бірі – М.Ж.Көпейұлының төл туындылары мен халық мұрасы, шежірелік сипаттағы шығармалар дәстүр мен сабактастықты, жанр мен жауапкершілікті, көркемдік мұраттарды назарда ұстаған.

С.Негимов: – Мәшекендер шығармашылық еңбегінің ішінде би-шешендер мұрасын мұқият жинауы, әрі хатқа түсіруі ерекше орын алады. Қазақстанның соттық-құқықтық мәдениеті тарихындағы санаткерлер Майқы би, Асан қайғы, Жиренше шешен, Төле би, Әйтеке би, Қаздауысты Қазыбек би, Байдалы шешен, Мөңке би, Тайкелтір би, Жәуке шешен, Бөлтірік би, Досбол шешен, Ақтайлақ би, Қараменде би, Жанғұтты шешен, Торайғыр би, Саққұлақ би, Бапан би, Шоң би, Шорман би және т.с.с. рухани жаратылыс-болмысы бөлекше, ар білімімен мұздай қаруланған алаш ардақтыларының билік-кесімдері, шешендік толғамдары, сара пікір-тұжырымдары 6 томға топтастырылған. Осынау ұлы би-шешендердің мұрасында мәдени-дүниетанымдық, тарихи-тәжірибелік, ділдік-тілдік қәм рухани құндылықтар жеткілікті.

Р.Тұрысбек: – XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде азаттық-ұлттық сипат басым болғанын ескерсек, М.Ж.Көпейұлының халық қазынасына қамқорлығы, мәдени-рухани мұраға жанашырлығы, оның келешекке жету жолындағы жанкешті әрекеттері кім-кімді де бейтарап қалдырмайды. Айталақ, көптомдықтың – 4-5-6 кітаптарына енген халық әдебиеті үлгілерінде (аңыз-әңгімелер, ертегілер, тұрмыс-салт жырлары, ақындар айтысы, өлең-дастандар, мақал-мәтелдер, шешендік өрнектер, т.т), жекелеген кітаптарында өмір мұраты, адам

факторы, уақыт-тұрмыс сырлары кеңінен көрініс береді. Қоғамдық-элеуметтік ахуал, дүбірлі дәуір дидары, мәдени-рухани мәселелер де уақыт шындықтары тұрғысынан сөз болады.

Сондай-ақ, халық әдебиеті мен шығыстық қисса-дастандар үлгісіндегі – “Гұлшат – Шеризат”, “Баяннама”, “Ғибратнама”, “Шайтанның саудасы” сынды поэмалары, аңыз-хикаят, мысал өлең-айтыстары, мақал-мәтелдерге қатысты көзқарастары қоғам, кезең көріністерін, өмір-уақыт шындықтарын шеберлік пен шешендік сипаттарына сай көрсетеді.

“Ақындар айтысын” — “Қысқа қақтығыс үлгілері”, “Қалыпты айтыс үлгілері” ретінде қарап, оны тақырып табиғатына, мазмұн мұраттарына, ой-сөз жүйесіне, тіл мүмкіндіктеріне ерекше мән беріледі. Талант табиғаты мен қуатына, өнер мен өнерпаздық сипаттарына, сөз сыры мен ой терендігіне, мазмұн байлығына көп көңіл бөлінеді. Халық өмірін арқау еткен, адам мұраты мен оның еңбегіне адалдық танытқан, ұлттық өрнектерге толы – “Наурыз тілегі”, “Анама хат”, “Шежіре өлең”, “Түркістан сапары”, “Бұхара сапары”, “Төрт асыл, бес береке”, “Ақыл туралы”, т.т. өлеңдерінде өмір – дүние дидары, уақыт-тұрмыс сырлары ілім-білім, тәлім-тәрбие, өнеге, өситет сипатында сөз етіледі.

Асылы, М.Ж.Көпейұлының көп томдық кітаптары мәдени мұрамызды байытып, рухани көкжиегімізді кеңейте түсетін алтын бастау, арналы ағыстарымыздың бірі болып табылады.

Қ.Алпысбаев: – С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің демеушілігімен шығып, жоғары окуорындары мен ғалымдарға тегін таратылып жатқан Мәшіүр Жұсіп Көпеевтің көп томдық шығармалар жинағының бүтінге дейін басылған жеті томының өзі-ақ өткен дәуірлерде жасалған ұлттық мәдени мұрамызды ел игілігіне айналдыру, жаңа ұрпаққа жеткізу тұрғысынан қыруар еңбек жұмсалғандығын көрсетіп тұр деуге болады. Қолжазба қорында жеке әuletтік мұрағаттарда сакталған әртүрлі нұсқаларды ғылыми тұрғыдан саралап, салыстыра отырып сұрыптап жүйеге түсіру көп уақыт жұмсауды, тер төге жалықпай еңбектенуді қажет етеді. Бұл орайда ақын, шежіреші, ескі мұраны жинауда ерекше үлгі боларлық білімпаз ата кітабын құрастыруда оның ұрпақтарының әulet болып жұмыла қызмет атқаруының өзі тағылым болатын мағыналы іс, баба рухын асқақтатудағы өнегелі көрініс деп білеміз.

Ал жинақтың әр томындағы материалдың мазмұны, көп нұсқалығы бұрын баспа бетін көрген әдеби мұрамыздың ауқымын кеңейте түседі, тың мәліметтермен толықтырады.

Айталық, осы көптомдықта жинақталған діни аңыздар, ертегілер, шешендік сөздер, би-шешендер туралы мәліметтер, ақындық айтыстар бұрын басылмаған, оқырман қолына тимеген жәдігерлер деуге болады. Мұндай мысалдарды жеті томның қай-қайсынан да кездестіреміз.

С.Негимов: – Шығыс-Батыс өркениеттің араб-парсы, түркі тілдерін және Құран Кәрім философиясын жетік, мінсіз менгерген Мәшъүр Жүсіп – ғұлама-хакім де. Оның көркемдік ойлау жүйесі де тегеуірінді, қуатты. Мысалы, Абайдың ақындық даналығына қатысты мына бір ой-пікірінде ойшылдық, терендік, керемет сыр бар. “Құнанбайұлы Үбырай марқұм айтты ғой: “Өмір, дүние дегенің... деп. Соңғы елбілімдарлары – бұл. Адамды адам санатына кіргізбей жүрген қарындағы бір қап “жұмбак“ екенін білді де, ішіп-жемекті аз қылды. Ол екеуі аз болған соң, ұйқы бөлінді, сергек болды. Содан соң күлкі кеміді. Денедегі арам қан азайды. Арам қан азайған соң жүректі барып ұйтқытып бұзатын дәнеме табылмады. Соナン соң бұл адамнан нәпсі-дәме бәрі атымен жоқ болып, көңілі күш-куат алған, періште сипатта болды”.

Иә болмаса саз өнерінің барша ғажайып құпиясын былайша саралап түйіндейді: “Тіл – ой маржаны. Арман – сөздің қаймағы, нәр – тұзы. Қиял – өмірдің гүлі, әдеміліктің мәйегі”.

Д.Ысқақұлы: – Ерлан Арын С.Торайғыров атындағы мемлекеттік университетке ректор болып келгелі бері осында бірсыныра жұмыстар атқарылды. Аз уақыт ішінде өзін ұлтжанды азамат ретінде танытты. Осы университет қазақ халқының мәдениетін жаңдандыру, рухани игліктерді игеру саласында қыруар жұмыстар атқарды. Елімізде “Мәдени мұра“ бағдарламасы қолға алына бастағалы бері Е.Арынның тікелей басшылығымен ерте кездерде өмір сүрген қазақ ақын-жазушыларының елу томдық шығармалар жинақтары жарық көріп, облыс мектептерінің кітапханаларына тегін таратылуда. Соңғы уақыттарда білім ордасының ғалымдары қазақ тарихына қатысты жазылған шетелдік ғалымдардың еңбектерін де шығара бастады. Қазір бұлардың саны оннан асып кетті.

Ерекше атап өтерлік жұмыс – М.Ж.Көпеевтің көп томдық шығармалар жинағын шығару дер едік. Бұрын тасқа басылмаған, басылса жұрт қолына тимеді. Көбіне араб қарпінде жазылған, қолжазба күйінде сақталып келген жазбаларды кітап етіп шығарудың өзі қынның қыны екені мәлім. Осындай қын жұмыстарды М.Ж.Көпеевтің немересі Куандық Жүсіпов бастаған ғалымдар абыраймен атқара бастады. Соның айғағы –

осы жеті том. Алда әлі біраз том боларлық қолжазбалар сараптаудан өтіп, баспаға дайындалуда.

С.Негимов: – Көп томдыққа қоса мен мына бір мәселені де қозғай кетсем деймін. Мәшүүр Жұсіптің бір жарым ғасырлық мүшел тойы қарсанында өзі жырға қосқанында “салтанатты”, “сәулеленген” Сарыарқасында, яғни Баянауыл жеріндегі Ескелдідегі мавзолей-кесенесін жана тұрпатты архитектуралық үлгіде сәулеттендіріп көркейту, тарихи монументальді ескерткіш орнату, жарық пен су мәселесін шешу, Мәшүүр атаның қонысын жаңғырту, бір жағы Екібастұзға дейін, бір жағы Баянауыл ауданының орталығына шейін асфальт жол төсөу, Мәшүүрдің “Жаңа жолдағы” музейіне мемлекеттік қамқорлық жасау, Республикалық дәрежедегі тіркеуге алу қажет-ақ. Сондай-ақ Мәшүүр Жұсіптің кіндік қаны тамған әулиелі Қызылтауға, Баянауыл елді мекеніндегі әкесі Көпейдің жұртына ескерткіш тақталар, белгілер қою ләзім. Павлодар педагогика институтына Мәшүүр Жұсіп есімін беруді ойластырған жөн сияқты. Сонда ғана түркі жұрттарына ортақ дарынды перзентке лайық шынайы құрмет болар еді.

З.Қабылдинов: – Атам қазақ тарихи тұлғаны өмірде де, өмірден өткен соң да сыйлай білген. Біз бүгін сөз етіп отырған Мәшекен – сондай тұлға. Мәшүүр Жұсіптің танылуы мен еңбектерінің таралуы бір ғана Баянауылмен шектелмейді. Өз басым 80-жылдардың басында этнографиялық экспедицияда жүргенде Омбы қазақтарының қолынан талай қолжазбаларын, суретін көріп едім. Ғалымдар осы жағын да кеңірек зерттесе құба-құп. Мәшүүр Жұсіп әдебиетшілер үшін ғана емес, тарихшылар үшін де көп мұра, көп дерек қалдырыды. Өкінішке қарай, біз оны әлі игере алмай жатырмыз. Біздіңше, ”Жаңа жолдағы“ Мәшүүр Жұсіп кесенесі Баянауыл – Екібастұз аймағындағы үлкен мәдени-рухани орталық болып қалыптасуы керек. Мәшүүр кесенесінің шыракшылары елді ислам нұрына бөлеп, діни білім беріп отырса, артық болмас еді. Сондай-ақ не Павлодар қаласында, не Астана қаласында Мәшүүр Жұсіп мұражай-үйі ашылуы керек деп есептеймін.


25.04.2006.

«МӘШҮР ШЫНЫ» ПОЭМАСЫ ОҚЫРМАНДАРҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

Павлодарлық ақын Виктор Семеряновтың казақтың талантты публицисі, көрнекті тарихшы һәм философ Мәшүр Жұсіп Көпеевтің шығармашылық ізденістеріне арналған орыс тіліндегі «Мәшүр шыны» поэмасы қазақ тілінде жарық көрді. Бұл шығарманы көрнекті қазақ ақыны Кәкімбек Салықов тәржімалады.

— Бұл еңбегімнің мемлекеттік тіл – қазақ тіліне аударылуы мен үшін күтпеген оқиға болды. Куанышымда шек жоқ. Мен талантты ақын Кәкімбек Салықовпен тек отты өлеңдері арқылы ғана таныспын. Оған себеп, біз бұған дейін ешқашан кездескен адам емеспіз. Тіпті менің «Мәшүр шыны» кітабымды аудару туралы әнгіме де болған емес. Сондықтан да мен Кәкімбектей асыл азамат әрі танымал ақынға менің поэмама айырықша назар аударып, оны аударғаны үшін шексіз ризамын. Өйткені мен казақтың көрнекті ғұламасының бірі, ұлы жазушы әрі тарихшы жерлесіміз Мәшүр Жұсіп Көпеев жөніндегі бұл еңбегімді жазу үшін бірнеше жыл бойы тер тәктім. Көпеевтің кіндік қаны тамған Баянауыл ауданында сан мәрте болып, оның өміріне қатысты бұрын-сонды кездеспеген деректерді жинауыма тұра келді. Көптеген мұражайлар мен кітапханалардағы Мәшүр Жұсіп Көпеевке қатысты көне жәдігерлермен, жазбалармен жан-жақты танысып, оларды егжей-тегжейлі зерделедім. Сонда бір байқағаным, Көпеевті зерттеу барысында адамның ішкі әлеміне терең үңілудің қандай қуаныш сезім сыйлайтынын түсіндім. Ал бұл мені осы поэманы жазуға жетеледі, — деп жергілікті ақын Виктор Семерянов өз шығармасының аударылғанына қуанышты да бақытты екенін білдірді.

17.01.2007.



МЕЦЕНАТҚА КӨРСЕТІЛГЕН ҚҰРМЕТ

Кеше Астанада мемлекетімізде шоғырланған кәсіпорындарға барынша инвестиция тарту арқылы Лондон қор биржасына шығу мақсатында құрылған қазақстандық жаңа ENRC компаниясының белді акционері, белгілі меценат Александр Машкевичке орыс православие шіркеуінің екінші дәрежелі Сергий Радонежский ордені табыс етілді. Мұндай жоғары марапат меценатқа Әулие-уағыздаушы Николайдың құрметіне салынған храмның құрылышына қосқан қаржылай көмегі үшін берілді.

Белді кәсіпкерді жоғары наградамен марапаттаған Архиепископ Антоний өзінің құттықтау сөзінде бүгінде қазақ жеріндегі көптеген діни ұйымдардың өзара татулық пен мәмілекерлікте, түсіністікте өмір кешіп жатқандығын тілге тиек етіп, оған Мемлекет басшысының игі бастамаларының әсері мол болғандығын ерекше атап өтті.

Кездесу кезінде орден иегерінің бүгінде еліміздің кейбір жерінде бой көтеріп ұлгерген православие, католик шіркеулери мен еврей синагогаларына ғана емес, сонымен бірге мұсылман қауымының тәу етер рухани орны – мешіттердің құрылышына қажетті қомакты қаражат бөлуде де жомарттық танытып жүргені айтЫЛДЫ. Мәселен, олардың қатарына бір кездері Павлодар қаласында негізі қаланған Мәшкүр-Жүсіп Көпеев атындағы мешіт пен Ақсу, Екібастұз, Рудный, Хромтау қалаларында күмбезі көкке өрлеген рухани орындарды жатқызуға болады. Жақында Рудный қаласындағы мешітке біраз күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатында да компанияның өз ішінен белгілі мөлшерде қаржы қарастырылып отырған көрінеді.

Осынша құрметке ие болғаны үшін орыс православие шіркеуіне алғысын жеткізген А.Машкевич өз сөзінде: “Әртүрлі сенімге негізделген түрлі діни ұйымдардың бір-бірімен келісімде болуының маңыздылығын бүгінде уақыт көрсетіп берді. Оның бірден-бір айқын айғағын қазақ жерінен аңғаруға болады. Елбасының осы бағытта жүргізіп келе жатқан саясаты да оған үстеме салмақ қосқандай. Ал өзінің жеке діни бағытын ұстанып отырған орыс православие шіркеуінің атынан мұндай жоғары марапатқа бөленуімді маған көрсетілген құрмет деп қана емес, қосымша артылған үлкен жауапкершілік деп те түсінемін. Сол себепті келешекте осы үдеден шығу жолында қызмет ететін боламыз”, – деді. Бұған қоса, ол өзімен бірге кәсіпкерлік саласында қоян-қолтық жұмыс істеп жүрген қызметтес серіктері Әлімжан Ибрагимов пен Патох Шодиевтің бұл тараптағы еңбектерін жоғары бағалады.

Кездесу соңында А.Машкевич жиналғандарға елде көтерілетін ізгі рухани бастамалар мен құнды жобаларға бұдан былай да өз тарапынан барынша қолдау көрсететіндігін, бұл оның басты міндеті болып қала беретіндігін жеткізді.

* * *

БЕСІНШІ МӘШЬҮР ЖҰСІП КӨПЕЕВ ОҚУЛАРЫ

Бесінші Мәшьүр Жұсіп Көпееев оқулары кеше С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде басталды. Мәшьүр Жұсіп – ұлы ойшыл, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы. Көп тілді білген ғұлама. Бүгінде ПМУ-де 7 томдық шығармалар жинағы жарық көрген. 2008 жылы барлық шығармалар жинағы 20 том бол шығарылады. Екі жылдан кейін бүкіл ел болып, даныштан, ақын, дін мен діл тазалығын насиҳаттаушы Мәшьүр-Жұсіп бабамыздың туғанына 150 жыл толуын атап өтпекпіз. Шыны керек, ақын бабамыздың атын ел ішінен естіп, бірді - екілі өлеңдерін, әңгімелерін ертеден де білгенбіз. Бірақ жете тани бастағанымыз Қазақстан Республикасының егемендігін алудың тығызы байланысты. Оң-солын танып білген, жақсы-жаманды айрып анықтаған, шамырқанысты елдің буын қатайтып, бұғанасы бекіп, бой тіктейтін кезі туғанының белгісі. XX ғасыр алыстаған сайын Мәшьүр-Жұсіп Көпейұлы ұлылығы қазақ бойына етene жақындей түсіі қуантарлық жайт.

ПАЗЫЛОВ .Ә

ТАЛАЙДЫ ТАҢҚАЛДЫРҒАН МӘШЬҮР ЖҰСІП

Ақ иесі қайда?

Кызылтауда бір азамат құдайы садақасын береді. Бұл асқа Мәшекен арнайы шақыртылады.

– Қазы жеуге асықпайық. Қызылтаудың киелі аруақтарына дұға бағыштайық, – деп Иманғалиға ат жектіріп, Мәшекен алыс жолға аттанып кетеді.

Түс ауа бір күн бұрын құдайы садақасын беретін азаматтың ауылына келіп, жеке тұрған бір үйге түседі. Көп кешікпей, Сарыарқаның көмекей әулиесі келіпті дегенді естіген 15-16 шақырым жерде қоныс тепкен бір байдың шабармандары келіп:

– Ауылымызға жүріп, дастарханнан дәм татып, батаңызды беріп кетініз, – деп өтініп тұрып алса керек.

– Бір ауылдың азаматтарысындар ғой, көнілдерінді қалдырмайын, – деп, байдың ауылына кеш бата жетеді.

Дастархан үстінде Мәшекенді ерекше күтіп, ақсақалдар көнілден шыққан әр сөзіне назар аударып, көкейлерінде жүрген сан алуан сұрақтарына жауап алыш, мәз-мейрам болып отырады. Ал, жастар жағы болса, ән айтып, күй шертеді. Екі-үш күн бұрын әдейілеп алдыртылған молда елеусіз қалады. Ашуланған молда дауыс көтере:

– Ақ иесі қайда? – деп сұрайды.

– Мен, –дейді бай.

– Бірнеше күн аруактарға оқыған дұғаларымның ақысын төле, – дейді. Сонда Мәшекен:

– Дінде жоқ мұндай шариғатты қай кітаптан алдың? – деп сұрайды.

Сол сэтте молдекен аузына келгенін айтып, Мәшекенді балағаттаса керек. Болды-ау деген уақытта Мәшекен:

– Эй, молда, Құран сөзін сатсан, қиямет күнінде үстіңнен аттап өтермін, – депті.

Көп ұзамай, әлгі молда дүниеден қиналып өтіпті.

Мәшүүр ата лепесі қабыл болыш...

Қазіргі Мәшүүр Жұсіп атындағы шаруашылық шаңырақ көтерген жерде ертеректе Бекболаттың Жұмабегі дейтін адам өмір сүрген. Ол 1970 жылы дүниеден өтті. Жұмабек үйленген соң, бірер жыл балалары тұрмай, уайым-қайғымен күн кешсе керек.

1929 жылы Найманның Қызыл Қойтас деген жеріне қоныс тепкен. Жұмабек Ескелдіге қарай қайтып келе жатқан Мәшүүрдің жолын тосып, жолға көлдененін жатып алады. Бұған дейін де екі-үш рет ойда-жоқта далада Мәшекенмен кездесіп:

– Маған да бір балаңды берсеңші, – деп жалыныпты.

– Беретін артық балам жок, эй, бірак, сен үрпақсыз қалмассың, – деп Мәшекен күліп өте шығады екен.

Ал, осы жолы алдына көлдененін түсіп жатқан Бекболат:

– Мәшеке, мен осы елдегі жалғыз Найманмын. Жігіт жасым артта қалып барады. Күннен-күнге, жылдан-жылға үрпақсыз қалам ба деген үрей жан дүниемді мендеп, ішімді от жайлайды. Үйдегі келініңізбен отасқаныма он жылдан асып барады, жөргек иісіне зармыз. Бір шикіөкпеге лепесінізді қызыз, – деп қатты күрсінеді.

– Жалғыздық Құдайға ғана жарасқан, Құдай тілегінді берер, шын егіліп жылап тұрғанынды көріп тұрмын, тұр, үйіне қайт. Мен ауылға әлдебір шаруамен асығыс қайтып барамын, кейін тағы бір соғармын, Алла жазса, серіксіз болмассындар, – деп жүріп кетеді.

Айтқанындағы-ақ, бір жылдан кейін ер бала өмірге келеді. Нәрестенің есімін Серік деп қояды. Өмірінің сонына дейін Серік ағамыз:

— Мәшүр атаның лепесі қабыл болып, жарық дүние есігін аштым, — деп әрдайым аузынан тастамай айтып жүретін. Сол кісі 1999-жылдың ақпан айында дүниеден өтті.

Осыдан артық не керек?

Сия, қағаз алу үшін Мәшекең жаздың бір күндері жол жүріп бара жатып, бір байдың үйіне соғады. Куанышы қойына сыймаған бай “дастарқанынан Мәшекеңнің өзі дәм татыпты” деген сөз бүкіл ауылға тарайтынын болды деп, мал сойып, мол қылышпен дастарқан жасайды.

Дастарқаннан табақтар алынған соң, үй иесі қонақтан бата сұрайды:

— Я, Алла, екі дүниенің абыройын берсін, Аллаң әкпар! — деп, Мәшекең батасын береді. “Маған арнап үлкен бата шығаруы мүмкін, жаңылмай жаттап алындар”, — деп отырған барша жүртқа ескертіп қойған бай қипалақтап:

— Бір ұзақ басқа батаныз жоқ па? — деп сұрайды.

— Батаның кішісі де, үлкені де болады. Бірақ, сөз қадірін түсінген адамға осыдан артық не керек? — деп жауап береді Мәшекең.

Байдың аузы жыбырлап, бір орында отыра алмай, мазасыздынып отырғанын көрген атамыз тағы да қолын жайып:

— Інсапсыз таупық берсін, Аллаң әкпәр! — деп орнына тұрып кетеді. Ал, сөзі көп ұзақ бата дәметкен бай сол отырған бойы қала беріпті.

Сол байдың ынсапсыздығынан жинаған малы өзіне бұйырмаса керек.

Жұмбак жолаушы

Бір жылы жаздың жайма-шуақ күндерінің бірінде Мәшүр Жүсіп Көпееев Шарафиддин деген үлкен ұлын ертіп, Бұхара қаласын бетке алып, сапарға шығады. Бірнеше күндік ұзақ жолдан қалжырап келе жатып, алдарынан кездескен алты қанатты киіз үйге ат басын тірейді. Киіз үйдің алдында үстіне жүк тиеген арба тұр екен. Мәшекең сыртта тұрып:

— Біз жолаушы едік, рұқсат болса, шөлімізді басып, біраз тынышып алайық, — деп дауыстайды. Осы кезде үйден асығыс шыққан бейтаныс келіншек:

– Ата, кешіріңіз, біз бір жаққа асығыс жол жүргелі тұрмыз. Жолдасым ат әкелуге кеткен, – деп арбаға таяп келіп, жүктөрінің арасынан бір заттарын іздей бастайды. Сонда Мәшекен:

- Бағыттарыңыз қай жақ? – деп сұрайды.
- Баянауылға бармақпаз, – дейді бейтаныс келіншек.
- Біз сол жақтан келе жатқан жолаушылармыз.

– Ол жақта Мәшүүр деген әулие адам бар, айтқан сөзінің бәрі қабыл болып, баласыздарға бала беріп, әртүрлі аурулардан құлан таза айықтырып жібереді деп естідік. Жолдасым екеуміз сол әулиеден бала сұрайық деп бара жатырмыз, – дейді келіншек.

Бағанадан үн-тұнсіз отырған Шарағиддиннің бірдене айтқысы келіп тұрғанын сезген Мәшекен:

– Мен сол Мәшүүрдің көршісімін, – деп баласына “сырымды айтпа” дегендей көзінің астымен бір қарап қояды.

– Ел аузындағы әңгімелер шын ба екен? – деген келіншектің сұрағына Мәшекен:

– Мүмкін, бірақ, мен көршімнің үйінен біреуге беретіндегі артық балаларының жүргенін, не болмаса, бала шығаратын зауытын, адам жасайтын сиқырын көре алмадым, – деп жауап береді.

– Не болса да, бара көрерміз, – дейді келіншек.

– Сендер қазір бармандар, себебі ол кісі ұзак сапарға кеткен. Келесі жылы осы уақытта келіп қалар, сонда баарсындар. Және де мен қазір бір парап қағазға екі-үш ауыз сөз жазайын, соны көршіме бере саларсындар, – деп бір парап қағазға арабша бірденелерді жазып, келіншектің қолына ұстатауды да, Мәшекен әрі қарай жүріп кетеді.

Үй иесі де келіп, атын арбаға жеге бергенде, келіншегі хатты беріп, жолаушының айтқан әңгімесін баяндайды. “Бұл тегін емес” деп ойлаған жолдасы жалма-жан “көрші ауылдың молдасына барып, оқытып келейін”, – деп шаба жөнеледі. Абырой болғанда, молда ешқайда кете қоймапты. Үй иесінің берген хатын оқып шығады да:

– Қап, әттеген-ай, Мәшекен әлгінде ғана ауылымыздың шетінен өтіпті. Біз білмей қалдық. Бұл хатты сол кісінің өзі жазыпты, – деп оқиғаның қалай болғанын бастан-аяқ сұрай бастайды.

Бір жылдан кейін Мәшекен Бұхарадан қайтады. Жолшыбай өткен жылы кездескен бейтаныс келіншектің үйіне соға кетуді жөн көреді. Жолын тосып жүрген үй иесі “келе жатыр” деген хабарды естіп, алдынан шығады. Мәшекенді атынан түсіріп, келіншегі екеуі аяғына жығылып, алғыстарын айтып, дастарқаннан дәм татуға шақырады. Төрге шығарып, асты-үстіне

түсіп, ерекше күтеді. Бөлме ішінде құрулы тұрған шымылдықтың ар жағынан жас баланың дауысын естігенде, Шарафиддин де, Мәшекен де бір қуанып қалады.

**Аңыз-әңгімелерді жинақтаған
Әсет ПАЗЫЛОВ.**

Жас Алаш. – 2003. – 23 тамыз.

* * *

**ТЫНЫСБЕК ҚОҢЫРАТБАЙ,
филология гылымының докторы,
профессор**

ЕЛ МҰРАСЫН АРДАҚТАҒАН

*(Мәшиүр Жүсіп Көпеевтің этнографиялық мұрасы
хақында)*

Қазақ халқының фольклорлық - этнографиялық мұрасы сөз болғанда Ш. Уәлиханов, В. Радлов, Г. Потанин, Э. Диваев, А. Затаевич есімдерін аттап өту мүмкін емес. Осылардың қатарынан кезінде “Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз”, “Хал-ахуал”, “Сарыарқаның кімдікі екендігі?” деген кітаптарымен танылған Мәшиүр Жүсіп Көпееев елеулі орын алады.

М. Жүсіптің қара mestің ішіне салып жинаған халық қазынасы үшан-теніз. Соңғы жылдары түрлі жинақтарға енген Абылай хан, қазақ шежіресіне қатысты материалдарды айтпасақ, Мәшиүр Жүсіп жинаған фольклор үлгілері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Орталық ғылыми кітапханасы мен Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сактаулы тұр. Олардың санатында батырлық жыр, қисса, айтыс, генеалогиялық шежірелер көптең кездеседі.

М. Көпееев жинаған фольклор үлгілерінің үлкен бір саласы замана жайында болып келеді. Қазақтың Абылай, Қасым секілді хандарының ел тұтастығы жолындағы әрекеттері жайлы аңыз-әңгімелердің дені осыған сайды.

“Абылай ханының ең алғашқы ауызға ілігін, көзге түскені” (ОГК, Ш. 1177) – тарихи жыр үлгісі. Поэзия мен проза элементі аралас кездесетін бұл жырда Әбілмансұр – Сабалақ атанған баланың қалмақтармен соғыста көзге түсіп, Абылай атануы, Көкшетауға хан сайланғаны баяндалады. Одан әрі Абылай ханының үрпағы тарқатылған.

“Абылай аспаған Сарыбел атанған мәнісі” (ОҒК, Ш. 1177) атты келесі жыр жолдарының да тарихи табиғаты басым. Мұнда Қазыбек бидің баласы Бекболат, Едіге би, Олжабай, Балта, Көтеш ақын есімдері жүр. Оқиға Қаракесектен Жанайды, Шаншар елінен Ботаханды ұстап, зынданға салумен басталып, аяғы Ботаханның өлімінен туған дауға ұласады. Бұл дау-дамайдан Абылай хан құн төлеп құтылып, елімен табысады.

Мәшіүр Жұсіпте осыған жуық тағы бір жыр бар. Оның атауы да “Абылай аса алмаған Сарыбел” (ОҒК, Ш. 1176). Мұнда Ботахан өлімінен соң көп елдің Абылайды шаппақ болғаны, оның елмен татуласқаны жырланған.

“Абылай ханның бір жорығы” (ОҒК, Ш. 1177) да М. Жұсіп ыждағаттылығының арқасында хатқа түскен халық қазыналарының бірі. Ерлік тақырыбына құрылған бұл сюжет жауға қарсы тұра алатын батыр іздеу сарынына негізделген. Осы жолда Абылай Барактан туған Жәнібек деген батырды тауып, ел жекпе-жекте қалмақтың батырын жеңеді.

Тарихи деректерге толы жырлар қатарында “Абылай хан” дастанын да атауға рет бар. Мұнда Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Уақ Сары Баян секілді батырлардың қалмаққа қарсы күресі, ерлік іс-әрекеттері, Абылайдың қан майданға кіріп, жаудың шебін бұзғаны баяндалады.

Мәшіүр Жұсіп назарынан Қасым хан тұлғасы да сырт қалмаған. Қазақтың ел болу, халық ретінде қалыптасу кезеңіне қатысты жырлардың М. Жұсіпті қызықтыруы тегін емес. Бұл сюжет Қасым ханнан кейінгі кезенді суреттейді. Негізінен Қасым ханның балаларының өзара араздасқаны жырланады. Қазаққа мәлім Тәуке, Ақназар, Есім, Жәнібек, Көшім, Тәуекел, Шығай хандардың есімдері аталады.

Мәшіүр Жұсіпті ерекше қызықтырған тақырыптардың қатарында қазақ хандарымен бірге қазақ халқының этногенезін құраған тайпалар шежіресі де бар. Қаламгер қазақ хандары, қыпшақ, ойрат, ноғайлы, Алаш, Үш жүз туралы көптеген генеалогиялық шежірелер жеткізген. Осылардың ішінен С. Дәуітұлы бастырған “Қазақ шежіресі” (1993) атты нұсқасы ғана кітапша болып басылған. Өзгелері әлі жарық көрмеген.

Қазақ халқының генеалогиясына қатысты “Қазақтың тұбі” деп аталған қос жазбаның орны ерекше. Бірінде қазақтың тегі Адам атадан, Хам, Сам, Яфес, кейінгі хандардан тарқатылып, одан әрі Ұыз ханның қалай мұсылман дініне кіріп, хан болғаны баяндалса,

екіншісінде қыпшақ Ақкөсе, Мәліктердің сахаба болғаны, Бабай Тұкті Шашты Әзиздің бабалары, Едігенің ата-тегі сөз болады.

“Қыпшақ шежіресі” жазбасында Қобыланды батыр, Қажымұқанның тегі баяндалып, көсөу таңбалы, бес таңбалы, мойын таңбалы қыпшақтардың болғаны сөз болады. Шежіре 1920 жылдары Баянауылда жазылып алынған. Айтушысы белгісіз. М. Жүсіп келтірген бұл мәліметтер арнайы зерттеуді, зерделеуді қажет етеді. Себебі қазақ шежіресінде қыпшақ тайпасының таңбасы – қос әліп, ұраны – Ойбас. Бұл әріден келе жатқан дәстүрлі құбылыс болса, М. Жүсіп деректері тексеруді тілейді.

“Үш жұз” деп аталған шежіреде тоқсан екі баулы қыпшақ, қырық сан Қырым, он сан Үрім, он сан оймауыт, тоғыз сан торғауыт, ноғайлының бөлінуі секілді қазақ халқының қалыптасу кезеңіне тән этникалық бірлестік атаулары қамтылған. Алаш ұғымы, Ұлы жұз, Орта жұз, Кіші жүздердің шежіресі баяндалған. Сонымен қатар Жошы өлімін Кетбұғаның күймен естірткені, Алшағырдың “Бозайғыр”, “Бозінген” күйлерінің тау тарихы сөз болған.

Таңбалы Нұра – үш жүздің таңбалары қашалған жер. Ол Алаша ханның тұсында тасқа басылған көрінеді. Ел арасында таңба дауы туа қалған жағдайда сол тасқа жүгінетін болған. Бұл мәліметтерді де Мәшүүр Жүсіп жазбаларынан табамыз.

Көрнекті этнограф жазбаларының бірде қазақ хандары, бірде қазақтың тегіне қатысты болып отыруы тегін емес. Рас, М. Жүсіп халқымыздың өзге де мұраларын хатқа түсірген, өзі де шығармалар жазған. Бірақ ел тағдыры оның басты назарында болғанға ұқсайды. Қаламгер жинаған “Орта жұз тарихы” де қызықты мәліметтерге толы. Керей тарихы, тарақтының тегі, орманшы тарихы туралы деректері ғылыми оралымға еніп те келеді.

Бұл мәліметтер Мәшүүр Жүсіп Көпеевті қазақ этногенезінің қалыптасу кезеңдері айрықша қызықтырғанын аңғартады. Қаламгер фольклор материалдарына осы тұрғыдан келіп, оларды тарихи айғақ, дереккөз ретінде бағалаған. Қайсыбір шежірелердің аңыздық-ертегілік арқауы басым болса да, М. Жүсіп ел естелігі жеткізген деректерді қаз қалпында қағазға түсіруді мақсат тұтқан. Осының бәрі оны тарихи жыр, тарихи-генеалогиялық шежірелерді жинап, кейінгі ұрпаққа мирас етіп қалдырған ел мұрасының үлкен жанашыры ретінде танытады.

Мәшүүр Жүсіп Көпеев шежірелері – қазақ тарихына қатысты генеалогиялық дереккөздердің бірі. Оларды тереңірек зерттеп,

өзге шежірелермен салыстыру барысында халқымыздың қалыптасу кезеңдеріне қаныға түсеріміз де анық.

C.C. АКАШЕВА,
кандидат филологических наук

ТВОРЧЕСКОЕ ПОНИМАНИЕ КОРАНА В ПОЭМЕ “ЖЕР МЕН КӨК” М.- Ж. КОПЕЕВА

М.-Ж.Копеев – известный казахский фольклорист, историограф, поэт, внесший значительный вклад в отечественную филологическую науку. Деятельность его долгое время изучалась фрагментарно и только в последние десятилетия в литературоведении заново открываются его многожанровые оригинальные произведения. Сейчас мысль о религиозности М.-Ж. Копеева, связанной с исламом, рассматривается и как особенность его мировоззрения, и как диалог религии и культуры. Она содержит в себе идею о достаточной полноте его знаний языческой, христианской и мусульманской мифологии, античной и мировой литературы. М.-Ж.Копееву присуща собственная религиозная позиция в мышлении, которая отчетливо проявляется в его поэме «Жер мен көк» [1.] Суть поэмы, представляющей религиозное откровение, сводится к вопросу о понимании поэтом Корана и проповеднической деятельности Мухаммеда [2.]

Поэма построена в форме философской нравоучительной проповеди-беседы и носит прежде всего религиозную функцию. В ней он близок к Данте, Мильтону, Блейку, Сведенборгу и к другим западно-европейским мыслителям в создании собственной литературной мифологии, сочетающей сюжетику греко-римской античности, библейских и коранических текстов с казахским народным религиозным сознанием. М.-Ж. Копеев стремится к всеохватывающему постижению мира, передавая его картины (создания мира, первородного греха Адама и Евы и др.) через собственное видение и воображение. Поэму пронизывает мысль о важности равновесия между небом и землей, созданных могуществом единого Бога, человеческий путь к которому осуществляется добрыми поступками. В поэме мы встречаемся с нетрадиционным подходом к трактовке сотворения мира, земли и человека. Поэт наделяет новым смыслом уже имеющиеся в текстах канонизированные образцы, создает различные символические существа, нередко не совпадающие с традиционными представлениями о земном и небесном (например, священное

самосветящееся дерево Аллаха с благовонными маслами, города в раю – в этом обнаруживается сходство со Сведенборгом и др.). Вспомним, «Древо жизни» упоминается в Библии, «Древо Познания» – в библейских притчах о божествах.

Особенностью его концепции является то, что небесные и земные (золотые, серебряные, железные...) сферы имеют разные названия, а существа – имена, олицетворяющие разум, силу, слабость, зло и т.д., влияющие на судьбу человека (Магун, Заника, Рафқа, Ғарифа, Жаббар Халиқ и др., всего около 700 имен). Небо и земля, по Копееву, воссоединены вокруг человека, своими поступками определяющего место во Вселенной, спасение которого от зла укреплено в вере. В противопоставлении мира (неба и земли) широко раскрываются Свет и Тьма, Добро и Зло. Так, в его аду восемь кругов (заметим, не девять!), где наказывают души грешников, вызывающие ужас у лирического героя: «Кітаптан бір қиссасын естігенде жүрегім болды қорқып пара-пара». Ад в поэме – это эмоционально запоминающийся художественный образ, с традиционно бездонными пропастями, куда «не долетит камень и за тысячи лет», с острыми горящими утесами, со змеями разных видов, от пламенного дыхания которых за один час погибает все живое и т.п. (В Ветхом Завете – это «ползущий Змей», Дракон моря). Огонь выступает очистительной силой, способной разрушить проявленное в них зло. Повествователь – лирический герой реалистически интерпретирует события, создавая иллюзию достоверности: «бұл сөзім шын», «Күдай-ай, мұсылманды жолықтырма»; «Не болар саған душар болған кісі?!». В слоях земли живут наделенные определенной схемой различные существа. Например, в третьем слое земли, названном Ғарқа, живут насекомые, в четвертом – Жербе – это людоеды и т.п. Есть там и крылатые создания, которые не горят в огне и не тонут в воде, но отличаются от небесных ангелов, представляя часто зловещие темные силы. Всех, кто не верит в него, лирический герой, выступающий под собственным именем автора, отсылает к Корану: «Нанбасаң Мұхаммәңа кітабын көр!». В повествовании ведется невыразимый тщательный счет различным явлениям и предметам, углубление в цифровые данные, придающим документальность художественному стилю поэмы. Лирический герой утверждает, что слышал эту статистику от своего учителя, совершенно очевидно, от духовного пророка. Например, в аду: «Сол жердің тасы, жері – бәрі де оттан, Тез екен қыздырмағы пароходитан. Бір шаңар әлгі тауда оттан дейді, Кисабын біле алмадым қағып шоттан. Көшे

бар сол шаңарда жетпіс жұз мың, әр үйде жетпіс мындан бөлмесі бар. Жеті көкке қойыпты жеті есікші, Өтірік айтар емеспін мен өсекші, бәрінің атын саған баяндайын, Шотқа қақ нешеу екен, кел, есепші». В каждом городе рая – 70 тысяч дворцов и т.д. Понимание религиозных явлений через символику чисел, имеющих не традиционную семантику, может исходить из воображения Копеева, так и в целом характеризуя его духовное развитие.

Традиционны представления о рае, куда отправляются души праведников, переданные образными цветовыми характеристиками. Частотное употребление эпитета *золотой* имеет значение истины, мудрости и красоты. Постигая мистически иррациональное, он оценивает рай адекватно текстам Корана, хотя во многом и субъективно, а также при помощи традиционных казахских сравнений, т.е. через культуру своего народа. Например, в вечно зеленом раю на семи небесах, где все сверкает золотом и серебром, имеются города с домами, где на драгоценном ложе отдыхают прекрасные гурии, девы, уста которых «источают слова сладче сахара и меда», в косах которых звенят монеты, а на руках – серебряные браслеты. Сотворение земли с разными слоями воспринимается как наглядно-зрительное и эмоционально-воздействующее откровение: «Ұжмақтың үсті де – алтын, асты да – алтын, ішіне кірген жанның жүзі жарқын, Дүниенің бар қағазын жисандағы, Мен сөйлеп бітіре алман, оның үстін». Поэма заключает пафос постижения высшего духа – Бога, которому человек должен быть подобным, чтобы открыть для себя рай. Лексика, характеризующая небесные и земные сферы, носит отвлеченно-книжный и разговорный характер. Эмоциональный тон повествованию придают обращения, изменения ритма – от потрясений, вызванных неожиданным мистическим открытием лирического героя. Характер ритуала имеют элементы построения религиозных форм жизни человека, сформированного из глины, огня и воды, который знает все прекрасные имена Аллаха: “Аузына жан барған соң хамд айтып, Дегенде: «Әлхамдуилла!» тіріліпті” Заметим, что Еву он называет Хая (по-еврейски имя Ева-Хава) и предостерегает не слушать женщин и не увлекаться земными страстями, чтобы вновь приорести утраченный рай: «Бірі бұлдыр дүниеге көніл қойма, Не болдым: құмар болған мені ойла. Жанна! та тұрғанымда ойтаймын деп, Ақырда түсіп кеттім терең ойға» С неба

изгоняется и Дьявол как воплощенное Зло: «Шайтандар енді көкке шықпас болды, Жерге илеп перштегер кетті таптағ». Поэма отчасти риторична и как монолог обращена к читателю. Его «Я», взволнованное потрясенное от своего открытия, наполнено искренностью, уважением к мировой культуре, идеей прославления единого Бога, его милосердия и справедливости: “Кұдай – бір, Пайғамбар – хак, құран – біл, шын” («Бог един, Пророк свят, Коран – истина»). Поэт по-своему интерпретирует известные религиозные сюжеты и образы, придавая им смысл, соответственный его духовности и пониманию реальности. Он утверждает вечную ценность Священного писания и других великих книг человечества, устремляясь к справедливости, чести и добру.

Философско-творческое понимание мировой культуры в поэме «Жер мен көк» М.-Ж.-Копеева содержит в целом высокий уровень его понимания Корана и религии.

ЛИТЕРАТУРА

1. М.-Ж.Көпейұлы. Жер мен көк: Қисса // М.-Ж.Көпейұлы. Өлеңдер, рауаяттар, дастандар. – Алматы, 2003. – 2 т.117–164 б.
2. О логико-гносеологической проблеме понимания см. работы М.М. Бахтина, В.Б. Шкловского, В.Г. Федотовой, С.Кьеркегора и др.

A.К.ТҰРЫШЕВ

М.-Ж. КӨПЕЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ “ҚОС” КӨНЕ СӨЗДІҢ ҚҰПИЯСЫ

“Қос” сөзінің шығу этиологиясын зерттегендеге, орыс сөздері: кочевать, кочевник, кочевые, кошевой, кощей, куча, Венгер тіліндегі – Қос сөздерінің негізі де түрік сөзі – көш болған. Сол сияқты қазақ этимонының тууына да (қос+сак) қос түбір сөзінің әсері бар деген пайымдау бар. Кіз үй ең әуелі қос-тан пайда болған.

Өзіміз жылқышыға жаңадан қос көтеріп аламыз, – деп елге алып жүрді (ҚШ, 57); Ішінде көп керуеннің Шеризат бар-ды, О - дағы қосын тігіп жатып алды (М.-Ж. 1-т-2-6); Қос басында бес - алтылы жылқышымыз; Бұрынғы хандар мұндай соғысқа барғанда қосынды үш бөлек қылады екен. Бір бөлегін кезуілші деп оқшау, бөлек алдында жүргізеді

